

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ӘОЖ9(с)55 А92

«ҚАЗАҚ» АТАУЫН ҚАЙТАРУДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

*Аширбекова Ж. Б. – т.ғ.к., доцент
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Мақалада ХХ ғасырдың бірінші ширегінде қазақ зиялыларының халқымызға өз атауын қайтаруда атқарған жұмыстары баяндалған. М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, М.Тынышбаев және т.б. ұлтымыздың біртуар қайраткерлерінің баспасөз беттерінде және жеке еңбектерінде халқымызға «қазақ» атауын қайтару туралы көтерген мәселесінің нәтижесінде еліміздің «Қырғыз» Республикасының «Қазақ» деп аталуы 1925 жылы 15-19 сәуірде Ақмешітте болған Кеңестердің V съезінде көтеріліп жүзеге асырылды.

Түйін сөздер: қазақ, «қазақ» газеті, «қайсақ», «қырғыз», халық, қайтару, республика, зиялылар, ұлт.

Патша үкіметінің боданында болып, ұзақ уақыт «қырғыздар» атанып келген халқымыздың «қазақ» деген шын атауы 1925 жылы 15-19 сәуірде болған Қазақстан Кеңестерінің V съезінде қалпына келтірілді. «Қырғыз» атанып келген халқымыздың өз тарихи атауына қайтып оралуына ұлт зиялыларының тигізген үлесі зор. Олар бұл мәселені шешуді ХХ ғасырдың басында қолға алған болатын.

Еліміздің бірден-бір алғашқы басылымы болған «Қазақ» газетінде бұл мәселені бірнеше рет көтеріп, өз ойларын айқын түрде айтып, осы мәселе төңірегінде пікір де ұйымдастырған еді. 1913 жылы шыққан «Қазақ» газетінің бірнеше санында М.Дулатовтың «Түрік баласы» деген бүркеншік атпен жариялаған «Қазақтың тарихы» деп аталған мақаласында осы қазақ пен қырғыз атауының арасындағы айырмашылықтардың барлығы, орыс үкіметінің қазақты қырғыз атауының себебін «казактардан» айыру мақсатында деп көрсеткен болатын. Тарих ғылымында қаншама тарихи кітаптар жазылғанымен де «қазақ» сөзінің қайдан шыққанын анықтап бергендері болмағандығын, арабша, түрікше, орысша шыққан кітаптарда «қазақ» сөзінің ақиқатқа қайшы жазылуын сынға алған. «Орыстардың әсіресе үкіметтің, қазақты қазақ демей, қырғыз деп жүргені рас, бірақ олар өздерінің атты «казачи» әскерінен айыру үшін, жаңылыс болсадағы қазақты қырғыз атап жүр. Өзіміздің түрік қауымдарының, әсіресе басшыларының, қазақ пен қырғызды айырмағаны қате, кешпестік айып», - дей келе, қазақ атауын қайтару қажеттігін көтерген. «Қияметке шейін қазақ – қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы ғылым жарығындағы қазақ көзін ашып, бетін түзесе өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарық әдетіне ыңғайлы қылып «қазақ мәдениеті» (казакская культура) құрып, бір жағынан қазақ әдебиеті (казахская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы», - деп, қазақ халқы орыстар көрсетіп жүрген қырғыз нәсілінен еместігін, қазақ халқының руларының ішіндегі қыпшақ, арғын, керейт, найман, қоңырат қырғыздармен қатар жүріп, қатар тұрған елдер екендігін, қырғызбен қатар жүрген найманды қалай бұрынғы қырғыздың нәсілінен деуге болатындығын дәлелдей келе, ол барлық мекемелерде «қырғыз» деген атаудың орнына «қазақ» деп жазуды ұсынған.

М.Дулатов «қазақ» атауын қайтаруда орысша оқыған қазақ жастары жұмыла іске кіріссе, өздері істейтін мекемелерде «қырғыз» емес, «қазақ» деп атауды қолдану қажеттігін көтерді. «Қырғыз» бен «қазақ» екі ел екендігін, әр ел өз атымен аталу керектігін үндеді [1, 22-23, 32-33 бб.].

Газеттің келесі санында ол «қазақ» сөзінің түп-төркіні қайдан шыққандығын талдап берді. «Қазаққа» қатысты кейбір тарихи деректерде жаңылыс айтылған бес қателікті мысалдармен айқындады. Мәселен, орыстың тарихында «қазақ» деген сөзді жазбай, «киргиз» деген бір жаңылыс сөзге малданып, соныменен бүкіл тарихын былықтырып отырғандығын, арабша және түріктің тарихи кітаптарында да «қазақ» сөзінің түп-төркіні туралы нақты айтылмай, әртүрлі ұйғарылып жүргендігін, мәселен, кейбіреуі «қазақ» «қашақ» деген сөзден өзгертілген деген тұжырым жасауын, «Мустафад алахбар» кітабында «қазақ» атауы ноғайлармен арадағы келіспеушіліктерден жаңылыс жазылуын келтірген.

Ол қазақ сөзі «хайсақ» - «қайсақ» сөзінен өзгертіліпті дегенге де қарсы шықты. «Халисақ» сөзі қалмақша да граница күзетшісі (награнич. стражъ) мағынасында-мыс, орыс тарихының кейбіреуі қазақ сөзі осы хайсақ дегеннен алынған деп өтірікті жазады. Осындай өтірікті малданып, орыс жазушыларының көбі қазақты (киргиз-кайсақ) деп жазып жүр. Мұның өтірік екендігі сөз ретінде кейін айтылар. Осы күнде қалмақ-қытай қазақты қайсақ – хасақ деп сөйлейді екен – онысы тілі келмегеннен. Оныменен қазақ сөзі хайсақтан өзгертілгендігі білінбейді. Осы күнде мишер халқы арабтан алынған «салам» сөзін «сейлам» деп сөйлейтіні бар. Сол секілді, қалмақта қазақ сөзін «хайсақ» деп бұзып айтады деуге болады», - дей отырып, халықты шатастыратын кейбір аңыз, шежірелерге де сақтықпен қарауды талап еткен. Осындай қисынсыз шикі сөздерден ада болып, нағыз тарихи дәлдікпен сөйлеу қажеттігін көтереді [1, 55-56 бб.].

Көп жағдайда қазақтың қайдан шыққандығы туралы сөз болғанда жалпы жұрт арасында түрлі аңыздардың айтылатындығын, ал қазақтың түркі халықтарынан айырылып, «қазақ» деген атауға нақты қашан ие болғандығы жөнінде мәліметтің жоқтығынан көмескі болып тұрғандығын мойындай отырып, нақты дәлелдерге сүйенбей, ақылға сыймайтын кейбір аңыз-оқиғаларды дерек ретінде қолданудың қисынсыз екендігін келтірді [1, 77-б.].

М.Дулатов «қазақ» мәселесі туралы тұжырымын «Қызыл Қазақстан» журналына басылған келесі «Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы» деген мақаласында да талдай көрсетті. Ол «қырғыз» атауы мен қазақ халқының шығу тегіне тоқтала отырып, қазақтардың ұзақ уақыт бойы «қырғыз», ал нақты қырғыздар «қара қырғыз» немесе «тағы қырғыз» атанып, қытайлар оларды «юрвут» деп жүргендігін, қазақтың өзін қырғыз емес, бұрыннан қазақ санап, қырғыз өзін қырғыз деп келгендігін, қазақ пен қырғыздың арғы тегі бір болғанымен, екі атаның баласы, біріне-бірі туыс, жақын түркінің екі руы екендігін растайды [2, 95 б.].

Қайраткер қазақтың қырғыз атануының себебін ол орыс қазағы мен қазақты шатастыра бергеннен кейін, қазақты қырғыз деп атауды жөн көруінен деп тұжырымдап, осы уақытқа дейін қазақтың тарихи атауы бұрмаланып «қырғыз» болды деп тұжырымдаған. Қырғыз бен қазақтың тілдік, тұрмыстық жағынан өзге түркі руларына қарағанда жақындығы, сондықтан екі елді өзге ұлт өкілдері шатастырып алып жататындығын мысал ретінде айта келе, ол «қазақ» атауы халқымызға қайтарылу қажеттігін үндейді [3, 88-89 бб.].

XX ғасыр басында қазақ шежіресіне қатысты бірнеше тарихи еңбектер жарық көрді. Оның бірі Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» деп аталатын тарихи еңбегі. Шәкәрім қазақ шежіресіне тереңнен бойлай келе, түркі халықтарының шежіресін қамтуға тырысқан. Адам Атадан бастап, пайғамдардың балаларынан таралғандардың барлығына жеке-жеке тоқталып, түркілердің шығу тарихын анықтайды. Бұл кітап жарық көрісімен «Қазақ» газетіне Ә.Бөкейханның осы кітапқа қатысты пікірі жарияланып, Шәкәрімнің қазақтың түп шығу шежіресін талдауға алды. Ол Шәкәрімнің «Алаш» сөзінің қайдан шыққандығын талдаған тұжырымына да келіспейді [1, 124-126 бб.].

«Қазақ» сөзінің төркініндегі айтыстар 20-жылдары тағы да көтерілді. Бұл сөзінің төркінін М.Тынышбаев «Қырғыз-қазақ халқының тарихына материалдар» деген кітабында көтеріп, түрлі деректерді келтіре отырып, оның түп негізін ашуға тырысты. Ол да қазақтың шығу тегіне келгенде аңызға сүйенді. Еңбектің «Қырғыз-қазақтардың шығу тегі және Қазақ хандығының құрылу тарихы» деп аталған қосымшасында «қазақ-қырғыз» атауына өзіндік

тұжырым жасаған. Ол араб, орыс және тағы басқа зерттеушілердің жазғандарын саралай отырып, «қазақ» сөзінің ежелден бері қолданылып келе жатқандығын айқындай көрсетеді. Мәселен, Н.М.Карамзиннің орыс жылнамасында «қазақ» сөзінің ұшырасатындығын, сондай-ақ осындай мәліметтер араб жазушылары Ибн Әл-Варди мен Масудидің еңбектерінде де аталатындығын нақты түрде дәлелдеп берді [4, 32-33 бб.].

Сөйтіп, ол жалпы «қазақ» ежелден келе жатқан атау екендігін, патша үкіметінің отарлық саясаты тұсындағы «қырғыз» болып кемсітіліп, «қазақ» атауын жоққа шығармақ болғандардың әрекеттеріне осылайша дәйекті түрде соққы беруге тырысты.

«Қазақ» атауын қайтару жолында ұлт зиялылары арасында 20 жылдары қазақ мерзімді баспасөзі беттерінде ұлт зиялыларының қазақ пен қырғыз арасындағы айырмашылықтар туралы пікірлері жарияланды. Қазақ атауын қайтару мәселесі қызу талқыға алынған. Еліміздің «Қырғыз» Республикасынан «Қазақ» деп аталуы 1925 жылы 15-19 сәуірде Ақмешітте болған Кеңестердің V съезінде көтеріліп, онда: «Қырғыз халқының тарихи дұрыс атын қалпына келтіру үшін Советтердің Бүкілқазақстандық V съезі: бұдан былайғы жерде қырғыз деген атау қазақ деп аталсын», - деп қаулы етті. Мұнымен бірге съезд Қырғыз Республикасын Қазақ Республикасы деп атауға, ал оның астанасы Ақмешітті Қызылорда деп атау жөнінде шешім қабылдады [5, 286 б.].

ҚАКСР Орталық Атқару Комитеті президиумының 1936 жылғы 9 ақпандағы қаулысы бойынша қазақтар, Қазақстан деген неғұрлым дәл атау қабылданды. Сөйтіп ширек ғасыр бойы «қырғыз» атанып келген халқымыз ұлт зиялыларының, қазақ оқығандарының, қайраткерлерінің өткір талаптарының нәтижесінде тарихи атауымызды қайтарып алды.

Ғасырлар бойы орыс бодандығында болып «қырғыз» деп кемсітіліп келген қазақ халқы, егеменді болған 20 жылдың ішінде дүниежүзіне саяси, экономикалық және әлеуметтік жағынан толықтай танылып, Қазақстанның көк байрағын желбіретіп келеді. Тәуелсіздік идеясы мен мұратын егемендік, дербестік, азаттық аясында көтеріп, мемлекетіміздің жарқын болашағы жолына ұстануда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. /Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А.Замзаева.– Алматы, 2009.
2. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). – Алматы, 2011.
3. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы, 2003.
4. Тынышпаев М. Материалы к истории Киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925.
5. Қазақ ССР тарихы. Социализм дәуірі. Алматы, 964.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается деятельность казахской интеллигенции в первой половине XX в.

SUMMARY

In article activity of the Kazakh intellectuals to the first half of the XX century is considered.

ӘОЖ 9(С)173 А 94

ҚОС РЕВОЛЮЦИЯ ТҰСЫНДАҒЫ МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

*Ахметова Ж.Қ. - т.ғ.к.,
Басшыбаева А.С. - аға оқытушы
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Мақалада Ресейдегі 1917 жылғы ақпан революциясы жеңіске жетіп, патша билігі құлағаннан кейін Мұстафа Шоқайдың қызметінде мүлдем жаңа кезең басталғандығы баяндалады. Басқаша айтсақ, енді оның иығына ұлттық мемлекеттік тәуелсіздік үшін күрес жүгі артылды. Ол төңкеріс кезінде Ресей Думасы Мұсылман фракциясы жанындағы бюрода Түркістан өкілі болатын. Түркістан жайында деректерді жинап, Мемлекеттік Думадағы Мұсылман депутаттарға Түркістанға қатысты қажетті материалдарды дайындап беретін. М.Шоқай және де басқа Түркістан зиялылары өлке халықтарының біртұтас ұлттық мемлекетін құру бағытында әрекет жасау қажеттігін түсінді. Сөйтіп Түркістан аймағын жеке республикаларға жіктеуден гөрі М.Шоқай «бөлінбейтін біртұтас Түркістан» құру идеясын жоғары бағалаған. Қос революцияның тәжірибесіне сүйеніп, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған Түркістан халықтарын тізе қосуға шақырды. Ол Түркістан халықтарының дербес тәуелсіз мемлекет құруы жолындағы алғашқы қадам Автономия құру екендігін баса көрсетті.

Түйін сөздер: қос революция, мұсылман фракциясы, мемлекеттік Дума, «Шуро-и-Ислами», «Раунак-Уль-Ислам», «Улема-Джамияты», джадидтік ұйым, «біртұтас Түркістан», пролетариат диктатурасы, автономия.

1917 жылғы ақпан революциясы жеңіп, патша билігі құлағаннан кейін қазақ зиялыларының, атап айтсақ, М.Шоқай, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов т.б. қызметтерінде мүлдем жаңа кезең басталады. Басқаша айтсақ, енді тарих олардың иығына ұлттық мемлекеттік тәуелсіздік үшін күрес жүгін артқан еді.

Мұстафа Шоқай ақпан төңкерісінің кезінде Петербургте болатын. Ол 1917 жылы ақпан революциясының жеңісін өзінің саяси пікірлес досы, башқұрт қайраткері Заки Валидимен бірге Петербург қаласында зор қуанышпен, үлкен үмітпен қарсы алды. Петербургтегі ақпан оқиғасы туралы хабар тез арада бүкіл Қазақстанға да жетті. Бұл жөнінде М.Шоқай өз естеліктерінде: «1917 жылғы революция басталғанда мен Петербургте едім. Ол кезде мен Ресей Думасы Мұсылман фракциясы жанындағы бюрода Түркістан өкілі болатынмын. Түркістан жайында деректерді жинап, Мемлекеттік Думадағы Мұсылман депутаттарға Түркістанға қатысты қажетті материалдарды дайындап беретінмін. Төңкерістен бұрынғы жұмысым депутаттарға Дума мінбесінен 16-жылғы жалпы Түркістан көтерілісі жайында Мұсылман фракциясы атынан сөйлейтін Мұхаммед Жүсіп Жағыпардың баяндамасының мазмұнын жазып беру болатын. 1916 жылғы қараша айында Петербург пен Москвадан төңкеріс шығатынына сенбеген адам қалмады. Орыс майданында Ресейдің сәтсіздіктері бірінен-бірі асып түсті. Әскерден қашқандар да үрей туғызды. Патша үкіметі мемлекетте тыныштықты сақтай алмаған әлсіздігін жасыра алмаушы еді. Жұмысшылардың үлкен бір бөлігі ашықтан-ашық төңкеріске әзірленді. Мемлекет Думасындағы реакционерлер де әрі-сәрі күйге түсті. Патша ең сенімді адамдардың кеңестерін тыңдамады. Сарай төңкерісі жайындағы сыбыстар ауыздан-ауызға тарады. Патшаны тұтқындау, тіпті өлтіру, орнына туысы Михаилды отырғызу жөніндегі пікірлер естіле бастады» [1] - деп Ақпан революциясының қарсаңындағы Петербургтегі саяси жағдайды көрсетеді.

Жалпы қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, М.Шоқай және т.б. Ресейде болған ақпан революциясы қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған ұлттық теңдігіне жеткізетін мүмкіншілік деп түсінді.

Ақпан революциясының қалай басталғаны және оның қалай жеңіске жеткені жөнінде, патшаның тақтан құлатылғаны жөнінде Мұстафа «1917 жылғы естеліктерінен үзінділер» атты еңбегінде былай деп суреттейді: «Сөйтіп 1917 жылғы ақпанның аяғында (ескі жыл қайырумен) Петербургте дүрбелең басталды. Көшелерде жұмысшылар қаптап кетті. Үкімет бұларға қарсы қарулы күш жіберді. Қаланың әр жерінде қақтығыс басталып, қан төгілді. Әскерлер, жұмысшылар топ-тобымен көтерілген халық жағына қарай шығып кетті. Екі-үш күн ішінде Петербург адам танымастай халге жетті. Ол шын мағынасында соғыс алаңына айналды» - дейді [1].

Сонымен қатар Мұстафа Шоқай 1917 жылғы ақпан айындағы Петербургтегі буржуазиялық демократиялық революцияның мән-жайын, Ақпан төңкерісінің алдындағы саяси билік үшін күресті шиеленістірген оқиғаларға, талас-тартыстарға: «Үкімет бұл қуатты қозғалысты басуға дәрменсіз еді. Мемлекеттік Дума төрағасы Родзянконың келіссөз жүргізу жөніндегі патшаға айтқан өтінішінен нәтиже шықпады. Мемлекеттік Думаның қайта-қайта талап етуіне жауап ретінде патша Думаны тарату туралы жарлық шығарды. Қашаннан бағынышты кертартпа болып келген төртінші дума осы жолы патшаның жарлығын тыңдамай ертеңіне (27 ақпан) Мемлекет және қоғам қауіпсіздігін қорғау міндетін атқаратын Уақытша комитет құрды. Осы тұста жұмысшы және солдат депутаттарының кеңестері құрылды. Патша революцияны басуға қайта-қайта ұмтылып көрді. Тек уақыт өтіп кетіп еді. Тақты иісі Михаилға беруден басқа амалы қалмады. Бірақ кең қанат жайған тегеурінді революциядан қорыққан Михаил Романовта тақтан бас тартты. Тап осы тұста Уақытша үкімет құрылды. Князь Львов басқаратын Уақытша үкіметке Миллюков сыртқы істер министрі, Гучков әскери министр, революцияшыл партиялардың өкілі Керенский заң министрі орындарына отырды. Революция осылай жеңді» - [2, 257-258 бб.] деп баға беріп, өз еңбектері арқылы халыққа жеткізіп отырды.

Петербургтегі ақпан төңкерісінен кейін М.Шоқайдың саяси қызметі Түркістан өлкесімен тығыз байланыста болды. 1917 жылы наурыз айының басында Түркістанда халықтың белсенділігі арта түседі. Жұмысшы, солдат, шаруа және мұсылман депутаттары Ташкент кеңесінің атқару комитетінің 3 наурыздағы мәжілісінде Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы және әскери округтің қолбасшысы Куропаткинді қызметінен босату туралы қаулы қабылдайды. Осы қаулыдан кейін князь Львов Куропаткинді Петербургке шақырып, 7 сәуір күні Түркістан комитетін құру туралы қаулы қабылдайды. Ол қаулыда Түркістан комитетінің құрамы анықталып, оған: Н.Н.Щепкин, А.Бөкейханов, М.Тынышбаев, С.Мақсұтов, В.С.Ельпотовский, А.Л.Липовский, П.И.Преображенский, О.А.Шкапский, А.А.Даулетшин мүше болып тағайындалып, ал оның төрағалығы Н.Н.Щепкинге жүктелді [3, 135 б.]. Бірақ Куропаткин көп ұзамай билік басынан кетеді.

М.Шоқай Түркістанда Куропаткин үкімет басынан кеткеннен кейін шын мәнінде, үкіметтің билігі жұмысшы, солдат депутаттардың қолында болғандығын айта келіп, бұл кеңестерді алаңсыз орыс шаруалары мен солдаттары және орыс жұмысшылары басқарғандығын баса көрсетеді.

Ақпан революциясынан кейінгі, алғашқы уақыттары өлкенің еңбекші халқы уақытша үкіметке әлі де болса сеніп, ол халыққа - бейбітшілік, шаруаларға - жер, ал жұмысшыларға - 8 сағаттық жұмыс күнін береді деп дәмеленді. Жұмысшылардың едәуір бөлігі Уақытша үкіметке үміт артты, олардың кейбіреулері уақытша үкіметтің органдары - азаттық және атқару комитеттеріндегі жұмыстарға тұрды.

Алайда, Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің Ташкентке келуімен жергілікті өлкелік, солдат, депутаттарының арасында үкімет үшін күрес күшейді. Түркістанның шет аймақтарында әртүрлі атаулармен жергілікті ұйымдар құрыла бастады. Ол жөнінде М.Шоқай Түркістанның артта қалған аудандарында діни ұйымдар «Шуро-Ислами», «Раунак-Уль-

Ислам» сол сияқты Түркістанның далалық бөлігінде: «қазақтар, қырғыздар, түрікмендер тұратын жерлерде Кеңес депутаттары құрылғандығын айтады. Түркістанның орталығы Ташкентте күшті мұсылмандық ұйым «Улема-Джамияты және Джадидтік ұйым» (Джадид-жаңа, жаңашыл) құрылды. Орыстар джадидтерді младо туркестанцы, яғни, жас түркістандықтар (жаңа прогрессивтік идеяларды таратушылар) деп атаған. Негізінен мәдени-ағартушылық жадидтік қозғалыс Түркістан өмірінде XX ғасырдың басында сахнадан орын алып, кеңінен тарай бастады. Оның құрамына зиялылар, көпестер, оқытушылар, дін мектептерінің студенттері, ұсақ чиновниктер, жазушылар, журналистер т.б. кірді [4]. Осы Түркістандағы барлық ұйымдар мұсылмандар кеңесін құрды. Бұл кеңеске жоғарыда көрсетілген «Еуропейзацияланған» өкілдер кірді. Өлкелік мұсылмандар кеңесінің мақсаты автономия құру болды. М.Шоқайдың пікірінше олар Түркістан болашақта өзін-өзі басқаратын автономия болып, Ресей демократиялық Республикасының бір бөлігі болуын қолдады.

Көптеген жылдар бойы ұлттық азаттықты аңсап, өзімізді-өзіміз басқарсақ деген Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғаған ІҮ Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы мен оның жанындағы бюро мүшелері Ақпан революциясынан кейін жүзеге асқан саяси өзгерістердің алғашқы күндерінен бастап-ақ халықтың саяси белсенділігін одан әрі арттыруға тырысқан. Мұсылман фракциясы мен оның жанындағы бюро мүшелері жаңа саяси жағдай Ресей мұсылмандарының азаттық қозғалысының негізгі мақсаттарының орындалуына, яғни автономия алуға, жер мәселесін мұсылман халықтарының мүддесі тұрғысынан шешуге жол ашады деп түсінді [5].

М.Шоқай 1936 жылы Ресейдегі 1917 жылғы революцияның жеңісін ондағы халықтың қуанышын 19 жылдан кейін былай суреттейді: «1917 жылғы Ресей революциясы болғалы он тоғыз жыл өтті. Бұл революцияны шын көңілден сүйсіне, тебірене қарсы алғанымыз әлі есімде. Түркістандықтардың көбісі, әсіресе қарттар 1917 жылғы революцияны Ресей мен Түркістанның ара жігін айырған 1916 жылғы Түркістан көтерілісінің заңды жалғасы деп қабылдаған еді. Өттең бұл қуанышымыз ұзаққа бармады. Революция үмітімізді ақтамады, сенімнен айырды, алданып қалғанымызды айқын көрсетті. Байтақ еліміз құрбан болған перзенттерінің қаны мен тәніне толы болды. Түркістанның мыңдаған жігіттері бетіне жаңа перде бүркенген ескі отаршылдыққа қарсы күресте опат болды. Мыңдаған жас Түркістан қаһармандары Ресей зындандарында, айдауда шіріп жатты. Ондаған мың, жүздеген мың түркістандықтар адам сияқты өмір сүру мүмкіндігінен айрылып, елінен безіп кетуге мәжбүр болды. Асқан ықылас-ілтипат, зор үмітпен қарсы алынған революция кейін жалпы ұлттық қасіретке айналды [2, 256]. М.Шоқай 1917 жылы ақпан революциясына осындай баға беріп, сол кездегі шын мәнісіндегі ащы шындықты ашып көрсетеді.

Ақпан революциясынан кейін Уақытша үкімет 1917 жылы 5 наурызда жергілікті жерлерде басқару жұмысымен айналысатын жергілікті органдарды құру туралы қаулысын шығарды. Облыс, уезд, болыс және ауылдарда ескі құлаған үкіметтің орнына жаңа Уақытша үкіметтің басқару орындары қалыптаса бастайды. Бүкіл Ресей сияқты Қазақстанда да ол билік орындары алғашқы кезеңде Азаматтық комитеттер (Гражданские комитеты) есебінде пайда болды. Азаматтық комитеттермен бір мезгілде стихиялы түрде облыстық, уездік және облыстық деңгейде Қазақ азаматтық Комитеттері қалыптаса бастайды. Комитет сайлауына байланысты Мұстафа Шоқай өз ойын былайша білдірген еді: «Патшалық құлап, орыс революцияшыл демократтары билік басына келсе, орыс мемлекетінің бізге жасаған қиянаты жойылатынына әрі басқа өлкелерде кең ауқымда, ішкі ұлт мекемесі құрылатынына, бұл өлкелерге орыс қоныс аударушыларының үдете көшуі тоқталатынына сенетінбіз. Сол тұстағы бар тілегіміз тек осы еді» - дейді [3, 109].

Жаңа құрылған Қазақ комитеттері наурыз айынан бастап-ақ съездер өткізуге дайындық жасай бастады. 1917 жылдың 1 сәуірінен 7 мамырға дейінгі аралықта облыстық қазақ съездері Орынборда (Торғай облысының), Алматыда (Жетісу облысының), Оралда (Орал облысының), Семейде (Семей облысының) және Омбыда (Ақмола облысының) болып өтті.

1917 жылғы сәуір-мамыр айларында өткізілген облыстық және уездік қазақ съездері, сол дәуірге сәйкес ұлттық комитеттер жүйесін құрды. 1917 жылы 2-8 сәуірде Орынбор қаласында Торғай облысы қазақтарының өкілдерінің съезі болады, сол съезге М.Шоқайдың қатысуы қажеттігі жөнінде Ташкенттен жеделхат келеді. Ол жеделхатта дейді М.Шоқай: «Маған шұғыл Түркістанға қайтып жол-жөнекей Орынборда өтетін Бүкілқазақ құрылтайында Түркістан туралы сөз сөйлеу тапсырылған еді. 1917 жылы 1-14 сәуір аралығында мен Петербургтен Орынборға қарай келе жаттым» [2, 258 б.] дейді ол.

М.Шоқай Орынборға қарай сапар шегіп келе жатқанда Пенза қаласында 1916 жылы майданның қара жұмысына алынған түркістандықтарға кездеседі. Олар вагондардың рельстен шығып қалуына байланысты елге жете алмай тұрған екен. Сол іске Мұстафа араласып, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде майдандарға окоп қазуға жіберілген қазақ жігіттерінің бір тобына аман-сау елге қайтуына көмектеседі.

М.Шоқай қатысқан Орынбордағы съезді сол кезде енді ғана Торғай облысына Уақытша үкіметтің комиссары болып тағайындалған Әлихан Бөкейханов ашты. Бұл құрылтайға қазақ жерінің бәрінен делегаттар келді. М.Шоқай осы құрылтай ұлы түркі халықтарының бас қосқан мызғымас бірлігін көрсететін сахнаға айналды деген пікір айтты. М.Шоқай қатысқан бұл съезде қабылданған шешімдердің негізгілері мыналар болды: Бүкіл қазақ халқын біріктіру, оның мұқтаждарын анықтап, шешу үшін жалпы қазақтық съездін шақыру, құрылтай жиналысының құрамына қазақ халқынан депутаттар сайлау, жергілікті халыққа міндетті түрде бастауыш білім беру т.б.

М.Шоқай бүкіл қазақ құрылтайынан кейін Түркістанға оралады. Бұл жерде ол Түркістан комитетінің құрамына кіреді. Өлке көлеміндегі осындай лауазымды қызметке тағайындалуы оның автономия алу жөніндегі идеясының күрес тәсілдері арқылы іске асырылуына кең мүмкіндік берді.

Түркістанда бұл кезде зорлық-зомбылық бұрынғы патша кезіндегіден де бетер үледі. Билікті қолына алған орыс жұмысшылары мен солдаттары революция мен оның құрбандарының пайдасына деп халықты тонап, әртүрлі салықтар жинады. М.Шоқай осыған байланысты: «Дүние жүзінде Түркістаннан басқа отар елдер бар. Ол жерлерде де үстем таптың озбырлығынан жәбір шегіп жатқандар аз емес. Алайда, дәл орыстың отаршылдық саясатындай сұмдықтарды тарих әлі көрген жоқ», [6, 58 б.] - деп жазды.

Ташкентте 1917 жылы 16 мен 21 сәуір аралығында І-ші Бүкілтүркістандық Мұсылмандар съезі болып өтті. Оған 150 делегат қатысып, олардың ішінде М.Шоқайда болды. Съездегі басты қозғалған мәселелердің бірі келешектегі Ресейді басқарудың құрылымы туралы мәселе болды. Съезд уақытша үкіметті және оның бағдарламасын мойындап, Ресей Федеративтік демократиялық республикасының барлық облыстарына, соның ішінде Түркістанға автономия беруін қолдады. Съездің соңғы отырысында Түркістандық өлкелік Мұсылмандар кеңесінің орталық басқару жүйесінің құрылуы туралы шешім қабылдады. Өлкелік Мұсылмандар Кеңесінің басшысы болып Мұстафа Шоқаев сайланды [4, 32-33 бб.].

1917 жылдың көктемінде тарихта бірінші рет жалпы аймақтық көлемде мұсылман съезі шақырылды. Онда өзінің салттарын қорғап отырған халықтардың автономияға байланысты нақты ұмтылысы жайлы айтылды. Съезд қорытындысында Қазанда шілде айында үш съездің: II Бүкілресейлік мұсылмандар съезі, Мұсылмандық діндердің съезі және мұсылмандық әскери съездің шақырылуы туралы айтылды.

М.Шоқай Түркістандағы өлкелік шаруалар депутаттармен қырғыз-қазақ депутаттарының кеңестерін біріктіруге мұрындық болды. Ол ұйым 1917 ж. 30 тамызда өлкелік қырғыз және орыс шаруалары депутаттарының кеңесінің атқару комитеті деп аталды. Атқару комитетінің төрағасы болып М.Шоқай сайланды. Бұл қызметте де жүріп Түркістан халықтарының мүддесін көздейтін іс-әрекеттер жасады.

Мұстафа Шоқай Ресей империализмі жағдайында оның құрамындағы кез келген шағын ұлттарды өз еркімен тәуелсіз мемлекет құрып, оны өз күшімен қорғап, нығайтуы мүмкін еместігін түсінді.

Мұстафа Шоқай 1917 жылы өзбек тілінде «Үлкен Түркістан» газетінің редакциясында қызмет істеді. Бұл газет Түркістан татарлары басқармасы тарапынан басылатын және түрікшілдер мен исламшылдардың мүддесін көздейтін [80, 250 б.]. Сонымен қатар ол Алашорда үкіметінің мүшелері және жекелеген түркістандықтармен бірігіп, Ташкентте түрікшіл әрі исламшыл «Бірлік туы» газетін шығарып, Мұстафа Шоқай оның бас редакторы қызметін атқарып жүрген.

Өзімізге белгілі 1917 жылы 24 қазанда Петроградта қарулы көтеріліс басталып, бұл оқиға бүкіл Ресей елінде, Түркістанда, Қазақстанның орталық аудандарында Кеңес өкіметін құру, нығайтумен ұштасты. Ол көп жерлерде қан төгіссіз, бейбіт жолмен іске асты. Кеңес өкіметі 1917 жылғы қазаннан 1918 жылғы наурыз аралығында Түркістанда, қазақ даласының көптеген аудандарында орнады. Мұстафа Шоқай Қазан революциясын қазақ халқының қалай қабылдағаны жөнінде тарихи шындықты ашуға әрекет жасайды. Түркістан халықтарының, соның ішінде қазақ жұртының да Қазан төңкерісіне ешқандай қатысы болмағандығын айтып, большевиктер үкімет басына келгеннен кейін берген уәделерін орындамағанын сынайды. Большевиктердің сөзі мен ісінің арасында үлкен алшақтық бар екендігін нақты фактілік негізде талдайды. 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін үкімет басына келген большевиктер туралы М.Шоқай былай дейді: Пролетариат диктатурасы жарияланған елде ұлттардың өзін-өзі билеу мәселесі туралы сөз болуы да мүмкін емес. Түркістан халқы орыс большевиктерінің жекелеген саясатына ғана қарсы күресіп жатқан жоқ, ол орыс пролетарлары билігінің тұтас жүйесіне қарсы күресіп келеді - дейді [74, 100 б.].

Осындай пікірде болған М.Шоқай және де басқа Түркістан зиялылары өлке халықтарының біртұтас ұлттық мемлекетін құру бағытында әрекет жасау қажеттігін түсінді. Сөйтіп Түркістан аймағын жеке республикаларға жіктеуден гөрі М.Шоқай «бөлінбейтін біртұтас Түркістан» құру идеясын жоғары бағалаған. Қос революцияның тәжірибесіне сүйеніп, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған Түркістан халықтарын тізе қосуға шақырды. Ол Түркістан халықтарының дербес тәуелсіз мемлекет құруы жолындағы алғашқы қадам Автономия құру екендігін баса көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шоқай М. 1917 жылғы естеліктерінен үзінділер. // Қазақ елі. - 1996. қараша.
2. Шоқай Мұстафа. Таңдамалы. 2 том. - Алматы: Қайнар, 1999. - 520 Б.
3. Шоқай Мұстафа. Түркістанның қилы тағдыры. - Алматы: 1992. - 182 Б.
4. Абдуллаев М., Агзамходжаев С.С., Алимов И.А. Туркестан в начале XX века к истории истоков национальной независимости. - Ташкент: Шарк. 2000. - С.672 (11).
5. Хасанаева Л. Ақпан революциясы және ұлттық автономия мәселесі // Қазақ тарихы. - 1996. - №6 .
6. Шоқай Мұстафа. Таңдамалы. 1 том. - Алматы: Қайнар, 1998. - 512 Б.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена общественной деятельности М.Чокая в период двух революции в России.

SUMMARY

The article is devoted publicly M.Chokay political activity in the period of two revolutions.

ӘОЖ 9(С) 55 А 91

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚҰРМЕТІ ЖАЙЫНДА

*Ауесова Л.Ж. - оқытушы
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Бұл тақырыпта Алаш қайраткерлерінің қазақ қыздарына сонымен қатар әйел затына шынайы өмірде баға бергендігі жайлы баяндалған, жалпы әйел заты өте қатты бөлініп, оларды үйдің иесі, отбасының берекесі, болашақ ана қадірінде бағалаған. Жалпы бүгінге дейін пір болған аналарымыз қоғамдағы орнын және олардың отбасы жағдайына қатты көңіл бөлгендігі жайында сонымен бірге бала тәрбиесіндегі рөлі жайлы айқындалған. Осы аналарымыздың берген тәрбиесінің арқасында қоғамда ізін қалдырған ағаларымыз жетерліктей (мысалы Алып Алашын Алып қайраткерлерін сөз етсек сөзге жарарды.) Алып Алаш қайраткерлерінің қоғамдағы рөлі мен тарихта қалдырған ізі кейінгі болашақ ұрпағымызға өнеге. Алып Алаш қайраткерлеріміз болса аналарымыз жайлы өз пікірлерін қағазға түсіріп кеткен.

Түйін сөздер: әйел, Алаш, Мәшһүр Жүсіп, Алаш қайраткерлері, ана, Жүсіпбек Аймауытұлы.

Әйгілі грек ойшылы Платон: «Әйел – тамұқтың қақпасы», – десе, Рим құқығының даңқты шешені Цицерон: «Әйелдер еркектерге қарсы жаратылған», – деп пайымдады. Ал Батыстың озық ойлы зиялысы Фома Аквинский: «Әйел қаулап өсетін арамшөп тәрізді. Ол жарымжан адам.» – деп, нәзік жандыларды толыққанды адам қатарына жатқызбауға шақырды. Әйел хақындағы осындай тұрлаусыз түсініктің нәтижесінде Орта ғасырларда Еуропада мыңдаған әйелдер шіркеу сотына тартылып, аяусыз жазаланды. Ал біздің төл тарихымызда әйелдің орны қалай бағаланды? Атақты араб саяхатшысы ибн Батута: «Бұл өңірде (Орта Азия) мені таңқалдырған жайт – мұндағы халық әйелдерді ерекше құрметтейді екен» (Прошлое Казахстане в источниках и материалах. Москва. Казак. Краев. изд. Москва. 1935. 297 бет) деп жазды. Иә, Аллаға шүкір, марқұм ұстазым Сәкен Өзбекұлы айтпақшы, «Қазақ тарихында бетті басып, қатты сасып, тұра қашып, ұялатындай дәнеңе жоқ». Расында да, Алаш баласы әйел затына ерекше құрметпен қараған. Нәзік жандыларға арнап қаншама кимас сөз, жыр-дастандар шығарған. Қаншама тарихи жер-су атауларды әйел затының атымен атаған. Тіпті, көкке көтеріліп, әйел жаратылысын космогониямен де байланыстыра білген. Яғни, әйел жайлы пайымдаулар қазақ дүниетанымының ажырамас бөлігіне айналған десек, асыра айтқандық емес (Қараңыз: Мұхан Исахан. Қазақтың әлімсақтан бергі әйел жайлы түсінігі. Қазақстан-ZAMAN. 2011. № 9). Әйел теңсіздігі бізде де болған десе де, XX ғасырдың басында өмір сүрген Алаш зиялыларының әйел турасындағы көзқарастары өзгеше пайымдауды қажет етеді. Өйткені, олар өмір сүрген тарихи кезеңде адам бостандығы, құқықтық теңдік мәселелері ғаламдық деңгейде қоғам талқысына түсіп жатты. XIX ғасырда Қазақ жеріне ғылыми экспедиция жасаған орыс зерттеушілерінің көбісі қазақ әйелдерін қалың малға сатылатын, әйелдің үстіне әйел болып баратын, тұрмыс тауқыметін тартқан салпы етек сорлы сипатта бейнеледі. А.Левшин, Н.Гродеков, Н.Израцов, И.Андреев, И.Ибрагимов, Ф. Лазаревский, Л.Баллюзек, А.Диваев т.б. зерттеушілердің жазбаларында осы тақылеттес пікірлерді кездестіре аламыз. Тіпті, халқымыздың алғашқы ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар да қазақ даласында әйел құқығы аяққа тапталатынын ашынып тұрып жазды. Айталық, Ш.Уәлиханов атастыру салтына қарсы: «...Қазақтардың тұрпайы әдет-ғұрпы, өздерінің қыздарын күйеуге тым жас кезінде, көбінесе олардың келісімінсіз беретіндігінен болса керек. Қазақтар кейде өздерінің балаларын бесікте жатқан кезінен атастырып қояды... жеке басының ықтиярынсыз некеге түспеуіне... қатаң

бақылау қоюын тапсыру қажет» (Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы. 1984. 201 бет) деп жазса, Хакім Абай:

Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махаббат жоқ,
Тұсап қойып қашырап бұқа мекен.
Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр.

(Абай Құнанбаев. Шығармалар. I том, Алматы, Жазушы. 1968. 237-238 бб) деп - XX ғасырдың басында Қазақстанда мәдени - ағартушылық идеялардың өркен жайып, зиялы қауымның қалыптаса бастаған кезі болатын. Осы тұста қазақтың санасын оятатын туындылар да дүниеге келді. Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мәшһүр-Жүсіп, Әлихан Бөкейхановтың қыл қаламынан шыққан мұралар халық мүддесімен үндесіп жатты. Алдыңғы буын ағаларға ілесе шығып, құлагердей алға ұмтылған зиялы қауым өкілдерінің бірі Мұхаммед Әмен болатын. Ол жаңа замандағы жаңғырған қазақ мәдениетінің тарихында асқар шыңға айналды. Оның шығармалары жас толқынға ұран болды. Мұхаммед Әменнің тез өсіп жетілуіне қоршаған орта мен Мәшһүр-Жүсіптің арнасы себепкер болды. Әменнің қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби тақырыптағы шығармалары өз алдына бір төбе, ал оның ғұмырнамасы жеке зерттеу арнасы болмақ. Оның қай өлеңін алмасаңыз да гуманистік, адамгершілік, демократтық, педагогикалық идеялары баршылық. Ұлт болашағы мен дәуір бейнесі жөнінде Ахмет Байтұрсынұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Абай Құнанбайұлының мұраларының шоқтығы биік. Дегенмен де бұл салада қалам тартқан әрбір жан Мәшһүр Жүсіп, Жүсіпбек Аймауытов және Мұхаммед Әмен тағылымдарына соқпай кете алмайтыны шындық. Себебі, олар тек қана өз дәуірінің дара тұлғалары ғана емес, сонымен бірге қоғам қайраткерлері. Большевиктік идеология тұсында толқынға қарсы тұрып, тарихи оқиғалардың куәгері болып қана қоймай үн қоса білді. Аласапыран дүниеде көптің бірі болмай, көштің алдында жүрді. Мәшһүр Жүсіп, Жүсіпбек Аймауытов және Мұхаммед Әмен шығармашылықтарының тоғысқан жері әйел теңдігі мен қыз бала тәрбиесі. Әсіресе қызды қалың малға жас кезінен айттыру әдетінің зияны төңірегіндегі ойлары бірін-бірі құптағандай. Әр бір ұлттың өсіп-өнуі ұлттық сана мен тектілікке байланысты. Ол үшін әр қайсымыз ұл-қыздарымызды аялай білген абзал. Қазақ қызының тәрбиесі мен әйел теңдігі Алаш зиялыларының еңбектерінен орын тапқаны ақиқат. Алаш зиялыларының әйел мәселесіне мезгіл-мезгіл оралып, басылым беттерінде өзекті мақалалары мен өлеңдері шыққан соң, Совет өкіметі тарапынан қолдау тауып, әйел теңдігі беріліп, олардың құқықтары қорғалған болатын. Әйел бостандығына қарсы болған, ескілікті аңсаушыларды Мұхаммед Әмен сынай отыра:

Жастықтың, уыз іште, оты-жалын,
Ұшқын бар лапылдаған тіпті қалың.
Болмаса Хақтан жәрдем тауып суы,
Қандай жан сөндіргендей оның бәрін?!
Сонда да жаза кесіп, ықтияр қыл,
Әр істе түзулікті ал-аққа дәлел (дабыл).
«Бұл дәурен кетпес менен!»-деп тұрмысың,

Билігі сенде ме еді ай мен жыл?! [1] -деп, ерте ме кеш пе сәулелі күннің боларына сенетінін жеткізуге тырысқан. Әйел теңдігі туралы қазақ зиялылары қоғамда пікірталас тудырып, қазақ халқының намысын оятуға тырысты. Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романына баға бере отырып Әлихан Бөкейханов: «Мұнда қазақтың қай жерінде болса да, малға қызығып я партияға қызығып, қыздарын жастай күйеуге беру жайы бар, ысырапқа ақша шашып, жақынымен араздасу, қызын сүймегеніне жылатып ұстап беру,» [2] деп,

қоғамға және адамзатқа жат қылықтарды сынға алады. Әрине бұл «Алашым-данам, үш-жүзім - панам» деп жүрегі соққан жандардың ортақ пікірі болса керек. «Айтылмаса-сөз жетім» демекші Мұхаммед Әмен де:

Қалды бидай сабаны,
Жақсысы кетіп, жаманы.
Шоң мен Шорман заманы
Не нәрседен кем еді?!
Бармай-ақ қой әріге,
Қарашы бергі кәріге!
Пейілге бай бәрі де
Дастарханға кең еді.
Партия қуған заманның
Қу, сұм болған наданның
Бұл сөзім қай адамның

Көкірегіне енеді?! [3], - деп, қараңғылық пен надандықтың торынан шыға алмай жүрген жандарды сынай отыра, сақтануға шақырады. Мәшһүр Жүсіп халықтың қараңғылықтан шыға алмай жүргенін, шала сауатты молдалардың мал таппақ әрекетінен және ескілікті аңсаған байлардың сараңдығынан екенін түсінгендіктен, «Жаман әйел туралы» [4], «Жақсы әйел» [4, 188 б.], «Әйелдер туралы» [4, 191 б.], «Ұқыпты әйел» [5], «Момынның әйеліне шығарғаны» [5, 230-238 беттер], деген сын үлгісінде жазылған өлеңдерін қыз мәселесіне арнаған. Ал, Мұхаммед Әменнің «Қыз тағдыры» [6] деп аталатын өлеңінде, қазақ қызының жүрегімен қаламаған жанға тұрмысқа шыққанын және аянышты халі мен оның ішкі күйзелісін, мәнсіз өмірін қынжыла отырып, ашып көрсетуге тырысады. «Теңі емес бір пасыққа берсе егер, Көңілін көтере алмай зар болғандай», деп әйел теңсіздігін жырға қосады. Әлеуметтік теңсіздік пен жастардың бақытқа жетуіне кесе көлденең тұрған ескі әдет-ғұрып екенін ерте түсінген ақын, қыздың болмысы мен еркіндігі туралы, қоғамдағы құбылыстар мен қарапайым қазақ ауылының тыныс тіршілігі жайында жазды. Қыз баланы күшпен тұрмысқа беру салтын құптамаған Мәшһүр Жүсіп «Дала Уалайты» газетінің 1890 жылғы кезекті санында: «Һәм әбден ер жеткен соң, өзінен ризалық сұрап, ықтияр қылған жеріне берсе керек. Ер бала болсын, қыз бала болсын, өзді-өзі ықтиярласып қосылған соң, бұлардан жан-жал, ұрыс, талас анда-санда болмаса шықпайды және бір-біріне махаббатты болып, бұлардан туған бала һәм жақсы туады» [7], деп білімсіздік пен теңсіздіктің ектек алуына жол бермей, күресу керек екенін жазады. Қазақ қыздарының қалың малға сатылуы, күшпен сүймеген адамға ұзатылуы, «әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деп кемітуге жол бермеуді мақсат тұтқан ақын, өлеңдерінде махаббаттың құдіреті мен адалдық пен ғашықтықты жырлап, ескіліктің шырмауын бұзатын жол іздейді. Мұхаммед Әмен «Талапты оқыған жастарға» деген өлеңінде: «Кетті қазақ адасып, Дінге жүрмес жанасып, Қарындасқа қарасып, Қол қайырым ию жоқ» [7, 44-бет.], деп замана бейнесін сомдай отыра:

Ешкімге сеніп тұрма ағайын деп,
Шаянша қылқынып тұр шағайын деп,
Әкеңменен туысқан алаштан жат

Нағашың тұр қазықтай қағайын деп [8],-адамдардың жауыздығын, қатыгездігін, әділдіктен безінгендігін анық та ашық суреттеп, қазақ қыздарына тек білімнен ғана пана іздеуін ескертеді. Әйел мәселесі төңірегінде Әлихан Бөкейханның да қалам тартқаны мәлім. Оның 1899 жылы «Туркестанские Ведомости» газетінде «Женщина по киргизской былине «Қобыланды» атты ғылыми еңбегі, 1902 жылы «Бесправность киргизских молодых» мақаласы және 1925 жылы «Қызды малға сату», 1923 жылы «Батыр Бекет» атты шығармалары жарыққа шықты [9].

Спандияр Көбеев «Қалың мал», Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлу», Міржақып Дулатов «Бақытсыз Жамал» романдарында ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры баяндалып, әйелдің теңдігі мен адамшылығын қорлайтын ескі әдет-

ғұрыпқа қарсы батыл күрес жүргізген жастардың ерлігі мен қайсарлығы және сүйгені үшін күрескен екі жастың қайғылы тағдырлары баяндалған. Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек» романдары мен «Күнікейдің жазығы» повесінде қазақ әйелінің теңдік жолындағы күресі, халықтың азаттығы мен әлеуметтік жағдайларын шынайы бейнелеп, елін білімге шақырады. Бұған оқу-ағарту мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектері куә. Бейімбет Майлин «Қыздың сәлемі», «Қашқын келіншек», «Ақсуаттың жанында» деген өлеңдерінде қазақ ауылындағы ескі салттардың етек алуы мен бойжеткеннің аянышты тағдыр суреттеледі. Мұхаммед Әменнің де: «Мен арсыз: жүрек сезбей, жұрт та сенбей, Алдым-жар, артым - тұман, қалдым сасып» [10] деген өлең жолдарынан заман кейпі, кескіні есіп тұрған тәрізді. Мәшһүр Жүсіп әйелдің бейнесі төңірегіндегі өнегелі ой-толғамдарын «Ұқыпты әйел» [5, 212-215 беттер] өлеңінде өрнектеп кеткен. «Бидайдың барар жері диірмен» демекші қияға ұшып, жарын тапқан келіннің ұқыптылығын бейнелейді. «Түзеп бақ үй жайыңды күні бұрын», деп үй шаруашылығына үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін ескертеді. «Екінші тәтті (тәтті) болсын ішер асың, Ұмтылып, шауып тұрсын ықыласың» деп аспаздық өнердің болуын, «Суымен (шуымен) қандыр мейман тойыңдағы», деп қонақжайлылығын, «Байын сыйлап жетеді ол мұратқа», деп мәдениеттілігін, сүйгеніне деген қошеметін, «Жаяды жайнамазын құбылаға» деп, имандылығы мен әдептілігіне бас иіп, қысқа да нұсқа айшықтап, жеткізуге тырысқан. Отбасының негізгі ұйтқысы болғандықтан бойжеткеннің жан - жақты шеберлігін сипаттай отыра «он саусағы майысқан, бармағынан өнер тамған шебер» болуы шарт екенін ескертеді. Ел арасында сақталған жыр дастандарда, қазақ қызының жан-дүниесі нәзік, инабатты екені жиі баяндалады. Ғасырлар бойы ел аузындағы аңыз әңгімелерге, батырлар жырына, ән-жырға арқау болған қайсарлық пен даналықтың иесі әйел заты екені айдай анық. Мәселен, кешегі өткен Тұран патшасы Томирис, Шыңғыс ханның әйелі Бөрте, Қабанбай батырдың жары Гауһар, Олжабай батырдың анасы Есенбике, Абылай ханның қызы Айтолқын, Кенесарының қарындасы Бопай тарихи тұлғалар емес пе? Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» және «Еңлік-Кебек» дастандарындағы Мамыр мен Еңлік махаббаттың мәңгілік символы ғой. Ал, Домалақ ана (Нұрила), Қалампыр ана, Қарашаш, Қарқабат, Абақ, Шашты, Ұлпан, Айша бибі, Құртқа, Гүлбаршын, Айғаным, Бопай, Ұлпан, Зере сияқты аналарымыздың тағдыры мен өмірі, болмыс бітімі, адамзатқа үлгі болмақ. Бұлардың әрқайсысы көрегенділікті, тапқырлықты, адалдықты, махаббат пен сұлулықты үйлестіре білген ақыл-парасаттың иелері. Осыдан-ақ қазақ қызының инабатты, ізетті, сыпайы, көркем мінезді болғанын көреміз.

Абай Құнанбаев:

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын,

Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, - деп қыздың әсемдігін, көріктілігін сымбаттылығын ерекше жырға қосса, Сұлтанмахмұт Торайғыров арудың сұлулығын дене бітімімен байланыстырып:

Жұмар бас, дөңгелек бет, орта бойлы,
Толық шеке сипаттар терең ойды.
Тік иық, шын бұраң бел қардай еті,
Сұлу сымбат көркіне көңілім тойды, - деп сипаттайды. Өз кезегінде

Шәкәрім Құдайбердіұлының:

Гауһардай көзі,
Бұлбұлдай сөзі,
Жаннан асқан бір пері.
Жүзі бар айдай,
Мінезі майдай,

Өзгеден артық сол жері, - деп, қызды көркемдіктің, нәзіктіктің бейнесі ретінде қабылдайтынын көреміз. Қазақ қызына байланысты айтылған: бота көзі мөлдіреп, аккудың көгілдіріндей, ақмаралдай керілген, қызыл жүз, иісі - гүл аңқыған, нұры - күн

шалқыған, ақша жүз, алқызыл бет сияқты толып жатқан тіркестер де сұлулық ұғымынан туындаса керек. Ел арасында: «Қыз емес, қыздың аты-қызыл алтын, Көрінер туған Айдай-жүзі жарқын», деген де ұлы сөз бар. Қыздың сұлулығы мен сырт пішінін бейнелейтін маржан сөздер әр ақын жазушының шығармаларында, ғашықтық жырларында орын тапқан. Көне көз қариялардың сөзіне құлақ түрер болсақ, қыз сұңғақ бойлы, сынғырлаған дауысты келеді. Оймақ ауыз, күлім көзді, жайдары мінезді болған. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында «Мінсіз аппақ тістері қолмен қойғандай. Екі бетіндегі нәзік жарастық қызылы, асығып күткен қызыл арай таң сәрідей» десе, Сәбит Мұқанов «Мөлдір махаббат» романында «...шынында да үлде мен бүлдеге оранған, асыл тастармен, алтын бұйымдармен безенген, талдырмаш сұңғақ бойлы, сұлу кескінді қыз!» деп тамсана отырып жазады. Бұдан ақылына көркі сай, көздері нұрлы, денесі сымбатты, жүрісі ұнасымды қыз кімді болса да тамсандыратынына көз жеткіземіз. «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырындағы «Ай мен күндей екеуін толықсытып», «Қыпша бел, алма мойын сұлу Баян» деген тармақтардағы сөз маржаны да соның айғағы болса керек. Қыздың ажарына қарай: әдемі қыз, көрікті қыз, шырайлы қыз, әсем қыз, сұлу қыз, ажарлы қыз, ару қыз деп бөлгені мәлім. Олардың сипаттамалары: ару қыз-бет пішіні, дене мүсіні келіскен, сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы қыз [11]. «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді» демекші, жас ұрпақ тәрбиесі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Содан болар қызды қырық үйден тыйған аталарымыз қыз тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Қыз - ата-анасының, отбасының айнасы.

Қыз бала тәрбиесіне тек ана ғана жауапты емес. Бұл баршамыздың ісіміз. Дегенмен де «Қыз ақылы-шешеден» демекші, қыздың анаға бір табан жақын екені ақиқат. Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе?! Ана қыз үшін тұлға, әрі жанашыр адамы. Сонымен бірге мұңдасы. Ол анасына ғана ашылып сырын айта алады. Ол анасынан үлгі алып қана қызға тән қасиеттерді бойына сіңіріп, ізеттілік пен ар-ұяттың және адамгершіліктің мағынасын түсінеді. Мәшһүр Жүсіп: «Қазақ айтпай ма «алып (яғни батыр, балуан) анадан» деп. Бұған қарағанда, ана жақсы болса, онан туған бала да жақсы болады. Ана бір жаман, ғылымсыз, меңіреу болған соң онан туған бала не қылып оңсын?!», деп, ана сүтімен бойға сіңген асыл қасиеттер, сәбидің көкірегінде жатталып, ұлттық рух болып сіңетінін ескертсе керек. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» демекші, көргенді отбасылары қыз баланы «қонақ» деп мәпелеп, қадірлеп өсірген. Бой жеткен ару қыздарын сырт көзден сақтап, оларды биязылыққа, ибалылыққа тәрбиелеген. «Қазақ қыздың жолы жіңішке» деп бекер айтпаған. Себебі, отбасы мен босағаның беріктігі қыз абыройына байланысты екені мәлім. «Қыз қылығымен жағады» демекші ақындар қыздың сұлулығына емес ақылдылығы мен даналығын жырға қосқан. Абай Құнанбаев: «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар; Ата-ананың қызынан қапы қалма» деп орынды айтса керек. Қыз абыройы туралы жазу үшін қоршаған ортасына көз жүгірткен абзал. Себебі, оның абыройлы болуы ақыл парасатының және инабаттылығының жоғарылығында. Білімге құштарлығы мен бейімділігінде. Халық өсіп келе жатқан қыздың алдына келешектегі өмірлік міндеттерін қойып, оларды орындап отыруды да қыздың абыройы деп санаған. Бұларға ізетті болу, әсем киіну, әкені күту, шешені сыйлау, дөрекі сөйлемей, қабақ шытпай жүру, ұлт дәстүрлерін құрметтеу, ана тілін ардақтау, орынсыз сөз айтпау, арқан, жіп есе білу, қой, сиыр сауа білу, кілем тоқып, кесте тіге білу т.б секілді мінез-құлықтық қасиеттер мен дағды, икемділіктерді жатқызған. Қыз - нәзік те қайратты, алғыр, салмақты да ширақ, төзімді жан. Ол бойжетіп келін, дүниеге сәби әкеліп ана кейін салиқалы әже болады. Осы арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Бұл ұлы заңдылық. Сондықтан әйел тіршіліктің мәні, жылулық пен мейірімділіктің, берекенің бастауы болмақ. Әйелдің басты міндеті - отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады. «Қыз-қонақ» және «Қыз-елдің көркі» демекші, келін болып түсу - үлкен қуаныш, зор мәртебе. Қандай ата-ана болса да қызының қадір-қасиетімен құтты орнына қондырып, өрісінің кеңейгенін армандайды. Мұхаммед Әменнің сөзімен айтар болсақ: «Тең болып екі зайып қосылса егер, Арман не сол уақытта, а, дариға-ай!» [6]. Ер жігіт сүйгенінің тектілігіне, сырбаздығына, ішкі мәдениетіне

назар аударары мәлім. Мәшһүр-Жүсіп: «Дүниенің: еркек - бір қанаты, ұрғашы - бір қанаты. Екі қанатпен ұшқан құс қандай ұшқыр?! Мұсылман халқы ұрғашыны бүркеп, жасырып, кісіліктен қалдырғандықтан, сыңар қанат құс сықылды, дәнемеге жарамай қалғандығы - сол. Еуропа жұрттары әйел халқын еркекпен тең ұстады. Жынысы әйелге харрит, азаттық, ерік берді. «Ұл, қыз - екеуі бір бас» - деп, ғылым-білімге, өнерге жарыстыра, бәсеке қылып қосып еді. Әр турадан әйел халқы ілкім үздік шығып, байды да жақсы бақты. Солай болғаны үшін, бүкіл періште есепті болды. Ғылым-білімді ұрғашыдан туған бала - туа әр нәрсені біліп, кісі болуға жарайды» - дейді. «Махаббат мәңгілік жырмысың, Өзгеге айтылмас сырмысың» [6, 188 бет], - деп махаббаттың күдіретін жырға қосқан ақын жазушылар табиғи сұлулыққа бас иген. Ғашықтық адалдыққа, мөлдір махаббатты құрметтеуге, үй болудағы үйлесімділікке жол ашары хақ. Мәшһүр-Жүсіп пен Мұхаммед Әмен қызды таңдағанда сұлулығынан гөрі ішкі жан дүниесі мен рухани байлығына назар аудару керек екенін баса айтады. Ал, Абай Құнанбаев та «Жасаулы деп, малды деп байдан алма», деп дәулетімен даңқына қызықпауын ескертеді. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қыз сүю» деген өлеңінде: «Қыз сондай сен іздеген сұлу болса, Көргенде құмарланып кеудең толса, -деп ғашықтықтың күдіретін жырласа, Шал ақын: «Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды, Өз бойынан басқаны ұнатпайды» деп әдептілігі мен кішіпейділігін бейнелеп: «Жауыз қатын қабаған ит сияқты, Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас», деп жаман әйелдің жағымсыз бейнесін сомдайды. Бұл тақырыпта да қалам тартқан Мәшһүр Жүсіп «Жақсы әйел» деген өлеңінде:

Жалғанның жарастығы жақсы ұрғашы,
Қиылып маңдайында көз бен қасы.
Бір талы нама харамға көрінбес пе,
Астында жаулығының тұрса шашы.
Сүмбіл шаш күнде жуып, талдап өрген.
Еріне шын махаббат көңіл берген,
Қолында Құдай берген ырзық мол боп,

Мейманның қошеметін тәуір көрген [6, 188 бет], - деп әйелдің ізеттілігі мен ұқыптылығын, сұлулығын сипаттай келе, «әйелдің бәрі осындай болса» деп армандайды.

Енді бірде Мәшһүр Жүсіп:

Жұмағы бұл дүниенің жақсы қатын,
Шығарса ағайынға жақсы атын.
Гүл жүзді, шырын сөзді, нәзік болса,

Түзетсе үй мүлкінің салтанатын [6, 186 бет], - деп әйелдің босағаның беріктігі мен өмірдің мәні екенін баяндай келе, ерінің адал жары, аяулы ана, отбасы беріктігін сақтаушы, шаруашылықтың барлық жақтарын игере алатын, қонақты лайықты қарсы алып және әр кімді де сыйлай білетінін жеткізеді. Ақын «Жаман әйел туралы» деген өлеңінде: «Дүниенің ол тозағы жаман қатын, Жаман қатын шығармас ердің атын» деп, тәрбие көрмеген қыз баланың әйел болғандағы дөрекілігі мен білімсіздігін сынайды.

Мәшһүр Жүсіп: «Жақсы әйел ерге несіп бола қалса, Кім қияр сол қатынның басқан ізін!», - дей отыра «Ұқыпты әйел» деген өлеңінде:

Алған жарың осылай болса керек,
Ғылым, білім, өнерлі, болса зерек.
Ерлерін сондай қатын тәрбиелесе,

Жалғанның азы көбі неге керек! - деп, тұла бойы тұнған үлгілі әйелдің бейнесін орынды сомдайды. Жаман әйелдің оның қисапсыз әрекетін бейнелеп берді. Әрине бұл ата-анаға және ауылына үлкен сын болмақ. Сондықтан да көрегенді аналар қыздарын тұлымды кезінен тәрбиелеген. Мәшһүр Жүсіптің пайымдауынша: «Қыз баланы һәм әбден ер жеткен соң, өзінен ризалық сұрап, ықтияр қылған жеріне берсе керек». Сонда шынайы сүйіспеншіліктің арқасында отбасы бақытты болып, саналы да тәрбиелі ұрпақ дүниеге келмек. Ал, егер керісінше болса: «Еркегіне ұрғашы, - бір-біріне көңілсіз болып жүргенде туған бала онша жақсы болмайды және ұрғашының түсіне қарау жарамайды, есі мен ісіне

қарау жарайды», деп қорытындылайды. Ия, Мәшһүр Жүсіп пен Жүсіпбек Аймауытұлының және Мұхаммед Әменнің шығармалары - халқымыздың әлеуметтік-саяси өмірін сипаттауымен және білімге уағыздауымен маңызды. Сондықтан да олардың әрқайсысы көсем, ұстаз, тұңғыш, бірінші, айрықша деген теңеулерге лайық ұлт жанашырлары.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әсет Пазылов, Баянауыл ауданы, Мәшһүр Жүсіп мұражайы.
2. «Абай-ақпарат».
3. Қазақстан-ZAMAN. 2011. № 9).
4. Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы. 1984. 201 бет.
5. Абай Құнанбаев. Шығармалар. I том, Алматы, Жазушы. 1968. 237-238 бб.
6. Шәкәрім. Шығармалары. Алматы. 1998. 298-299 бб.
7. Сәкен Өзбекұлы, Атақожа Исмаилов. Ғұмар Қарашевтің қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары. Алматы, 2005. 71 б.
8. Барлыбек Сыртанов. Алматы, Жеті-Жарғы. 1996. 90 бет.
9. С.Б.Алашинский. Айқап, 1912, №13.
10. М.Ж. (Мағжан Жұмабаев) 1913 ж. «Айқап» №2.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена произведениям деятелей Алашорды, где освещаются жизнь, судьбы и общественный роль казахских женщин.

SUMMARY

Article is devoted to works Alashorda's figures where are shined life, destinies and public a role of the Kazakh women

ӘОЖ 346:316,652 (574)

ОТАРЛЫҚ САЯСАТ БОЛҒАН ЖОҚ ДЕГЕН ПІКІР КІМДЕР ҮШІН ТИІМДІ?

Берлібаев Е.Т. -т.ғ.к., доцент

Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

**Тоқбергенова Ч. А.- аудандық
мәслихат депутаты**

Қазақстан, Жамбыл обл., Қордай

Аннотация: Мақалада патшалық және кеңестік Ресейдің қазақстандағы отарлық саясаты қарастырылған. Қазақстанның отарлық кезеңінің тарихына, әсіресе оның түйінді мәселелеріне отандық тарих негізінен еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, яғни, 1991 жылдан кейін баса назар аудара бастады. Шет аймақ халықтары сол кездегі отар елдер халықтары, жабайылар тарихы мәселелері өткен кездерде империялық өктемдіктің және марксизмнің қатаң қағидасымен, тоталитаризмнің жеке адамға табынушылық идеологиясының ықпалымен көрінеу бұрмалаушылыққа ұшыратылды. Осының бәрі бүгінгі таңда тарихи өткен кезеңге объективті түрде қарауды, жаңа көзқарастарды тиынақтауды талап етеді.

Түйін сөздер: отарлық, патша үкіметі, басқару ережесі, Қазақстан, Ресей, отарлау, ұжымдастыру, соғыс қарсаңында.

КСРО ыдырағаннан кейін, тәуелсіз мемлекеттер пайда болған кезде де империялық ойлауды көрінеу және жасырын жақтаушылар Ресей отаршыл, империялық держава

болмаған дегенінен айнымай келеді. Бұл сұраққа кезінде Ресей тарихының аталары Н.М.Карамзин, В.О.Ключевский жауап қайтарған болатын. Олар «Ресейдің тарихы отарлаушы елдің тарихы» деп айқын жазған.

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан Қазақстан тарихында «отар» және «отарлау» терминін ұрпақ санасында тарихи шындық тұрғысынан қалыптастыруға бағытталған жаңа зерделеумен ой-пікір басталды. Бұл зерделеулердің барлығына да тән нәрсе тарихи шындықты нақтылай отырып, бүгінгі күн талабы үрдісінен шығу мақсатында шынайы бағасын беру мақсатын көздеді. Өйткені, мұндай мәселе қазақ елінің өскелең ұрпағын тәрбиелеу, ұлттық рухты насихаттау ісінде өзіндік мәні бар екендігі рас.

Қазақстанның мемлекеттік егемендікке қол жеткізуі білім мен ғылым салаларында түбірлі өзгерістер жүргізуді, халықтың тарихи санасын объективтік шындық тұрғысынан қалыптастыруды қажет етеді. Осыған байланысты соңғы жылдары отандық тарих ғылымында бұрмалауға ұшырап, не болмаса ғалымдар назарынан тыс қалып келе жатқан тақырыптарға ден қойылуда. Қазақстан тарихшылары жалпы қоғамымыз тәрізді ұлттық құндылықтарды қастерлеуге бағыт ұстай бастаған бүгінгі заманда өткен тарихымызға қазақ ұлтының мүддесі тұрғысынан қараған тарихшылардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жасаудың маңызы зор. Бұл бүгінгі ұрпақтың тарихи дүниетанымын кеңейтеді, тарихи білімді толықтыра түседі.

Кеңестік дәуірде патша өкіметінің қазақ жерін отарлау саясатын әшкерелеуге баса көңіл бөлген еңбектер сонымен бірге ұлттық қатынастардың жер мәселесімен байланысты кейбір тұстарын батыл аша алмады. Қалыптасқан коммунистік идеология бұл мәселеде орыс ұлтының беделін түсіретін қандай да бір зерттеу әрекетіне, ашық пікірлер мен тұжырымдарға қолдау білдіре қоймайтын еді. Кезінде қуғындалған қазақ ұлттық тарихшыларының еңбектерінде осы мәселелер жан-жақты көтерілді. Олардың еңбектерін кеңестік цензура бақылауға алып, қоғамда оларды оқуға және пайдалануға ұзақ уақыт тыйым салды.

Ресей империясының отаршылдық мүддесі, 70 - жылдық кеңес өкіметі кезінде тап-тартысы принциптері негізінде зерттеліп келді. Ал, егемендік алған бүгінгі кезеңде екі түрлі қауіп орын алып отыр. Ол бұрындардан орын алып келе жатқан шовинистік көзқарастармен шектен тыс ұлтшылдық пікірлер. Айталық кейбір ресейлік зерттеушілер Ресей империясы «отар» дегенді білмеді дегенді дәлелдегісі келеді. Осы пікірді қостағандар отар деген капитализм дәуіріне тән деп түсіндіруге тырысады [1]. Ал, енді бір авторлар «ресей капиталистік ел болған жоқ отаршылдық капитализмге ғана тән, сондықтан ол отаршыл емес, «халықтар түрмесі», оның тұтқыны башқұрт та, грузин де, эстон да, орыста болды» [3] деп қорытындылайды. Енді бір авторлар Ресейдегі отаршылдық Батыс Европа елдерінен ерекше оны батыс еуропалық метрополиялар мен олардың колониялары арасындағы қатынастармен салыстыруға болмайды, оның үстіне XX ғасырдағы экономикалық есеп бойынша Түркістан өлкесі Ресей қазынасы үшін қып-қызыл зиян болды, ал Түркістанға Қазақстан территориясының едәуір бөлігі кіргені белгілі деген пікір білдіреді [4]. Осы көзқарасты ұстанғандар патша өкіметінің қазақ халқынан тартып алған 45 млн. десятина жерден табылған табыс, осы жерден ашылған рудник, мұнай құбырлары, көмір шахталары, алтын кендерінен алынған табысты есептеді ме екен?

Қазақстанның отарлық кезеңінің тарихына, әсіресе, оның түйінді мәселелеріне отандық тарих негізінен еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, яғни, 1991 жылдан кейін баса назар аудара бастады. Шет аймақ халықтары сол кездегі отар елдер халықтары, жабайылар тарихы мәселелері өткен кездерде империялық өктемдіктің және марксизмнің қасаң қағидасы, тоталитаризм, жеке адамға табынушылық идеологиясының ықпалымен көрінеу бұрмалаушылыққа ұшыратылды. Әсіресе, XVIII – XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихы Еуразия даласының халықтарына дүниежүзілік тарих ұғымынан тыс қараған Ресейлік империялық өктемдік тұрғысынан пайымдалды. Осының бәрі бүгінгі таңда тарихи өткен кезеңге объективті түрде қарауды, жаңа көзқарастарды тиянақтауды талап етеді.

Кеңестік тарихнамада Қазақстанды отарлаудың басталуы оның Ресейге қосылуы тұрғысынан пайымдалды. Кейбір авторлар мәселенің экономикалық жағына да, саяси себептеріне де мүлде тереңдеп бармай оны тек қана сырт жағынан қарап қосылу кездейсоқтан болды деп есептеді. Әбілқайырды Ресейге бодан болуға итермелеген алдымен айнала қаптаған жаудың айбары және белгілі дәрежеде орыс мемлекетінің сыртқы саясаты да мәжбір етті.

XVIII ғасырдың 20-30 жылдарында патшалық Ресей өзінің сыртқы саясатында Орта Азия, Үндістан елдерімен тұрақты қатынас орнату үшін күреске белін түріп кіріскен еді. Ал, Қазақстан болса оның жолында жатты. Демек, Әбілқайыр өз еркімен бодандыққа өту арқылы Ресейдің жаулап алушылық саясатын болдырмады. Ерте ме, кеш пе, бәрі бір бұл саясат жүзеге асатын еді.

Жоңғар шапқыншылығына ойдағыдай тойтарыс бергеннен кейін Қазақстан бірыңғай және біртұтас мемлекет ретінде бабалары мұраға қалдырған дәстүрлі аймақта өзінің шаруашылық өмірін қайтадан дамыта бастады. Алайда XVIII ғасырдың 30-жылдарының орта шенінен бастап Ресей мемлекеті қазақтардың жеріне империяның бодандары ретінде, қазақтардың өздеріне орыс мемлекеттік идеологиясы тұрғысында көз тіге бастады. Өлкенің әр әкімі Ресей империясының толық және шексіз билігіне көшкен жер деп есептеп оны ұлғайтуға ұмтылды. Осы саясатты жүзеге асыру барысында Ресейдің өкімет орындары жергілікті халықтың қайтпас қарсылығына душар болды. Сондықтан оларды бөлшектеу, халықтарды қырқыстыру, халықтың барлық топтарында өз агентурасын құру, отарлаудың басты күші ретінде қазақтарды біржола бағындырып, оларды осы мақсатқа пайдалану сияқты түрлі әдіс - тәсілдер қолданыла бастады. Осы саясат империясының шекарасына ең жақын орналасқан аймақ ретінде алғаш Батыс Қазақстанда жүзеге асырыла бастады. Патшалық отарлау саясатының көздеген мақсатының ең бастыларының бірі жерге ие болу еді. Бұл саясат орыстарды қазақ жеріне қоныстандыру арқылы, алғашында бей-берекет, жоспарсыз, заңсыз, жүргізілді. Кейіннен біртіндеп қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс құру, тіршілік ету, шаруа жүргізу жүйелері мен әдет-ғұрып, салт-дәстүр үрдістерінің күре тамырлары балталанды. Осыдан келіп қоныстанушылар мен тұрғылықтылар арасында ұлтаралық қақтығыстар бой көтерді. Мұның соңы ұлт - азаттық көтеріліске ұласқаны белгілі. Рас, отаршылар бұл саясатын еппен, асықпай жүзеге асырды. Патша өкіметі алғашында кіші жүзде ел билеудің хандық жүйесін сақтап, оның ішкі ісіне араласпай, тұзақты алыстан құрып, сырттай келісім жасады. Қазақ даласын өзіне жағынып, бас шұлғып, бағынышты болған хандар мен сұлтандар арқылы басқарды. Кейіннен Кіші жүзде хандық билік жойылып, оның орнына аға сұлтандық жүйе енгізілді. Сөйтіп, қазақ жерінде орыс әкімшілігінің басқару жүйесін орната бастады.

XIX ғасырдың 60-жылдарында Ресей империясы Қазақстанды толығымен жаулап алып, оны өзінің отарына айналдырды. Капиталистік даму жолына түскен Ресей енді отарына айналған қазақ жерінде басқарудың империяға ыңғайлы жүйесін енгізуге кірісті. Патша үкіметінің алдында аса күрделі міндет - жаңа қосылған өлке жерін басқаруды реттеу және соның негіздерінде халықтан алым-салық жинау мәселесі тұрды. II Александр патша 1867 жылы 11 шілдеде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша Ережеге», ал 1868 жылы 21 қазанда «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығын басқарудың уақытша Ережесіне» қол қойды. Шын мәнінде, қазақ даласында «бос жатқан» немесе «артық жерлер» жоқ еді. Әр аймақ белгілі бір рудың жаз жайлауы, қыс қыстауы болатын және оның шекарасы әр ру басы үшін әлдеқашан айқын белгіленіп қоятын.

«Қазақ» газетінде жарияланған (1915 ж., №156) Әлихан Бөкейхановтың «Екі жол» деген мақаласында: ... 1897 жылы қазақ үй басына қазақ - орысқа жылына 10 сом төлеуші еді. Енді осы 10 сом 20-40 сом болды. Пайдаланған жер - баяғы он шақырым. Үй басына 40 сом төлеу оңай емес. Қан төгіп, кір жуып, кіндік кескен ата - қонысымыз-Ертіс. Мұннан кетсек, бұдан неше есе бақытсыздыққа кез болуымыз анық?» – деп ащы шындықты ашына жазады [5]. Патшалық Ресейдің орыстандыру және отарлау саясаты Кеңес өкіметі тұсында

одан әрі жалғастырылды. Ұжымдастыру кезінде Қазақстанға 250 мың мал-мүлкі алынған бай-құлақ жер аударылды. Соғыстың алдындағы жылдары түрлі республикалардан өнеркәсіп құрылысын жүргізу сылтауымен тағы 1 миллион 200 мың адам қоныстандырылды.

Соғыс қарсаңында және соғыс кезінде «сатқындық пиғылда» деген жөн - жосықсыз айып тағылған тұтас халықтарға қарсы қатаң қуғындау шаралары қолға алынды. Сол кезде Қазақстанға 100 мыңға жуық Қиыр Шығыс корейлері, 800 мыңдай Еділ бойының немістері, КСРО-ның батыс аймақтарынан 100 мыңнан астам поляк, Кавказдың 500 мыңнан астам тұрғыны күшпен қоныстандырылды. Қазақстанға күштеп көшірудің қара дауылын Қырым татарларының, гректердің, қалмақтардың ондаған мың отбасылары, басқа да кеңес халықтарының өкілдері бастап көшті.

Ресми деректер бойынша, осындай келеңсіз жүргізілген жұмыстардан соң сол кезде Қазақстан жұрты 1,5 миллионнан астам адамға көбейген екен. Соғыс кезінде әр түрлі өндірістермен бірге мұнда 350 мыңнан астам адамның әкелінгені де анық.

Солтүстік және Орталық Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеруге 2,5 миллиондай адам келді. Тыңгерлердің арасында Қазақстанға күшпен әкелінгендердің ішінде тікелей қамау орындарынан жеткізілгендердің болғаны да жасырын емес. Орталық өкімет жергілікті басшылықпен де, республиканың қарапайым тұрғындарымен де еш келісімі болған жоқ. Мұның өзі қазақ халқын өз жерінде азшылыққа айландырып біртіндеп орыстандыратын, отарлаудың кеңестік дәуірінің жалғасы болатын. Абырой болғанда алып империя КСРО-ның ыдырауы бұл процестің жалғасын табуына мүмкіндік бермеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Виноградов В.В, Умаров О.С. Вместе к великой. Грозный. 1983. с.10.
2. Галиев В. Национально-освободительное движение казахского народа «Мысль» 1993 с. 79.
3. Дергульян.Г.Н. Была ли Россия колониальной «Международная жизнь», 1991 с.171.
4. Галиев В. Национально-освободительное движение казахского народа «Мысль» 1993 с.78
5. Әлихан Бөкейханов Екі жол // Қазақ» газеті 1915 ж., №156.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются колонизации Казахстана Российской империей.

SUMMARY

In this article deals with colonization of Kazakhstan Russian Empire

ӘОЖ 9(С) 55 Ж 92

АБЫЛАЙ ХАН: ӨМІРІ, ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛБАСШЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жылқышыбаева Қ.Қ.-т.ғ.к., доцент

Қазақстан, Алматы қ.,

Қазақ мемлекеттік қыздар

педагогикалық университеті

Райсов Қ.Д. - оқытушы

Қазақстан, Алматы қ.,

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аннотация: Мақалада Қазақ хандығының өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда шешуші рөл атқарған және қазақ жерін қорғау үшін бар күш-қайратын, ақыл-ой парасатын елінің, ұлтының, Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін, бостандығын қорғау,

сақтау үшін жұмсаған Абылай ханның өмірі, жүргізген ішкі және сыртқы дипломатиялық саясаты, қолбасшы ретінде қалыптасуы жөніндегі мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: Абылай хан, жоңғар, жаулау, қазақ, ұлттық, бодан, Ресей, ерлік, Орта жүз, төлеңгіт, сұлтан.

Бәрінен бұрын Абылай хан қазаққа ұлттық мақтаныш сезімін қайта алып бергенімен қымбат. Онан кейінгі Абылайдың ерекше бір еңбегі ретінде қазақ арасындағы алауыздықты азайтқанын айтқан жөн шығар. Сол дәуір үшін бұл өмірлік мәні бар мәселелердің бірі еді. Ақыр-аяғында, Абылай түптің түбінде Қазақ елінің тұтас, тәуелсіз мемлекет бола алатынына сенімді оятып кеткенімен де ерекше қадірлі. Абылай бала күнінен жоңғар шапқыншылығының бар қасіретін көріп өсті. Оның текті әулеттен, текті болғанда да кәдімгі Шыңғыс ханның ұрпағы Жошы тұқымынан екенін барша жұрт біледі. Әріге аспай-ақ, оның бергідегі бабаларының өзінен әз-Жәнібекті, Еңсегей бойлы ер Есімді, Салқам Жәңгірді атасақ та жетіп жатыр. Абылай небәрі бір мүшелге толар-толмаста, 1723 жылы жоңғарлар қазақ даласына бұрын-соңды болып көрмеген алапат күшпен келіп соқтыққан еді. Ерте көктемде, тұтқиылдан басталған шабуыл елдің тоз-тозын шығарған-ды. Жоңғарлар аз ғана уақыттың арасында Жетісуды жайпап өтіп, Ташкентті иеленіп үлгерді, қазақтарды Сырдың сағасына, Арал түбіне дейін тықсырып тастады. Содан 1725 жылға дейін қазақ даласы осы ауыр соққыдан есін жия алған жоқ. Ол заманды айтып жатудың қажеті шамалы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген сөздің өзі-ақ жетіп жатыр.

Абылайдың аты алғаш рет 1731 жылғы Ұлытау маңындағы шайқаста шыққан. Жиырма жасар Әбілмансұр сол жолы жоңғар батыры Шарышты жекпе-жекте жер құштырып, қазақ қолын «Абылай! Абылай!» деп ұрандап бастап бергені, сол күннен Абылай атанып кеткені, жас батырдың атақ-даңқы қазақ даласына кеңінен жайылғаны мәлім. Көп ұзамай Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің, Бөгенбай батырдың, Төле бидің басқа да игі жақсылардың қолдауымен Абылай Арғын тайпасын қолына алады. Кейіннен бір ақынның өзін танымай қалған Кенесарыға ашуланып: «Атаңа алты қатын алып берген Атығай-Қарауылдың баласымын», - дейтіні соған байланысты айтылған сөз. Бұл кезең Абылайға мол мүмкіндік ашқан. Ол заманда сұлтандар мен хандардың өзінде халыққа нақты ықпал жасай алатын тетік ретіндегі аппарат та, бір ортаға қордаланған қаражат та болмағанын ескерсек, рулық биліктің тұтқаларын орнымен пайдалана білген адам ел басқарғандардың өзіне көп әсер ететін. Белгілі тарихшы П.П.Румянцев рудың қазақ қауымындағы орнын жақсы пайымдаған. Сол кісі «Киргизский народ в прошлом и настоящем» атты кітабында былай деп жазыпты: «Даладағы бүкіл экономикалық және әлеуметтік тыныс - тіршілік руға тіреліп тұратын, ағайын біткен бірге көшіп жүретін, малын бірлесіп бағатын, барымтаға бірге аттанып, дұшпанның бетін бірге қайтарысатын, тойын бірге тойлап, адам өміріндегі жөн-жоралғының бәрін бірге атқарысатын. Руынан бөлектеніп қалса-ақ қазақтың күні қараң, ол бас еркінен айырылып шыға келеді, жолы болды дегенде төлеңгіттікке қолы зорға жетеді» [1]. Біз бұрын бірыңғай сөгіп, сілікпелей беретін рулық құрылым, шынтуайтында, әлдеқайда күрделі дүние көрінеді. Тіпті рулық автархияның өзінің де белгілі бір дәрежеде демократиялық сипаттары болғанын жоққа шығару қиын. Ру-рудың игі жақсылары, би-батырлары жиналып келіп сұлтандарды, хандарды сайлап отырғаны сол кез үшін едәуір ілгері қадам еді.

Абылай орыс жылнамаларында Сібірдің ханзадасы деп аталады. Ал, шынында Абылай орта жүз қазақтарының XVIII ғасырда өмір сүрген ханы. Оның тегі кіші жүз сұлтандарының кенже буынан тарайды да, үшінші атадан барып Әбілмәмбет ханға қосылады. Онымен Абылай (Абылай сұлтан ханның немере інісі) 1739 жылы Орынборда Ресейге мәңгі бодан болатыны туралы ант берген. Атасы, онда аты Абылай, Түркістанның билеушісі болып тұрған. Батырлығымен, батылдығымен аты шығып, сол үшін қанішер деген қаһарлы да, құрметті атаққа ие болған кісі. Бірақ баласы Уәли әкесінің даңқын асыра алмай, Түркістанды басып алған көрші билеушілердің бірінің қолынан қаза тапты. Қалтқысыз берілген бір құлының арқасында ғана он үш жасар ұлы Абылай аман қалды [2].

Адал төлеңгіт өз түлегін ертіп, қазақ даласына тартты. Ағайын-туғандары сыртқа тепкен жас Абылай қырға келіп, Жақсылық руының бір байына малшы болады. Дүрбелеңге толы дүбірлі кезең Абылайдың тапқырлығы мен табандылығы, ақылдылығы мен алғырлығын танытуына жағдай жасайды. XVIII ғасырдың алғашқы 10 жылдығы қазақ халқының өміріндегі бір алапат кезең еді. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық қазақтары мен башқұрттар қазақ руларына жан-жақтан тарта бас салып, қырып-жойып, малын айдап, жанын байлап әкетіп, талай әулетті тұтасымен тұтқынға алып кетіп жүрді. Қытымыр қыс, кесепат жұт пен ашаршылық тәңірден түскен қыспақтай-ақ халықты сансыратып, қайыршыландырып жіберді. Орынбордағы бір қазақ-рубасының өз жерлестерінің қайғылы хәлін соңынан бір топ ұялас тазы қуған қоянның жағдайына теңегені бар.

Әсіресе, 1723 жыл сұмдық сипатымен қазақтардың есінде өшпестей боп қалды. Қары қалың әрі көктайғақ болған сол бір сұрапыл қыста жоңғар қонтайшысы Қалдан-Серен қисапсыз қолмен қазақ қырына басып кіріп қазақтар мен қырғыздарды бұрынғы шаруашылығымен шапқыншылығы үшін жаппай жазалауға кірісті. Қайда барса да қаңқұйлы жоңғарлар қыр соңынан қалмаған қазақтар үріккен киік үйіріндей дүркіреп, жол жөнекей дүние-мүлкін, бала-шағасын, кемпір-шалын, арық-тұрық малын, үй мүлкі-мәнін шашып, түстікке барып қойып кетті. Орта жүз-Самарқанның түбіне, кіші жүз Хиуа мен Бұқарға барып паналайды. Ал, қырғыздар, олардың адам аяғы баспаған құз-жарына жасырынып, үрейі ұшқаны сонша, Гиссар алқабына дейін жетеді. Орта Азия құм белдерінен шүйгім жайылым таба алмай, жаңа көршілерімен жауыққан қазақтар құдіретті Ресейдің шекарасына көз салып, олардан қолдау мен қолқабыс іздейді.

Міне, осындай үрейлі қанды-қисап кезеңде ел назары Абылай сұлтанға ауады. Өйткені, ол жорықтардың бәріне алғаш қатардағы жауынгер боп қатысып, соның өзінде қисапсыз ерлік көрсетіп, айырықша амал-айласымен көзге түскен еді. Өнегелі ақыл кеңесі, сұңғыла зердесі арқасында да ол бірден-ақ көреген, кемеңгер деген атқа ие болады. Шынында да, қазақтар мұны ұлы істер атқаруы үшін алланың өзі жіберген емшісі, аруақ иесі деп ұққанға дейін Абылай талай күресті бастан кешіріп, сан сыннан сүрінбей өтті. Ол екі мәрте қолға түсіп, бірінде-қырғыздарға, екіншісінде Қалдан-Серенге тұтқын болды. Оның Қалданнан құтылуы шын мәнінде керемет. Себебі, ол ханның сүйікті ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтіріп, құдіретті қалмақтың қазақтардан табандап тұрып, талап етуімен тұтқынға түскен ғой [3].

Қалай болғанмен де, 1739 жылы біз оны Орта жүздің ең ықпалды, ең күшті билеушісі деп таныдық. Орыс үкіметі де көбінесе Абылаймен және оның інісі Сұлтанбекпен ғана байланыс жасап отырған. Өйткені, қырға барып қайтқан орыстардың айтуына қарағанда, ол тұста нағыз ханның ешқандай мәні де, беделі де болмаған. Даламен жақсы таныс Тевкелев бұл сұлтанды қырғыз билеушілерінің ішіндегі ең айлакері, әрі ең ықпалдысы дейді.

1759 жылы Абылай орыс сарайына өзінің туысын Жолбарыс сұлтанды жіберіп, сый-сияпат сұрайды. Кейін оған өкілеттік қағаз жіберіп, жылына 300 сом жалақы тағайындалып, 200 пұт ұн беріп тұру белгіленеді. Осы екі арада Орта Азияда Абылайдың мансап жолындағы ой-арманын жүзеге асыруына жағдай жасайтын оқиғалар болған еді. Ол оның халық алдындағы абырой-беделін тіпті аспандатып жіберді. 1745 жылы қазақтарға әзірейілдей Қалдан-Серен дүние салып, Жоңғарияда билікке таласқан дүрбелең басталды. Қалмақ тайпалары енді Абылайдан көмек күтеді. Ескі кегі зығырданын қайнатып, жоңғарларға тісін қайрап жүрген сұлтан олардың алтыбаған алауыз боп әлсіреуін пайдаланып, бірде бір жағына, бірде екіншісіне ыршып шығып, ұрыс-керістің көрігін қыздыра түседі [4].

Жоңғарияны тарихта теңдесі жоқ жылдамдықпен оп-оңай жаулап алған император Цянь-Луннің жеңімпаз армиясының Жоңғар жеріне келуі Абылайдың саясатына үлкен ықпал етеді. Жоңғария мен Кіші Бұқар аймағын оп-оңай өзіне қаратуы және қытайлардың жауынгерлік рухын көтеріп, басқыншылық құштарлығын арттыра түседі. Зайыры, император Цянь-Лун хань және таңь әлеуметтерінің заманын қайта қайталағысы келгенге ұқсайды.

1756, 1758 және 1760 жылдары Қытай жасақтары Орта жүз қазақтарының жеріне ат ізін тастайды. Қазақ билеушілері Кіші жүздің ханы Нұралы, Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай Аспанасты империясымен келісімге келуге құлшынады. 1756 жылы Абылай өзін Бөгдіханның вассалы деп мойындап, бекзада атағы мен жылпарақ алады. Ал, Нұралы Пекинге елшілік жібереді. Қоқан билеушісі Еркеке би - 1758 жылы, кейін мұрагері Нұрбота би – көктің ұлына пенделігін мойындайды.

Осынау сырттай тәнтілікке қарамастан орта-азиялықтар аса абыржулы еді. Күшті Жоңғария құлап, кіші Бұқардың басып алуы адам айтқысыз үрей туғызды. Оның үстіне діндер, мұсылмандар ақыр заман болар алдында жердің жүзін қара Қытай қаптайды деген аңызға қатты сенетінді. 1762 жылы Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға 130 адамнан тұратын Қытай елшілері келіп, императордың әмірі бойынша көктем туа Түркістан мен Самарқандқа әскер шығатынын жариялап, алда болар жорық үшін көмекке кісі, көлікке жылқы мен өгіз, сойымға қой сұрауы, бұрынғы бұрынғы ма, қазақтардың үрейін тіпті ұшырып жіберді. Олар уақытша өзара ірің-кезекті доғарып, одақ құрып, оның басына қолбасшы етіп Нәдір-шахтың түменбасы, қандағар билеушісі әрі Дураки әулетінің негізін қалаушы Ахметті тағайындады. Абылай сырттай одаққа кіретін сияқты көрінгенімен, шын мәнінде Қытай үкіметімен байланысын үзбей, барған сайын онымен жақындаса түсті. Олар тіпті Пекинге аманат етіп ұлы Әділді жіберді. Бірақ, Бөгдіхан Абылайдың тәнтілігіне дән разы болып, Әділді қолына өкілеттік қағаз беріп, көп сый-сияпатпен әкесіне қайта аттандырады. Ал, Абылайдың өзі болса, Сайрамкөл жағасында Іле цзян-цзунымен (генерал-губернаторымен) кездесіп, онымен сауда шартын жасасты. Шарт бойынша Тарбағатай мен Іледе айырбас базары ашылып, онда қазақтар айдап әкелген малына Қытай бұйымдарын айырбастап алып жүрді [5].

Қытайлармен байланыс бекіген сайын Абылай Ресеймен қарым-қатынастан іргесін аулақ сала бастады. 1771 жылы хан сайлағанда да ол орыс шекарасына барып, ант бергісі келмеді. Сөйтіп, ол өзін халық қалап, баяғыда-ақ бұл дәрежеге лайықтап қойғанын, көктің ұлының және өкіметті қырға өз қызметшісін арнайы жіберіп, Абылайға ант бергізіп хан атағының белгілерін (қылыш, қамқа тон және бөрік) тапсырды. Ондағысы өздері бекітпей тұрып, хан болу деген қазақтардың қаперіне де келмесін деген ішкі есеп. Абылай өз балаларына ақыл айтқанда Қытаймен жақындаса түсуге кеңес беріп, Ресеймен келісімді сақтау керек деп тапсырды. Оның ойынша, қытайлар хан билігі үшін ешқашан қатерлі емес, ал, орыс үкіметі болса, жергілікті билікке ең күшті бәсекелес. Оның үстіне заман ағымы қазақтардың Ресей көмегіне мұқтаждығы аз екенін айқындай түсті. Абылайдың қырдағы билігі тіптен нығайды. Ұлы жүзде (үйсін болыстары) оның билігін мойындады. Жоңғарларды Қытайлар жойып жіберді. Қазақтар ту-талапай еткен, әсіресе Абылайдың өзі түбіне жеткен торғауыттар Ілеге әрең жетіп, Қытай саятшыларының қитұрқы торына түсті. Пугачёв бүліншілігі титықтатып, тағдырын енді үкімет қолына алған Жайық қазақтары өз бетімен басып кіре алмас халге жетті. Қазақтардың ендігі жауы Түркістан, Созақ, Сайрам, Шу мен Ташкенттің арасындағы және басқа қалалардың қазақ сұлтандарымен ауылын аулақ салуға тырысқан қу қырғыздар мен Орта Азия билеушілерінің бір бөлігі ғана. Абылайға аян беріп отыратын әдеттен тыс аруаққа деген сенімі қазақ халқына бұрын-соңды болмаған өжеттік дарытты. 1770 жылы Абылай Шат асуынан да асып, Туро өзенінің маңында қырғыздарға шабуыл жасады. Таулықтарды өкшелей қуып ол Шу жағына дейін айдап салды. Шуға құятын Қызылсу мен Шамси өздерінің бойында қырғыздар Абылайға қарсы одақтасып қан кеше жүріп айқасады. Бұл жайында «Жайыл қырғыны» атты аңыз күні бүгінге дейін бар қырғыздардың қырылғаны сонша, Сұлту руының Талқан деген атасынан тек қырық-ақ адам тірі қалады. Сонан соң Абылай олжасын артынып-тартынып өзінің Сібір желісіне жақын сүйікті қонысы Көкшетауға қайтып келеді [6]. Алып келген тұтқындары тіпті көп, қазір олардың ұрпағы Жаңа және Бай қырғыз деген екі болыс ел болып отыр.

Абылайдың Ташкентпен және Ходжетпен соғысы Жизаққа дейін жеті шаһарды алуымен тынды. Олардың арасында Әзірет-сұлтан Сайрам, Шымкент, Созақ және басқа қалалар бар. Ал, Ташкент алым-салық отыруға тиісті болды. 1774 жылы Абылай Үйсіннің ел ағаларының өтінуі бойынша оларды басқару үшін ұлы Әділді жіберіп, оған Талас өзенінің бойымен қалашық салып берді. Кентті кілең еңбекқор қарақалпақтар қоныстанды. Ұзын саны жетпіс бірге жететін басқа балаларына ол Орта жүз және Ұлы жүз руларын бөліп берді. Ал, өзі әулет басы ретінде рубасыларының ғұрпы бойынша өмір сүру үшін Түркістанда қалды.

Қазақ хандарының арасында Абылайдай шексіз билікке ие болған бірде-бірі жоқ. Ол өз өктемдігін асырып, ең алғаш өлім жазасын енгізді. Бұрын мұндай сұмдық шешім халық жиынының ұйғарымымен ғана жүзеге асатын. Сөйтіп, ол ханның билігін алқалы кеңес арқылы шектеп отыратын рубасылар мен сұлтандардың өркөкірек үстемдігін тыйды. Әуелі мұндай жаңалық сұлтандар мен билердің наразылығын туғызып, бас көтертті де, 1781 жылы Дайыр сұлтан Орынбор губернаторына арыз айтып, Абылайды өзіне тиісті емес билікті басып алушы деп бейнеледі. Рубасылары ежелгі әдет бойынша кәдімгі Польшадағы корольға қарсы соғыс сияқты, ханға қарсы аттанбақ та болды. Алайда Абылайдың төлеңгіттері оларды тас-талқан қылды да, бәрі ханның темір тезіне бағынуға мәжбүр болды. Бұл ханның ықылым заманынан аяланып келген еркін жайылуды өктемдікпен басып, өз қимыл-әрекетін қалай заңдастырғанын кім білсін, әйтеуір ұрпақтар оны әулие санап, шабуылға шыққанда есімін жігер шыңдар ұран етіп атайды.

Ал, оның өз балаларына қалдырған ауызша өсиеті Ақсақ Темір саясатымен астасып жатқанын аңғартады. Балаларына ол қазақ тайпалары арасындағы ру таласып ешқашан түбегейлі шешім, дүрдараздық пен дау-дамай қашан да хан билігінің тапжылмас таяныш-тірегі болуы керек деп ақыл-кеңес беріп отырған.

Бір жағынан қанды қырғын ала келген жоңғар экспансиясы, екінші жағынан мысықтабандап жылжи бастаған Ресей империясы қазақ қауымын тұтастандыруды, халықты, оның жерін сақтап қалу міндетін шеше алатын, бір орталыққа бағындырылған билік жүйесін қалыптастыруды талап етті. Әрі мұны рулық құрылым жағдайында жүзеге асыру қажет еді. Ол, ғаламат қиын іс болатын. Абылайдың алдында әз Тәуке осыған әрекет еткен. Халқымыз «әз» деген әзіз анықтауышты қиған екі адамның бірі дәстүрлі дала құқығының бұрынғы бес жарғысын жаңғыртып, оны екі жаңа жарғымен толықтырып, феодалдық мемлекеттің құқықтық негізін қалай бастаған болатын. Мұны басын ашып әдейі айтып отырмын-әз Тәукеге дейін де ол қалыптан кеткен «Жеті Жарғыға» дейін де далада құқық ұғымы, оның табан тірер тұғыры болғанын ұмытпауымыз керек. Тәуке ханның өлімінен кейін билік басындағылардың сепаратизмі күшейіп кеткені, жағдай әбден асқынған, «ақтабан шұбырындыға» ұрынып, ел басына күн туған шақта барып атақты Ордабасы биігінде ортақ жауға қарсы тұрар қуатты жасақ құру жөнінде тоқтап жасалғаны, оның тізгіні кіші жүз ханы Әбілқайырға берілгені мәлім. Әбілқайыр, қазір қалам ұстағанның кейбірі оңды-солды соқтығып, жеңіл-желпі жазып жүргеніндей, кім көрінген келіп оп-оңай оспақтай беретін тұлға емес. Оның, әсіресе, жоңғарларға қарсы күрестегі орны бөлекше. Мұнымен қатар, ата жаумен алысқанда көмегі тиер ме екен деп Ресейге қол артқан Әбілқайырдың көп ұзамай қазақ сұлтандарының наразылығына ілініп, көз түрткі бола бастағаны тағы рас еді. Бірте-бірте Әбілқайырдың бас қазақтың басын қосып кете алар тұлға бола алмайтыны байқала берді. Қазақ елін шығыстағы көршіден де, батыстағы көршіден де біршама аулақтау ұстайтын жаңа тұрпатты саясат қажеттігі айқын бола бастады. Мұндай саясат айналасы бес-он жылда қалыптаса қалмайды. Ол үшін ең алдымен ойлау жүйесі, іс-қимыл сипаты атымен бөлек, тың тұлға керек еді.

Абылай сондай тұлға бола білді. Абылай қазақ қауымының сол тұстағы жағдайында тіпті қолдан келместі жасай алды. Көшпелі елдің рулық-тайпалық құрылымын сақтай отырып, орталықтанған мемлекеттің негізгі ұстындарын орната алды. Бір жағынан, Цин империясы мен Ресейдің өзара мүдделерін бір-бірімен қағыстыра-соғыстыра жүріп, екінші

жағынан, хандар, сұлтандар, билер, батырлар арасындағы қым-қиғаш қайшылықтарды орнымен пайдалана біліп, ұдайы ұстараның жүзінен өткендей жағдайда ғұмыр кешті.

1731 жылы қазақ жерлерін өзіне қосып алуды бастаған Ресей Кіші жүзбен қанағат тұтып, тоқтап қалған жоқ. Оның үстіне Ресей қарауына өтуді қазақ елінің сол тұстағы талай-талай беделді адамдары да қолдағанын ұмытпаған жөн.

Алла тағала өзі бір адамдарды туа бітті лидер етіп жаратады. Олардың беделі елден ерекше болады. Өзінің ағасы Әбілмәмбет ханмен 1740 жылғы тамыз айында Орск (қазақтар Жаманқала дейді) қаласына қалай келгенін генерал-лейтенант князь Урусов Әбілмәмбет пен Абылайға деп бір үлкен отау тіккізген екен. Абылай салған беттен өзіне бөлек отау тігіп беруді, ханмен бірдей құрмет көрсетуді талап етеді. 1776 жылы «Қатын патша» - Екінші Екатеринаға «Мені үш жүздің ханы етіп бекітіңіз» деген сипатта хат жазатыны бар [7]. Абылайдың беделін арттыруға мүдделілік танытпаған Санкт-Петербург әрі бұлғақтатып, бері бұлғақтатып, екі жылдай жүріп алады да 1778 жылы 24-мамырда Абылайды орта жүздің ханы етіп бекітетін жарлық шығарады. Ол жөніндегі грамота Орынборда тапсырылатын болады. Дегенін жасамаған соң Абылай ол жерге бармай қойған.

Абылайдың Ресейге бодандыққа ант беруін бергенмен өле-өлгенше өзін тәуелді ретінде сезінбегені анық. Мысалы, 1771 жылы қасиетті Түркістанда, Қожа Ахмет Йассауи кенесінде хан болып сайлағаннан кейін Санкт - Петербургтен түскен бұйрық бойынша Сібір әкімшілігі мен Орынбор генерал – губернаторы Абылайдың Омбыға немесе Орынборға келіп, Ресейге адалдыққа ант беруі қажеттігін айтады. Абылай ол жаққа бармайтынын хабарлайды. Император грамотасын Орынбор губернаторының қатысумен тек Петропавловскіде ғана қабыл алатынын, өйтетін себебі өзі сол жерге таяу маңайда көшіп-қонып жүріп жатқанын, хан ордасын сонда тіккенін мәлімдейді... Осының төңірегінде дипломатиялық келіссөздердің өзі бірнеше жылға созылған. Ақыр аяғында Орынборда кездесетін болып, жеме-жемге келгенде Абылай оған да бармай қойғаны жаңа айтылды.

Абылайдың тұтқынға түсуіне келсек, ол былай болған. 1741 жылдың қасында 30 мыңдық жоңғар қазақ жеріне сұғына кіріп, Тобыл мен Есілге дейін жеткен. Бұл жолғы агрессияның Ресеймен шектелетін аймаққа бірден бағытталғаны тегін емес еді. Жоңғарлар қазақтар Ресеймен жақындасып күшейіп кете ме деп қауіп еткен. Расында да, елдің ішіне ендеп кетті демесеңіз қазақ жағынан адам шығыны бұл жолы аз болған – ауылдардың бәрі дерлік орыс әскерлері тұрған шептерге жетіп алған-ды. Абылай шағын қолмен шапқыншылық жасап жүргенде жау арасына өтіп кеткенде, аты өліп, өзі қолға түскен. Тұтқында екі жылдан артық болған. Таяуда баспадан шыққан «Қазақстан» энциклопедиясының бірінші томындағы «Абылай» мақаласында «Қазақтың үш жүзінен Төле би бастаған 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743 жылы 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады», - деп жазылыпты. Оған қоса, тарихи әділдік үшін осы іске Ресейдің дипломатиялық өкілдіктері де араласқанын айтқан жөн. Отанына келген соң Абылайдың Ресей өкіметіне разылығын айтып: «я же должен за всемиловейшую государыню милостию ис полону от калмык владения Галдан-Чирина освободить», деп хабарлағаны осының дәлелі. Ресейдің бұл іске қандай мақсатпен араласқаны басқа әңгіме, әрине. Бірақ, араласқаны анық. Жалпы, тұтқыннан Абылай негізінен өзін-өзі алып шыққан [8].

Әңгіменің басына Шоқанның «Абылай дәуірі-қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры» деген сөздер айтылды. Ерлік те, серілік те неден шығады? Сенімнен шығады. Абылайдың ең ұлы еңбегі-қазақтың өзіне өзінің сенімін арттырғаны. Сол сенімнен қазақ тарихтың қандай қиын тұстарында да айырылып көрген емес. Оның жемісін енді тәуелсіз Қазақ елінің бүгінгі ұрпақтары татып отыр. Абылай бізді асудан асуға, биіктен биікке шақыра бермек, шақыра бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абылай хан. Құраст. С. Дәуіт. Жауапты ред. Р.Бердібай. Алматы. Жазушы. 1993 – 416 б.
2. Тараков Ә. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы (Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы). – Алматы, Қазақ Университеті, 2004 - 341 бет.
3. Жұмаділов Қ. Дарабоз: Тарихи роман.- Бірінші кітап, Алматы. Шабыт, 1994. - 416 бет.
4. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Құжаттар мен материалдар жинағы. А., 1971, 31 бет.
5. Уалиханов Ш. Шығармалар жинағы, 4-том, 1985.
6. Қазақ совет энциклопедиясы. 2-том, 368 бет.
7. Қазақ совет энциклопедиясы. 2-том, 368 бет.
8. Қазақ совет энциклопедиясы. 2-том, 368 бет.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается жизнь и общественная деятельность великого казахского хана Абылая.

SUMMARY

The article discusses the life and social activities Abylai.

ӘОЖ 9(с) 55Ж44

ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ШУ ӨңІРІНЕ БАСҚЫНШЫЛЫҚ ЖОРЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ

Жүрсінбаев Б.А. – т.ғ.к.

Қазақстан, Алматы қ.,

Қазақ мемлекеттік

педагогикалық университеті

Аннотация: Бұл мақалада патша үкіметінің Оңтүстік Қазақстанды толық өз билігіне өткізу мақсатында Шу өңірлеріне әскери құрылымдарын аттандыру жолындағы іс-әрекеттері баяндалады. Сонымен қатар, осы әскери жорықтары сәтті аяқталуы үшін патша әскери-әкімшілік орындарының жергілікті рубасыларын Ресей билігіне тарту жолындағы айла-амалдары мәселе ретінде қарастырылады. Аталмыш мәселелерді талдау барысында оның мәні, мақсаттары, себебі мен салдарлары жан-жақты көрсетілген.

Түйін сөздер: патша үкіметі, Оңтүстік Қазақстан, патша әкімшілігі, Ұзынағаш шайқасы, қазақ, қырғыз,

Ұзынағаш түбінде болған шайқас кезінде жеңіске жеткен Жетісудағы патша әкімшілігі Шу бойына жорыққа шығатын әскерін жасақтай отырып, өлкеде мекендеген қазақ пен қырғыз руларының арасындағы бірлікті бұзып, орыс әскерлерін бірігіп қарсы тұрмас үшін руаралық талас-тартыстарды күшейтіп, жер дауы арқылы бір-біріне қарсы қоюын жалғастырады. Мұндай іс-шараларға әбден әккі болып алған Колпаковский қырғыздың Құдияр манабына былай деп хат жазады: «Жантай деген руласың саған сарттарға зекет бермедің деп қысым көрсетіп, жүргенін мен жақында білдім. ...Жантай сенен бай шығар, оларға зекет төлей берсін, ал сен Мендеге қосыл және ештеңе берме. Сарттар енді бізге қарсы жорықтарының шығынын толтыру үшін бір сабақ жіптеріне дейін қалдырмайды, ал сен ерегіскенде берме. Олар саған ештеңе істей алмайды, бізбен соғысу оларға қымбатқа түскенін көрдің ғой. Мендемен қосыл, егер ол жақта қыстайтын жер аз болса, бері қарай

көш, мен сендерге жер беремін. Менде ақылды қарт, сен оны тыңда» дейді [1, 6-п.]. Колпаковскийдің «жанашырлығына» риза болған сарыбағыштардың кейбір ауылдары Үшалматы маңына көшеді. Өз сөзінде тұрған патша әкімшілігі Іленің оң жағалауына жалайыр мен албан руларын қалдырады да, шапыраштылар мен сиқымдарды Іленің сол жағалауына ығыстырады [2, 15-16-пп.]. Патша әкімшілігінің «қитұрқы» саясатына риза болмаған қазақ рулары наразылық көрсете бастайды.

1861 жылы 6 тамызда қарамағындағы руларды «тәртіпке» келтіре алмаған Әли сұлтанға Колпаковский былай деп хат жібереді: «Алматының батысында көшіп-қонған қасқарау, шапырашты руларында тәртіпсіздік бой көрсетуде. Олардың басшыларынан пайда жоқ, сіз, сұлтан, дулаттарыңыз туралы ұмытып кеткен сияқтысыз. Сондықтан ешқандай тәртіп жоқ. Әр түн сайын барымта және ешкім де тау өткелдеріне, басқалар сияқты, қарауыл қоюды ойламайды. Мен сізден тәртіп орнату үшін мұнда көшіп келуіңізді немесе ұлыңыз Әбілезді жіберуді сұраймын. Өйтпеген күнде орныңызға, аға сұлтандыққа талапты бидің бірін тағайындаймын» [3, 2-3-пп.]. Осылайша патша әкімшілігі рулардың арасына жанжал сала отырып, Ресей билігіне сенімсіз, бірақ қазақтар арасында беделі күшті билеушілерді жөнге салған. Патша әкімшілігінің нұсқауына толық мойынсұнғысы келмеген Әли сұлтан Ресей билігіне қарсы шыққан руларға Әбілезді және сиқымдарды басқаратын Сұлтанбек төрені аттандырады. Әли сұлтанның негізгі ойын, яғни, оның өз қазақтарының «бүлігін» басып-жаншуға қатысып, ел алдындағы абыройынан айрылғысы келмегенін түсінген Колпаковский есебінің дұрыс шықпағанына күйініп, Қараой шатқалы мен Ақтөбе жотасына қоныстанған қазақ руларына Іле бекетінен казак әскерлерін жазалауға жұмсайды [3, 16-17-пп.]. Әскери министрге 1861 жылы 31 қаңтарда Омбыдан генерал-губернатор Дюгемаль: «Сіздің бұйыруыңызбен жыртқыш сарыбағыштар мен Ұлы жүздің сатқын қасқарау, жаныс руы жазасын тартты. Сотник Жеребяттов пен Ростовцевтің біз жақтан еш шығынсыз жеткен жетістіктері толық әділетті, мен тек осындай жолмен ғана Шу жақтағы бізден бөлініп кеткен қазақ, қырғыз руларын қайтаруға болады деп үміттенемін, – деп жазды [4, 3-п.]. Мұнымен қоса Дюгемаль Іле бекеті мен Қордайдағыдай Шу өңірінде бас көтерген ауылдар болса, қарудың күшімен жазалауға тыйым салмаймын, қарулы қолмен жыртқыш топтарға қарсы тез, әрі талмай қимылдандар деп нұсқау береді [4, 6-9-пп.].

Дегенмен, 1862 жылы қазанда Байсүгір, Қарабай, Керім, Төлебай, Иса сияқты ықпалды билеушілер бастаған қазақтар Әбілес пен Сұлтанбекке бағынбай, салық төлеуден бас тартып, Шудың арғы бетіне көшіп кеткен соң, Колпаковский сұлтандарды кері қайтаруға мәжбүр болады [5, 3, 10-п.].

Сонымен қатар Жетісуды мекендеген руларды Ресей билігіне бағындыруда Колпаковский басқа да амалдарды қолданып баққан. Сондай амалдардың бірі қазақтар мен қырғыздардың арасына әскерлер жіберіп аманат алудан тұрды.

Жалпы жергілікті рулардан аманат алу олардың билеушілерін айтқанына көндіріп, ықпалына түсіруде патша әкімшілігінің негізгі құралына айналған. Оған қасқараулықтардың биі Керімнің тағдыры мысал бола алады.

Өлкеде орын алған саяси жағдайларға байланысты Керім би бастаған қасқараулықтар Жетісудағы солто, сарыбағыш, қазақтың шапырашты, сиқым, жаныс, ботбай және тағы басқа да рулар сияқты қоқандықтар немесе орыстардың жағына шығып отырады [6, 223-п.]. Шу бойына жорыққа шығуға дайындалған патша әкімшілігі қасқараулықтардың қоқандықтардың жағына шығып кетуінен қорқып, Керім бидің қонысына әскерлерін жібереді де Керіммен бірге Жалаңкөз, Төлебай, Тойбай, Байсуан, Асылбек сияқты ықпалды деген рубасыларынан кепілдікке балаларын Верныйға алып кетеді. Оны естіген қоқандықтар да орыс әскерлерінен қорғану үшін Пішпек бекінісінің басқарушысынан көмек сұрап келген Керім бидің баласын кепілдікке алып, қасқараулықтарды Шудың арғы бетіне өтуді талап етеді. Қоқандықтардың ісіне жауап ретінде Колпаковский де қарап қалмай қасқарау, сиқымдардан 380 жылқы, 200 қой және 15 түйені, олармен бірге қоныстанған Сұраншы

батырдың туыстары болып келетін шапыраштылардан 160 жылқы, 800 қой, 96 ірі қара малы мен 11 түйені тартып алады [7, 90, 93, 104-пп.].

Патша әкімшілігінің қоқандықтармен болған талас-тартысының аяғы 1862 жылы 19 наурызда Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгемальдің Алатау округының бастығы Колпаковскийге әскери топты бастап Пішпек, Ақсу мен Меркеге қарай жорыққа шығу туралы бұйрығымен бітеді. Колпаковскийдің 1862 жылы ақпанда Шу бойына келуі Қоқан хандығының ықпалындағы қазақтардың арасында толқулар туғызып, орыс әскерінің құрамындағы албандардың сұлтандары қазақтар мен қырғыздарға орыстардың жағына өтіндер, патша әкімшілігі ешкімге қастық жасамайды десе, қоқандықтар жағындағы дулаттың сұлтандары Колпаковский сендерді алдап шақырып алып, итжеккенге айдайды деп үгіттейді. «Біреу олай дейді, біреу былай дейді, кімге сенерімізді білмей қалдық» – деп жазады Колпаковскийге Сұраншы батыр [7, 19-п.]. Колпаковский болса сарыбағыштың тынайларының манабы Жантай Қарабекұлына бізге шын берілгенің рас болса, онда тұтқындағы барлық шапыраштыларды босат және Үмбетәлінің өзіне жазған Қоқан ханының өлгені туралы хатын маған бер деп талап етсе [7, 12-п.], Сұраншы батырға «тезірек келіп, жайылымдық жерінді ал, сен келген соң, Керімнің де жазасын берермін» деп үміттендіріп қояды [8, 21-п.]. Дегенмен жоспар бойынша қимылдаған Колпаковский бастаған орыс әскерлері 1862 жылы 13-24 қазан аралығында 10 күнгі қоршаудан кейін Пішпекті өзіне қаратады. Пішпек алынған соң 1863 жылы патша өкіметі қоқандықтардың ірі бекінісі Әулиеатаны басып алу үшін Лерхе бастаған орыс әскерлерін жібереді. Әулиеата маңында Ресейдің билігін мойындаймыз деп уәде бергенмен әлі де діндес, бауырлас қоқандықтарға ниеттес болып отырған қазақ, қырғыздар басым болып, бекіністі негізінен Ұлы жүздің қазақтары мен 2000 қоқандық әскер қорғап тұрады [8, 89-п.].

Әулиеатаға шабуыл жасап, оны ала алмаған подполковник Лерхе 22 мамыр күні Әулиеатадан 5 шақырым жердегі Талас өзені бойына орналасып, патша әкімшілігінің нұсқауымен Талас өңіріндегі беделді қазақ пен қырғыз билеушілерін Ресей ықпалына тарту үшін әр түрлі әдіс-айла қолдануға көшеді. «Таластың төменгі ағысында аса құрметті және ықпалды кісі, шымырдың Байзақ биі көшіп-қонады, оған назар аударып, қолдарыңызда бар сыйлықтың ең қымбатын сыйландар және тағы бір атақты тұлға – Сиқым биі Құдайбергенге де назар аудару керек» - делінеді оған берілген бұйрықтарда [8, 143-п.].

Осы нұсқауларды басшылыққа алған Лерхе Байзақ пен Құдайберген датқаларға, шымыр руының биі Үмбет Таңсыққожаұлына, ботбай руынан Тойшыбек бидің ұлдары – Байсейіт батыр мен Керімбек биге, жаныс руынан Қашқынбай биге, қырғыздың Жантай, Мырзалы, Сауранбай, Рысқұлбек, Құдияр, т.б. манаптары мен билеріне хат жазып, оларға сыйлықтар үлестіріп, Ресей билігінің қызметіне тартуға ұмтылып бақты.

1863 жылы мамырда Лерхенің талап етуімен өзіне Байзақ датқаның немересі Әбдірахман мен бұл өңірде аса құрметке ие ботбай руының биі Керімбек Тойшыбекұлын алдырып олардан Жаңғараш манаптың орыс әскерін жойып жіберуге қазақ пен қырғыздардың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатқаны туралы құнды мәлімет алады. «Тылымызда Әулиеата, алдымыз бен екі жанымызда Жаңғараштың бірнеше мыңдық атты әскері бізді мазалауы және суды бұрып алуы мүмкін болғандықтан шабуылға шығу аса қауіпті, кері қайтсақ, мұндағылардың бәрі қоқандықтарды қолдап кетеді. Жаңғараш бірнеше мыңдық адамды атқа қондырды және орыстарды құрту үшін көрші ауылдардың бәрін өзіне қосылуға шақырып жатыр» – деп көрсетеді Лерхе [8, 212, 213-пп.]. Бұлармен бірге Байзақ датқа да орыс әскеріне хабар-ошар беріп, Жаңғараш манаптың Әулиеата бегі Атабекке жазған 2 хатын және Атабектің Ташкенттен көмек сұрап жазған 4 хатын ұстап қалып, орыстарға жібереді [8, 203-п.].

1863 жылы Ерекше комитетте өткен отырыста Д.А.Милютин Орталық Азия хандықтары жөнінде баяндама жасап, онда Қаратау жотасы арқылы шеп жасау мақсатында Сібір корпусына Әулиеатаны алу ұсынылады. 1863 жылы 20 желтоқсанда баяндаманы патша

өкіметі бекітіп, Қоқан хандығына қарсы алдын-ала келісілген жорықты 1864 жыл барысында бастауға берілген бұйрыққа қол қояды [9, 4 б.].

Патша өкіметі Оңтүстік Қазақстанды жаулап алу жорықтарына кеткен шығынын Ресейдің билігін мойындаудан бас тартқан Шудың арғы бетіндегі халықтардың дүние-мүлкі мен малдарын тонап, сату арқылы жабуға тырысты. Оны Алатау округ бастығының Батыс Сібір корпус командиріне берген №2262 мәлімдемесінен анық байқаймыз. Онда: «1860 жылы Пішкек бекінісін алған кездегі жылқылардан 1501 сом 31 тиын және 1861 жылы әскери старшина Бутаковтың бізге жау Шу қазақтарынан тартып алынған малдарды сатқаннан кейін 2337 сом 60 тиын ақша түскен еді. Соны Шудың арғы бетіне аттанған әскердің шығынына жұмсамақпыз», - делінген [10, 12 п].

Орыстардың әскери-әкімшілік орындарының зорлық-зомбылығына шыдамаған Ұлы жүз қазақтарының бір тобы Шу өлкесіне көшіп, Қоқан хандығын паналаса, екінші бір бөлігі Қытай шекарасына өтіп кетіп отырған. Шу бойына негізінен шапыраштылар мен дулаттардың рулары көшкен. Осыған байланысты дулаттардың аға сұлтаны Әли Әділовке қарамағындағы елге иелік алмағаны үшін дуан бастығы талай рет ескертулер жасаған. Орыс әкімшілігінің заңсыз әрекеттерінен көшкен қазақтарды кері қайтаруға Іле пикетінен казактарды талай рет жазалауға аттандырған. Жалпы алғанда Іле өлкесіндегі қазақтардың наразылығын басып жаншуға арналған 320 жаяу әскер мен казактардың үш жүздігінің азық-түлігі мен мініс аттарына патша өкіметі қазынадан ешқандай қаражат бөлмеген. Оны Алатау округ бастығы жергілікті тұратын казактар мен қырғыздардан жинаған [1, 109 п].

Албандар мен суандар да орыстардың қысымына шыдай алмай Қытайдың шекарасынан асып, сол жақты паналаған. Қытай жеріне қашқан қазақтардың соңына түскен казактар олардың малдары мен дүние-мүлкін тартып алып отырған. Мәселен, Борохудзир деп аталатын орыстардың әскери бөлімі Ұлы жүз қазақтарының қоңыр бөрік рулары қытайға өтпек болғанда, оларды қуып жетіп 8 киіз үйін, 7 қап тарысын, 3 қазанын, 20 түйесін, 25 сиыры мен 91 қойын заңсыз олжалаған [11, 9 п].

1864 жылдың басынан бастап екі жақта соғысқа жан-жақты дайындық шараларына көшіп, Қоқан хандығындағы билікті өз қолдарына алған қазақ қыпшақтары бекіністердің қорғаныс қабілеттерін арттыру жөнінде жігерлі шаралар қолданып, әскери қатарын да жергілікті қазақ руларынан, әсіресе, Ташкент ауданындағы қазақтың құрама руларын, негізінен алғанда шанышқылы руын да тартады [12, 131 б.]. Жауға қарсы бірлесіп тұру үшін көшпелі қазақ ауылдарына өз жаршыларын аттандырады.

Осы мақсатпен 1864 жылы ақпан айында Әулиеатаға Әлімқұлдың тапсырмасымен Ташкент парванашасы Нұрмұхамед келеді. Ол Шу алқабындағы қазақтар мен қырғыз руларын Қоқан жағына тартып, оларды Ресеймен күресте қоқандықтармен бірігуге шақырған әр түрлі үндеу хаттар таратады. Патша өкіметі қоқандықтардың бұл әрекеттерін іске асырмау және қазақтар мен қырғыздардан аманат алу үшін әскери старшина Бутаков бастаған бір зеңбіректен тұратын 200 казакты қарсы аттандырады [13, 1-2 п]. Берілген тапсырманы ойдағыдай орындаған Бутаков қырғыздардың ықпалды билері Байтік, Корчи, Макеш, Шайділда, Жаңғараштың жақын туысы Өзбек Бошкоев, Менде, Жантай манаптың ұлы Мырзалыны кепілдікке ұстау үшін Верныйға алып келіп, олардан қоқандықтарға қосылмауын және орыс әскерлерінің соғыс қимылдарына кедергі келтірмеулерін талап етіп, орыс әскерлеріне жол көрсетуге және қазақ пен қырғыз милициясына адам беруге көндіреді.

1864 жылы мамырда орыс әскерлерінің Қоқан хандығына шабуыл жасауға әзірлігі аяқталып, дербес екі әскери қол, Перовскіден полковник Веревкин Түркістанға қарай, ал Верныйдан полковник Черняев бастаған әскер шығады. 4 шілдеде Черняев Мерке бекінісін ұрыссыз алып, Әулиеата бекінісіне бағыт ұстайды [14, с.335]. Әулиеата түбіне жақындаған Черняев қазақтар мен қырғыздардың қоқандықтармен бірігуіне жол бермеуге ұмтылып, олардың арасына ертеден сыннан өткен барымта дауын қоздырады. Нәтижесінде өз мақсатына жеткен Черняев былай деп жазды: «Қазақтар мен қырғыздардың бұрыннан келе

жатқан өзара шағымдары мен бітіспес дауының көптігі мен шиеленіскені соншалық, олардың келісуіне сену қиын болатын» [15, 206 п.].

Әулиеатаны қорғаған қазақтар мен қырғыздар Черняев әскерін әуелі Тектұрмас пен Ақбұрымның жоталарына бекініп алып, шайқасқа кіреді. Бірақ қорғаушылар орыс әскерінің зеңбірегінен бораған оғының астында қалғаннан кейін, бекіністің ішіне кіріп соғыспаса аяғы қиынға соғатынын түсініп, Әулиеатаға шегініп кетеді.

Бекіністің бегі болған Ниязәлі датқа Черняевтің Әулиеатаны орыстарға ұрыссыз беру туралы үзілді-кесілді талап хатын өзінің жеті биімен талқылау үшін, ойлануға екі апта рұқсат сұрайды. Қорғанушылардың жауға берілуден бас тартқанына ашуланған Черняев Қышмазардың түбіне орналасқан батареясына барлық зеңбіректерден атқылауға бұйрық береді. Екі күн бойы зеңбіректерден атқылағаннан кейін ол отқа оранған қалаға екі бөліктен шабуылға шығады. Орыстардың шабуылына шыдай алмаған бекініс басшысы Ниязәлі би бастаған 400 салт атты қазақ пен оның он бір ұлы Асы өзенін жағалап Әулиеатадан қашады. 1864 жылы 5 шілде күні таңертең патша әскері қаланы толық басып алады. Бекініске кірген полковник Черняев қираған үйлер мен қырылып жатқан өліктердің арасында ішінен ақтарылып түскен ішек-қарнын үстіндегі шекпеннің етегіне салып қойып, көл боп жайылған қанының ортасында құбылаға қарап өз иманын өзі оқып отырған қаланың жеті биінің бірін көргенде, ол басқа орыс офицерлерімен бірге аң-таң қалысады. Өйткені, өз өліміне өзі соншалықты үлкен сабырмен қарап отырған қазақ биінің рухы өте биік және күшті еді [16, 114 б]. Әулиеата үшін болған шайқас жөнінде Қоқан тарихшысы Аваз Мухаммад Аттор Хуқандий былай дейді: «Орыстар Әзіреті Әулиеата қаласына келді. Ниязәлі бұл уәлаяттың басында тұрған еді. Ол барлық адамдарын алып, Түркістанға Мырзадәулетке болысуға кетті. Қала хәкімінен айрылды. Кәпірлер қорықпастан қаланы қоршауға ала бастады. Олар төрт тараптан қала ішіне зеңбіректен оқ боратты. Уәлаят бұқарасы әрбір көше және базарларда қайрат пен батылдықты өздеріне қалқан етіп, қала дарбазасынан шығып, қатты ұрыс қылды. Бұл еш нәтиже бермеген соң, олар қала ішіне жасырынды. Дұшпандар түгін басып кеткен заматты пайдаланып, тез бір зеңбіректі ішке алып кірді. Бұқара халық бала-шағасымен жан аямай күресті. Әулиеаталықтар Шымкент жолына ынтызарлықпен көз тігіп, Ташкент хәкімі Нұрмұхамедтен медет жәрдем күтті. Бұл кезде Нұрмұхамед күшбегі екі айдан бері Шымкентте тұрып жатқан еді және бар оқиғаны біліп тұрып бейшараларға жәрдем бермеді. Мұсылман жұртынан бұл ұрыста 1600 еркек және әйел шаһид болды» [17, 119-120 бб.].

Әулиеатаны алу кезіндегі орыс әскерлері тарапынан жасалынған зорлық-зомбылық тым шектен шығып кетеді. «Әулиеатаны басып алуда орыс әскерлерінің Шоқанның діндестеріне, а бәлкім, тайпаластарына, яғни, қазақтарға көрсеткен айуандығы оны қатты ренжітті, – деп жазды Г.Н.Потанин, – ол енді бұдан әрі әскери жорыққа қатыса алмайтынын сезіп, Черняевтан ажырап, Верныйға, одан әрі Құлжа жақта көшіп жүрген албандарды басқарушы Тезек төренің ауылына кетіп қалды» [18, 364 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 402-іс.
2. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 501- іс.
3. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 491-іс.
4. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 34-іс.
5. ӨРОММ. 715-қ., 1-т., 25-іс.
6. ӨРОММ. 715-қ., 1-т., 29-іс.
7. ҚРОММ, 3-қ., 1-т., 518-іс.
8. ҚРОММ, 3-қ., 1-т., 222-іс.
9. Серебренников А.Г. Туркестанский край. / Сбор материалов для истории его завоевания. Ташкент. 1913. - 195 с.
10. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 218-іс.
11. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 735-іс.

12. Бейсембиев Т.К. «Тарихи Шахруки» как исторический источник. - Алматы: Наука, 1987. - 200 с.
13. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 188-іс.
14. Военные действия Зачуйского экспедиционного отряда летом 1864 г. //Инженерный журнал. СПб., 1865. № 4. С. 334-351.
15. ӨРОММ, 715-қ., 1-т., 27-іс.
16. Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі (XVIII-XIX ғ.) - Алматы: Ғылым, 1976. -330 б.
17. Аваз Мухаммад Аттор Хукандий. Тарихи Жахоннамои // Шарқ юлдузи. – 1991. – № 8. – 119-141 бб.
18. Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч.: в 5 т. – Алма-Ата: Қазақ Совет энциклопедиясы, 1985. – Т.5. – 346-368 бб.

РЕЗЮМЕ

В данной статье на основе анализа архивных материалов рассматриваются завоевательные походы царизма в Чуйский край и его последствия для местного населения.

SUMMARY

In given article on base of the analysis archive material are considered завоевательные marches tsarism in CHuyskiy edge and his(its) consequences for local population.

ӘОЖ 9(с)55 Ж45

ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДЫ ЖАУЛАП АЛУЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРСЫЛЫҒЫ

Жұбанышов Б.Т.-т.ғ.к.

Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

Аннотация: Бұл мақалада Черняев пен Вережкин бастаған орыс әскерлерінің Оңтүстік Қазақстанды жаулау үшін жасаған басқыншылық жорықтары рет-ретімен көрсетіледі. Әулиеата, Түркістан, Шымкент сияқты қалаларды аяусыз талқандаған орыс әскерлерінің мейірімсіз, әрі жүгенсіз іс-әрекеттері баяндалған бұл мақалада автор оларға қарсы Сыздық төре сияқты қазақтың біртуар батырларының ерліктерін жан-жақты паш етеді.

Түйін сөздер: Оңтүстік Қазақстан, Черняев, Вережкин, жаулау, патша әскері, қазақтар, шайқас, Шымкент.

Черняев бастаған орыс әскерлері Әулиеатаға қарай жорыққа шыққанда Сырдария шебінен шыққан Вережкин Оңтүстік Қазақстанның «есігі» болып табылатын Түркістанға бағыт алып, 1864 жылы 24 мамырда оған шабуыл жасайды. Бірақ Түркістан қазақтары қолына қару алып орыстарға қарсы жаппай көтеріліп, «ғазуатқа» соғысына шығып, туған жерді қорғауға аттанады. Қаланы қорғаушыларға Кенесарының ұлы Сыздық сұлтан Созақ пен Шолақорған қорғанының қазақтарынан құралған 120 адаммен көмекке келсе, Қарабура шатқалы жақтан Сарымсақ манаптың белсенді ұйымдастыруымен 400-ден аса адам жетсе, Түркістанның бегі Мырзадәулет те қажырлылық танытып, мұсылман жұртын қаланы қорғауға жұмылдырады [1, 202 б.]. Бұхар әмірі де барлық мұсылмандардың қасиетті қаласы Түркістанды қорғандар деп үндеу таратады [2, 202 б.].

Түркістан түбіне жеткен Веревкин қаланың шығыс жақтағы дуалдарының астын кеулеп қазып, жарылғыш оқ-дәрі толтырып, қопаруға бұйрық береді. Алайда Сыздық бастаған қорғанушылардың түнде тұтқиылдан жасаған шабуылы Веревкиннің бұл жоспарын асырмай тастайды.

Сыздық бастаған қазақтардың осы ерлігіне қарамастан күші мықты Веревкиннің әскері бекіністі бірнеше кескілескен шайқастардан кейін ғана 2 маусымда басып алады [2, 169-173 пп]. Сыздық төре бастаған қазақтар болса Түркістан қаласының орыс әскерлеріне төтеп бере алмасын білгендіктен, Ташкент қаласын қорғанысқа дайындау мақсатында бекіністен шығып үлгіреді. Сыздықтың соңынан қуған Савин бастаған орыс әскерлері тосқауылға ұшырап, кейін қайтып кетеді [3, 35 б.].

Осы шайқастардағы жеңіс орыс генералдарының басын айналдырып, оларды Шымкент қаласына жылдам шабуыл жасауға итермелейді. Қаланы қорғауда Сұлтансейіт хан мен молда Әлімқұл ерекше жігерлік көрсетіп, барлық уәлаяттарға бұйрық жіберіп, ислам туы астында күш біріктіруді талап етіп, қазақ пен қырғыз билеушілеріне үндеулер таратады. Хан бұйрығын естіген өңірдегі қазақтар мен қырғыздардан тұратын қарулы әскерлер мен батырлар қалаға топтасып келе бастады [4, 120 б.].

Әулиеата жақтан орыс әскерлерін бастап шыққан Черняев Арыс бойындағы Жақсысу деген жерге келіп тоқтаған соң, төңіректегі халықтың қоқандықтар жағына шығып, өздеріне қарсы тұрғанын байқап, полковник Веревкиннен қосымша әскер жіберуді сұрайды. Веревкин көмекке капитан Мейер бастаған 400 адамдық 3 зеңбірегі, 2 ракеталық станогы бар әскерді Черняевқа аттандырады [4, 122 б.].

Мейер бастаған әскердің көмекке келе жатқанын естіген Әлімқұл оның Черняевпен қосылуына жол бермеуге шешім қабылдап, Мейердің әскерін Шымкентке жақын Ақбұлақ деген мекенде 13 шілде күні күтіп алады. Ақбұлақ түбіндегі шайқас 14 шілде күні таңда басталып екі күнге созылады. Ақбұлақ шайқасында қоқандықтармен бірге қазақ пен қырғыздарда қатысып, қазақтарға Мыңбай, өзбектерге Мырзахмет басқарса, ал бүкіл қоқан әскеріне Әлімқұл қолбасшылық жасаған [5, 30 п.]. Шайқасқа шыққан қоқандықтардың алғашқы шабуылын Мыңбайдың қарамағындағы әскерлер бастап, кейін оған Мырзадәулеттің ташкенттіктері, соңынан Мырзахмет күшбегінің қолы қосылған. Оларды Марғилан, Қоқан, Әндіжан, Наманган нөкерлері қолдаған [6, 132 б.].

Ақбұлақ шайқасына қатысқан Сыздықтың көзсіз ерлігін А.Кенесарин былайша суреттеп жазды: «Ту ұстаған Сыздық сұлтан жігіттерін өзі бастап жүз қадам жерге келгенде орыстар үш жүз мылтықтан оқ жаудырды. Біріне бірі тығылып келе жатқан жігіттердің алдыңғылары жаппай құлады, кейінгілері үрейлері ұшып, жерге жата қалды. Он мың адамның біреуі басын көтеруге жарамады. Тек Сыздық сұлтан ту ұстаған күйі, солдаттардан жүз қадам жерде, бір сағаттай тік тұрды. Солдаттар оны өршелене атқанда тудың шүберегі шұрқ-шұрқ тесіліп, сау жері қалмаған еді. Бірақ Сыздықты құдай сақтады. Бір сағаттан кейін Әлімқұл молда адам жіберіп, оны кейін шақырып алды. Сыздық кейін қайтқанда, жер бауырлап жатқан жігіттердің бәрі бастарын көтеріп, онымен бірге қайтты. Осы ұрыста мың адам қаза тапты, олардың өліктері кешке дейін жинап алынды [7, 25 б.].

Шайқастың басында Әлімқұл жауға қарсы жаяу әскерін жібереді. Алайда орыстар олардың шабуылын тойтарғаннан кейін Әлімқұл зеңбіректерден оқ атуға бұйырады [8, 345 б.]. Сол кезде орыстар зеңбірек оқтарынан қорғану үшін оқ тиіп өлген түйелер мен аттардың, тіпті өлген жауынгерлерінің өліктерін үйіп қойып бас сауғалайды [9, 62-63 бб.]. Мейердің өзі мойындағанындай, «Сырдария шебінің орыс әскерлері мұндай қуатты қарсыласты әлі кездестірмеген еді» [9, 63 б.].

Талқандалу алдында тұрғанын түсінген Мейер 15 шілде күні Черняевтан көмекке әскер сұрап үлгіреді. Мейердің қиын жағдайда қалғанын естіген Черняев жәрдемге старшина Катанаев бастаған 2 зеңбірегі бар 125 әскерді аттандырады. Көмекке ұмтылған Катанаевтың әскері де Бөріжар өзенінің бойында қоршауда қалады. Дегенмен, Черняев Катанаевтың

әскерін зеңбіректердің күшімен құтқарады. Ал, Мейер бастаған әскердің қалдығын подполковник Лерхенің әскері аман алып қалады [10, 17 б.].

Бұл сәтсіздіктер Черняевқа уақыт ұту үшін қоқандықтармен уақытша бітімге келуге мәжбүрлеп, «Әлімқұлға бүкіл Түркістан уәлаятын түгел қайтарып беруге уәде етіп, өз қосындарына қайтып кетеді» [4, 122 б.].

Орыс әскерлері Шымкенттің түбінен қайтқан соң, Сұлтансейіт хан мен Әлімқұл бастаған қоқандықтар мен қазақтар және өздерінің жеңісін аспанға зеңбіректен оқ атып, сырнайлатып атап өткеннен кейін Әлімқұл 2 мың әскерді Ташкент пен Шымкенттің қорғанысын қайта қалпына келтіруге қалдырады да, өзі Қоқанға қайтады [2, 183-189 пп.].

Осылайша Шымкентті қорғауға қатысқан жергілікті қазақтар қоқандық қазақ қыпшақтарымен қоян-қолтық бірлесе отырып, әскери күш қуаты жағынан жоғары тұрған жау әскерімен шайқасқа түсіп, өз қаласын сақтап қалады. Қаланы қорғаушы қазақтардың ішінен сіргелі рулық бірлестігі мен құрама құрамындағы қазақтар ерекше көзге түскен [11, 378 б.]. Сонымен қатар қазақтардың келесі бір қарсылық түрі орыстарға және олардың аттарына азық-түлік пен жем-шөп бермеу мақсатында ұрыс қимылдары болып жатқан жерден алысқа көшіп кетті. Яғни, Жөлек пен Қаратау жотасынан кеткен рулардың көп болғаны соншалықты «Түркістанның төңірегі мүлдем қаңырап бос қалды» [11, 378 б.].

Шымкент түбінде жеңіске жеткен Қоқан ханы Сұлтансейіт шайқаста ерекше белсенділігімен көзге түскен әскербасылардың лауазымдарын көтереді. Мәселен, Мырзахметке паруанашы лауазымын берсе, ал Сыздық Кенесарыұлын пансаттықтан көтеріп, шайқас кезінде қаза тапқан Мыңбай датқаның орнына мыңбасы етіп тағайындайды. Сонымен қатар Шымкентті қорғауда Сыздық төремен қатарласып ержүректілік танытқан Жалайыр Бекбау датқа, Арыстанбек төре Күшікұлы және тағы басқа да қазақтарға мол сыйлықтар таратады (Махаеваға сілтеме).

Шымкенттен Әулиеатаға қайтқан Черняев қоқандықтарға жәрдем беріп, орыс пошталарын талқандаумен айналысқан Ұлы жүздің руларын «тәртіпке» салу және өзіне қажетті мәлімет жинау мақсатында Арыстың оң жағалауын бойлай жоғары қарай жүреді [12, 159 б.].

Әулиеатаға жеткен кезде Черняевқа Қоқан хандығында өзара тайталастар қайтадан басталғанын және Қоқан хандығының белгілі бір бөлігіне дәмектен Бұқар хандығы Ресей империясынан келіп тұрған қауіпке қарамастан Ферғана аңғарына басып кіргенін естіген Әлімқұл бұхаралықтардың шабуылын тойтаруды ойлап, Шымкентті қорғауды Ташкенттің беклербегі Мырзахмет пен парванашы Нұрмұхамедке тапсырып, өзі қыпшақтарды алып, Ташкентке қарай бағыт алғаны туралы мәлімет жетеді. Сол кезде ол Әлімқұлдың жоқтығын пайдаланып, қоқандықтармен жасалған келісімді опасыздықпен бұзады және өз қимылдарын Петербургпен, тіпті Омбы немесе Орынбор әкімшілігінің келісімін алмастан подполковник Лерхеге төрт рота жаяу әскер, казактардың жүздігімен Шымкентке аттануға бұйрық береді де, өзі 12 қыркүйекте Түркістаннан алты жарым рота жаяу әскер мен жүз елу казакты алып шұғыл түрде сол бағытқа қарай жолға шығады да, 19 қыркүйекте екі бағыттан келген орыстың әскерлері Шымкентке жақын жерде кездеседі. Шешуші шайқасқа шықпас бұрын ол Шымкенттің қарсы алдындағы Тассай деген шағын бекіністі басып алады да оған батареяларды орнатады да, 20 қыркүйекте таң ата Шымкентті зеңбірекпен атқылауға көшеді. Орыстардың атқылауына қарсы қорғанушылар зеңбіректің оғымен жауап береді. Кезінде Шымкентті қорғауға белсене қатысқан қазақ Қалибай Мәмбетовтің еске алуына қарағанда орыс әскерлерінің дайындық шараларына Шымкент сарбаздары «әскери айқаймен зеңбіректен, қару-жарақтан атқылай бастады, бірақ бәрін шаң көміп кетті. Дінсіздер оларға жауап ретінде қаланы мортирден атқылауды бастады» [2, 27 п.].

22 қыркүйекте Черняев әскерін үш қанаттан шабуылға шығарады да, Шымкентке басып кіреді. Шымкентті қорғау кезінде қоқандықтар жағынан 3170-тен аса адам қазаға ұшырайды [13, 82 б.]. Алдыңғы шайқаста шымкенттіктерден естен кетпес соққы алған орыс әскерлері қала халқына қатыгез зорлық-зомбылық көрсетіп, аяусыз тонады, әсіресе, әйелдер мен

балаларды қырып жойды, оларға оқты шығындас үшін тұншықтырып, я болмаса бауыздап өлтірді [9, 82 б.]. Орыс әскерлерінің жыртқыш айуанға айналғанын полковник Лерхе мен басқа да соғысқа қатысқан орыс офицерлерінің естеліктері растап, онда шабуылдан кейінгі қаланың жағдайы қорқынышты күйде суреттеледі: «Бекініс қақпасының биіктігінің жартысы жараланғандармен толған. Осы түні артиллериялық атқылаудың нәтижесінде көрші арыққа қан жылға болып құйылады, қоқандықтар басқалар білмес үшін өздерінің қызыл киімдерін тастап, қаладан қашты. Өршеленген орыс солдаттары бүкіл қаланы найзамен аралап шықты» [14, 255 б.].

Шымкентті ойрандаған Черняев әскері шайқас кезінде орыс әскерлеріне жем-шөп пен түйе беруден бас тартқаны үшін Сайрам қаласындағы қазақтар да қырғынға ұшырату үшін оған бас салады. Орыс әскерлерінің шығынын азайтуды ойлаған Черняев шабуыл кезінде аманат ретінде жорыққа алынған Сұраншы батыр, Сарыбай би, Жайнақ би секілді қазақтар мен қырғыздарды алдыңғы қатарға жібереді. Шабуылға шыққан қазақтардың көпшілігі оққа ұшады немесе ауыр жараланады. Қаза тапқан қазақтардың ішінде Сұраншы батыр болса, Сарыбай би сияқты көптеген қазақтар ауыр жараланады [15, 4 п.].

Екі сағаттық артиллериялық атқылаудан кейін басып алынған қала талқандалып, тұрғындардың 50-і қаза болып, үшеуі жарақаттанған [16, 291 б.]. Осылайша, Шымкентке көмек бермек болған Сайрам қазақтары да жазаланды.

Черняевтің Шымкентті алуы патша үкіметінде Орталық Азияға қатысты әскери және саяси шаралар бойынша қарама-қайшылықты күшейтеді. Халықаралық жағдайдың шиелінісуін ескерген А.М.Горчаков 1864 жылы қарашада Сыртқы істер министрлігімен бірігіп патшаға Орталық Азиядағы қимылдардың нақты бағдарламасын көрсеткен арнайы баяндаманы дайындап, онда патша үкіметінің экспансиялық саясатын Ресейге бағынышты территориядағы көшпенділердің шапқыншылықтарынан елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған «қорғаныс» бағытында көрсетіліп, басып алынған аймақта Ресей позициясын күшейту қажеттілігі, алдағы шапқыншылықтардан бас тарту, Орталық Азия билеушілермен адал қатынасты сақтауға және оларға орыстар жағынан «ықпалдастықты» күшейту бағыттары айқындалады. 1864 жылғы 21 қарашада Орта Азиялық мәселе бойынша үкіметтік бағдарламаны патша бекітеді. Алайда Орынбор мен Омбыдағы патша әкімшіліктеріндегі әскери топтар Петербург кабинетінің үнсіз келісуімен бірнеше рет бұл бағдарламаны бұзып отырады [17, 45 п.].

Яғни, Қоқандықтарды қулықпен алдап-соғып өз мақсатына жеткен Черняев Бұхар мен Қоқан арасындағы қайшылықтардың шиеленісуін пайдалана отырып, 1864 жылы 1 қазанда Ташкентке шабуыл жасайды да, ауыр шығынға ұшырап Шымкентке қайтады [18, 145 б.].

Черняевтың Ташкентті ала алмай Шымкентке кеткенін пайдаланған Әлімқұл әскерін бастап орыс әскері аз Түркістанға жол тартып, 1864 жылы 4-6 желтоқсанда Иқан түбінде шайқасқа кіреді.

Иқан түбіндегі шайқастың қалай болғанын А.Кенесарин былай деп баяндайды: «Әлімқұл молда ... Ташкенде біраз күн болғаннан кейін әскер басыларын жинап, қазіргі жағдай жайында мәслихат құрғанда олардың бәрі де қыста ештеңе істеуге болмайды, қазір Қоқанға қайтып, жаз шыққан соң ғана аттану керек дегенді айтты. Тек Сыздық сұлтан ғана: «осыншама шығындалып, дайындалып мынадай көп әскерді алып келгеннен кейін орыстармен ұрыспай жатып, шегінуіміздің ешбір лайығы жоқ. Шымкентке беттемесек те Түркістанға барайық, естуімізге қарағанда, онда әскер аз көрінеді. Түркістанды алсақ алдық, алмаған күнде абыройсыз болмаймыз» деді. Оның осы ақылы Әлімқұлға да ұнады» [7, 26-27 бб.].

Иқан түбіндегі шайқаста Әлімқұлдың әскері есаул Серов бастаған 200 орыс әскерін қоршауға алады. «Иқан шайқасында орыстардың шығыны өте көп болды. Ауыр жарақат алғандар мен өлгендер жолда қалды. Отрядтың көзінше қоқандықтар олардың басын қылышпен шауып тастап жатты және қарулары мен оқтарын алды» – деп есіне алады есаул Серов [9, 83 б.].

Бірақ қоршауда қалған Серов әскеріне 6 желтоқсан күні Түркістаннан көмекке 300 адамдық әскері жолға шығады. Сол кезде орыстарға қосымша көмек жетсе жағдайдың мүшкілге айналады деп дағдарып тұрған Әлімқұлды көрген Сыздық сұлтан «Сіз осы әскеріңізбен мына орыстармен соғыса беріңіз, мен өз жігіттеріммен келе жатқан жаудың алдынан шығып, оларды бері жібермей, бөгейін» дейді [7, 27-28 бб.].

2 зеңбірек 220 адамы бар подпоручик Сукорко мен Степанов бастаған әскерді Сыздық сұлтан Түркістан жолындағы Сасықбұлақ деген жерде қарсы алып, орыс әскерімен жазық алаңда соғысу мүмкін еместігін біліп, атыса жүріп, Иқан жолымен шегінеді. Орыс әскерлерін адастырып, із жасырып үлгерген Сыздық сұлтан қайта Әлімқұлға жәрдем беруге келеді де, оған бекініп алған орыс әскерлеріне әкесі Кенесары сияқты қамыс пен жусаннан оқ өтпейтіндей қалың етіп буып, бау жасауды және сол бауды қалқа қылып, домалатып арқылы жақындауды ұсынады. Сыздықтың айласын жүзеге асырған Әлімқұл орыстарды ұрыс алаңын тастап, өлгендер мен жаралыларына қарамай, қашып шығуға мәжбүр етеді. Бұл шайқастан Серов 30 шақты ғана адамын аман алып шығады.

«Орыстар көп өлді, мұсылмандар да көп шейіт болды. Ақыры бауды домалатып жүгірді, – деп әңгімелейді Иқан шайқасы жөнінде Мирзоолим Мушриф, – Орыстың зеңбірегі мен мылтығының оғы баудан өтпеді. Жақын барып, «Аллаху акбар» деп орға кіріп, қоян-қолтық араласып, ұрыс салды. Қырғыздар қатты айқасты. Ұрыс кезінде байқатпай, бірнеше орыс қашып шығып кетті. Олардың сондарына түскен батырлар қуалап, Түркістанға дейін барды [19, 71 б.].

Осылайша, Әлімқұл молда мен Сыздық сұлтан бастаған қоқан әскерлері Иқан шайқасында ерліктің тамаша үлгісін көрсетіп, басқыншыларына қарсы жан аямай күресті.

Черняевтың Ташкентке жасаған екінші жорығы 1865 жылы көктемде басталады. Әлімқұл молда қаланы қорғау кезінде ауыр жараланып, қаза табады да, қаланы қорғаудың басшылығын Сыздық сұлтан алады. Дегенмен қала қорғаушыларының жаңқиярлық ерлігіне қарамастан, үш күндік шайқастан кейін орыстар 1865 жылдың мамырында Ташкент қаласын алып, оны Ресей империясына қосады [20, 195 б.].

Сол жылы жасалған бейбіт келісімге сәйкес Қоқан ханы өз иелігінің біраз бөлігін соның ішінде Оңтүстік Қазақстанды Ресей империясының иелігіне береді.

Генерал Черняев пен полковник Веревкиннің сәті түскен әскери жорықтары қазақ даласын Ресейге қосып алуды аяқтап, Орынбор мен Сырдария шептері қосылды. Шымкент пен Ташкенттің алынуы Қазақстан мен Орталық Азиядағы саяси жағдайды түп тамырымен өзгертіп, Ресей империясының пайдасына шешеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Махаева А.Ш. Қазақ - қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі): тарих ғыл. докт. диссер. – Алматы, 2009. – 310 б.
2. ОРОММ. 715-қ., 1-т., 28-іс.
3. Черняев М.А. Султаны Кенесары и Сыздық // Русский Вестник. №8. 1889. С. 15-45.
4. Аваз Мухаммад Аттор Хукандий. Тарихи Жахоннамои // Шарқ юлдузи. – 1991. – № 8. – 119-141 бб.
5. РФМӘӨМ, 118-қ., 1-т., 33-іс. – 155 п.
6. Дәдебаев Ж. Жауғаш батыр // Алматы ақшамы. – 2000. – 19, 26 сәуір.
7. Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы: Жалын, 1992. – 48 б.
8. Бартольд В.В. Туземец о русском завоевании // Собр. соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1964. – Т.2. – Ч. 2. – С. 324-358.
9. Перечень событий на Сыр-Дарьинской линии, со времени ее учреждения по 1860 г. // Русский Туркестан / под ред. В.Н. Троцкого. – СПб.: Тип. товарищества «Общественная польза», 1872. – Вып.3. – 246 с.
10. Илхамов З.А. Аликули Амирлашкар и его место в политической истории Кокандского ханства: автореф. ... канд. истор. наук. – Ташкент, 2004. – 23 с.

11. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін).- Алматы: Атамұра, Т.3. 2002. – 768 б.
12. Тилеукулов С., Утепбергенова У. К истории присоединения Чимкента к России // Ученые записки госпединститута им. Низами. – Ташкент, 1960. – Вып. 23. – Ч. 3. – С. 159-170.
13. Наливкин В. Краткая история Кокандского ханства. – Казань: Тип. императорского университета, 1886. – 216 с.
14. Киняпин А.С., Блиев М.М., Дегаев В.В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России.- Москва: МГУ, 1984.-328 с.
15. РФОММ. 366-к., 1-т., 268-іс.
16. Шахматов В.Ф. Освободительное восстание казахов против Кокандского феодального гнета // Вестник АН Каз.ССР. №10. 1949. С. 215-225.
17. ҚРОММ, 39-қор, 1-тізбе, 12-іс
18. Зиёев Х. Туркистонда Россия тажовузи ва хукмронлигига қарши кураш (ХҮІІІ – ХХ аср бошлари). – Тошкент: Шарқ, 1998. – 478 б.
19. Мирзоолим Мушриф. Ансоби ус-салотин ва таворих ул-хавоқин (Қуқон хонлиги тарихи). – Тошкент: Ғафур Ғулом номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти, 1995. – 128 б.
20. Казахско-русские отношения в ХҮІІІ-ХІХ веках. /Сборник документов и материалов. (Сост. Ф.Н.Киреев, В.Я.Басин, Т.Ж.Шоинбаев, К.Ж.Жунисбаев, В.С.Мусаева). - Алматы: Наука, 1964. -575 с.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена вопросу завоевания царизмом Южного Казахстана и его роли в жизни местного населения.

SUMMARY

The Article is dedicated to question of the conquest by tsarism South Kazakhstan and his(its) dug in lifes of the local population.

ӘОЖ 930.2: 81134

ЖАҢААРҚА АУДАНЫНДАҒЫ ЖЕР - СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

*Жөкенова Р.С. - қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қарағанды облысы, Жаңаарқа
ауданы*

*Жұмақаева Б.Д. – п.ғ.к., доцент
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Мақалада орталық Қазақстанның топонимикалық атауларына қатысты деректер қарастырылады. Белгілі бір территориялық аймаққа мәлім болжамдар нақты тарихи деректермен дәлелденеді. Мақала тарихи беймәлім топонимикалық атаулардың мән-мағынасын айқындауымен ерекшеленеді.

Түйін сөздер: геодезист, топограф, инженер-геолог, агроном, Жайрем, Бесмаршал, қазақ онамастикасы, эвфемизим.

«Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсақ та жер-су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» М.Әуезов.

Сарыарқаның сайын даласында орналасқан Жаңаарқа өңірі де осы жерде туып өскен халыққа құтты мекен, жайлы қоныс болғалы қашан. Жаңаарқа ауданы 1923 жылы Асанқайғы атанса, 1929 жылы 16 тамыздан бастап Жаңаарқа атанды.

Халқымыздың кең даланың төскейінде орналасқан өз жерінің тау-тасы, өзен-суы, шоқысы мен беткейіне де дәл тауып, ат қоя білген. Әр жерге қойылған атаудың өзіндік тарихы бар. Кезінде кеңестік дәуірдің қылышынан қан тамып тұрған қатаң жүйесінің құрығында жүрсе де халық арасында болған жандар аз болмаған. Жаңаарқа өңірінен шыққан танымал жазушы, қаламы қарымды журналист Асан Жұмаділдин өзінің «Жаңаарқа Қанышпен кездескенде» атты әңгімесінде мынадай жайды баяндаған. «Манадыр стансасында тұратын Нұрбай Мұсаұлы Құрттықұлақ деген ақсақал Қаныш Сәтбаевпен кездескен бір әңгімесін былай баяндаушы еді.

«Қаныш депутат болып сайланған жылдың көктемі. 1950 жыл. Су таситын цистернаға тіркелген тағы бір көк вагоны бар паравоз қосалқы жолға келіп тоқтады. Вагоннан түскен 3-4 адам жан-жаққа қарап өзді-өзі әңгімелесіп тұр. Солар жақтан келе жатқан стансада істейтін жігіттен.

- Аналар кім? – деп сұрадым.

- Қаныш Сәтбаев деген депутат. Қарсы келе жатқан пойыз Жеңістен жаңа ғана шықты, ол келгенше қашан. Бұл кісілер бір сағат елу минут тұрады,-деді.

Қаныштың даңқын естігенім болмаса, көрмеген адамым. Әйеліме «қымызды әбден пісіп қотардағы ана пойыз тоқтаған жерге алып кел»,– деп тапсырдым да, вагон жаққа келдім. Амандастым, ел жинала бастады. Қаныш:

- Бұл стансаның аты қалай қойылған, Манадыр деген қай ұлттың тілі,- деді.

- Орыстардың қойған аты, солардың тілі шығар,-дедім мен.

- Орыста ондай сөз жоқ. Бұл жердің байырғы аты қалай аталушы еді?-деді Қаныш.

- Бұл араның теміржол келгенге дейін арнаулы аты болған жоқ. Өйткені, бұл жерге қыстау салынбаған, жайлау да емес, - деді жиналғандардың бірі Тасжанов Ахметжан деген ақсақал.

Қаныш төңірекке көз сала тұрып:

- Ана тауды не деп атайды?-деді оңтүстікті нұсқап.

- Оны Қарсыадыр дейді.

- Анау жалғыз шоқы не?- деді терістік жақты нұсқап.

- Ол – Толағай.

- Ана адыр төбелер қалай аталады?- деді Қаныш шығыс жақты нұсқап.

- Оларды Маңғадыр – Тоқты дейді,- дедім мен.

- Е, Маңғадыр деңіз. Маңында адыр деген сөзден Маңғадыр атанып кеткен де, жол салушылар стансаның атын соған байланысты қойған екен ғой. Маңғадыр Манадыр болып шыққан - деп біраз үнсіз тұрды да сөзін жалғап.

- Тоқты деп қалай аталған?-деді.

Бұл кезде менің әйелім қымызды алып келіп қалды. Далаға жақын үйлерден текемет-сырмақ әкеліп төсетіп дастархан жайдық.

- Біздің жақта тоқа деген ру бар. Соның Дәулетбике деген табынан шыққан Қорысбай, Қопа, Мықты, Жарқын, Сапақ деген бес ағайынды бай болған. Бесберен атанған. Сапаққа 17 мың жылқы бітіпті. Сол кісінің бір жылы 5 мың тоқтысы қыстап, жұттан аман шыққан тау Тоқты аталып кеткен дейтін үлкендер,- деп тағы да Ахметжан әңгімеге кірісті.

Осы үзіндіні оқи отырып, Қаныш ағаның бұрмаланған жер атына арашасы болып, ел тарихына терең үңілгенін байқаймыз.

Қазақ даласында ұланбайтақ алапты алып жатқан, табиғаты сан қилы болып келетін өлкеміздің жер-суына ерте замандардан бері сан алуан атаулар қойылып, сан алуан өзгерістерге ұшырады.

Көшіп-қонып жүрген ата-бабаларымыз осынау кең даланың ойы-қырын, тау-тасын, қырағылықпен тани білді, тапқырлықпен атай білді.

Қазақ даласында болған қилы-қилы оқиғалар қазақ ономастикасына өз ізін қалдырды. Біздің ауданымызда тарих көшінде болған осындай жағдайлардан тысқары қалған жоқ.

Мысалы, Карл Маркс, XXV партсъезд, Жеңіс, Киров, Қызылотау сияқты елдімекендердің аталуы осының дәлелі.

«Сарыарқа поллиметал» өндірістік бірлестігінің орталығы Жәйрем кеніші ашылған кезде, журналистер бұл атаудың қайдан шыққанын зерттей бастады. Көпті көрген көнекөз қарттардан сұрайды. Бұл өңірде ондай атау болған емес, орыстардың қойып алған атауы ғой, – десті. Газеттер «Жәйрем» деген жайылым деген сөзден шыққан деп жазды. Асан Жұмаділдиннің «Жаңаарқа» дерекнамасында мынадай жағдай баяндалған. Бұл атаудың қалай пайда болған жөнінде қарт зейнеткер Ысқақов Әбілдә Қожа (1924-2001) былай деген. «1942 жылдың жазы. Азаматтар соғыста. Қатын-қалаш, кемпір-шалдар, жасөспірім балалар колхоздың жұмысында. Қаражартас колхозының бастығы Тоқтамысов Ілиястың Дәулет деген менімен қатарлас баласы бар, жастайынан мылтық атып үйренген мерген Дәулеттің әкесі ауданнан тапсырма алыпты. Киік етін дайындау керек көрінеді. Дәулет екеумізді киік аулауға шығарды. Маусым айының орта кезінде киік көп келді. «Ақши» деп аталатын жерден екі теке аттық. Атқан текелерді ақтармалап жатқанда, үстімізге төрт адам келді. Мосыағаш, қарала ағаштары бар. Екі-екіден дала кезіп, біреуі әудемжерге барып қарала ағашты ұстап, екіншісі мосыағашқа орнатқан дүрбімен сығалап жүргендерін алыстан көріп қасына баруға бата алмайтынбыз. Сөйтсек, олар жерді картаға түсіріп жүрген «агрономдар» екен. Ол кезде біз үшін геодезист, топограф, инженер-геологтардың бәрі агроном. Өйткені, оларды үлкен адамдар солай атайтын. Сөйтіп, олармен таныс болып алдық. Маусымның аяқ кезі. Жыңғылды көлде бес-алты қарақұйрық жүр екен. Көкалабиенің шығысындағы Ащыайырықтан Дәулет бір қарақұйрық атты. Осы сәтте «агроном» достарымыз келді. Олар картасын алып бірдеңелерді белгілеп жазып отыр. Қағаз жазып отырғаны «мынау киік емес қой, бұның аты не дейді, – деп сұрады. «Қазақша қарақұйрық, орысша не дейді?» деп біз қарсы сұрақ қойдық. Джейран дейді, Жәйрам дейсің бе? – деп, Дәулет таң қалды. «Жоқ Жайрам емес, Джейран» деп қайталады «агроном». Содан ол бір кезде «осы отырған жеріміз қалай аталады?» деп сұрады ол. Біз шығысты нұсқап: «Анау тау Қарсыадыр, одан бергі Жыңғылды көл, Шұбаркөл ана мола Үшқатын, терістегіндегі құм жота Бойеділ-Тоқабай, Төссаз, мына өзек Көкалабие одан арғы Жомарт, Шошала...» – деп жер аттарын шұбырта жөнелдік.

«Жоқ олар емес, тап осы отырған жеріміздің атын қалай атайды?» – дейді агроном. «Киік жататын алақандай көкпекті тақырға кім ат қоюшы еді, бұл жердің аты жоқ дейміз. «Ендеше тап осы отырған жерге сендер бірдеңе деп қазақша ат қойыңдаршы, мына картаға жазу керек» – деді ол. Олай болса, бұл жерді мына атылған ешкінің құрметіне «Жәйрам» дейін – деді Дәулет.

Содан мен ФЗО-ға алындым. Соғыс бітті. 1946 жыл елге келдім. Май айының аяқ кезінде геологтар көшіп келді. Жомарт экспедициясы дейді. Экспедициядағылар жербарақ қазып, палатка тігіп қоныстанды. Әр жерге бұрғы салып оқтаутас ойып алды. Өндірістің жұмысы қызды. Дәулет екеуміз 1948 жылы мал дәрігерлік оқуға кеттік. Оқуды бітіріп келдік. Жомарт экспедициясының орталығы сәулетті қала типтес поселка болыпты. Содан елуінші жылдардың бас кезінде Жомарттан басқа Жәйрем деген жерде экспедициясы орнапты деп естідік. Бұл қай жер болды екен десек, ол баяғы біздің қарақұйрық атқан жеріміз болып шықты» – деген екен ақсақал. Жәйрамның жанында 1961 жылы құрамында темірдің, марганецтің, қорғасын, мырыш, бариттың, күмістің, кадмийдің компоненттері бар Үшқатын кен көздері ашылған. Үшқатын жерінің аталуын ақын Кәкімбек Салықов жырмен өрнектеп, тарихын баяндаған.

«Үшқатын» - Жәйремдегі жердің аты,
Хабарсыз қай заманнан белгі заты.
Әр сақта аңыз айтқан ақсақалдар,
Жорамал жөн іздеуге берді хақы.

Болды ма бір бабамның үш қатыны,
Атағы елге мирас үш татуы.
Қосылтқан үш домбыра, отыз саусак,
Күйігін күйге жалғап қысқа тілі.
Тұжырым мейлі бекем байламаймын,
Қиялды бірақ неге қарамаймын.
Сазды әуен елікпеді ел жаттаған,
Қалды ма күйлерінде Дайрабайдың.
Елде көп
Басқа әңгіме ұшпа тілі,
Дәлге сәл оралардай іс татымы.
Бір күнде үш арудан айырылды ма,
Қазақтың қырау қабақ үш батыры.
Тағдырдың ел кездесіп кермегені,
Батыл жауды қанды қылыш сермеді ме.
Кеселден құтылам деп барымтаға,
Япырмау, үш келіншек бергені ме.
Үш сұлу қайғы қасірет шекті ме екен,
Көз жасы Сарысу боп кетті ме екен.
Батырлар апаларын арашалап,
Сүйегі елге есен жетті ме екен.
Білмеймін әлде аңыз сақтады ма,
Үш ұл үш анасын таппады ма.
Жүргенде жидек теріп ел шетінде,
Құландар үш әйелді таппады ма.
Тарихқа үш оралып, үш шегінсек,
Аңызға ақын сенгіш көңілмен.
Түзкөлдiң тұнығына кеткендей бар,
Жауға күң болмаймыз деп үш келіншек.
Кез болып кен оралған құйықтыға,
Тереңде олар мәңгі тынықты ма.
Білезік, сақинасын арулардың,

Қорғасын, мырыш қоршап бұйықты ма. - деп кейінгі ұрпаққа ескерту жасап, тарихтың әр тұсынан айғақ болған жер атауын осылай қызғыштай қорыған екен.

Мен тұрған Манадыр ауылынан 12 шақырымдай жерде «Бесмаршал» деген жер бар. Бұл жайлы А.Жұмаділдин жазған дерекнамада былай келтірілген. 1950 жылдары колхоздарды ірілендіру басталады. Осы кезде ұсақ колхоздың 29 бастығы босап қалады. Соның бірі Келтетал колхозының бастығы Қирабаев Смайыл ақсақал еді. Ол кісі Сарысу бойынан үй салды. Оның қасынан алсай руының басқа да белгілі ақсақалдары Ақтайдың Көкісі, Дүйсенбек, Жөкен, Қасым деген кісілер бір ауыл болды. Білмейтіндер мынау кімнің қыстаңы деп сұраса: қу тілді Алсай атаның бір жігіті, ол Бесмаршалдың ауылы депті. «Бесмаршалың не» десе, «Баяғыда Ворошилов Буденный, Блюхер, Тухачевский, Егоров деген советтер одағында бесмаршал болған жоқ па еді. Біздің Алсайдың маршалдары асылдар деп Смайылдан бастап атап шығады. Содан ол қыстақ «Бесмаршал» атанып кеткен. Бұл жайлы жергілікті ақын Бақтыбай Аманжолов:

Көкірегіне құндақтап іңкәрлігін,
Ұластырған ұрпақпен сұңқар үнін.
Жайсаңдардың жай тауып жатқан жері,
«Бесмаршал» деп ер жұрты шырқар үнін,- деп түйіндейді.

Сонымен орталық Қазақстанның топонимиялық атауларын лексикалық құрамына және мағыналық ерекшеліктеріне қарай топтасақ: 1. Ру, тайпа, халық аттарынан қойылған атаулар.

2. Кісі есімдерінен қойылған атаулар. 3. Діни нанымға эвфемизмге қойылған атаулар. 4. Жан-жануарға байланысты қойылған атаулар – деп бөлуге болады. Жаңаарқаның Жезқазған трассасы жағынан ауданға енер тұстағы төбе бұрын Бәйгетөбе деп аталса, қазір халқымызың дара ұлы Ақселеу Сланұлы Сейдімбековтың мәңгі мекеніне айналған төбе «Ақселеу биігі» деп аталды. Қорыта келгенде, Жаңаарқа төңірегі – алаш баласының ежелден-ақ құт мекені. Тарих доңғалағын ғаламат жылдамдықпен айналдырған өткен ғасырдың ізі, Орталық Қазақстан, соның ішінде Жаңаарқа төңірегінде сайрап жатыр.

Осы төңіректі зерттеуші қазақ ғалымы Әлкей Марғұлан көптеген құпиялардың сырын ашты. Екпінді бес жылдықтар жоспары, ғарышты игеру, тың және тыңайған жерлерді игеру, қазақтың өз жерінде аз ұлтқа айналуы, тоталитарлық режим, міне, осының бәрі қазақ онамастикасына елеулі нұқсан келтірді. Ендігі мәселе, кезінде бұрмаланып кеткен жер-су атауларының тарихи, нақты атауларын қалпына келтіріп, аймақтың жетілдірілген топонимикалық картасын жасау болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Өмір» әдеби-этнографиялық журнал, Жаңаарқа - 2000 .
2. Жұмаділдин А. Жаңаарқа. Дерекнама-Алматы: 2003, 521 бет.
3. Кәкімбек Салықов. Жезкиік, Алматы «Атамұра» 2003 .

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются топонимы среднего Казахстана. Исторические данные рассматриваются в широком аспекте.

SUMMARY

In the article the place names mean Kazakhstan. Historical data are considered broadly.

УДК 9(С)55 К 581

ПРОМЫШЛЕННОЕ РАЗВИТИЕ МАЛЫХ ГОРОДОВ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

*Кожакеева Л. Т.-д.и.н., и.о. профессора
Казахстан, г.Алматы,
Казахский государственный женский
педагогический университет*

Аннотация: В статье дается анализ экономического развития малых городов Южного Казахстана. Анализ показал, что высокие темпы урбанизации достигались в основном за счет одностороннего освоения природных богатств страны. При этом, практически игнорировались перерабатывающие отрасли промышленности, а также социально-бытовая и культурная инфраструктура городов, что впоследствии привело к вынужденной массовой миграции населения из малых городов, привело к серьезным проблемам в сфере занятости населения.

Ключевые слова: города, Южный Казахстан, населения, численность, рост, промышленность.

Возникновение новых городов в Казахстане происходило различными путями. Так, центры добычи полезных ископаемых в ходе своего развития обычно обрастали предприятиями обрабатывающей промышленности, в результате чего некоторые из них превратились в малые города, определенная часть которых в дальнейшем начала играть определенную

роль в общественном разделении труда.

Однако, во многих городах Казахстана уровень развития экономической структуры не отвечал требованиям, предъявляемым к городам, ибо главный градообразующий элемент промышленность - не получила должного развития или характеризовалась монопроизводством. К разряду таких городов также можно отнести города Юго-Западного Казахстана – Аральск и Казалинск. Узость сферы приложения труда в них усугублялась тем, что все они расположены в территориальной зоне с экстремальными природно-экологическими условиями (суровый климат, ограниченность питьевой воды, загрязнение окружающей среды в результате необдуманного освоения нефтегазовых месторождений, высыхание Аральского моря и др.). Поэтому первоочередной задачей считалось создание в малых городах основ различных отраслей промышленности и других градообразующих элементов, но по объективным причинам республика не могла решить социальные и экономические проблемы, стоящие перед малыми городами.

Крупная промышленность республики в основном размещалась в больших городах Казахстана, где было сосредоточено 2/3 предприятий, находящихся на самостоятельном балансе, и основные производственные фонды. Города, в первую очередь крупнейшие, являлись важнейшими пунктами размещения производства и расселения. В 1990 г. только в двух из них - Алма-Ате и Караганде с населением, соответственно, 1171 и 609 тыс. чел. было сосредоточено более 1/3 всех предприятий, которые производили 33% товарной продукции, выпускаемой во всех больших городах республики: это Алма-Атинский завод тяжелого машиностроения (АЗТМ), хлопчатобумажный комбинат (АХБК), Карагандинские угольный комбинат. Объединение по производству горно-шахтного оборудования и другие, продукция которых экспортировалась за пределы республики. Вместе с тем развитию малых и средних городов в условиях плановой экономики не уделялось должного внимания. Так, во второй половине 1980-х гг., из 231-го предприятия, включенного в перечень важнейших строек производственного назначения, 147, несмотря на ограничительные меры, было размещено в 21 крупном городе. В то время как на долю 63 малых и средних городов, 212 рабочих поселков и 222 районов пришлось всего 84 промышленных объекта [1].

Поэтому, в середине 1980-х гг. одной из важнейших приоритетных задач экономического развития Казахстана становится преодоление моноструктуры промышленности в малых городах и развитие в них не только предприятий группы «А», но группы «Б». Так, в проекте плана на 1981-1985 годы в республике предусматривалось ввод в действие 332 новых промышленных предприятий и цехов и расширение 130 действующих предприятий. Строительство этих предприятий предусматривалось осуществлять в 111 городах и поселках городского типа, в том числе во всех 18 крупных, 12 средних и 32 малых городах из 55 по республике, 49 поселках городского типа из 200 [2].

Решение задачи развития малых и средних городов для Казахстана особенно актуально, поскольку на современном этапе развития его экономики характерна наибольшая концентрация промышленных предприятий в больших и крупных городах. В тоже время в республике имелось довольно большое количество «экономически перспективных» малых и средних городов, возникших в период 1960-1980-х гг. в силу интенсивного освоения природных ресурсов и дальнейшего ускорения индустриального и аграрного развития республики. Для этого этапа развития экономики Казахстана была характерна концентрация промышленности в больших и крупных городах. Дальнейшее развитие экономики в уже сложившихся промышленных центрах ограничено, в связи с отсутствием свободных трудовых ресурсов для крупных производств.

В целях дальнейшего совершенствования размещения производительных сил республики важное значение приобретало ограничение роста больших городов и развитие экономически перспективных райцентров, малых и средних городов республики с учетом рационального использования местных трудовых, сырьевых, водных, земельных и других ресурсов и размещением в них главным образом небольших предприятий, филиалов и

специализированных цехов действующих объединений, фабрик и заводов. В 1985 г. в 17 малых и средних городах имелись филиалы крупных действующих предприятий и в 7 городах действовали их цеха [3]. Это были - филиал Алма-Атинского трикотажного объединения в г.г. Текели и Талгар; объединение «Джамбулкожобувь» в г.Каратау, Алма-Атинской трикотажной фабрики в г.Текели; Кентауской швейно-трикотажной фабрики в г.Туркестане; Чимкентского объединения «Эластик» в г.Ленгер, молочный цех в г.Талгар.

Поскольку существующие предприятия не обеспечивали потребности в трудоустройстве населения малых городов, в 1980-х гг. предусматривался ввод в действие новых промышленных предприятий. Так, намечалось создание 11 филиалов и цехов: в 1983 году предполагалось ввести в действие цех Алма-Атинской фабрики головных уборов, Кентауской швейной фабрики в г. Туркестане, намечалось расширение филиала объединения «Джетысу» в Талды-Кургане [4].

Предлагалось построить 23 цеха, предприятия с объемом валовой продукции свыше 240,0 млн. руб. и численностью почти 7,0 тыс. человек [5]. Надо отметить, что, как это было характерно для плановой экономики в последние десятилетия её существования в бывшем СССР, многие из перечисленных выше планов и проектов так и остались только на бумаге или были реализованы лишь частично. Предполагаемые прогнозные мероприятия не были осуществлены также в связи с распадом Союза.

Таковым было в общем состояние экономической инфраструктуры малых городов на конец 1980-х гг. В дальнейшем, вследствие распада единого экономического пространства бывшего Союза, начавшихся рыночных преобразований, большинство малых городов пришло в упадок, была полностью разрушена их производственная база, закрыты и объявлены банкротами прежние градообразующие предприятия.

За годы реформ во многих малых городах было свернуто или сведено до минимума промышленное производство. Особенно это касается городов добывающего профиля, положение которых значительно ухудшилось вследствие спада производства из-за истощения запасов полезных ископаемых, снижения спроса на продукцию. В результате из общего числа МГ выделяются депрессивные малые города, имеющие наихудшие показатели социально-экономического развития. К таковым относятся: Аральск (Кызылординская область).

Характерной проблемой многих МГ является несоответствие структуры производственно-хозяйственной базы требованиям рыночной экономики. Технологическая отсталость и изношенность основных производственных фондов большинства предприятий МГ, нарастающий дефицит кадров, их депрофессионализация тормозят дальнейшее развитие малых городов. Развитие городов промышленного направления связано с совершенствованием структуры экономики путем диверсификации и расширением состава их функциональной специализации, в городах с добывающей отраслью промышленности, где добыча сырья уже неэффективна, целесообразно развивать новые производства, которые компенсировали бы сокращение рабочих мест в основном производстве.

Усложняются требования современного промпроизводства к технологии, оборудованию, наличию квалифицированной рабочей силы, инфраструктуре. В связи с этим малые города с обрабатывающей промышленностью, как правило, не располагают условиями для организации крупного современного промпредприятия. В этих городах необходимо развивать небольшие предприятия с высоким уровнем подетальной и технологической специализации. В них могут производиться стандартные узлы и детали, трикотажные и швейные изделия, стройматериалы из местного сырья, товары народного потребления.

Таблица 1 – Показатели социально-экономического развития малых городов в 2002 г. [6]

Область, город	Численность населения на начало года, тыс. чел.	Объем промышленной продукции на душу населения, тыс. тенге.	Средний уровень безработицы за 2000-2002 годы, %	Среднемесячная номинальная заработная плата одного работника, тенге
1	2	3	4	5
Республика Казахстан	14820,9	154,6	11,1	20305
Алматинская	1558,2	65,9	11,2	14226
Есик	31,4	61,1	5,6	19074
Жаркент	32,7	59,0	8,6	10643
Капшагай	32,4	44,2	11,4	20893
Каскелен	35,8	98,0	11,8	16242
Сарканд	15,0	6,7	10,1	9535
Талгар	43,2	34,7	21,3	11686
Текели	23,6	61,9	14,4	18524
Ушарал	15,4	6,5	11,1	10694
Уштобе	22,0	28,3	11,7	10307
Жамбылская	980,6	41,5	13,1	13548
Жанатас	25,0	36,6	12,5	15658
Каратау	27,1	10,5	15,6	14586
Шу	33,9	39,3	10,5	15946
Кызылординская	606,6	189,1	13,6	17081
Аральск	29,9	4,3	10,5	13821
Казалинск	5,8	83,4	13,3	15901
Южно-Казахстанская	2045,4	56,6	11,7	13605
Арыс	33,4	33,0	6,9	14564
Жетысай	30,8	143,0	9,5	10274
Ленгер	17,8	30,3	13,1	12031
Сарыагаш	25,5	107,0	7,0	9471
Шардара	26,1	26,8	7,2	13774

Промышленное производство в малых городах характеризуется выраженной специализацией на одной-двух отраслях, а другие отрасли развиты незначительно, либо промышленные предприятия вообще отсутствуют. Снижение объема производства или остановка градообразующих предприятий приводит к общему ухудшению социально-экономической ситуации в городе. Наименьшие объемы промышленного производства на душу населения имеют города - центры сельскохозяйственных районов (Сарканд, Уштобе, Жаркент, Есик, и другие).

В то же время имеется ряд малых городов добывающего профиля, положение которых значительно ухудшилось вследствие спада производства из-за истощения запасов полезных ископаемых, снижения спроса на продукцию. К ним относятся: Текели (низкое содержание полезных веществ в руде, добыча их становится нерентабельной).

Предприятия обрабатывающей промышленности в малых городах простаивают или частично загружены из-за низкой конкурентоспособности выпускаемой продукции, отсутствия спроса, удаленности рынков сбыта и высоких тарифов на транспортировку. Их положение усугубляется физически и морально устаревшим оборудованием, потерей квалифицированных кадров в результате миграции.

Среди малых городов выделяется группа городов, в которых свернуто или сведено до минимума промышленное производство - Казалинск.

Развитию малого бизнеса в малых городах с депрессивной экономикой препятствуют низкий производственный и потребительский спрос, недоступность финансово-кредитных ресурсов, обусловленная отсутствием у предпринимателей ликвидного залогового имущества. По транспортному расположению малые города можно разделить на две группы: города, находящиеся вдоль железнодорожных линий (51 город), города, находящиеся в отдаленности от железных дорог (9 городов). Кроме того, ряд малых городов являются промышленно-транспортными центрами - Шу, Арыс, Казалинск [7]. Из 60 малых городов страны вдоль автомобильных дорог международного значения находятся 7 городов, республиканского значения - 26, местного значения - 27. Неудовлетворительное состояние производственной инфраструктуры является одной из ключевых проблем, сдерживающей развитие малых городов. Особенно остро стоит проблема транспортной удаленности и плохого состояния автодорог.

Низкий технический уровень автомобильных дорог, аварийность отдельных мостов приводит к снижению скоростных возможностей транспорта, увеличению транспортной составляющей в стоимости товаров и услуг, потерям при транспортировке сельскохозяйственной продукции.

Удаленность от крупных рынков сбыта, городских агломераций, транспортная тупиковость затрудняют развитие таких городов. Они связаны с областными центрами автомобильными дорогами, требующими значительных реабилитационных работ. Отдаленность и плохое качество автодорог имеют кроме экономических и социальные последствия, такие, как отток молодежи, снижение культурного уровня населения.

Для вывода их из кризиса в 2003 году была принята государственная программа развития малых городов на 2004-2006 годы. В то же время каждый из малых городов пытался искать свои пути выживания, решить насущные социальные и экономические проблемы. Таким образом, анализ экономического развития малых городов Южного Казахстана показал, что высокие темпы урбанизации достигались в основном за счет одностороннего освоения природных богатств страны. При этом, практически игнорировались перерабатывающие отрасли промышленности, а также социально-бытовая и культурная инфраструктура городов, что впоследствии привело к вынужденной массовой миграции населения из малых городов, привело к серьезным проблемам в сфере занятости населения.

Однако, несмотря на негативные последствия, малые города играли определенную, причем довольно весомую роль в экономике Казахстана, поскольку большинство из них сформировалось именно для промышленного освоения минеральных ресурсов республики и ее индустриального развития. И в дальнейшем, при активной государственной поддержке малые города способны найти свою нишу в экономической структуре республики и будут играть заметную роль в социально-экономическом развитии Казахстана.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 5936, Л.11.
2. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6483, Л.34.
3. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6234, Л.25.
4. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6489, Л.64.
5. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6657, Л.57.
6. Государственная программа по развитию малых городов РК на 2004-2006 гг.
7. Там же.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі кезеңдегі Оңтүстік Қазақстан аймағындағы кіші қалалар мәселесі қарастырылған. Қалалардағы халық саны, өнеркәсіптердің даму деңгейі, қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайы баяндалған.

SUMMARY

In article are shown the analysis of economic development of the small cities of Youzhny Kazakhstan. It showed that high rates of an urbanization were reached generally at the expense of unilateral development of natural richness of the country.

ӘОЖ 9(С)55 Қ 23

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАҒЫ РӨЛІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

*Қаипбаева А.Т. – т.ғ.к., доцент м.а.
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық құқық субъектісі ретінде дүние жүзілік қатынастар аренасына шықты. Қазақстан егемендіктің алғашқы жылдарынан-ақ, халықаралық саяси жүйеде өзінің бағыт-бағдарын анықтау мәселесін қойды. Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы-ТМД мемлекеттерімен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен дипломатиялық қатынасты өркендетіп, мәдени-экономикалық байланысты күшейту арқылы өркениетті елдердің қатарына ену. Сонымен қатар, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау болып табылады. Сыртқы саясаттың негізгі діңгегі – көпвекторлық. Осыған орай мақалада, Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі сыртқы саясатының басым бағыттары аясында атқарылған іс-шаралар, әлемдік қауымдастықтағы рөлі мен нәтижелері баяндалған.

Түйін сөздер: Қазақстан, әлемдік қауымдастық, сыртқы саясат, Еуропа, Азия, Таяу Шығыс, Шанхай бестігі, АҚШ, ТМД елдері, ынтымақтастық, сауда айналымы.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық құқық субъектісі ретінде дүние жүзілік қатынастар аренасына шықты. Қазақстан егемендіктің алғашқы жылдарынан-ақ, халықаралық саяси жүйеде өзінің бағыт-бағдарын анықтау мәселесін қойды. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасын Президент Н.Ә.Назарбаев 1992 ж. мамыр айында «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде атап көрсетті [1]. Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы ТМД мемлекеттерімен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен дипломатиялық қатынасты өркендетіп, мәдени-экономикалық байланысты күшейту арқылы өркениетті елдердің қатарына ену. Сонымен қатар, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау болып табылады. Осы мақсаттар негізінде 1991 жылдан бастап сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар саласында көптеген шаралар іске асырылды.

Сыртқы саясаттың негізгі діңгегі – көпвекторлық жол, яғни, көп бағыттылық. Ол Еуразия жер бөлігінің орталығында орналасқан Қазақстанның геосаяси жағдайына байланысты өмірдің өзі талап етіп отырған қалыпты жағдай. Этностық құрамның күрделілігі және ашық тұрпатты нарық қатынастарына ұмтылысы Қазақстанға сыртқы саясатта бейбітшілікті жақтау бағытын ұстану қажеттігін алға тартты. Бұл бағытты Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алған бетте-ақ дүние жүзіне жария етті. Шет елдердің тәуелсіз Қазақстанды тану үрдісі ауқымды және біршама жылдам жүрді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылы ішінде елімізді 108 мемлекет танып, оның 70-нің дипломаттық өкілдіктері ел

астанасында жұмысқа кірісті. Бүгінде Қазақстанды дүние жүзінің 180-нен астам мемлекеті танып, 120-дан астам елмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Елде 68 елшіліктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері тіркелген. Ал, Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктері әлемнің 100-ден астам елінде ашылған. Сондай-ақ, Қазақстан көптеген халықаралық ұйымдарға мүше. Ортақ мұраттар төңірегінде берік байланыс бар.

Қазақстан Еуропаны Азия - Тынық мұхит өңірімен байланыстыратын сыртқы саяси және стратегиялық тиімді кеңістікті алып жатыр. Осы факторды тиімді пайдалану үшін Ресей және Қытай мемлекеттерімен ынтымақтаса отырып, келер ғасырлардың босағасын бірлікте аттаудың маңызы зор. 1992 жылдың 25 мамырында Мәскеуде Ресеймен достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қойылды. Бұлардың ішінде Қазақстан мен Ресейдің қазіргі шекараларының мызғымастығы туралы ереже маңызды болып саналады. Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен (ҚХР) қатынастарында да қомақты халықаралық құқықтық негіз қаланды. Қазақ-Қытай қатынастарында ең жоғарғы деңгейдегі саяси байланыстарға жол ашылды. Қазақстанның аса ірі екі көрші елмен қатынастарында өзара байланыстардың алғашқы кезеңіндегі келісімдер мен шарттар халықаралық құқықтың қатаң шеңберінде жүріп жатуының маңызы өте зор [2].

Қазақстан ежелден тарихи тағдырлас, этностық туыс елдермен – Әзірбайжанмен, Қырғызстанмен, Түрікменстанмен сан салалы, қоян-қолтық байланыстар жасап келеді. Бұл елдердің Қазақстанмен шекаралас әрі КСРО тұсында тығыз байланыста болғаны, шаруашылығының бір-біріне тәуелділігі бұдан былайғы уақыттарда да қалыптасқан дәстүрлі қатынастарды жалғастыра беруді міндеттейді.

1992 жылғы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 46-сессиясында Қазақстан Республикасы өзінің мәні жөнінен аса маңызды тарихи құжат болған 46/224 қарарымен БҰҰ-ға мүшелікке бірауыздан қабылданды. Осылайша, Нью-Йорктегі БҰҰ-ның зәулім ғимаратының алдындағы алаңда дүние жүзі мемлекеттерімен бірге Қазақстанның да аспан түстес көк туы желбіреп тұратын болды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1992 жылғы күзде өткен 47-сессиясы Қазақстан делегациясының БҰҰ-ның толық мүшесі ретінде қатысқан бірінші форумы еді. Бұл сессияда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның халықаралық саясаты туралы келелі сөз сөйледі. Қазақстан Таулы Қарабақ пен Тәжікстандағы қақтығыстарды реттеуге айтарлықтай үлес қосты. Дүние жүзілік қауымдастық бұны қанағаттанарлықпен қабылдады. Президент Н.Ә.Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында сөйлеген сөзі қарулы жанжалдардың алдын алуға бағытталған Қазақстанның сыртқы істер қызметінің көрінісі іспетті болды. Азияда қауіпсіздік пен орнықтылықты қамтамасыз ету бағдарламасы, соның ішінде Азияда бірлесіп қимылдау және сенім шаралары жөнінде кеңес шақыру ұсыныстары салауатты қадам ретінде бағаланды. БҰҰ-ның сол кездегі Бас хатшысы Бутрос Ғали Қазақстан президентінің Азиялық форум ұсынысын қолдайтынын білдірді. Осылайша, БҰҰ қатарындағы өзінің мүшелігі кезінде Қазақстан мемлекеттердің халықаралық қоғамдастығына ойдағыдай ықпалдасып қана қойған жоқ, сонымен бірге онда өзінің лайықты орнын да ала білді [3].

БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннанның Қазақстанға 2002 жылғы 17-18 қазандағы ресми сапары Қазақстан Республикасы мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңызды белесіне айналды, ол Қазақстан мен БҰҰ арасындағы онжылдық ынтымақтастықтың нәтижелерін баянды етті, сондай-ақ өзара іс-қимыл үшін жаңа келешекті белгіледі.

Тәуелсіздік алып, одақтың құрамынан шыққан мезеттегі Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанатын тұрғысына дүние жүзі елендей көңіл бөлді. Оның себебі Қазақстан аумағында біршама ядролық қарудың болуында еді. Ядролық мемлекет ретіндегі Қазақстанның тәртібіне деген ыждағаттылық осыдан туған болатын. Бұл тұрғыда Республика басшылығы дүние жүзі елдерінің қобалжуын ұзаққа создырмады. 1991 жылы желтоқсанның 21-інде Алматыда қабылданған декларацияда ядролық қаруға қатысты бірлескен шаралар

жүргізілу келісілді. Қазақстан ядролық қаруды таратпау жөніндегі және су астында ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы (1963 ж.) шарттарға, табиғи ортаны, әскери немесе өзге ықпал ету құралдарын дұшпандық мақсатта пайдалануға тыйым салу туралы конвенцияға (1976 ж.) ден қоятындығын білдірді.

Шанхай бестігі. Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы сыртқы саясатына «Шанхай бестігі» аталған басқосулар айтарлықтай орын алды. 1996 жылы 26 сәуірде Қытайдың Шанхай қаласында шекаралары шектесіп жатқан 5 мемлекет – Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасы басшыларының алғашқы кездесуі өтті. Осы форумға қатынасқан мемлекеттердің басшылары кейін Мәскеуде (1997 ж.), Алматыда (1998 ж.) және Бішкекте (1999 ж.) кездесті.

Осы бес елдің жалпы аумағы жер шарының Еуразия бөлігінің бестен үш бөлігін, тұрғындарының үлесі дүние жүзі халықтарының төрттен бірін құрайды. Сондықтан бұл «бестіктің» ынтымақтастығы мен өңірлік саясат жүргізудегі бағыттарының осы елдер үшін ғана емес, сонымен қатар жер жүзі халықтарының тағдыры үшін де маңызы зор. «Шанхай бестігінің» осы кезге дейін өткен төрт кездесуінде Қазақстан делегациясы айтарлықтай белсенділік көрсетті. 1996 жылы Шанхайда өткен алғашқы басқосуда ортақ шекараларға байланысты әскери саладағы сенім мәселелері талқыланды. Мәскеуде өткен кездесуде шекаралық аудандардағы қарулы күштерді қысқарту жөніндегі құжатқа қол қойылды. Ал, 1998 жылы Алматы саммитінде «бестік» елдерінің өзара қатынастарындағы басым бағыттар айқындалып, осы елдер арасындағы сауда – экономикалық қатынастарды теңдік және өзара тиімділік негізінде дамыту мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың, Қырғыз Республикасының Президенті А.Ақаевтың, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цземиннің, Ресей Федерациясының Президенті Б.Ельциннің, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Рахмоновтың қатысуымен 1999 жылғы 24-25 тамызда Бішкекте өткен басқосуда осыдан бұрын Шанхайда, Мәскеуде және Алматыда қол жеткен келісімдердің орындалу барысы жөнінде пікір алмасылды, өңірдегі қауіпсіздік пен қарым-қатынас мәселелері талқыланды және «Бішкек декларациясы» деген маңызды құжат қабылданды.

Осы кездесудің алдында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цземинмен әңгімелесті. Мемлекет басшылары екі ел арасындағы қатынас оңды бағытта дамып келе жатқандығын атап өтті. Қазақстан ТМД елдері арасында тауар айналысы бойынша Қытай үшін екінші әріптес болып отырғаны айтылды.

Соңғы кезде ұзаққа созылған келіссөздер нәтижесінде екі ел арасындағы шекаралық мәселелер екі жақ үшін де әділ шешімін тапты: Шағын-Оба асуы мен Сарышөлді өзені аудандарындағы даулы болып келген жерлер жөнінде Қазақстан мен Қытай арасында келісімге қол жетті. Жалпы көлемі 1000 шаршы шақырым болатын осы даулы жердің, 57%-ы Қазақстанға, 43%-ы Қытайға жатады деп шешілді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы президенттері екі мемлекет арасындағы мәселелердің өз деңгейінде толық шешілгендігін мәлімдеді. Екі ел арасында мәңгілік достық пен қатынастар жөніндегі Декларация қабылдау, мұнай шығару, өңдеу және тасымалдау, Байқоңыр ғарыш алаңын пайдалану туралы келісімдерге қол жетті. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Ресей Президенті В.Путин 2005 ж. 18 қаңтарда Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қойды. Шын мәнінде, тарихи деп бағалауға болатын осы құжат бойынша екі ел үшін де айрықша маңызы бар шекара мәселесі халықаралық нормаларға сәйкес шешімін тапты. Елбасы атап өткендей, «қадым замандардан қазақ-орыс елдері арасында шекара бірінші рет заңды түрде тартылып отыр». Әлемдегі жерүстілік ең ұзын саналатын, жалпы аралығы 7591 шақырымды құрайтын бұл шекара сызықтары белгіленіп және мойындалып, екі мемлекет арасындағы мызғымас достықтың сенімді кепілі ретінде бағаланды [4].

Қазақстанның жекелеген мемлекеттермен және кейбір өңірлердегі елдер тобымен арақатынасына тоқталар болсақ, Ашық теңізге тікелей шыға алмайтын Қазақстан үшін Каспий және оңтүстік арқылы Қара теңіз бен Жерорта теңізіне шығу мәселелері маңызды. Қазақстанның әсіресе Түркиямен қатынастары жақсы дамыды. Республика аумағында жүздеген қазақ-түрік бірлескен кәсіпорындары пайда болды. Қысқа мерзімде Түркияның белсенді қатысуымен Алматыда «Анкара» қонақ үйі салынды. Қазақстанның түрлі деңгейдегі делегациялары Түркияда өткен конференцияларға қатынасса, түрік ғалымдары Қазақстанда болған ғылыми форумдарда белсенділік көрсетті. Жүздеген қазақ жастары Стамбул мен Анкараның университеттерінде оқыды.

Сонымен қатар, Қазақстанның дамыған Батыс державаларымен қатынастары да басты назарға алынған. КСРО-ның ыдырауына байланысты дүние жүзіндегі күштердің орналасуындағы екі полюстік сипат көмескіленіп, көп полюсті сипат белең ала бастады. Осыған орай дүние жүзіндегі ең қуатты держава – Америка Құрама Штаттарымен қатынастарға тиісті мән берілуде. Қазір Вашингтонның халықаралық даму үрдісіне орасан зор екені белгілі. Қазақстанның бұл елмен ара-қатынасы өзара мүдделерінің тең құқықтығы мен теңдігіне негізделуде.

Қазақстан үшін республика экономикасын айтарлықтай инвестиция беріп отырған Америка Құрама Штаттарымен іскерлік қатынастар орнатудың маңызы зор. АҚШ Қазақстанның мәдениеті мен білім саласын дамытуға да қол ұшын беруде. «Болашақ» бағдарламасы аясында қазақстандық студенттер АҚШ-тың, Францияның, Германияның оқу орындарында білімдерін жетілдіруде.

Қазақстанның Батыс Еуропа мемлекеттерімен, соның ішінде Англиямен қатынасы егемендік жарияланбай тұрған кезде басталған болатын. Содан бергі уақыт ішінде бұл елмен байланыс қанағаттанарлық деңгейде дамып келеді. 1992 жылдың күзінде президент Н.Ә.Назарбаев Германияда болып, канцлер Г.Кольмен кездесті. Кездесу нәтижесінде екі мемлекет арасындағы қатынастардың негіздері туралы бірлескен мәлімдеме жарияланды. Сол жолы Қазақстанның Елбасын Елисей сарайында Франция президенті Ф.Миттеран қарсы алды. Бұл елмен достық, ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шарт жасалынды. Н.Ә.Назарбаев жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясына қол қойды.

Келіссөздер Қазақстанның сыртқы саясаты қызметінің еуропалық бағытта жаңа серпін алуына септігін тигізді. Қазақстан Венгриямен, Болгариямен, Чехиямен, Румыниямен өзара тиімді қатынастар орнатты [5].

Қуатты әскери-саяси ұйымдармен қатынастар. Варшава шарты ұйымы тарағаннан кейін қазіргі әлемде НАТО-ның рөлі жаңаша көріне бастағаны белгілі. Қазақстанның осы әскери ұйыммен жақындасуына ілік пайда болды. НАТО-ның Еуропа және ТМД елдеріне жәрдемдесуге, аймақтық қақтығыстардың алдын алуға мүмкіндіктері бар. Осыны ескере отырып, Қазақстан НАТО-мен байланысты кеңейту шараларына ден қоюда.

Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азияда АСЕАН (Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы) мемлекеттерімен және Моңғолстанмен қатынастары да жолға қойылып келеді.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты мақсат – бейбітшілік, соғысты болдырмау. Қазақстанның жалпы адамзаттық қауымдастыққа төте енуіндегі үлкен қадамдардың бірі 1992 жылы Финляндияның астанасы Хельсинкиде жасалды. Шілденің 8-күні мәтіні Финляндия үкіметіне сақтауға тапсырылған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің қорытынды актіне бұрынғы Кеңес Одағы мен Югославия Федерациясынан тәуелсіздік алып шыққан бір топ мемлекеттердің басшыларымен бірге Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойды. Жер шарында бейбітшілікке қол жеткізу мұраттарын жүзеге асыруда үлкен рөл атқарып келген осы бір маңызды құжатқа қол қойып, оған бейіл танытумен Қазақстан дүние жүзі халықтарының алдында салауатты саясат жүргізетін мемлекет екендігін көрсетті.

1992 жылғы қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында тұңғыш рет Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы идеяны ұсынды. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1993 жылдан 1998 жылға дейінгі кезеңде Азия елдері сыртқы істер министрлері сарапшыларының кездесулері өткізілді. АӨСШК-нің базалық құжаттарының, жобаларын - «АӨСШК рәсімінің ережелерін», «АӨСШК принциптерінің декларациясын», «АӨСШК құрылымдары мен институттарын» әзірлеу үшін Арнаулы жұмыс тобы (АЖТ) құрылды, АӨСШК-нің сыртқы саяси ведомстволары басшылары орынбасарларының екі кеңесі өткізілді.

1999 жылғы 14 қыркүйекте АӨСШК-ке мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің Алматы қаласында өткен 1-кездесуі және оның барысында АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің арасындағы қатынастарды реттейтін принцип Декларациясына қол қойылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың көп жақты тетігін құру жөніндегі бастамасын ұсынған сәттен бастап, Қазақстан дипломатиясының аса ірі жетістігіне айналды. Сонымен қатар, Алматы қаласында АӨСШК-ке мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің 2004 жылғы қазанда 2-ші, 2008 жылғы 25 тамызда 3-ші кездесулері өтті. Нәтижесінде, АӨСШК-ге мүше-мемлекеттердің әлемдегі және өңірдегі қауіпсіздіктің тиімді мәселелері бойынша берік ниеттес көрегендігі және ұстанымы керсетіліп, «АӨСШК-нің сенім шараларын іске асырудағы процесі» Декларациясын қабылдады.

2002 жылғы 3-5 маусымда Алматы қаласында АӨСШК-нің тұңғыш саммиті өткізілді, оған Қазақстан, Ресей, Қытай, Пәкістан, Түркия, Монғолия, Қырғызстан, Тәжікстан және Ауғанстан президенттері, Әзірбайжан мен Үндістанның премьер-министрлері, Иранның, Египеттің, Палестина мен Израильдің уәкілетті ресми тұлғалары, АҚШ, Индонезия, Малайзия, Жапония, Таиланд, Вьетнам, Украина және Корея Республикасы бақылаушы-мемлекеттерінің өкілдері, сондай-ақ ЕҚЫҰ, БҰҰ және АМЛ-ның (Араб мемлекеттері лигасы) бақылаушы-ұйымдарының басшылығы қатысты. Саммит барысында Алматы актісіне, лаңкестікті жою және өркениеттер арасындағы пікір алысуға жәрдемдесу туралы Декларацияға қол қойылды.

Алматы саммитінің бірегейлігі мынада: оған сол кезде араларында жанжалдар шиеленісті күйге жеткен елдердің басшылары қатысты, олар: Үндістан мен Пәкістан, Палестина мен Израиль. Сөйтіп, АӨСШК сол кездің өзінің міндет-мақсатын, яғни проблемалар мен жанжалдарды реттеудің ымыралы жолдарын іздестіру мақсатындағы пікір алысу үшін ашық форум болу міндетін қуаттай алды. Ал, 2006 жылғы 17 маусымдағы саммит барысында Хатшылық туралы келісімге Алматы немесе Астана қалаларында штаб-пәтері бар қол қою Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті институттық тұрғыда нығайтуға қосылған елеулі үлес болды.

Қазақстан БҰҰ мүшесі ретінде ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЭКОСОС, УВКБ сияқты ұйымдардың қызметіне белсене қатысады. Сонымен бірге халықаралық беделді ұйымдармен – Халықаралық валюта қоры, Қазақстан Халықаралық қайта құру және өркендеу банкіне, Еуропалық қайта құру және өркендеу банкіне, Еуропа және Азия даму банкіне, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы және т.б. қатынас жасайды.

Әлемдік деңгейдегі оқиғалардың бірі 2003 ж. ақпанда Алматыда өткен бірінші Бейбітшілік және келісім жөніндегі халықаралық конференция болды. Ол Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен шақырылды. Өркениеттер мен халықтар арасындағы әлемдік диалогтың алға басуы туралы оның бастамасының шынайы іске асуының көрінісі еді. Онда Елбасы төрағалық етуге сайланды. Бұл форумның жұмысына Қырғызстан мен Тәжікстанның президенттері, Түркия, Әзірбайжан, Ауғанстанның жоғары лауазымды өкілдері, дипломаттар, діни ұйым басшылары, көрнекті саяси қайраткерлер қатысты. Конференцияға және Н.Ә.Назарбаевтың атына АҚШ президентінің, Түркия, Украина, Израиль премьер-министрлерінің, АҚШ-тың бірқатар

сенаторларының атынан жолдаулар келіп түсті. Н.Ә.Назарбаев өзінің сөзінде конференцияның мақсаты «көптеген мемлекеттердің өкілдері, дін, мәдениет және өркениеттер арасында ашық диалог қалыптастырып, осындай қиын-қыстау кезеңде әлемді әлдеқайда қауіпсіздендіру» екендігін атап көрсетті. Конференция қорытындысында «Бейбітшілік пен тұрақтылық жөнінде» Біріккен декларация қабылданды [6].

2007 жылы 30 қарашада Мадридте ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің жалпы отырысында Қазақстан Ұйымының 2010 жылғы төрағасы болып сайланды. 2010 жылы Қазақстанға бұл мүмкіндікті берген 56 мемлекеттің шешімі – еліміздің қол жеткізген елеулі табысы. Қазақстан, Прибалтиканы қоса алғанда, ТМД-нің ішінде әлемнің демократиялық дамыған елдері негізін қалаған осынау беделді халықаралық ұйымды басқару құрметіне ие болған бірінші ел. Бұл оқиға Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз, экономикалық жағынан қуатты және демократиялық мемлекет орнату жөніндегі аса көрнекті жетістіктерін, біздің еліміздің тек өңірде ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесін әлемдік қауымдастықтың әділ танып білуінің нәтижесі еді. Қолданыстағы ережелерге орай ЕҚЫҰ-ның Төрағасы Мемлекеттік хатшы – Қазақстан Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев болды. 2010 жылғы 14 қаңтарда Президент Нұрсұлтан Назарбаев ЕҚЫҰ-ның Тұрақты кеңесінің Венада өткен отырысына қатысушыларға Үндеу жолдады. Өзінің бейне үндеуінде мемлекет басшысы ЕҚЫҰ қызметіне негізгі көзқарастарды баяндады, Қазақстанның Ұйым төрағасы қызметіндегі мұрат-мақсаты мен басым бағыттарын жариялады. Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның төрағалығы сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік сияқты принциптерге негізделетінін атап көрсетті.

2010 жылы 1-2 желтоқсан күндері Қазақстан Республикасының елордасы – Астанада өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Саммиті саяси мүмкіндіктің ауқымды оқиғасына айналды. Астана Саммиті ұйым тарихындағы жетінші саммит болып табылады. Тәуелсіздігіміздің туын әлем аспанында желбіреткенімізге 19-ақ жыл болғанымен, Еуропа мен Азияның, Солтүстік Американың 56 мемлекеті мүше Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) Саммиті Орталық Азия елдерінің, сондай-ақ ТМД мемлекеттерінің ішінен бірінші болып Қазақстанда, Астанада өтті. Әлемдегі ең беделді ұйымдардың бірі – ЕҚЫҰ Саммитінің Астанада өтуі арқылы Қазақстан мемлекетінің, Қазақ елінің тәуелсіздігі төрткүл дүниеге түгел танылып қана қоймай, оның дүрбелеңге толы дүниежүзілік саясат сахнасының төрінен берік орын алғаны дәлелдеді. «Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті Ұйымның өзі үшін де, сонымен қатар Қазақстан үшін де сөзсіз маңызды оқиға болды. Астаналық кездесуде бірқатар қатысушылар арасындағы өткір пікірталас аясында Қазақстан өз төрағалығын жоғары позитивті нотада аяқтап, алға қойған мақсатын тиімді орындай алды. «Еліміздің еңсе көтеріп, әлемдегі беделді ұйымдардың бірі – ЕҚЫҰ-ға табысты төрағалық жасағанының жалғасындай болып өткен саммиттің үлкен нәтижесі Астана Декларациясының қабылдануы болды. Астана декларациясының өзегі – ЕҚЫҰ мүшелері түгелдей осы ұйым жұмысының тиімділігін арттыру жолындағы жұмыстарды жалғастыруға уағдаласты. Сонымен, басты жеңіс – Декларацияның қабылдануы. Бұл – Қазақстан дипломатиясының жеңісі болып табылатыны даусыз [7].

Еліміздің халықаралық деңгейдегі дәрежесі бұдан кейін де өсіп, 2011 жылы Ислам Ынтымақтастық Ұйымының (ИКҰ) Сыртқы істер министрлері кеңесіне (СІМК) төрағалық ету мәртебесіне ие болды. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе. Өйткені, Ислам Ынтымақтастық Ұйымы ислам әлемінің басты үкіметаралық органы ретінде әлемдік қоғамдастықта ерекше орын алып отыр. ИКҰ бүгінгі күні Азия, Африка, Еуропа және Оңтүстік Америка континенттерінен 1,5 миллиардтан астам тұрғыны бар 57 мемлекетті біріктіре отырып, БҰҰ-дан кейінгі ең ірі халықаралық ұйым болып табылады. Бұл ұйым 1969 жылы құрылған уақытынан бастап барлық мүше мемлекеттердің саяси мәселелерімен қатар, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени сипаттағы түрлі мәселелерді шешумен айналысып келеді [8].

Қорыта келгенде, тәуелсіз Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен әрі тарихи тағдырлас елдермен ынтымақтастық жағдайында өмір сүруге баса көңіл бөліп, олармен тең дәрежеде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатты. Қазақстан Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық құрметті әріптеске, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болды, оның бастамалары тәжірибе жүзінде әрқашан кең қолдау тапты және нақты іс жүзіне асырылып отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. А., 1992.
2. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында. Алматы, 2006 ж. 365-375бб.
3. К. Аманжолов. Қазақстан тарихы. Дәрістер курсы. Алматы, 2004 ж. 316-317 бб.
4. Мусин Чапай. Қазақстан тарихы. Алматы, 2008 ж. 443-465 бб.
5. Қазақстан тарихы 5 томдық, 5 том. Алматы, 2010 ж. 401-408 бб.
6. Қазақстан тарихының очерктері. Алматы, 2005
7. E-mail Krosce (at) Kazakhstan. At
8. Л. Қалыбекова. Қазақстан және Ислам Конференциясы Ұйымы: бүгінгі мен ертеңі. //Егемен Қазақстан. 13 қараша, 2010.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль Независимого Казахстана в мировом сообществе.

SUMMARY

The article discusses the role of independent Kazakhstan in the international community.

ӘОЖ 9(С)55 Қ 45

ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ЭТНОГЕНЕЗІ МЕН ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ

*Қасымбекова М.А. - оқытушы,
Қоңырова А.М. - оқытушы
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Қыпшақтар билігінің Арал өңірі мен Сырдария бойындағы аймақтарға таралуына байланысты этникалық саяси жағдайдың өзгеруіне қарай ХІ ғасырдың 2-ширегін басында «Оғыздар даласы» (Мафазат әл-гузз) деген атаудың орнына «Қыпшақтар даласы» (Дешті Қыпшақ) деген атау пайда болды. Маңғыстауды, сондай - ақ оған жапсарлас жатқан аймақтарды қаратып алған қыпшақтар Хорезмнің солтүстік шегіне жақындап келді. Сол арқылы қыпшақтардың саяси ықпалы едәуір кеңейді. Мақалада қыпшақтардың этногенезі мен этникалық тарихы қарастырылған.

Түйін сөздер: қыпшақтар, оғыздар даласы, куман тайпалары, жайлау, қыстау, ХІІ ғ., ХІІІ ғ., хорезмшах, орда, мемлекет.

ХІ ғасырдың басында бұрынғы кимек, қыпшақ және куман тайпалары қоныстанған аумақта әскери-саяси үстемдік қыпшақ хандарының қолына көшті. Қыпшақтардың билік басына келген билеуші әулеттік шонжарлары оңтүстік және батыс бағыттарда белсенді

қимыл жасай бастады, мұның өзі оларды Орта Азия мен Оңтүстік-Шығыс Европа мемлекетімен тікелей белсенді қарым-қатынас орнатуға жеткізді.

XI ғасырдың екінші ширегінде қыпшақтардың әскери-тайпалық шонжарлары Сырдарияның төменгі және орта аңғарынан, Арал мен Каспий өңірі далаларынан оғыз жабғуларын ығыстыруына экономикалық және саяси себептер де болған еді. Саяси фактор ең алдымен XI ғасырдың бас кезінде Орталық Азия тайпаларының батыс бағытында қозғалуына ұласқан сыртқы оқиғаларға байланысты болатын. Сонымен бірге қыпшақтардың өзін-өзі билеуге және өз мемлекетін құруға ұмтылған әулеттік топтардың орталықтан аулақтау сарынының маңызы аз болған жоқ. XI ғасырдың бірінші жартысында күшейген қыпшақ тайпаларының көсемдері, тегінде, жайылымдық жерлердің тапшылығына ұшырап, сонымен қатар Еділ бойы, Үстірт және Сырдарияның төменгі ағысы арқылы өтетін аса маңызды сауда жолдарын өз бақылауына алуға ұмтылған болса керек. Азияны Еуропамен жалғастырып жатқан жолдың бұл учаскесі маңызды баю жолдарының бірі ретінде мейлінше қажетті болатын.

Қыпшақтар билігінің Арал өңірі мен Сырдария бойындағы аймақтарға таралуына байланысты этникалық саяси жағдайдың өзгеруіне қарай XI ғасырдың 2-ширегін басында «Оғыздар даласы» (Мафазат әл-гузз) деген атаудың орнына «Қыпшақтар даласы» (Дешті Қыпшақ) деген атау пайда болды. Маңғыстауды, сондай-ақ оған жапсарлас жатқан аймақтарды қаратып алған қыпшақтар Хорезмнің солтүстік шегіне жақындап келді. Сол арқылы қыпшақтардың саяси ықпалы едәуір кеңейді. XI ғасырдың ортасында кумандардың негізгі бұқарасы мен билеушісі тоқсоба және бұржоғлы руларының қол астындағы қыпшақ тайпаларының үлкен топтары оңтүстік орыс және Қара теңіз өңірі далалары мен Византия шекараларына дейін қоныс аударды. Осы оқиғалардың нәтижесінде қыпшақ тайпаларының жері этно аумақтық екі бірлестікке: Еділ өзені бөліп жатқан Шығыс қыпшақ және Батыс қыпшақ бірлестіктеріне бөлінді. Қазіргі Қазақстан аумағының көп бөлігі Шығыс қыпшақ ұлысы ханының билігінде болды.

Ғылыми әдебиетте қыпшақтарда мемлекет болу проблемасына екі көзқарас бар. Олардың біріншісін жақтаушылар қыпшақтарда бір жағдайда-бұрынғы мемлекеттік құрылым ретінде, ал екінші жағдайда, атап айтқанда, хорезмшахтардың мәдени ықпалы барысында қыпшақтардың мемлекеттік дәстүр элементтерін игеруі ретінде қарастырылатын мемлекеттік болған деп санауға бейім.

Екінші пікір бойынша, мемлекеттің болу мүмкіндігінің өзі бекерге шығарылады. Мәселен, қыпшақтардың саяси құрылысы Ұлы Далаға мемлекетсіз үйренісудің үлгісі ретінде анықталады. Алайда, екі жақтың да көзқарасындағы айтарлықтай олқылық проблеманы кимектер мен қыпшақтар арасындағы сабақтастық байланыстар тұрғысынан қарастыруды ұнатпаушылық болды. Айта кетелік мұндай мүмкіндік кимектерде мемлекет болғаны анықталғаннан кейін ғана туды. Жазбаша деректемелердің мәліметтері қыпшақтарды Кимектер мемлекетінің толық құқылы мұрагерлері болған деп санауға мүмкіндік береді.

XI ғасырдың екінші жартысынан XII ғасырдың бірінші үштен біріне дейін қыпшақ хандарының саяси бірлігінде де біршама тұрақтылық байқалады, солардың ішінен деректемелерде ең елеулі екі билеуші - «құдіретті» билеуші және «ең үлкен құрметке ие патша» бөліп айтылады.

Бұл айтылғандар қыпшақтардың этно әлеуметтік қауымында ерекше ықпалы бар билік иелері жоғарғы хандар болған деп санауға мүмкіндік береді.

Қыпшақ хандарының билігі әкесінен баласына мұраға қалып отырған. Елбөрілі әулеттік ру саналған, хандар солардан шыққан. Тарихшы Джузджани (1260 жылдан кейін қайтыс болған) қыпшақ ханының әлеуметтік руы туралы мынадай құнды мәліметтер келтіреді: жас кезінде Қазақстан аумағынан Үндістанға монғолдардан қашып барған («ұлы» ханның асқан ұлы ұлылығы), Дели сұлтанында ол «Елбөрі ханы және имектердің шахы» ретінде белгілі болды. «Ұлық – ханның әкесі де, - деп жазады одан әрі Джузджани, - Елбөрі тайпасының арасында күшті кісі болған және хан атағымен аталған», ал оның атасы Елбөрі Абар-ханның

ұрпағы саналады. Демек, Абар-хан қыпшақтардың әулеттік елбөрі (елбөрілі) руының генеологиялық негізін қалаушыдан басқа ешкім де емес.

Осыған байланысты Махмұд Қашғаридың қыпшақтар арасындағы Табар-хан есімді тұлға туралы мәліметі назар аудартады. Алайда ол Табар-хан жөнінде ешқандай қосымша мәліметтер келтірмейді. Ал барлық жағынан алып қарағанда, Табар-хан мен Абар-хан бір ақ адам. Осыны негізге ала отырып, Табар-хан (немесе Абар-хан) XI-XIII ғасырдың басындағы Қыпшақ хандары әулетінің алғашқы атасы болған деуге болады.

Орда деп аталған хан ордасында ханның мал-мүлкі мен хан армиясын басқарған ханның басқару аппараты орналасты. Әскери – әкімшілік жағынан Қыпшақ хандары ертедегі түріктердің дәстүрлерін ұстанып, екі қанатқа: ордасы Жайық өзенінде Сарайшық қаласы орнында орналасуы ықтимал оң қанатқа және ордасы Сығанақ – қаласында (Сырдарияда) орналасқан сол қанатқа бөлінді. Неғұрлым күштісі оң қанат болды. Дұрысына келгенде, хандықтың орталығы Торғай далаларында болса керек. Әскери ұйым мен әскери-әкімшілік басқару жүйелеріне ерекше мән берілді, өйткені, олар көшпелі тұрмыстың ерекшелігін көрсетті және көшпелі тіршілік әдісі үшін ең табиғи және қолайлы болды.

Қыпшақ тайпаларының көшіп – қонуы тез малшы топтары жүздеген, ал кейде мыңнан да астам шақырым жерге көшіп жүрді. Олардың көшетін аумағы тарихи дәстүрлерге, байлық дәрежесіне және табиғат жағдайларының сипатына қарай әр түрлі болып отырды. Негізгі жайылымдардың орны мен көшу жолдары, сан ғасырлық тәжірибе ұрпақтардың бойында қалыптасты.

Осыған байланысты «отан» (этникалық аумақ) ұғымына «жайылымдық жер», «жайлау» және «қыстау» ұғымдары арқылы ой жүгіртуге болады. Тұрақты көшу жолдарын елеулі экономикалық, әлеуметтік немесе саяси себептер ғана өзгерте алатын. Көшу жолдары мен жайылымдарды бөлу қоғамның қалыпты тіршілігін қамтамасыз еткен жайылымдық көшпелі жүйенің негізгі шарты болды. Мал ұрлау қатаң жазаланды, дағдылы құқықтың (төре) орныққан нормалары бойынша жазаланады деп есептелді. Жеке меншіктегі малға рулық-тайпалық белгілер (таңбалар) салынды. Малынан айырылған, демек, көшу мүмкіндігін жоғалтқан еркін қауым мүшесі отырықшы тұрғындар – жатақтар (ятұқтар) қатарына өтті. Кедей ятұқтар жеткілікті мөлшерде мал пайда болысымен-ақ, ол қайтадан көшпелі шаруашылыққа ауысып отырды. Қыпшақ хандары Орта Азия мемлекеттерімен, әсіресе хорезм шахтарымен ерекше табанды күрес жүргізді. Егемендікті тану, әдетте, вассалдардың билеушілерге адалдыққа ант беріп, алым төлеуінен, оның соғыс жорықтарына өз қолдарымен қатысуынан көрінді. Селжұқтар әскерінің құрамы көбінесе қыпшақ көсемдері бастаған тайпалық топтармен толықтырылып отырды.

XI ғасырдың соңғы ширегінің аяғында Маңғыстауда және Каспий теңізінің шығыс жағалауында бұрынғысынша қыпшақтар билік жүргізді, оларға оғыз және түрікмен тайпаларының жекелеген топтары саяси жағынан тәуелді болды. 1096 жылы «күдіретті» хан бастаған қыпшақ бірлестігінің тайпалары Хорезмге жорық жасады. Алайда хорезмшахтардың қамқоршылары селжұқтар оларды Маңғыстауға қайтуға мәжбүр етті.

Махмұд Қашғаридың жанама мәліметтеріне қарағанда, қыпшақтардың әскери-көшпелі шонжарлары қарахандар әулетінің билеушілерімен саяси жағынан күрделі өзара қатынастарда болған. Қарахандар қыпшақ ұлысының шығыс шектеріне жорықтар жасады, ал кимектер Ертіс жағалауынан Жетісудағы түріктердің мұсылман державасына шапқыншылық жасады. Қыпшақ хандары өз жерінің оңтүстік – батысында, Тараз аймағында Қарахандар мемлекетімен шекаралық мекен ретінде Кенжек сенгір бекінісін салды.

XI ғасырдың аяғында Жент, Жанкент және төменгі Сырдарияның басқа да қалалары қыпшақ көсемдерінің қолында қала берді. Алайда XI ғасырдың бірінші жартысында бұл аймақ қыпшақ хандары мен оны қайткен күнде де иеленуге тырысқан Орта Азияның мұсылман әулеттері арасындағы табан тірескен күрес өңіріне айналды. Кутб ад-дин Мұхаммед билеген кезеңде (1097-1127) қыпшақтар Хорезмшахқа пәрменді қарсылық көрсетіп, төменгі Сырдария мен Арал және Каспий теңіздері аралығындағы далалық

жерлерді өздеріне сақтап қалды. Қыпшақ билеушілері Мұхамедтің мұрагерлері, ұлы Атсызды (1127-1156) күшті де алғыр қарсылас деп білді. Хорезмшах билігінің алғашқы кезінде Санжарға адал бодан балып қала берді. Сол екі арада, көп кешікпей ол өзінің бүкіл ой-ниетін ең алдымен шектес жатқан қыпшақ тайпаларын бағындыру арқылы өз билігін күшейтуге бағыттады. Исламды таратуды желеу еткен Хорезмшах Атсыз Жентке жорық жасап, оны жаулап алды да, сонан соң солтүстікке аттанып, Маңғыстауды өз иеліктеріне қосты.

XII ғасырдың ортасында қыпшақтар мен кимектердің әскери қолдары Еділ бойында орналасқан Саксин мен оның төңірегіне жорық жасады. Осы оқиғалардың нәтижесінде Саксин тұрғындары қыпшақ хандары оған өз наместниктерін (басқақтарын) тағайындады. Орныққан дәстүрге сәйкес, Хорезм билеушілері қаңлылар мен қыпшақтардың хандарының руынан әйел алатын. Біріккен қаңлы тайпалары XII ғасырдың екінші жартысы – XIII ғасырдың басында өзін-өзі билеуге ұмтылған және сол арқылы Қыпшақ хандығының саяси бірлігіне жәрдемдеспеген үлкен саяси күш болды. Хорезмшахтардың негізгі әскери тірегі қаңлылар мен қыпшақтардың топтары болғаны мәлім. XIII ғасырдың басында Хорезмшахтар сарайында қаңлылардың басшысы Әмин Мәлік үлкен рөл атқарды, ал оның қызын Хорезмшах Ала ад-Дин Мұхаммед алған еді. Хорезмшахтар мемлекеттік және әскери лауазымдар берген қыпшақ ақсүйектері хорезмшахтардың мүдделерін қорғады. Қыпшақ қоғамында қыпшақтардың едәуір топтарының Хорезмді жақтаған бағыт ұстауы, сондай-ақ жоғарғы билік үшін бақталастықтың орталықтан аулақтану сарындары туғызған ішкі қайшылықтар күшейді. Осы жағдайда хорезмшахтар қыпшақ көсемдері арасында шеберлікпен араздық отын тұтатып, қолдап отырды.

XII ғасырдың аяғында Қадыр-Буке-хан мен оның жиені Алып-Дерек дауласып қалды. 1198 жылы Такештің ұлы Мұхаммед Алып-Дерекпен бірге далаға жорық жасады. Қадыр-Буке-хан талқандалып, Хорезмге жеткізілді. Хан билігі Алып-Дерекке көшті, ол хорезмшахтарға тәуелсіз саясат жүргізді. Қыпшақ ханының одан әрі күшеюінен қауіптенген Текеш Қадыр-Буке ханды босатып, оған Хорезмнің көп әскерін берді де, Алып-Дерекке қарсы аттандырды. Соның нәтижесінде Алып-Дерек талқандалды, алайда Қадыр-Буке-ханның өзі Хорезмшахқа тәуелді болып қалды.

XIII ғасырдың басында мұсылмандық Азияда дәмеленген хорезмшах Мұхаммед (1200-1220) мемлекетінің құрамына Сығанақ аймағы да кірді. Сығанақ иелігінен айырылғанына қарамастан, қыпшақ хандары Хорезмге қарсы табанды күрес жүргізуін жалғастыра берді. Женттен Мұхаммед солтүстікке қарай Дешті Қыпшақтың қыпшақтарына қарсы талай рет жорық жасады. 1216 жылы Қадыр-ханға қарсы бір соғыс жорықтары кезінде ол Ырғызға дейін жетіп, онда Торғай даласында моңғолдардан қыпшақтар еліне қашқан меркіттерді қуып келе жатқан Шыңғысхан әскерімен мүлдем күтпеген жерде қақтығысып қалды. Сұлтанмен шайқастан кейін моңғолдар түн жамылып шегініп кетті. Бұл Қазақстан жеріне моңғолдардың алғашқы келуі болатын, ол қыпшақтардың хорезмшахтармен ұзаққа созылған бақталастығын тоқтатты.

Қыпшақ мемлекеті құлады, алайда оның даму үрдісін XIII ғасырдағы ауыр оқиғалар біржола күйреткен жоқ, тек қана тұншықтырып тастады, сөйтіп XV ғасырда, қазақ халқы мен мемлекетінің қалыптасу кезеңінде қайта шықты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гумилев Л. Көне түріктер. Алматы, «Білім», 1994.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992.
3. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и-Рашиди, Алматы, 1999 .
4. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы, 2005.
5. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Алматы, 1994.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы этнической истории, этногенеза и территории размещения кипчакских племен.

SUMMARY

Kypchaksky tribes problems of The ethnic history, etnogenesis and placing territory are told in This article.

ӘОЖ 94(517+574)

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫТАЙ ЕЛІМЕН ДОСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ОРНАУЫ МЕН ДАМУЫ

*Қозғамбаева Г.Б.-т.ғ.к., доцент
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Мақалада 20 жылдай уақыт аралығында Қазақ елі мен Қытай Халық Республикасы бір-бірін мемлекет ретінде мойындап, екі ел басшыларының жоғарғы деңгейдегі келіссөздері, ынтымақтастық бағытындағы маңызды құжаттарды қабылдауы және саяси экономикалық байланыстарымен қатар тығыз достық қатынастар орнату мен дамыту мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: Тәуелсіз Қазақстан, Қытай, достық, қатынастар, Н.Назарбаев, Ху Цзиньтао.

Қазақ елінің сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі Қытай Халық Республикасымен тығыз достық қатынастар орнату мен дамыту болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біздің ұлттық тарихымыздың ғасырлар бойы Аспан асты елімен қарым-қатынас ең басты маңызға ие болып келген. Соңғы кезде қарқынды дамып, өзінің аймақтағы және әлемдегі орнын нық бекіткен, адамзаттың ХХІ ғасырдағы дамуы көбіне-көп Қытаймен байланысты болады. Көптеген елдер Қытаймен арақатынасын өзінің сыртқы саясатының негізгі өзегі деп түсінеді. Ал Қазақстан үшін осынау болашағы зор, экономикасын қарышты қадаммен дамытып жатқан мемлекетпен ойдағыдай қарым-қатынас орнату айрықша маңызға ие» деді [1, 205-206 бб.].

Екі ел арасында дипломатиялық кездесулер нәтижесінде жан-жақты байланыс басталды. 1992 жылы 26-28 ақпанда ҚР-ның Премьер-министрі С.А.Терещенко бастаған үкіметаралық делегациясы ҚХР-на алғашқы ресми сапарын жасады. Нәтижесінде екі ел 9 үкіметаралық және мекемеаралық құжаттарға қол қойды. Қ.К.Тоқаев өзінің еңбегінде келіссөздер нәтижесі бойынша олардың ішінен төмендегілерді:

«Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияны құру туралы келісім; Қызмет бабындағы істер бойынша сапарға жүретін, барлық түрдегі паспорттың иегерлері визасыз режимді көздейтін азаматтардың өзара сапары туралы келісім; Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін ашу туралы» келісімдерді бөліп көрсетуге болатындығын атап көрсетті [2, 124 б.]. Екі ел халықаралық терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі саудасына, контрабандаға және т.б. заңға қайшы әрекеттерге қарсы күресте тиісті органдар арасындағы өзара бірлескен іс-қимылдары туралы келісілді. Сонымен қатар мәдениет, ғылым, техника, әдебиет, өнер, ақпарат, спорт және туризм салаларында жоғары деңгейдегі байланыстарды дамытуға жол ашылды. Екі мемлекет

арасындағы дипломатиялық қатынастардың нәтижесінде 1992 жылы ақпанда ҚХР-сы өз елшілігін Алматыда, ал желтоқсанда ҚР-сы өз елшілігін Пекинде ашты.

ҚР Сыртқы істер министрі Қ.Тоқаев Қазақстандық делегациямен 1992 жылы 10 тамызда ҚХР-на барған сапары нәтижесінде жасалынған келіссөздер барысында жеті маңызды құжатқа қол қойылды. Аталмыш құжаттардың арасындағы «ҚХР мен ҚР арасындағы консулдық шартқа» сай екі елдің шекара аймағында Хоргос (Қазақстан)- Хоргос (ҚХР), «Достық (Қазақстан) – «Алашаңқай» (ҚХР), «Бақты (Қазақстан) – «Покиту» (ҚХР) сияқты бақылау орындарын ашуға қол жеткізілді.

1993 жылы 18 қазанда Президент Н.Назарбаев Қытайға барған ресми сапары нәтижесінде жасалған келіссөздер барысында мемлекет басшылары «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Достық өзара қатынастар негіздері туралы Бірлескен Декларацияға» қол қойды. Аталмыш құжат бұдан кейінгі екі ел арасындағы бірнеше шарттар мен келісімдердің жасалуына және де жоғары деңгейдегі сапарлармен алмасуға жол ашып, олардың қарым-қатынастарының тез дамуына негіз салды. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың айтуы бойынша, «...Бірінші сапардан соң барлық сауда жолы ашылды. Бір жарым жылда екі ортадағы сауда он есеге өсті. Шекара бойы саудасы басталды. Алты асу ашылды» [1, 208 б.].

1994 жылы 25-28 сәуір аралығында ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Пэн Қазақстанға келген сапары нәтижесінде жүргізілген келіссөздер барысында екі ел арасында көптеген мәселелер қарастырылды. ҚХР-ның Төрағасы Цзян Цзэминь өз сөзінде: «Қазақстан мен Қытай – Азиядағы елеулі орын алатын мемлекеттер»-дей отырып, Қазақстанмен достық пен ынтымақтастықты нығайтуға барлық мүмкіндіктерді жасайтындығын мәлімдеді [3].

1995 жылы 11-13 қыркүйек аралығында Елбасы Н.Ә.Назарбаев ҚХР-ның Төрағасы Цзян Цзэминьнің шақыруы бойынша, Қытайға кезекті ресми сапары нәтижесінде «ҚХР мен ҚР арасындағы Достық қарым-қатынасты одан әрі дамыту және тереңдету туралы Бірлескен Декларацияға» қол қойды. Елбасының Қытайға жасаған екінші мемлекеттік сапары, Қытайдың қоғам қайраткерлері үшін Қазақстан туралы көп мағлұмат алуларына мүмкіндік берді. Бұл жөнінде «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасында екі жақты қатынастың орнауы мен дамуы егеменді Қазақстанның да, Қытайдың да сыртқы саясатында маңызды орын алады. Қазақстан мұнайы үшін Қытай әрі тұрақты, әрі сенімді тұтынушы болса, Қытай үшін Қазақстан ұзақ мерзімге мұнай, яғни экономиканың қайнар көзі ретінде болатыны анық» - деп баға берілді [4, 59 б.].

1992-1995 жылдар аралығында Қытай мен Қазақстан арасындағы өзара ынтымақтастық барысында, жалпы 33 үкіметаралық және 14 мекемеаралық құжаттарға қол қойылды. Олардың негізінде, екі жақты экономикалық ынтымақтастықтың нақты мәселелерін шешетін, олардың инфрақұрылымдарын жақсартатын құжаттарды қабылдауға мүмкіншіліктер ашылды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының жаңа сапалық деңгейге шыққандығын атап өтіп, оларды дамытуға екі мемлекет басшыларының кездесулері мен екі жақты келісімдердің үлкен үлес қосатындығын баса айтты. Сонымен қатар Н.Ә.Назарбаев көзқарасы бойынша «...ҚХР-мен арадағы достық қарым-қатынастарды тереңдету біздің республикаларымыздың ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келеді» [5, 605-606 бб.]. Қазақстанға 1996 жылы 4 шілдеде жасаған алғашқы сапары барысында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь тұңғыш рет Лобнор полигонындағы ядролық сынақтарға тыйым салатындығы жөніндегі ашық мәлімдемесін жасады. Екі ел басшыларының арасында жасалған келіссөздер барысында көптеген келелі мәселелермен қатар Ертіс және Іле трансшекаралық өзендер мәселесі, сондай-ақ екі елде тұратын туысқан адамдарды біріктіру мәселелері, екі жақты қарым-қатынас мәселелері туралы әңгіме қозғалды. Ал өз кезегінде ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь Қазақстанмен арадағы қатынастарды дамытуға Қытайдың зор маңыз беретіндігін атап өтіп, «Қытай ҚХР-ның Тынық мұхит жағалауына қарай Қазақстан мұнай құбырын салу жобасына оңды қарайтындығын және сарапшыларға бұл бағыттағы жұмысты тездетуді ұсынатындығын жасырмай атап өтті

[6, 4 б.]. Келіссөз аяқталғаннан кейін мемлекет басшылары екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту жолдары туралы сөз қозғады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1997 жыл 21 ақпанда, ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің шақыруы бойынша, ресми емес сапарын барысында екі мемлекет арасында дипломатиялық қатынастар орнатылғаннан бері өткен бес жылға қорытынды жасады. Әр алуан салалардағы екі жақты қатынастарды өзара тиімді негізде ұлғайтып, достық пен тату көршілікті бұрынғыдан да нығайта түсуге мүмкіндік жасалатындығы қарастырылды.

1997 жылғы 24-26 қыркүйек аралығында ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэн Қазақстанға екінші жасаған сапары барысында жасалған келіссөздердің нәтижесінде ҚХР Мемлекеттік Кеңес Премьері Ли Пэн мен ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың арасында тарихи маңызды құжатқа - «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара туралы Қосымша келісімге» қол қойылды. Сонымен қатар екі ел арасындағы мұнай мен газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, Қазақстан Республикасының Энергетика және Табиғат қорлары Министірлігі мен Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы арасында Қазақстан және Қытай мұнай құбыры, Өзен жобасы және Қазақстан-Иран мұнай құбыры жобалары жөніндегі келісімдерге қол қойылды [7, 35 б.].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1999 жылы 23-27 қараша аралығында Қытайға кезекті ресми сапары барысында жасалған келіссөздер нәтижесінде: «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырдағы стратегиялық өзара әріптестігі және серіктестігі туралы бірлескен Декларациясына», «Қытай мен Қазақстан Республикасы арасындағы шекара мәселесінің толық ретке келтірілгендігі жөніндегі Коммюникеге», «Антимонополиялық заң шығару саласындағы екі ел арасындағы ынтымақтастық бойынша Келісімге» және басқа да бір қатар мемлекетаралық құжаттарға қол қойылды. Екі ел басшыларының кездесулері барысында екі мемлекет арасындағы ынтымақтастығымыздың жылдан-жылға артып келе жатқан көптеген мәселелері қамтылады. Осы тұста, Қ.Тоқаев «1999 жылы екі ел басшысы төтенше маңызы бар құжатқа - ХХІ ғасырға арналған Стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойды» деп атап көрсетеді [8, 252 б.].

Сапар барысында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ҚХР Төрағасына аса сый құрметпен қарайтындығының белгісі ретінде Қытай басшысына ҚР-ның «Алтын Қыран» орденін сыйға тартты. Екі жақты қарым-қатынастарда бар ізгілік пен өзара түсіністіктің ахуалын Қытай басшысының төмендегідей мәлімдемесінен байқауға болады: «Халықаралық жағдай қандай өзгеріске түссе де Қытай барлық уақытта Қазақстанның сенімді досы және ізгі көршісі болады» [2,133-134 бб.].

2000 жылы шілде және 2001 жылы қыркүйекте Қытай делегациясының Қазақстанға келген ресми сапарлары нәтижесінде жасалған келіссөздер барысында екі ел арасындағы сауда-экономикалық, электр энергиясын тасымалдау, фосфор өнімдерін жеткізу және Қытайда тұратын қазақтардың тарихи отанына көшіп келуі мен олардың келіп қайту процесін жеңілдету сияқты мәселелер қаралып, шешімін тапты. Сонымен қатар, (2001ж.) қарастырылған маңызды мәселелердің бірі Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын демаркациялау және екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер мәселелерімен қатар алты үкіметаралық құжатқа қол жеткізілді. Олардың арасында: «Қытай мен Қазақстан Республикасы үкіметтері арасындағы бірлескен коммюникеге»; «Трансшекаралық өзендерді қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге»; «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Қытай Халық Республикасы мемлекеттік сейсмологиялық бюросы арасында жер сілкінісін зерттеу саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы»; «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы Денсаулықты сақтау министрліктерінің және медицина ғылымдар саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге»; «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісім» сияқты құжаттарға қол қойылды [8, 24-25 бб.]. Ал, осы Қытай басшыларының Қазақстанға жасаған 2000 жылы Ху Цзиньтаоның және 2001 жылы Чжу Жунцзының сапарлары барысында,

ҚХР-сы елімізге екі мәрте 10 миллион юань көлеміндегі қайтарымсыз қаржылық көмек көрсетілді. 2002 жылы мамырда «Қытай мен Қазақстан арасындағы мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы үкіметаралық хаттамаға», сонымен қатар екі мемлекет шекарасының топографиялық карталарының эталондық даналарына қол қойылды.

2002 жылы 23 желтоқсанда Президент Н.Назарбаев Қытайға ресми сапармен барып, жаңадан сайланған ҚХР-ның Төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесті. Пекиндегі келіссөздер барысында аса маңызды тарихи құжатқа «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартқа», сонымен қатар «Лаңкестікке, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге», «Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық бойынша Қытай-Қазақстан қосымша комитетінің құрылғандығы туралы келісімге» және «Шегірткеге және басқа да зиянкестер мен ауруларға қарсы күреске бағытталған шараларды өткізу барысында екі ел ауыл шаруашылық министрліктерінің арасындағы өзара ынтымақтастығы туралы келісім» сияқты маңызды құжаттарға қол қойылды. Екі ел арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылуы өткен он жылдағы өзара қарым-қатынастың саяси және экономикалық саласында жаңа кезеңдегі тұрақты ынтымақтастықтың өзіндік қорытындысы болып табылды.

2003 жылы 2-4 шілде аралығында ҚХР-ның Ху Цзиньтао Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Екі жақты келіссөздердің нәтижелі жемісі ретінде 2003 жылғы 3 шілдеде қол қойылған «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Бірлескен Декларациясы» болып табылады [10].

Бірлескен Декларациядан бөлек, бес құжатқа қол қойды. Олар: тату көршілік, достық, ынтымақтастық, лаңкестікпен, сепаратизммен және экстремизммен бірлесіп күрес жүргізу, білім беру және білім саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін 20 миллион юань көмек көрсету туралы келісім.

2004 жылы 19-20 мамыр аралығында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қытай Халық Республикасына тоғызыншы сапары барысында жасалған келіссөздер нәтижесінде, екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтатын тоғыз құжатқа қол қойылды.

Ал, 2005 жылғы 3-4 шілде аралығында ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың шақыруы бойынша, Астана қаласына ресми сапармен келді. Екі мемлекет басшыларының келіссөздері нәтижесінде бірқатар мәселелерге қол жеткізді. Олар: стратегиялық әріптестікті қалыптастыру және дамыту, геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі ынтымақтастық, трансшекаралық өзендер, «Қорғас» шекара мәселесі, ТрансҚазақстан темір жол магистралін салу мүмкіндігін бірлесіп зерттеу, ақпарат және коммуникация индустрия саласындағы ынтымақтастық, Қытай мемлекеттік электр желісі корпорациясы мен «КЕГОК» АҚ арасындағы ынтымақтастық, ҚХР Даму банкімен ынтымақтастыққа қол қойды.

Екі ел арасындағы шекара мәселесінің шешілуі ұзақ уақытқа созылған тарихи процес болғандықтан, ол бірден емес, біраз уақыт аралығында шешілді. 1994 жылы 26 сәуірде ҚХР Мемлекеттік Кеңестің Премьері Ли Пэннің Алматыға жасаған сапары барысында «Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы келісімге» қол қойылды.

1997 жылы 23 қыркүйекте ҚХР-ның делегациясы Алматыға келген сапарында, екі ел арасында Хан-Тенгри шыңының ауданындағы Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы Қосымша келісім қабылданды. Ал, 1998 жылы 4 шілдеде Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы жөнінде ұзаққа созылған келіссөздер аяқталды. ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминьнің ҚР-на жасаған сапары барысында екі ел басшылары шекараны түпкілікті белгілеудің және ортақ шекарадағы екі даулы учаскі жөніндегі мәселені шешкен тарихи Қосымша келісімге қол қойды [11, 106 б.].

1999 жылы желтоқсанда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-на жасаған сапары барысында Пекинде «Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы Шартқа» қол қойылуымен екі ел арасында ұзаққа созылған келіссөздер процесі толығымен аяқталып, Қытай-Қазақстан

мемлекеттік шекарасы заңды түрде рәсімделді. XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастау алған, екі ел арасында қол қойылған бір қатар нормативтік-құқықтық құжаттардың жиынтығына (1994 ж. Келісім, 1997 және 1998 жж. Қосымша Келісімдер) қарамастан ҚХР-сы мен ҚР-сы арасындағы мемлекеттік шекараны демаркациялау, яғни жергілікті жерлерде шекараның тиісті белгілерін орнату процесі іс жүзінде 2002 жылға дейін созылды. Екі ел арасында шекараны делимитациялау (белгілеу) мәселесі қиын да әрі ұзақ мерзімді процесстердің бірі болып табылды. Өйткені, ол саясат тұрғысынан және басқа да салалардың деңгейінен алып қарағанда, жете зерттелуді қажет ететін маңызды шара. Сондықтан, екі ел арасындағы мемлекеттік шекараны делимитациялау жұмыстары тек 2000 жылдың басына қарай басталды. 2002 жылғы 10 мамырда Қазақстанның СІМ Қ.Тоқаев ҚХР-на ресми сапармен барып, ҚХР Мемлекеттік Кеңес Премьерінің орынбасары Цянь Циченьмен және ҚХР СІМ Тан Цзясюаньмен кездесулер өткізді. Екі елдің сыртқы саяси мекемелерінің басшылары Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекараны демаркациялау туралы Хаттамаға қол қойып, тараптар «Қытай мен Қазақстан арасында шекара мәселесі толық шешілді» деп ашық мәлімдеме жасады. Хаттамаға және оған қосымша құжаттарға сәйкес Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасында жалпы 688 шекаралық белгілер: 342 – Қытай тарапында, ал 346 – Қазақстан Республикасы тарапында орнатылды. ҚХР-ның батыс көршісі Қазақстан Республикасының арасындағы шекарасының жалпы ұзындығы 1782 шақырымды құрайды.

2003 жылы Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы бірлескен декларациясының 3 бабына сәйкес екі елдің мемлекеттік шекара сызығын делимитациялау мен демаркациялаудың үлкен тарихи маңызы бар. Өйткені, екі жақтан да мемлекеттік шекараның мызғымастығы туралы халықаралық құқық принциптерін басшылыққа ала отырып, екі ел арасындағы тиісті шекара туралы келісімдерді бұлжытпай орындауға және бейбітшілік пен достықты нығайтуға келісім жасалды.

Қытай мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар бағытындағы қол қойылған шарттық-құқықтық негізіне қорытынды жасай келе, 1992-шы жылдан бастап 2010 жылға дейін екі жақты ынтымақтастыққа негіз болатын саясат, экономика, әскери, мәдениет және әлеуметтік салалардағы Қытай-Қазақстан қатынастарын реттейтін мемлекетаралық, үкіметаралық және мекемеаралық сипаттағы тарихи маңызды құжаттарға қол қойылды. Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында жоғарыда аталған және таяуда қол жеткізілген барлық келісімдер біртіндеп іске асырылу үстінде.

Қытай-Кеңес қатынастарындағы ұзақ жылдар бойы шешімін таппай келген шекара мәселесі аяғына дейін шешілмей қалған болатын. Міне сол кеңестік дәуірден шешілмей қалған шекара мәселе заңды және саяси тұрғыдан толық түрде шешімін тапты деп айтсақ болады. Мемлекеттік шекара бойынша барлық мәселелер шешілді, екі жақты өзара тиімді сауданың дамуына қолайлы жағдай қамтамасыздандырылып, іскер және қоғамдық топтар арасындағы байланыстар мен алмасулар белсенділігі артуда.

Екі ел арасындағы ынтымақтастығымыздың жылдан-жылға артып келе жатқан көптеген мәселелері біздің ұстанымдарымыздың ортақтығының айқын дәлелі болып табылады. Қазақстан мен Қытайдың арасында келіспеушіліктерден гөрі бір ойдан шығатын тұстар әлде-қайда көп. Астана мен Пекин өңірлік ынтымақтастық пен халықаралық саясат жөніндегі басты сұрақтар бойынша ұқсас немесе сәйкес ұстанымдарға ие. Біз БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК, Әлемдік және дәстүрлі діндер басшылары съезі және тағы басқа шеңберде өзара белсенді түрде ынтымақтасу үстіндеміз. Сепаратизм күштерімен, халықаралық лаңкестік және діни экстремизм, сонымен қатар трансшекаралық қылмыс, заңсыз есірткі айналымы және басқа да өңірлік және халықаралық қауіпсіздік қатерлері мен қыр көрсетуге қарсы күрес саласындағы тығыз байланыстар сақталуда [12].

Міне, осыдан 20 жылдай уақыт аралығындағы мәңгі көрші Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы бір-бірін мемлекет ретінде мойындауы, мемлекет пен үкімет басшыларының жоғарғы деңгейдегі келіссөздері, ынтымақтастық бағытындағы маңызды

құжаттардың қабылдануы және басқа да әрекеттері сөзсіз Қытай Халық Республикасы және Қазақстан Республикасы дипломатиясының үлкен жетістіктерінің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. - Алматы: Өнер, 1996. - 205-206
2. Токаев Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. - Алматы: ҒӨ Пбк «GAUHAR», 2002. - 568. -124 б.
3. ҚХР басшысы ресми сапармен Қазақстанда //Егемен Қазақстан.27.04.94ж.)
4. ҚР мен ҚХР-ның мұнай саласындағы ынтымақтастығына қол жеткізілді //Дипломатия жаршысы. - 1997. - №4. - 59 б
5. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. - Алматы, 1996. - 605-606 бб.
6. Қазақстан-Қытай мұнай құбырының құрылысы басталды //Дипломатия жаршысы.1997.- №1. - 4 б.
7. ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэннің ҚР-на сапары //Дипломатия жаршысы.1997. - №4. - 35б.
8. Токаев Қ. Беласу.- Алматы. ЖШС РПБК «Дәуір», 2008. - 552. -(252б).
9. ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жунцзының Қазақстан Республикасына ресми сапары // Дипломатия жаршысы. 2001. №4. 24-25 бб.
10. ҚР мен ҚХР-ның арасындағы бірлескен декларация // [http://www. russian. peopledaily.com.cn/05/06/2003](http://www.russian.peopledaily.com.cn/05/06/2003).
11. Дополнительное соглашение между РК и КНР о казахстанско-китайской границе // Государственная граница: Сб. нормативно-правовых актов и международно-правовых документов. - Алматы: Данекер, 2000. - С. 106.
12. Адырбеков И. Қазақстан-Қытай қатынасы стратегиялық әріптестіктің жаңа белесінде. // Айқын газеті, №65, 2009ж., 15 сәуір.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается содружество и взаимно соглашение между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой.

SUMMARY

This article examines the interaction between Commonwealth and agreement between Kazakhstan and China.

ӘОЖ 9(С)55 Қ 44

ҚЫПШАҚ ТАЙПАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІ

*Мухамедиева Ж.Қ. –мұғалім
Қазақстан, Алматы облысы,
Талғар ауданы, Белбұлақ ауылы,
№10 мектеп*

Аннотация: Мақалада қыпшақ тайпасының мәдениеті мен өнері қарастырылған. Қыпшақтардың негізгі кәсібі, көші-қоны, бет-бейнесі, мекендеген аймағы, жалпы өркениетке қосқан үлесі мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: қыпшақтар, көшпенді, тас мүсін, әшекей бұйымдар, Тәңір, Ұмай ана.

Қазіргі кезде тарихшы-ғалымдардың алдында тереңдей зерттеуді қажет ететін күрделі де қызғылықты мәселелердің ішіндегі ең маңыздысы – бір кезде жер бетінен «жойылып кеткен» халықтар тарихы. Олардың тұрмыс тіршілігі, көші-қоны, бет-бейнесі, бүкіл тарихы әлі күнге дейін зерделі түрде зерттелінбей келеді. Әлбетте, жер қойнауына жете үңіле білетін

археология мамандары өздері қазба жұмыстарын жүргізген ескілікті елді мекендердің қоныстарынан, оба-қорғандар мен кесенелерден табылған көптеген «ұсақ-түйек» жебе, сауыт, қалқандар т.б. заттардың мол қоры арқылы олардың өмір тарихын қайтадан қалпына келтіруге тырысады. Алайда, өздерінің құдіретті күшімен тіпті, еуропалық мемлекеттердің зәре құтын алған «көшпенділер империясы» атанған көптеген ұлыстардың одақтары тарихи шежірелер мен географиялық жазбаларда болмаса артына қанды жорық іздерінен басқа ешқандай археологиялық белгілер қалдырмаған.

Сондықтан да археологтар бұл халықтар жайында сақталған әрбір ұсақ-түйек мәліметтерді көркем ойдан шығарылған аңыз-әңгімелермен салыстыра отырып, шындық елегінен өткізеді. Осындай халықтардың бірі – қыпшақтар. Қыпшақтардың материалдық мәдениетіне тоқталатын болсақ, қыпшақтардың кәсіптік өндірісі негізінен мал өнімдерін өңдеу мен шаруашылықта тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған болатын. Мәселен, арбаны жасау үшін белгілі бір өндірістік өнім қажет етілді. Ал бұл қыпшақтарда кәсіпшіліктің, атап айтқанда, ағаш өңдеу кәсібінің дамығандығын көрсетеді. Халық ағаш арбаның бөлшектерін жасаудан басқа, киіз үйдің ағаш бөлшектерін (кереге, уық, есіктер) дайындаумен, ер тоқымдардың ағаш бөлшектерін, ыдыстардың бір сыпыра бөлігін, қымыз құюға арналған ожау, ет тағамдарына арналған ыдыстар мен ағаш кеселерді жасаумен айналысқан.

Негізгі кәсіптік, өндіріс мал шаруашылығы өнімдерінен жасалған бұйымдарды өндіру және өңдеумен байланысты болды. Бұл арқандар, қайыс бұйымдар, жүннен жасалған бұйымдар, маталар. Тері мен жүннен киімдер (тондар, баскиім, малақай), аяқ киім, түрлі ыдыстар жасалынатын. Оңтүстік қазақтардың отырықшы-егіншілік оазистері халықтарына жақын орналасқан қыпшақтарға керамикалық ыдыс жасау өндірісінің техникасы мәлім болуы мүмкін. Қазба жұмыстары нәтижесінде табылған бай ат жасақтары мен қарулары (үзеңгі, ауыздық т.б.), сонымен қатар тұрмыстық сипаттағы металл бұйымдары қыпшақтарда металл өңдеу және темір рудасын өндіру дәстүрінің болғандығы дау туғызбайды.

А.Х.Марғұлан осыған байланысты былай жазған: Орталық Қазақстанда сол кездегі бірнеше ежелгі кен орындары сақталған. Оларға Шығыс-Қарқаралы ауданының өңдеу орындары, атап айтқанда Кентөбе, Кенқазған, Қарашошақ, Қарасы, Жалпақ, Қарашұңқыр жатады. Дешті Қыпшақтың осы және басқа жерлерінде тау ісіне маманданған қыпшақ тайпаларының өкілдері темір рудасын өндіруі әбден мүмкін. Шығыс-Қарқаралы ауданында темір өндіру бойынша аймақтардың бірі Темірші таулары болды. Темір ұсталары барлығын ағаш өңдейтін және басқа арнайы құралдардан бастап ат жасақтарының, қарулардың ұсақ заттарына дейін өндірді. Мәселен, IX ғасырда автор әл-Джахиз былай айтқан: «Олар қару, садақтар, ер-тоқымдар, найзалар өндіреді». Қыпшақтардың арасында арнайы қару – жарак ұсталарының болуы туралы Дешті Қыпшақ тұрғындары мен қолданылатын, ерте ғасырлардағы араб-қыпшақ сөздіктерінде сақталған терминдер дәлел болады: йачи-садақшы, окчы-оқ дайындайтын ұста, сунучи-найза дайындайтын адам. Кәсіпшіліктің кейбір түрлері мұрагерлік жолымен беріліп отырды. Белгілі уақыт аралығында, моңғол шапқыншылығына дейін қыпшақтар мекендеген далаларда тас жасау ұсталары жұмыс істеуі мүмкін.

Қазылған қабірлерден алынған археологиялық олжалар қыпшақ тайпалары материалдық мәдениетінің кейбір ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Қабірлердегі құрал – саймандар қару, ат әбзелдері, тұрмыстық мақсаттағы заттар болып табылады. Сонымен қатар қабірлердегі қару-жарак заттары ішінде бәрінен де жебелердің ұштары жиі кездеседі. Аттың ер-тұрман әбзелдерінен темір ауыздықтар, үзеңгілер, әшекейленген жүгендер кездеседі. Қыпшақтарда кілем жасау кәсібі жақсы дамыған. Қыпшақтар түрлі тоқыма және жүннен дайындалған кілемдер жасаған. Оларды дайындау техникасына, бояу таңдау түріне бірнеше топқа бөлуге болады. Олар жүннен текемет, сырмақ, түскііз тәрізді кілемдер жасаған. Текемет жасау үшін жартылай дайын ақ жүнге ылғал боялған жүннен оюлар салынады. Содан кейін жүнді орап, оны алдымен білекпен илейді және де ұзарту, булау процесі жүреді. Қыпшақтардың кілем жасау мәдениеті тек қазақтарда ғана емес,

сонымен қатар, ноғай, черкес, кумык сияқты Солтүстік Кавказ халықтарында сақталып қалған. Қыпшақтардың тас қашау өнерінің өкілдері бұл тұста шеберліктің шыңына шықты. Олар алып ескерткіштер жасай алды, адамдардың бет-бейнесін өте дәл кескіндей білді. Қыпшақ ескерткіштерінің осы дәстүрлі көрінісін саяхатшы-монах Вильгельм Рубрук: «Кумандар қайтыс болған адамдардың қабіріне құмнан төбешік жасайды, жүзі шығысқа қаратылған, кіндік тұсына қос қолымен әрең ұстап тұрған құлыптас орнатады» деп суреттеген еді. Шеберханалар, сірә, ашық аспан астында, ескерткіш-құлыптас жасауға қажетті нәрселерді алуға ыңғайлы жерлерге жақын орналастырылған. Осы жерлерден құмтастар, қызыл гранит, қатпар тастар қиылып алынып, ескерткіштер жасалынған. Қыпшақтардың тілі мен жазу өнерінде қыпшақ бірлестігі дәуірінде қыпшақ хандары Ертіс өзенінен Дон өзеніне дейінгі, Орал тауынан Қара теңізіне дейінгі кең өңірде жасаған түркі тілдес тайпалардың басын біріктірді. Қыпшақ тайпалары Еуропаға, Кіші Азияға, тіпті Египетке дейін жайылды. Көп өңірлерде қыпшақтар әскери-әкімшілік билікті қолына алып, үстемдік жүргізді. Осы жағдайға байланысты, жоғарыда айтылған өңірлерде қыпшақ әдеби тілі қалыптасты және дамыды.

Зерттеуші Машковтың айтуына қарағанда, бұл дәуірде қыпшақ тілі батыс Еуропа жиһанкездері мен шығыста зерттеушілер үшін халықаралық тіл болып есептелді. Еуропалықтар, арабтар, парсылар, т.б. халықтар қыпшақ тілін үйренуге, зерттеуге атсалысты. Қыпшақтар арасынан тіл ғалымдары шықты, қыпшақ тілі ғылымы, әсіресе, сөздік ғылымы қарыштап дамыды. Қыпшақ тілінің грамматикасы, қыпшақ тілін үйретудің жан-жақты тіл құралдары, қыпшақ тілімен басқа тілдерді салыстырған қыруар сөздіктер жасалды. Олардың бірсыпырасы талай ғасырды басынан кешіре отырып, «балдан қалған сарқыттай» біздің заманымызға жетті. Олардың бастылары: «Мұқадима тұл әдәп» (Әдебиетке кіріспе), авторы Әл-Замақшари, XII ғасырда жазылған арабша-парсыша, түрікше-моңғолша сөздік; «Таржуман түркі уа араби» (Түрікше-арапша аударма сөздік), 1245 жылы жазып аяқтаған, авторы белгісіз, «Китабул – идрак лилиса-нұл-артак» (Түркі тілінің түсіндірме сөздігі), авторы Жамалидин Мұхаммед Абдулла ат түркі. Бұл сөздіктердегі «Түркі тілі», «Түрікше» деген сөздер қыпшақ тілі деген сөздің баламасы еді.

Жоғарыдағы көне мәдениет куәліктері қыпшақтардың тіл-әдебиеті мен өз заманындағы өркендеу деңгейінен дерек береді. Алтын орда дәуірінде қыпшақ тілі Алтын орданың әдеби тілі болды. Алтын орда хандырының жарлықтары және көптеген әдеби шығармалар осы қыпшақ әдеби тілінде жазылды. Қыпшақ әдеби тілі қазіргі қазақ тілінің түп-төркіні, яғни, көне қазақ тілі болып табылады. Осы заманғы қазақ тілі көне қыпшақ тілінің дамуы негізінде қалыптасты.

Қыпшақ хандығының рухани мәдениетіне діні, салт-дәстүрі жатады. Қыпшақтардың көшпелі қоғамының экономикалық және саяси құрылымының спецификасы рухани мәдениетке, дүниетанымына және идеологиясына әсер етті. Дешті Қыпшақта, оның шығыс бөлігінде де, батыс бөлігінде де діннің ең көп тарағаны «шаманизм» діні болып табылды. Бұл діннің элементтері тас мүсіндерге табынуда, табиғат күштеріне, аспан (тәңір), күн, отқа табынуда құдай деп есептелінді. Қыпшақтардың көшіп-қонып жүрген далалы жерлердің барлығында адамдарды бейнелейтіні - тас мүсіндер. Көптеген пікір-таластардан кейін, Н.И.Веселовскийдің пікірінше мүсіндердің үлкен бөлігі қыпшақтардікі деген пікір айтқан. Сонымен қатар, қыпшақтарда әйел құдайы – Ұмай ана болды. Ұмай ананы от басын сақтайтын, ұрпақ сақтаушы деп таныды. Ұмай анадан басқа қыпшақтар жұлдыздарға табынып, аспан әсеріне сенген. Ибн ал-Асирдің дәлелдеуінше, қыпшақтар шығыста күнге табынады. Басқа да түркі тілдес халықтары сияқты қыпшақтар да жоғары құдай деп Тәңірді таныды. Тас мүсіндерге табыну, аспанды (тәңірді) құрметтеу, сонымен қатар басқа да табиғат құбылыстарына (тау, өзен, көл, орман) табыну осының бәрі қыпшақ тайпаларының дінінің негізгі формасы ретінде пұтқа табынушылық болғанын көрсетеді. Осылайша, қыпшақтардың діни нанымдары шаманизм негізінде болған. Ал тотемистік нанымдарға келетін болсақ, қыпшақтарда басты тотем көк бөрі болып табылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гумилев.Л. Көне түріктер. Алматы., 1994 .
2. Кляшторный.С.Г., Султанов.Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992.
3. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и-Рашиди., Алматы, 1999.
4. Мусин.Ч. Қазақстан тарихы. Алматы, 2005.
5. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Алматы, 1994.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются культура и искусство племен кипчаков.

SUMMARY

In article the art of tribes kypchakov is considered.

ӘОЖ 947.084.3.9(с55) Р 271

АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Рахимжанова М.Д.-оқытушы

Қазақстан, Алматы қ.,

Қазақ мемлекеттік қыздар

педагогикалық университеті

Касабулатова Ж.Д.-оқытушы

Қазақстан, Алматы облысы,

Іле ауданы, №1 Қоянкүс орта мектебі

Аннотация: Қазақ тарихында «ұлы жұт» атауымен қалған 1920-1930 ж.ж. ашаршылықтың экономикалық және демографиялық зардаптарының өте ауырлығы дәлелдеуді қажет етпейді. Сол кездегі қазақ зиялыларының мәліметтері бойынша, ашаршылық апаты Алтайдан Маңғыстауға дейінгі қазақ даласын түгел қамтыған. Бұл жылдары дәстүрлі мал шаруашылығы күйзеліске ұшырады, бірден-бір тіршілік көзінен айрылған қазаққа біржолата жойылу қаупі төнді. Қазақ халқының тарихындағы 1928-1933 жылдардағы ашаршылық бүкіл адамзат тарихындағы ең зұлмат, жантүршіктірер нәубет болып табылады. Мақалада 1932-1933 жылдардағы ашаршылық туралы мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: ашаршылық, 1932-1933 жж., ұлы жұт, қазақтар, қырылу, саны

Кеңестік биліктің алғашқы 1920-1930-жылдарында қазақтар 4-4,5 млн. айырылған. 1921-1922-жылдардағы аштық кезінде 1 млн. 700 мың адам (ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының төрағасы Мұхтар Әуезовтің мәліметі бойынша), 1932-1933-жылдары 2 млн. 300 мыңға жуық адам құрбан болған. Соңғы мәліметтерде, «1920 жылдардағы ашаршылықтан өлгендердің саны 2,3 млн. адамға жеткені», қазақ демографы Мақаш Тәгімовтің деректерінде «XX ғасырда болған азамат соғысы, қолдан жасалған ашаршылық, қуғын-сүргін кездерінде, екінші дүниежүзілік соғыста бас-аяғы 3 миллион 850 мыңға жуық қазақ қырғынға ұшырағаны» айтылады.

Қазақ тарихында «ұлы жұт» атауымен қалған 1920-30 ж.ж. ашаршылықтың экономикалық және демографиялық зардаптарының өте ауырлығы дәлелдеуді қажет етпейді. Сол кездегі қазақ зиялыларының мәліметтері бойынша, ашаршылық апаты Алтайдан Маңғыстауға дейінгі қазақ даласын түгел қамтыған. Бұл жылдары дәстүрлі мал

шаруашылығы күйзеліске ұшырады, бірден-бір тіршілік көзінен айрылған қазаққа біржолата жойылу қаупі төнді.

КСРО-да жүргізілген күштеп ұжымдастыру науқаны Қазақ елін айналып өтпегені белгілі. Жаппай тәркілеу құрығына шаруалармен қатар, дәулетті қазақ байлары мен кезінде билік тізгінін ұстаған хандардың ұрпақтары ілікті [1].

Большевиктер өкіметті басып алғаннан кейінгі жылдары қазақ жері екі дүркін - 20-шы және 30-шы жылдар басында жан түршігерлік ашаршылықты бастан өткерді. Осы аштықтарда қазақтың қырылғаны қырылып, аман қалғаны бас сауғалап, тоз-тоз болып, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында қалды [2]. Ауа райының аса қолайсыз құбылыстары, атап айтқанда, қуаңшылық, жерді көк мұз басуы т.б. салдарынан болатын экономикалық күйзелісті ежелгі қазақтар жұт деп үрейленген. Қазақ «жұт – жеті ағайынды содырмен сегіз, салақпен тоғыз, олақпен он» деген сөздер де ертеден келе жатыр. 19 ғасырда қазақ даласында 20 ірі жұт тіркелген.

Міне, осындай дүркін-дүркін жұттан аман қалған қазақ, большевиктер билікке келгеннен кейінгі жағдайда оған төтеп бере алмады. Оның басты себебі, жұмысшы мен шаруаның одағына негізделген пролетариат диктатурасының орнауы еді. Бұл төңкеріс бастапқыда «әлемдік социализм» теориясына сәйкес Ресей империясына «эксперимент» ретінде енгізілген-ді. 1917 жылғы үздіксіз революциялар, соның ішіндегі «социалистік революция», «кеңестер» туралы В.И.Ленин: «Уақытша үкіметпен, буржуазия үкіметімен қатар әлі әлсіз, жаңа ұрық салып келе жатқан... екінші үкімет – жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері құрылды. Бұл үкіметтің саяси сипаты қандай? Бұл – революциялық диктатура, яғни орталықтандырылған мемлекеттік өкіметтің шығарған заңына емес, бұқара халықтың төменнен болатын тікелей бастамасына сүйенетін өкімет» деп жазған еді. Алайда, бұл өкімет орталықтан шет жатқан Түркістан сияқты аймақтарда Мұстафа Шоқайдың сөзімен айтқанда, «... өліктердің үстінде әйелдер мен балалардың өліктерін құрбандыққа шалып орнады». Билік үшін күресте большевиктердің толық жеңісі немесе «социалистік революцияның салтанат құруы» – азамат соғысынан кейін ғана мүмкін болды. Кеңес өкіметінің 1920 жылдан басталатын дербес билігі 1930 жылдары тоталитаризм (лат. totalis – тұтастай, түгелдей) жүйесін туғызды. «Тоталитаризм орнаған мемлекетте қоғам өмірінің барлық саласы биліктің бақылауында болып, адам бостандығы мен конституциялық құқықтары жойылады, оппозиция мен өзге саяси ой өкілдері саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Оның тарихи үлгілері КСРО-да Сталин, Қытайда Мао Цзэдун, Солтүстік Кореяда Ким Ир Сен режимі кезінде, сондай-ақ фашистік Италияда Б.Муссолини және Германияда А.Гитлер тұсында орнады» [3].

Тоталитаризм орнаған КСРО-да 1920-30 ж.ж. байлар мен кулактарды тап ретінде жою шаралары мен ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру саясаты жүзеге асырылды. Нәтижесінде қазақ халқы алапат ашаршылыққа ұшырап, жаппай босқыншылықты бастан өткерді. Кеңестік тоталитаризм зиялы қауым өкілдерін ұлттық саяси ұстанымдарына орай «тап жаулары», «жат пікірдегілер» және «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде қудалады. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әбілов, М.Тынышпаев, Т.Рысқұлов т.б. Алаш арыстары тоталитаризмнің құрбаны болды.

Қазақ өлкесін басқарған Ф.И.Голощекин (1925-1933) елді индустрияландыру және ұжымдастыру саясатын тездетті. Оған И.Сталиннің 1928 жылы 15 қаңтар – 6 ақпан аралығындағы Сібірге сапарында (Новосибирск, Барнаул, Бийск, Рубцовка, Красноярск, Омбы), Красноярскіде өткізген «Шығыс кеңесі» түрткі болды. КСРО-ның Бірінші адамы елдегі астық дағдарысына тоқталып, «егер 1927 жылғы қаңтарда 428 млн. пұт дәнді астық дайындап үлгірген болсақ, ал 1928 жылғы қаңтарда дайындалған астық 300 млн. пұтқа әрең жеткенін, осы жетіспеушіліктің 128 млн. пұт болғанын» [4] тілге тиек етті. Осы сөздерді құлағы шалған жергілікті «шабармандар» астық дайындауда «асыра сілтеулерге» жол берді. Соның салдарынан қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы күйзелді, қазақ зиялыларының мәліметтері бойынша, сол кезде 40,5 млн.-дай мал басы 4,5 млн.-ға қысқарғаны белгілі.

Оның үстіне ауа райының қолайсыздығы мен аштықтан босқан халықтың 24 пайызы, яғни әрбір төртінші адам қазаға ұшырап отырған.

Осылайша, большевиктер жоспарға негізделген экономиканың негіздерін қалады, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуда сан қуып кетті. Ал, Қазақ даласында «папка ұстаған шолақ белсенділер» көбейіп, көк аспанда «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұрандары самғады. Патшалық биліктен мұраға қалған кеңестік биліктің өзге ұлттарды отарлау саясаты, қаншама халықтың көз жасын көлдетіп, «жасанды» қасіретке душар етті. Әбден, ашыққан қазақтар шекаралас Қытай, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан арқылы Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркия сияқты елдерге асып кетіп жатты. Сол жылдары осы елдерге табан тіремеген қазақ отбасы кемде-кем.

1928-1932 ж.ж. бірінші бесжылдық тұсында қазақ байларын тәркілеу саясаты күшіне еніп, кеңестік билікке қарсы «әлеуметтік қауіпті элементтерді» іздестіруге, оларды күштеп жер аударуға ұласты. Әсіресе, қазақ байлары қудаланды.

Ұжымдастыру науқанында Жетісуға әйгілі ірі ауқатты әулет Маман отбасынан 1720 ірі қара, 13 ақ үй, 13 ағаш үй тәркіленген. Бұл әулеттің мүшелері қазаққа пайдалы істер жасаумен танылған еді, айталық ғылым-білімнің қадірін ұққан Есенқұл Маманов жақсы роман жазған адамға бәйге жариялаған болатын; Семей округінен Құнанбай – Абай ұрпағынан Шәкәрім, Тұрағұл қудаланғаны белгілі. Сол кезде Тұрағұлдан небәрі 36 мал басы тәркіленген екен. Семей қаласындағы ет және тері өнеркәсібінің негізін қалаған, 1918 жылы М.Әуезовтің өтінішімен «Абай» журналын шығаруға қаржылай демеушілік танытқан, ірі қазақ байларының бірі Қаражан Үкібаевтың мүлкі кәмпескеленеді.

Батыс өңіріндегі ауқатты адамдардың бірі, Сырым Датұлының шөбересі Салық Омаровтың мал-мүлкі тәркіленіп, өзі Жетісуға жер аударылады. Ол кезінде Жаһанша Досмұхамедовтың Санкт-Петербургке оқуға түсуіне қаржылай көмек көрсетіп, Алаш әскеріне 200 жылқысын берген адам. Сол сияқты Тұрағұл Ибрагимов алашордашы ретінде Халел Ғаббасов, Мұсатай Молдабаевпен бірге Сібірге жер аударылған.

Өйткені, 1932 жылы Ораз Исаевтың Сталинге жолданған хатында жазылғандай: «...Байлардың көптеген аудандарда белгілі бір табысқа жеткенін мойындау керек. Бұл 1930-1931 жылдары байлардың Алтайдан Маңғыстауға дейін едәуір ірі-ірі контрреволюциялық бас көтерулер ұйымдастыра алғанынан ерекше айқын көрінді» [5].

Бүгінге дейін Қазақстандағы ұжымдастыру науқаны мен ашаршылыққа қарсы бой көтерулер туралы аз жазылған жоқ. Қазақ жерінде 1929-1931 жылдардағы 80 мың адамды қамтыған 372 шаруалар көтерілісі талқандалды. ОГПУ (Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма) мәліметтері бойынша, 1930 жылы қаңтар-сәуір айларында КСРО-да 1,8 млн. адамды қамтыған 6 мыңдай шаруалар көтерілісі болған. Соның ішінде Қазақ даласындағы ірі көтерілістер: Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Қарақалпақ (басмашылық көтеріліс – Тақтакөпір), Адай, Абыралы, Шыңғыстау, Батпаққара (Торғай – Әбдіғаппар хан), Балқаш, Жетісу, Сарқанд, Қордай [6]. Қалай болғанда да, мұндай фактілер шаруалар көтерілісін беделді адамдардың басқарғанын айғақтайды.

Қазақ халқының тарихындағы 1928-1933 жылдардағы ашаршылық бүкіл адамзат тарихындағы ең зұлмат, жантүршіктірер нәубет болып табылады. «Осынау алапат аштық ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын бүркенгенімен, сол саясатқа мүлдем қарсы әрекеттерге барып, кеңестік-тоталитарлық жүйенің қазақ халқының дәстүр, құқық, өзіндік шаруашылық ерекшеліктерін аяқасты ету нәтижесінде тұтастай ұлтты қолдан жасаған геноцид пен демографиялық детерминизмге алып келген қылмыстың ең ауыр түрінің қайғылы нәтижесі. Демографтар сол жылдары жаппай қырғын болмаса, қазіргі таңда қазақтардың саны 40 млн. адамға жетер еді дегенді алға тартады. Сондықтан да бұл нәубет қазақ халқының өсімін кем дегенде 110 жылға артқа шегіндірді!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бүркітбай А. Ашаршылық ақиқатына жаңа көзқарас. www.google.kz.
2. Омарбеков Т. Ашаршылық ақиқаты. <http://www.//Yш қиян 2011ж>.
3. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 2006. – 704 б.-Т.8.- Б.458
4. Омарбеков.Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Алматы: Санат, 1997. – 320 б. – Б. 41
5. Қазақ қалай аштыққа ұшырады?. Алматы, 1991. – 206 б. – 26 б.
6. Буркитбай А. Красные и черные (материалы Гуверского архива). – Алматы, 2005. – 240 с. – С.82-89.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается историческая истина голода казахского народа в 20-30 годы XX век.

SUMMARY

Historical truth of Kazakh people`s famine is told in this article.

ӘОЖ9(с)55 Т 25

ДУЛАТ ТАЙПАСЫ ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

*С.Ә.Тортаев.-п.ғ.к., профессор
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Мақалада моңғолдардың Орталық Азияны жаулап алғаннан кейінгі дулат тайпасының Шағатай ұлысының құрамына кіруі, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ұлыстың ішкі және сыртқы саясаттағы белсенділігі, Моғолстан хандығын құруға қатысы баяндалады.

Түйін сөздер: Дулат тайпасы, Шағатай ұлысы, Мәуераннахр, Қашғария, Қара Кидандер, үйсін, Жетісу өлкесі, Болатшы, саяси-экономикалық жағдай, саясат.

XIII ғасырдың 20-шы жылдарында қазіргі қазақ жері мен Орта Азияны жаулау жорығын аяқтаған Шыңғысхан өзі басып алған аймақтарды балаларына бөліп беріп, мәңгілік мұрагерлікке қалдыруды ойластырды.

Рашид-ад-диннің айтуынша, оның ұлдары Жошы, Шағатай, Үгедей мен Толы (Төле) жаңа құрылған ұлан-ғайыр моңғолдар державасының негізгі төрт тірегі қызметін атқарды. Шыңғысхан оларды «төрт жұдырық» деп атады. Дулат тайпасы мекендеген аймақ сол төрт жұдырықтың екіншісі Шағатайдың үлесіне тиді. Оның ұлысы, батысында Мәуереннахрды, солтүстігінде Арал теңізі, Балқаш көлі, шығысында Алакөлге дейінгі, оңтүстігінде Үндістанға дейінгі аралықты қамтыды. Бұл мәселе бойынша деректерде әртүрлі пікірлер бар, бірақ олардағы деректер бір-бірінен онша алшақ кетпейді. Солардың ішінен бірнеше мысал келтіре кетелік.

Рашид-ад-диннің мәліметі бойынша Шағатайдың басқаруына Түркістан облысынан бастап Амудария өзенінің сағасына дейінгі территория берілді. Ал Әбілғазы Шыңғыс хан екінші ұлы Шағатайға «Мәуереннахрды, Хорезмнің бірсыпырасын, Ұйғыр, Хашафур, Бадахшан, Балх және Ғазнинге, Сыр суына шейін берген», - деп жазады.

Ал Лэн-Пуль Стэнлидің мәліметі бойынша Шағатайдың үлесіне Мәуереннахр мен Трансоксиана (Бухария), Қашғарияның бір бөлігі мен Бадахшан, Балх пен Газна жерлері

тиді. Үлкен энциклопедияда да Шағатай ұлысының құрамына Аму-дария мен Сырдарияның аралығындағы жерлер, яғни Мәуереннахр түгел және Балқаш көлінің оңтүстігіндегі даланың біраз бөлігі кірді. Оның астанасы Іле өзенінің бойындағы Бес-балық қаласы болды делінген.

А.И.Левшиннің мәліметі бойынша XIII ғасырдың 40-шы жылдарында Шағатай ұлысы Оңтүстік Алтайдан Амударияға дейінгі аралықты, яғни, Жетісудың көп бөлігін, Мәуереннахр мен Шығыс Түркістанды қамтыды. Шағатайдың ордасы Іле бойында, Ел-Аларгу облысының басты қаласы Алмалықтың маңында болды.

В.В.Бартольдтің мәліметі бойынша Шыңғысхан өлген жылы Шағатай жұрты Ұйғыриядан Самарқанд пен Бұхараға дейінгі және Оңтүстік Алтайдан Амударияға дейінгі жерді алып жатты. Чан-Чунның мәліметіне сүйене отырып, В.Бартольд Шағатай ордасының Іле өзенінің оңтүстігінде болғандығын дәлелдейді. Оның мәліметі бойынша Шағатайдың жазғы ордасы Іле өзенінің бойындағы Күнәш болды. Ол Көк тауының маңында, Алмалықпен көрші мекен болатын. Қысты ол бәлкім сол Іле бойындағы Мераурик (немесе Мераузик) – Ила жерінде өткізетін. Күнәш (Күнәш – С.Т.) маңында Шағатай Құтылығ (*бақытты*) деген қыстақ салды. Чан-Чунның мәліметіне сүйене отырып В.Бартольд Шағатай ордасының Іле өзенінің оңтүстігінде болғандығын дәлелдейді. Оның ойынша Джувейнидің Улуг-Иф (Үлкен үй) деп атаған Шағатайдың мұрагерлерінің ордасы да сонда болған сияқты.

Рашид-ад-динге, Джүзджаниге, А.И.Левшин мен Н.А.Аристовқа сүйене отырып М.Тынышпаев Шағатай ұлысының құрамына «наймандар елінен Жайхун (Амудария) жағалауларына дейінгі Туран-Замин кірді. Солтүстік шекарасы Балқаш көлінің оңтүстік жағалаулары» болды десе, Ш.Құдайбердіұлы: «Үлкен Алатаудың екі жағын, Мәуереннахрды Шағатай деген баласына берді», - дейді. Ал қырғызстандық зерттеуші О.Қараевтың мәлімдеуінше Шағатайдың үлесіне ұйғырлар елінен Самарқанд пен Бұхараға дейінгі жерлер тиді. Оның ордасы Алмалықтың батысында (қираған орны Құлжа қаласының маңында) орналасты. Ол Күнәш және Улуг-Иф (яғни Улуг-үй – үлкен үй) деп аталды. «Шағатайдың үлесіне Қашқария, Жетісу, Мәуераннахр тиді», - деп осы аталған авторлардың пікірін Н.Мыңжан да қайталайды.

Сонымен Шағатайдың үлесіне тиген жерлер дулаттар отырған бұрынғы Қара Кидандар мемлекетінің жерлері, Батыс Уйгурия болатын. Оның шығыстағы шекарасы Іле өзеніне барып тірелетін, батысы Сырдарияның бастауынан да әрі кетсе, оңтүстігінде Амо өзеніне, солтүстігінде Цуй өзенінің саласымен Сібірге дейін жететін. «Шағатайдың үлесі негізінде Шағатай хандығы құрылып, оның астанасы Алимар қаласы болды». Қазақ тарихын зерттеушілердің бірі Ә.Хасенов «Моңғол империясы дәуірлеген тұста дулат тайпасы өзінің ежелгі қонысында Ташкент іргесі, Шыршық, Талас, Шу өзендерінің бойында отырған», - деген тұжырым жасаған. Осы айтылған пікірлерді саралай келіп, Шағатай ұлысы батысында Амудария өзенінен – шығысында Алакөлге дейінгі аралықты қамтыған деген тұжырым жасаймыз.

Дулат тайпасы сол Шағатай ұлысының құрамына кірді. Оған дәлел Ш.Құдайбердіұлының: «Балқаш, яғни, Теңіз көліне құятын Қаратал өзенінен Сырдария һәм Шыршық өзеніне шейін қаңлы, дулат нәсілі». ...Шағатай ұлысы болып жүрген алғашқы елі мыналар: арғын, керей, керейт, ұлы жүздегі дулат. Дулат Қаратал өзені мен Шу өзені арасында болды», - деп жазуы.

Қазақ руларының тарихын зерттеген әйгілі ғалымдардың бірі М.Тынышпаев «Уйсун, арғыны, найманы, керей были тогда в Чагатаевом улусе», - деп көрсеткен болатын. Үйсін Шағатай ұлысында болса, ол үйсін тайпасының құрамындағы дулат та сол ұлысқа кірді деген сөз.

Қырғызстандық тарихшы Шағатай ұлысының тарихын, этникалық құрамын зерттей келе, дулаттардың ол ұлысқа XIII ғасырда қоныс аударғанын жазады. Бұл пікір басқа зерттеушілердің тұжырымдарына сай келмейтінін атап өтеміз. Біз дулаттардың Жетісу өңірінде моңғол жаулап алуының қарсаңында өмір сүріп жатқандығын қолдаймыз.

Дегенмен, осы автордың «олардың негізгі бөлігі Шығыс Түркістанға орын тепті. Олар басқа да тайпалармен бірге Жетісуда және Тянь-Шаньда көшіп жүрді», - деген пікірімен келісеміз.

«Большая энциклопедия» деген кітаптың мәліметі бойынша дулат тайпасы «батыс Тянь-Шаньды жағалай Іле өзенінен Сырдарияға және Шыршыққа дейінгі аралықты мекендейтін». Дулаттардың негізгі бөлігінің Шығыс Түркістанға барып қоныстануына тайпа басшысының билігіне Қашғарияның берілгендігі себеп болды деп санаймыз. Бұл мәселе Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегінде былайша баяндалған: «Шағатай хан өз иеліктерін бөліске салғанда Болатшының атасы Өртөбеге «Маңлай Сүбе» тиген екен. Сонан бері XVI ғасырдың басына дейін Маңлай Сүбе мен Жетісуда дулат тайпасының көсемі Өртөбенің үрім-бұтақтары ұлысбегі болған. Маңлай Сүбенің (Күнгей бет) шығысы Құсан және Тарбұғыр, ал батысында бұл жерлер Самғар және Жакшиман (Жақсыман), яғни, сол кездегі Ферғана уәлаятының шеткі аймағы саналатын. Ал солтүстігін Ыстық көл алып жатыр. Оңтүстігі Черчен мен Сары Ұйғыр. Осы аймақты Маңлай Сүбе деп атайды. Мұнда әмір Болатшы билік ететін. Бұл өлкеде біршама қалалар бой көтерген еді. Олардың ең үлкені Қашқар, Хотан, Жаркент, Қаша, Ахсикент, Әндіжан, Ақсу, Атбасы, Құсан еді».

М.Х.Дулатидың өмірі мен қызметін терең зерттеген белгілі тарихшылардың бірі Б.Р.Қожабек-Албани «...Шағатай хандары дулаттарға күнгей бетті ғана емес, Қашқарға тартылған керуеннің авангарды – маңғылайын, қарабұлсысын да берген. Оған дәлел – бұл атаулар Моғолстан мен Әбілхайыр хандығында жиі қолданылады», - деп көрсетеді. Сөйтіп, Шағатай ұлысындағы дулат тайпасы солтүстігінде Қаратал өзені мен Балқаш көлі, батысында Ташкент пен Түркістан, оңтүстігінде Қашғар, Атбасы, шығысында Алмалық аралығын мекендеді.

Маңлай Сүбенің ең үлкені, яғни, орталығы Қашқар қаласы және оның төңірегі моңғолдар державасына 1220 жылы қосып алынды. Деректер бойынша ол қосылу бұрынғы кездердегі қытай, араб, қара-қытайлар жаулап алушылығындай қырып-жою, қан төгу арқылы емес, бейбіт жолмен ауыр зардапсыз жүргізілді. Сонан кейінгі моңғолдардың «жарқын патшалығы кезінде Қашғария гүлденудің бұрын-соңды болып көрмеген шыңына көтерілді». Діни шыдамдылыққа байланысты мұсылман діні өзінің қатаң тәртібін біраз жұмсартты. Қашғарияның көптеген қалалары өздерінің Қытай мен Батыс Түркістан арасындағы саудада ұтымды жағдайын пайдаланып, бұл саладағы маңызын арттыра түсті.

Шығыс Түркістандағы дулаттардың мұндай өсіп-өнуі, экономикалық жағдайының өркендеуі ұзаққа созылмады. 1242 ж. Шағатай қайтыс болған соң Шығыс Түркістан, ондағы Қашғария Шыңғыстық әулеттің бір өкілінен екіншісіне өтіп, бірнеше рет бөліске түсті, өзара қырқыстың себепкері болды.

Енді халқының едәуір бөлігін дулаттар құраған Шағатай ұлысының саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларына тоқталайық. Ал бұл жағдайлардың қандай болғандығы көбінесе ұлысты басқарушылардың қабілеті мен жеке басының қасиеттеріне байланысты екендігі де белгілі. Олай болса ең алдымен Шағатайдың өмірбаянына қысқаша тоқтала кетелік. Шағатай–Шыңғысханның бәйбішесі Бөртеден туған екінші баласы. Шыңғысханды зерттеуге өмірінің жиырма жылын арнаған Сайшиял Зан Зен Пейдің еңбегіне сүйене отырып Шағатай 1183 жылы туған деп жазады. Ол бірбеткей, тік мінезді ержүрек қолбасшы болған. Кейде тіпті өрескел, құтырған мінез де көрсетіп қалатын. Ол хан әкесінің үлкен істерінде ынта-жігерлілік көрсетіп отырды.

1211 ж. Шыңғысхан Алтын әулетті жаулауға аттанғанда Шағатай ағасы Жошымен, інісі Үгедеймен бірге *оң жол* әскерін басқарды. 1219 ж. Хорезмге аттанғанда оған Отырар мен Үргенішті бағындыру міндеті жүктелді. Шағатай мен Үгедейдің басшылығымен моңғол-түркі әскері Отырарды жарты жылдай шабуылдады. 1220 жылғы көктемде ғана қала берілді. Онан кейін 1221 жылғы наурыз-сәуір айларында Жошымен, Үгедеймен бірге Үргенішті алуға қатысты. Осы қаланы алу кезінде Шағатай Жошының бұйрығын орындамай, оған қарсы шыға берген соң, Шыңғысхан бас қолбасшылықты Үгедейге жүктеді. Ал, Жошы әскерін алып, өз ұлысына қайтты.

Бұл жерде Шағатайға байланысты мынадай бір оқиғаны айта кетелік. Бамиян қамалын басып алу кезінде қаңғыма оқтан Шағатайдың өте жақсы көретін үлкен ұлы Мутуген (Мугадуган) қаза тапқан болатын. Үргеніш алынғаннан кейін Шыңғысхан балалары Шағатай, Үгедей, Төлемен тамақ ішіп отырып, оларға ашуланып, қабағын шыта қарапты. Әсіресе, Шағатайға сұқтана қарай беріпті. Шағатай қатты абыржып қорыққанынан «өлсем де хан әкенің әміріне қарсы шықпаймын» деп күмілжи беріпті. Сонда Шыңғысхан одан: «Сен шын айтасың ба? Сен өз сөзіңде тұрасың ба?» деп сұрапты. Шағатай өлсем де сөзімде тұрамын деген соң Шыңғысхан: «Сенің балаң Мугадуган (Мутуген – С.Т.) кездейсоқ оқиғадан қайтыс болды, сен қайғырып, азап шекпе», - депті.

Бұл хабарды естігенде Шағатайдың көзі қарауытып, терең шұңқырға құлап кеткендей күй кешіпті. Бірақ әкесінің бұйрығы есіне түсіп, өзін қолға алады, тамағына тығылған қасірет кесегін қайта жұтып қояды. Алдындағы тамағын жеп болғанша көз жасына ерік бермей, далаға шығады. Сонда ғана қайғысына ерік беріп, есі ауғанша іштегі құсасын сыртқа шығарыпты. Бұл оқиға Шағатайдың хан-әкеге шексіз берілгендігінің, оны шын сыйлағандығының белгісі еді.

Шағатай ұлысының Үгедей хан өлгенше (1241 ж.) жартылай да тәуелсіздігі болған жоқ. Ұлыс Ұлы ханға толық бағынышты болды. Бұл кезде империя ішінде өзара қырқыстар болған жоқ. Ол тыныштық дулаттар үшін қауіпсіздік, бейбіт еңбек, өсіп-өну кезі болды. Мұндай тыныштыққа Шағатай мен Ұлы хан Үгедейдің бір-біріне деген сыйластығы да септігін тигізді. Шағатай Үгедеймен үнемі тату-тәтті қатынаста болған. Оның таққа отыруын шын көңілмен қолдаған. 1230 ж. Үгедей Алтын әулетіне қарсы соғысқа аттанғанда оған өз әскерімен Шағатай да қосылған. Жиюн Зеудегі үш шың үшін шайқаста ерлік көрсетіп, мақтауға ие болды. 1235 ж. моңғол басшылары батысқа екінші жорық жасамақ болғанда Шағатай ол жорыққа үлкен ұлдарды аттандыруды ұсынды. Бұл жорық тарихқа «Үлкен ұлдардың жаулап алушылығы» деген атпен енді.

Үгедей Ұлы хан болып сайланғаннан кейін Шағатай інісіне зор сый-құрмет көрсетіп, өзін оған бағынышты министр ретінде ұстады. Сайшиял мынадай аңызды мысалға келтіреді. Үгедей хан ағасы Шағатаймен шарап ішіп, қызып қалады. Екеуі атқа мініп, серуенге шыққанда Шағатай астындағы атының Үгедей мінген аттан мықты екенін біле тұра жарысуды ұсынады. Шағатайдың аты озып кетеді. Түнде ұйқыдан оянып, күндізгі ұлы ханмен жарысқаны, оны басып озғаны есіне түсіп, бұл қылығының салт-дәстүрге лайық емес екеніне қатты ұялады. Сол қылығы үшін таңертең ханның сарайына келіп, Үгедейге: «Кеше мен хан иемнің алдында салтты бұздым. Жазамды алуға келдім. Ұру немесе өлтіру хан иемнің қолында» - деп аяғына жығылыпты. Үгедей ханның көңілі босап, бір-екі жұмсақ сөзбен кінәлаумен шектеліпті. Шағатай ханның қайырымдылығына қатты риза болып, оған 81 ат сыйлапты. Бір нөкеріне «Хан Шағатайды өлім жазасынан құтқарды» деп жар салғыздырды.

Үгедей де Шағатайды аға тұтып, құрметтеді, маңызды мемлекеттік мәселелер бойынша онымен ақылдасып отырды. 1236 ж. Қытайда отбасы санының есебі алынды. Оларды ханның туыстары мен министрлердің арасында бөлгенде Шағатайға 47330 отбасы берілген. Сонан кейін Шан Зеуден бір түмен отбасы тиіпті.

Шағатай Шыңғысхан орнатқан билік пен тәртіпті мүлтіксіз сақтап, заңды бұзушыларды қатаң жазалап отырды. Шыңғысханның адалдық, адамгершілік жөніндегі өсиеттерін өте жоғары бағалап, басшылыққа алып отыратын Ялауаштың Масхуд деген баласына Шағатай барлық шаруашылық жұмыстарды тапсырды.

Осы қысқаша өмірбаянынан заңды жақсы біліп, оны қатал сақтаған Шағатайдың иелігіндегі дулаттардың ешқандай зорлық-зомбылыққа, қудалаушылыққа ұшырамағанын байқаймыз. Жоғарыда айтылғандай, дулаттардың мекені де моңғолдар державасының құрамына қосып алынғаннан кейін жаңа мемлекетте әсіресе сауданың қызу дамуына жете мән берілді. Ол сауданың дәлелі – деректерде кездесетін Шағатай теңгелері болып табылады. Шағатай ұлысының алтын теңгелері Алмалық қаласында соғылған.

Ол деректің бірінде теңгелердің Шыңжаң жерінен табылғандығы айтылады. «Шағатайлық теңге-тиындардың ең мол табылған жері – Үрімжінің батысынан 30 км. келетін жердегі Санжы қаласының іргесіндегі ортағасырлық Чамбалық қаласының жұрты. Ондағы құмырашылық шеберханасының орнынан табылған қыш құмыраның ішінен 1370 дана әр түрлі алтын, күміс теңгелер шыққан. Олардың ішіндегі 1364 дана күміс теңге Шағатай ұлысының, 4 дана алтын теңге Алтын Орда хандығының, 1 дана күміс теңге Илхан ұлысының ақшасы болып шыққан. Теңгелер XIII ғасырдың 40-шы жылдарынан XIV ғасырдың басы аралығында Алмалықта, Ходжендте, Самарқандта, Қашқарда, Бұхарада, Таразда және Хорезмде соғылған. Бұдан өзге шағатайлық теңгелерден Оңтүстік Шыңжаңдағы Күшар ауданынан 100-ден астамы, Солтүстік Шыңжаңдағы Мори мен Шонжы ауданынан 100-ден астам күміс теңге, Фуқан қаласының жанындағы ортағасырлық Күлік қала жұртынан 10 шақты алтын теңге, Жоңғар Алатауының солтүстік-шығыс етегіндегі Боротала облысы аумағындағы Далта қала жұртынан (ортағасырлық Болат қаласы) 35 дана алтын теңге, сондай-ақ соңғы жылдары көне Алмалық қаласының жұртынан да бірсыпыра шағатайлық алтын-күміс теңгелер үздіксіз табылған, соңғы екі қаладан табылған теңгелер сол жердің өзінде соғылған екен.

Жалпы Шыңжаңнан табылған шағатайлық теңгелердің дені Алмалықта соғылған, онан қалса «Ұлуқ Орда» деп аталған жерде, Қашқарда, Таразда және т.б. жерлерде соғылған. Алмалық ұлыстың ірі орталық қалаларының бірі болған». Сауда дамып, экономика жанданғаннан кейін дулаттар жерінде біраз уақыт тұрақтылық орнағаны байқалады. Оған дәлел–деректерде билік үшін, жер үшін, әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін күрес, өзара қырқыстар туралы мәліметтердің кездеспейтіндігі. Бұл кезде дулат тайпасы алаңсыз өмір сүріп жатты. Рас, Шағатай христиандарды қолдап, оларға қамқорлық жасап отырды. Ислам дініндегі мұсылмандардың мүддесіне ұлы ханның кейбір ережелері (талаптары) қарама-қайшы келіп отырды. Мысалы, моңғолдар заңы бойынша ағын суға түсуге, сойылатын малды бауыздауға тиым салынды. «Шағатай өлтірілген мұсылман туралы хабар берген әрбір адамға бір бөліш алтын (500 динар) сыйлап отырған». Бірақ Шағатайдың жақын адамдарының ішінде мұсылмандар да болған. Мысалы тәжік нәсілінен шыққан бай көпес Кутб-ад-дин Хабаш Амид Шағатайдың бажасы болғандықтан оның ең сенімді адамының бірі еді.

Шағатайдың төрт мыңдық жергілікті (моңғолдық?) полкі табиғи жолмен өсіп-өніп, көбеюі мүмкін еді. Бірақ ол үшін ұзақ уақыт, әрі қолайлы жағдай керек болатын. Ал ондай ыңғайлы жағдай бола қоймады. Шағатайдың тек жергілікті моңғолдардан ғана емес, сондай-ақ моңғолдана бастаған *жалайыр* сияқты түркіліктерден де тұратын әскері қаптаған көшпенді түркілердің ортасына түсті. Сөйтіп біріншіден, жергілікті халықтардың моңғолдануының орнына моңғолдың шағатайлық ұланы біртіндеп түркіленіп кетті; екіншіден Шағатайдың кезінде армияның басым көпшілігі жергілікті түркілерден тұратын болды. Шыңғысхан өзі құрған империяны көшпенділердің жеңілген отырықшы халыққа үстемдік орнатуы деп түсінді. Оның ойынша отырықшы халықтарды үстемдік жүргізушілердің қажетін өтеп отырулары үшін көшпенділердің қолына құдайдың өзі берді. Осы бағытты ұстанған Шыңғысханның балалары мен немерелерінің билігі кезінде Шағатай ұлысының шығысында тұрып жатқан көшпенді дулат тайпасының мерейі үстем болып, ұлыстағы билікке араласа бастады.

Уақытының бәрін інісі Үгедейдің қасында өткізіп, Шағатай өз ұлысында аз-ақ тұрды. Барлық басшылық Қарағар нойонға жүктелді. Ол биліктен Шағатайдан кейінгі Есу-Мөңке мен Қара-Хулагу хандардың тұсында да айырылған жоқ. Оның билігі кезінде тұрақтылық орнап, дулат, т.б. тайпалар бейбіт өмір сүрді. Сонымен, Шағатай ұлысының шығыс бөлігін мекендеген дулаттар үшін моңғолдар билігінің алғашқы қырық жылы бейбітшілік, тыныштық пен тұрақтылық кезеңі болды. Бірақ ол тұрақтылық 1260 ж. ұлы хан билігі Хұбылайға көшкен соң бұзылып, қанды анархияға айналды. Дулаттар елінің экономикалық-

мәдени дамуы дағдарысқа ұшырады. Ол дағдарыс дулаттардың саяси белсенділігін арттырып, ұлыстың шығыс бөлігінің дербес Моғолстан мемлекетіне айналуына себеп болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. IX т. Арғын. 1 кітап. – Алматы, 2007.
2. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т.1. кн.2. -69 б.
3. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы, 1991. -102 б.
4. Стэнли Л.-П. Мусульманские династии. // Абул-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. – М.-Т.-Б., 1996. -461 б.
5. Большая энциклопедия. Под ред. С.Н.Южакова. Т.8. – СПб., 1905. -392, 774 с.
6. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. -Фрунзе, 1943. 43 -46 с.
7. Тынышпаев М. История казахского народа. -Алматы, 1993. -76 б.
8. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы, 1991.19,33-40 б.б.
9. Караев О. Чагатайский улус. Государство Хайду. Моғулистан. Бишкек, 1995. -17, 128 б.
10. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. -Алматы, 1994. -199 б.
11. Сайшиял. Сказание о Чингисхане. - 401 б.
12. Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. – Алматы, 1996. -161 б.
13. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент, 1925. -57 б.
14. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы, 2003. - 45 б.
15. Қожабек-Албани Б.Р. Мұхаммед Хайдар Дулати. – Алматы, 2000. -117 б.
16. Кашгария. Историко-географический очерк страны. – СПб., 1879. -79 б.
17. Сайшиял. Сказание о Чингисхане. – Улан-Удэ, 2006. - 388, 400 б.
18. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Т.2. – Алматы, 2005. -47-48 бб.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы социально-экономического, политического положения племени Дулат со времени монгольского завоевания, активное участие его в образовании Моғолистана.

SUMMARY

In article problems of social and economic, political provision of a tribe Dulat since the Mongolian gain, its active participation in Mogolistan's education are considered.

УДК 211 А-36

РЕЛИГИОЗНАЯ ЭТИКА ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА

Айбеков Б.О. - к.ф.н.

Нарбекова Г.А. - к.ф.н., доцент

Казахстан, г.Алматы,

Институт философии и политологии РК

Унербаева Ш.У.- старший преподаватель

Казахстан, г.Алматы,

*Казахский государственный женский
педагогический университет*

Аннотация: В данной статье рассматриваются религиозные взгляды Шакарима Кудайбердиева. Дается анализ исламской интерпретации морали, роли нравственности в жизни мусульманина.

Ключевые слова: Шакарим, религиозная этика, религиозные воззрения, душа, тело.

В религиозных воззрениях Шакарима важное место отведено этическим проблемам – исламской интерпретации морали, выявленную роли нравственности в жизни мусульманина. Ставятся и решаются эти проблемы во многих стихотворениях Шакарима [1], а также в его книгах «Иман гиадат», «Три истины» [2] и «Основные положения веры» [3], «Родословная тюрок, киргизов, казахов и ханов» [4], «Сады подснежников» [5]. Какие же конкретно религиозно – нравственные проблемы ставил и решал в своих трудах Шакарим?

Таких проблем, судя по публикациям Шакарима, много. Но первое и главное место в их ряду занимает проблема свободы воли, над решением которой на протяжении веков бились (и продолжают биться поныне) выдающиеся мусульманские богословы и философы. Как известно, мусульманин должен искать ответы на волнующие его вопросы в Коране. Там же следовало ему находить и исламский вариант решения проблемы свободы воли. Наличие в Коране противоречивых вариантов решения проблемы свободы воли наставило мусульманских богословов перед необходимостью нахождения ответов на такие вопросы: Может ли человек отвечать за действия, которые от него не зависят, так как изначально предопределены Бога? Как согласовать представления об Аллахе – Всемогущем и одновременно Аллахе – Всеблагом? Действительно, если он всемогущ, то добро и зло, имеющееся как в мире, существуют по его воле; но когда он не всеблаг, так как допустил существование зла. Если же он всеблаг, и зло идет не от него, тогда он не всемогущ.

Поэтому еще при первых халифах, то есть сразу же после смерти Мухаммеда, появились сторонники прямо противоположных подходов к решению данной проблемы: приверженцы учения об абсолютном предопределении и поборники идеи абсолютной свободы воли. Начатая ими дискуссия продолжалась в последующие столетия. Были вовлечены в нее и казахские богословы.

Принял участие в дискуссии и Шакарим. Он проанализировал три возможных подхода к данной проблеме, сложившихся в исламской богословской литературе, и выразил свою отношение к каждому из них.

Подход первый: у человека нет воли и все свои поступки он совершает по воле Аллаха. Полемизируя с этой точкой зрения, Шакарим считал, что невозможно представить себе, чтобы Бог, предопределив те или иные поступки, в этом числе и злые, требовал бы от человека ответственности за них и наказывал его загробном мире. При этом он сослался на следующие аяты в Коране: «истинно Аллах не делает зла людям, от них зависит, будет ли благодарен, став мусульманином, или будет непризнателен, став кафиром (неверным, безбожником, еретиком. – Б.А.)»; «Для человека будет только то, что он стремится сделать» [6].

По мнению Шакарима, Аллах оказывает помощь человеку, дав ему разум и предупреждая его через пророков мулл, но если тот ослушается, не останавливает его [6].

Подход второй: Аллах сотворил все существующее на земле, в том числе добро и зло, и не вмешивается в дела творения, предав все свои пожелания через пророков. И его Шакарим оспаривает, полагая, что если Аллах, сотворив видимый и невидимые, не вмешивается в дальнейшем в жизнь своих творений, тогда отпадает нужда пророках. Получается, пишет он, что пророки появились сами по себе, без какой бы то ни было причины, из ничего; в таком случае не стоит ни поощрять людей за сделанное добро, ни наказывать их содеянное зло.

Возражая своим оппонентам, считавшим что несогласие с данным подходом означает признание человеку как бы второго Бога, Шакарим утверждал, что Аллах сотворил человека со свободой воли. Если это так, то отсюда следует, что человек является хозяином своих поступков, но не их творцом.

Эту мысль он иллюстрирует следующим размышлением. Если скажешь, что причиной совершенного мною греха были родители или друзья, а может даже плохое влияние той местности, где я живу, то при этом можно ли сказать: «Поэтому я стал грешником», а за это кто должен отвечать и кто должен быть наказанным? И Шакарим приходит к следующему

выводу: если за совершенный грех будет отвечать другой, который был причиной, то тогда у него тоже кто - то был причиной; таким образом можно дойти до Адама, что недопустимо, ибо в Коране сказано: «Никто не отвечает за грех, совершенный другим» [7].

Подход третий: все действия человека предопределены Аллахом и записаны в «скрижали хранимой», поэтому у человека нет воли не исполнять то, что ему предопределено. Эту точку зрения Шакарим отвергает самым категорическим образом, подкрепляя свою позицию следующим чисто житейским рассуждением: «любой разумный человек знает, что если он попусту, ни за что разбазаривать свой скот, то со временем станет бедным. Стоит ли в таких случаях говорить, что Бог предопределил, поэтому я стал бедным».

Свободу воли человека Шакарим связывает с идеей абсолютной справедливости Аллаха. Если Аллах справедлив, а Коран не разрешает сомневаться в справедливости Аллаха, то все исходящее от него может быть только справедливым. Следовательно, несправедливые учения и деяния исходят от самого человека. Если это так, то воля человека свободна, и он своих поступках ответственен только перед собой.

Шакарим видит источник зла в чувственных желаниях человека. Человек рассматривает им как единство двух частей – видимой (тело) и невидимой (душа), познавшая душа объявляется движущей силой и носителем нравственной функции: именно она обладает способностью отличать полезное от вредного. Если душа стремится к совершенствованию, то человек укрепляет свою веру. Если же в человеке побеждает «чувственное желание» то он отступает от веры. «У человека, - писал он, есть две потребности телесные и духовные». Постоянная забота о себе, самолюбие, тщеславие - это потребности и тела. Совесть, стремление четко трудиться – потребность души. Тот, у кого побеждает первая потребность, ради наживы, корысти и славы готов пойти на любые злодеяния. Второй не ищет ничего, кроме безкорыстного труда и благих поступков [7].

Итак, по мнению Шакарима, зла в субстанциональном смысле нет. Всякое бытие, исходящее от Бога, есть добро. Выводя зло из «чувственных желаний» человека он снимает с Бога ответственность за зло и формулирует важнейшие принципы своей теодицеи - богооправдания. Суть ее такова. Человеческая воля свободна в своих чувственных желаниях. Божественное воздаяние прямо зависит от нравственного уровня деятельности каждого индивида, она соразмерно делом человека. Каждый терпит наказания за свою вину и каждый обретает блаженство соответственно своим заслугам. Посмертная судьба является, по Шакариму результатом взвешивания его добрых и злых дел. Получается, что личность сама реализует свои моральные возможности, а на долю Бога выпадает роль своеобразного бухгалтера.

На первый взгляд может показаться, что приписывая человеку свободу в своих «чувственных желаниях», Шакарим становится на позицию индетерминизма. Поскольку индетерминизм берет под свою защиту непосредственное чувство свободы. Мы сознаем, говорят индетерминисты, не может быть обманом – как они в сознании даны, такова их единственная реальность.

Но Шакарим связывает «чувственное желание» с неразумным человеческим телом. И когда он говорит, что «свобода воли» возможно лишь в земной жизни. А в загробной жизни о ней не может быть и речи, - здесь мыслитель переходит на позиции детерминизма, так как посмертная человеческая судьба сказывается всецело зависящей от его земной жизни.

Таким образом, Шакарим приходит к выводу. Что Бог не может творить зла – от его исходит только добро. То, что несправедливо, нельзя навязывать Богу – это результат свободы воли человека, а следовательно, только человек за это в ответе. Из сказанного видно, что рационалистически мыслящий философ ясно представляя противоречивость и односторонность исламских ортодоксальных подходов к проблеме свободы воли, стремился преодолеть их схоластичность и привести к определенному логическому порядку, укрепив их доводами разума, ограничен принцип предопределения.

Своим решением проблемы свободы воли Шакарим заметно возвысился над современными ему исламскими религиозными деятелями. Во-первых, он рассматривал эту проблему не с абстрактно - схоластических позиций, а с социально – этических. Во-вторых, «заземлял» ее, концентрируя внимания и на Бога, и на человека. Это был значительный вклад в развитие казахской религиозно – философской мысли конца XIX начало XX вв.

Многочисленным порокам Шакарим противопоставляет не менее многочисленные добродетели. К ним относит терпеливость (понимаемую как единство стойкости, выносливости с отвагой, смелостью и даже дерзостью), скромность, справедливость, доброта. Все это он объединяет одним понятием – совесть. Человек должен познать в себе эти качества и реализовать своим поведением. Именно способностью к такому самопознанию человек отличается от животного.

Достигается это самопознание воспитанием, нравственной активностью человека. А проявляться активность должна в честном труде, стремлении к просвещению, в способности к милосердию. Ратуя за просвещение народа.

Таким образом, этика Шакарима религиозная по своим основаниям, глубоко гуманистично по своей направленности, в ее центре Бог, и она обращена к человеку с его недостатками и достоинствами. И утверждение веры рассматривается ею как само цель, и как средство укрепления нравственных устоев личности и общества.

Показательно, что этические проблемы с позиций ислама, Шакарим не проявлял узкого конфессионализма – он не отрицал возможности нравственных поступков со стороны исповедующих другую веру или вообще неверующих говоря религиозным языком он допускал возможность спасения, то есть райского блаженства и для немусульман. Если человек в течении всей своей жизни, утверждал Шакарим, делал лишь добро, он безусловно опасается, даже если он не исповедует ислам, не верит в пророка и не соблюдает исламские обряды, словно, не является мусульманином.

Такая широта взглядов ставила Шакарима на голову выше казахских религиозных деятелей и мулл того времени. Его позиции мусульманина – гуманиста – пример для современных исламских деятелей, образец восприятия ислама как формы духовности с большим нравственным потенциалом.

Поэтому религиозная этика Шакарима, сыгравшая свою благотворную роль в прошлом, актуальна и сегодня. Притом не только для современных мусульман Казахстана и других исламских регионов, но и для приверженцев иных мировоззренческих систем и идеологий, стремящихся общими усилиями преодолеть наиболее вопиющие человеческие пороки и тем самым повысить нравственным потенциал своих народов, всего человечества.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Кудайбердиев Ш. Сочинение: стихи, дастаны, проза. - Алма-Ата, 1988.
2. Кудайбердиев Ш. Три истины - Алма-Ата, 1990.
3. Кудайбердиев Ш. Родословная тюрок, киргизов, казахов и ханов. – Оренбург, 1911.
4. Кудайбердиев Ш. Основные положения веры - Оренбург, 1911.
5. Кудайбердиев Ш. Сады подснежников. \ Простор. - 1989. – №8. -65-75с.
6. Абдильдин Ж., Бурабаев М. Истоки формирования прогрессивной общественно – политической мысли в Казахстане \ Казахстан коммунист. -1982. -№2. – с.15-21.
7. Абдигазиев Б. Историко – философские аспекты творчества Шакарима извест. Ан КазССР -1981. -№3. –с.91-98.
8. Абай. Слова назидания. – Алма-Ата: Жалын, 1983. – 76с.
9. аш-Шахристани. Книга о религиях и сектах. –Ч.І. – М., 1984.

ТҮЙІНДЕМЕ

Шәкәрім Құдайбердиевтің діни этикалық көзқарасына арналған мақалада адам еркіндігі мәселесі көтеріледі. Шәкәрім – бұл мәселені жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде шешеді.

SUMMARY

In the article devoted to Shakarim Kudaibergenovs religions ethis views the problem of mans freedom is considered. Shakarim is solving this problem on the basis of general human valies.

ЖАЛПЫ ТАРИХ

ӘОЖ 94(574) А 30

ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕМ ТАРИХЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

*Абжаппарова Б.Ж.-т.ғ.д.,
профессор м.а.
Қазақстан, Астана қ.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*

Аннотация: Мақалада Шығыс елдерінің тарихы және оны зерттеудің методологиясы мәселелері қарастырылған. Шығыс тарихы дүниежүзі тарихының құрамдас бір бөлігі. Дегенмен, бұл тарихтың өзіндік ерекшеліктерін де ұмытпаған жөн. Қазіргі кезеңде әлем тарихында өркениетті даму концепциясы негізгі қағида ретінде алынса, ол ең алдымен Шығыс елдерінің тарихының ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Шығыс, елдер, Рашид ад-Дин, Азия, Африка, дерек, тарихнама, А.Тойнби, өркениет, парадигма.

Шығыс елдерінің тарихын зерттеу - шығыстанудың кешенді ғылым ретіндегі құрамдас бөлімдерінің бірі болып саналады. Шығыстанулық тарихи зерттеулер шығыс елдерінің өткен тарихын айқындап қана қоймай, осы елдер жайлы терең түсінік алуға көмектеседі. Шығыс халықтары ежелден-ақ ғасырлар бойы сақталған дәстүрлері мен тарихи ескерткіштерін мұқият сақтауда. Шығыс елдерінің тарихы әлемдік тарихта ерекше орын алады. Осы аймақтарда әлемдік өркениеттің алғашқы ошақтары, ежелгі мәдениеттің, жазудың, ғылымның орталықтары: Ежелгі Мысыр мен Шумер, Финикия мен Ассирия, Ежелгі Индия мен Қытай пайда болды. Әсіресе, орта ғасырлар кезеңінде шығыс елдері өзінің даму қарқыны жағынан Европадан озық тұрды. Осы кезеңде Қытай империясы, Араб халифаты, Шыңғысханның Моңғол мемлекеті, Осман империясы, Ұлы Моғол империясы сияқты ірі мемлекеттер пайда болып, дамыды. Қытай әлемге компас, қағаз, оқ дәрі мен кітап басып шығаруды паш етсе, арабтар әлемдік өркениетке математика мен медицинаны танытып, индиялықтар терең діни-философиялық теорияларды ойлап Батыстан әлдеқайда көш ілгері дамып, талай өнер туындыларын жасады. Жаңа заман әлемді түбірінен өзгертті. Батыс Азия және Африканы басып озып, оларды отарлауға көшті. Отаршылдық дәуірінде батыс ғылымында «озық Европа», «артта қалған Шығыс» деген түсінік қалыптасты. Батыс Азия және Африка елдерінің өз бетінше дамуына кедергі келтірді. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемде қайтадан жаңа өзгерістер туып, Азия және Африка елдері тәуелсіздіктерін алып, прогрессивті даму жолында елеулі табыстарға қол жеткізіп, экономикасы дамып, әлеуметтік салада да үлкен өзгерістер пайда болды. Бүгінгі күні тек Жапония ғана емес Қытай, Индия, Оңтүстік Корея, Вьетнам, Таиланд, Малайзия және тағы басқа елдер күрделі жаңалықтары мен табыстары арқылы әлемді таңқалдыруда. Жаңа заман кезеңінде тарих ғылымында евроцентристік көзқарас үстемдік етіп, әлем тарихы европалық

материалдар негізінде қарастырылды. Соңғы жылдары Азия және Африка елдерінде ұлттық шығыс мектептерінде шығыстанушы тарихшылардың зерттеулерінің арқасында евроцентристік көзқарастан бас тартып жаңа қадамдар жасалуда. Көптеген шығыс халықтарында тарихты жазуға құрметпен қарау ерекше орын алады. Тарихи білімдерге маңыз берілген. Ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы көптеген тарихшылардың есімдері халықтың жадында сақталған. Сыма Цяньды қытай тарихын жазудың атасы деп санайды. Оның Қытай тарихына байланысты «Ши цзи» («Тарихи жазбалар») деп аталатын еңбегі тарихи материалды баяндауда Қытай династиясының тарихы жайлы қомақты еңбек болып саналады.

Парсы мемлекетінің қайраткері, ұлы ғалым-энциклопедист Рашид ад-Дин (1247–1318 жж.) фундаментальды «Джами ат-Таварих» (Жылнамалар жинағы) деп аталатын тарихи шығармасын жазды. Бұл еңбектің құндылығы сонда автор әлем тарихын жазуда мұсылман халықтары ғана емес Европа, Қытай, Индия тағы басқа елдер жайлы материалдар енгізген.

«Тарихи дерек» тарих ғылымының базалық категориясына жатады. Шығыстанушы үшін «дерек» — шешуші ұғым. Тарихи деректерге сүйене отырып, Шығыс елдеріндегі оқиғалар жайлы мәлімет алуға болады. Тарих ғылымының негізгі мәселелерінің бірі болып саналатын тарихи деректер тарихи деректану ғылымының тікелей зерттеу объектісі [1, 8 б.]. Деректер қатарына тарихшылар өткен оқиғалар жайлы ақпар беретін жазбаша, заттай ескерткіштер мен материалдарды жатқызады. Шығыстанушы-тарихшы жазбаша немесе заттай деректерге сүйенеді. Қазіргі кезеңде ақпарат, радио, телехабарлар, аудио, видеотаспалар да дерек көздеріне айналууда. ХХІ ғ. басында қазіргі ақпарат жүйесінде интернетте «дерек» ретінде саналады. Қытай тарихының деректерін зерттеуші ғалым, Г.Я.Смолин Шығыс елдерінің ежелгі және орта ғасырлар тарихына байланысты негізгі тарихи деректерді беске бөледі: «1) заттай; 2) мифологиялық және басқа фольклорлық деректер; 3) эпиграфиялық; 4) жазба; 5) тілдік» [2, 12]. Профессор Г.Я.Смолиннің деректерді осылайша 5 түрге бөлуі көп жағдайда шартты болып есептеледі. Мысалы жазу белгілері бар ақшалар мен мөрлер (Шығыс елдерінде кеңінен дамыған), елтаңбалар, төс белгілерін көп жағдайда заттай да кейде эпиграфикалық, тіпті жазба деректер де жатқызуға болады. Жоғарыда көрсетілген тарихи деректер жіктелуіне сәйкес тектерге бөлінеді. Заттай деректердің ішінде өндірістік қызмет бұйымдары, діни наным мазмұнындағы ескерткіштер мен заттар және мәдени-тарихи ақпарат беретін деректер ерекше орын алады. Жазба деректер тегі жағынан баяндайтын нарративті, құжаттық болып екіге бөлінеді. Тарихи деректер деректану деп аталатын тарихи ғылымның арнайы бір зерттеу саласының объектісі болып саналады. Деректану саласында тарихи деректерді зерттеудің жаңа тәсілдері мен концепциялары оны пайдалану жолдары жасалып жатыр. Тарихшы-шығыстанушылар филологиялық пәндермен қатар палеография, лингвистикалық палеонтология, текстология, топонимикамен де айналысады. Шығыстық деректануда тарихи және филологиялық бастаулары бір-бірімен тығыз байланысты әрі бірін-бірі толықтырып отырады.

Тарихнама кең мағынада алғанда деректік шығармашылық процесс болып саналады. Тар мағынада айтқанда, тарих ғылымын, тарихын зерттеу, тарих ғылымындағы теориялар мен концепцияларды әдіс-тәсілдерді зерттейді.

Жүздеген жылдар бойы тарихшылар көптеген шығармалар жазып, көптеген мектептер мен бағыттарды ашты. Жаңа зерттеулер де жазылып жатыр. Кейде мынадай сұрақтар туындайды: осы жаңа тарихи еңбектерді жазу қажет пе, бұрын жазылған жоқпа, қайта жазудың қажеті не? Әрбір дәуір жаңа тарихи дәуір тарихи оқиғалар мен мәдени құбылыстарды әкелетін болғандықтан, өткен құндылықтар мен дәстүрлерді қабылдау үшін, өткенді қайтадан ой елегінен өткізіп, жаңа көзқарас тұрғысынан баға беру қажет. Тарихнама тарихи талдаудың жаңа әдіс-тәсілдері арқылы осы құбылысты зерттейді.

Тарихи методология тарих ғылымының маңызды элементі болып саналады. Оған тарихи зерттеу процесінде қолданылатын тарихи талдаудың әдіс-тәсілдері жатады. Осы

пәнге байланысты тарихи тәсіл пайдаланған алғашқы шығарманы Лукиан Самосатский (б.э.д. 120 – 180 жж.) жазды. Европада тарихқа ғылыми көзқарас XIX ғ. ортасында қалыптасты. Тарих ғылымы методологиясының қалыптасып дамуына үлкен үлес қосқан ғалымдардың қатарына ресейлік ғалым, Петербург ғылым академиясының мүшесі А.С.Лаппо-Данилевский (1863–1919) жатады. Ол ұсынған методологиялық тәсілдер «Тарих методологиясы» фундаментальды еңбегінде берілген. Тарих методологиясының құрылымына: 1) тарихи білім теориясы 2) тарихи зерттеу тәсілі, 3) деректану методологиясы, 4) тарихи құрылым методологиясы жатады. Тарихи білім теориясы, А.С.Лаппо-Данилевскийдің көзқарасы бойынша тарихи танымның бастау принциптерін құрайды оған мыналар жатады: а) теориялық-танымдық көзқарас, б) тарихи құрылымдардағы себеп пен салдар принциптері в) тарихи баға беру критерийі негізінде тарихшының материалды таңдауы, г) тарихшы пайдаланатын «эволюция», «прогресс», «регресс» түсініктерінің мағынасы т.б. А.С.Лаппо-Данилевский деректану методологиясы тарихшының өзіне таныс деректерді пайдалана отырып, берілген тарихи фактілердің алатын орнын негізге алып, принциптер мен тәсілдерді белгілеуі деп тұжырымдайды. Қазіргі кезеңде тарих ғылымының негізгі методологиялық принципі тарихилық принцип болып саналады. Соған сәйкес барлық объектілер мен тарихи құбылыстардың заңды тарихи дамуы олардың нақты өмір сүру жағдайымен байланысты болу қажет. Бір де бір тарихи құбылыс өзінің тарихи контекстінен бөлініп қалмау керек, себебі әрбір тарихи оқиғаның себеп-салдарымен байланысы болу қажет.

Тарих, тағы басқа гуманитарлық тіл білімі, әдебиеттану, саясаттану, дінтану, юриспруденция білімі салаларында салыстырмалы, (салыстырмалы тарихи тәсіл) қолданылады. Ол тарихи құбылыстардың жалпы және ерекшелігін айқындауға көмектеседі. Оның көмегімен әртүрлі халықтардың өзара мәдени, әлеуметтік, саяси ықпалы зерттеліп, ортақ тарихи заңдылықтары сараланады.

Әрбір тарихи деректердің өзіндік ерекшелігін зерттеуде қосалқы тарихи пәндер ерекше орын алады. Вексиллогия тулар мен жалауларды, жалаушаларды зерттесе; геральдика - гербтарды; дипломатика (немесе актілік деректану) тарихи актілер мен ресми немесе жеке мазмұндағы заңдық құжаттарды, олардың түрлері мен мазмұнын, шынайылығын айқындау; нумизматика ақшалар мен ақша айналымының тарихын; сфрагистика (немесе сигиллография) - мөрлерді; эмблематика символдар мен белгілердің (әскери шендердің айырмашылығын, фирмалық және тауар маркаларын); эпиграфика көне тастар, металлдар, саз, сүйектер, ағаштардағы жазуларды зерттеумен айналысады.

Ұзақ жылдар бойы әлем тарихын зерттейтін тарихшылар адамзат тарихын зерттеудің базалық методологиялық принциптері туралы пікірталастар туғызып келеді. Шығыс елдері тілдеріндегі нақты деректермен жұмыс жасап жүрген шығыстанушы-тарихшылар әлемдік тарихи процеске күрделі түзетулер мен теориялық концепциялар енгізуде. Адамзат тарихын зерттеуде ұзақ жылдар бойы формациялық және өркениетті көзқарас қалыптасты. «Қоғамдық-экономикалық формация» түсінігін XIX ғ. К.Маркс енгізді. Маркстің анықтауы бойынша қоғамдық-экономикалық формация белгілі бір тарихи даму сатысы кезеңіндегі, өзіндік ерекшелігі бар қоғам.

Кеңестік кезеңде маркстік тарих ғылымында формациялық негізде адамзат өзінің тарихи дамуы кезеңінде бес негізгі қоғамдық-экономикалық: алғашқы-қауымдық, құл иеленуші, феодалдық, капиталистік және коммунистік формацияны өткереді деген түсінік қалыптасты. Шығыстануда бұл көзқарас академик В.В.Струвенің 1930-шы жылдарғы пікірлерінен кейін бекіді. Осыдан бастап «бесмүшелік» схеманы сынға алуға тыйым салынды. Маркстік қоғамтануда сол кезеңдегі тарихи материализмде қалыптасқан догмалық жорамалдар бойынша барлық тарихшылар формациялық көзқарастан ауытқымауы тиіс болды. Бір қоғамдық формациядан екінші бір қоғамдық формацияға өту әлеуметтік революциялардың нәтижесінде болады деген пікір қалыптасты.

1980-ші жылдардың соңынан бастап отандық қоғамтану ғылымында формациялық парадигма ұзақ жылдар бойы шетел ғалымдары белсенді түрде қолданып келген өркениетті көзқараспен ауыстырыла бастады. Тарихи дамудың өркениетті парадигмасының қалыптасуына Арнольд Тойнби үлес қосты [3]. Оның концепциясы шетел және ресейлік ғалымдардың теориялық және қолданбалы негізіне айналды. Тойнбидің теориялық концепциясы тарихи даму барысындағы ірі әлеуметтік мәдени қауымдастықты қамтыды. Тойнби алғашқылардың бірі болып адамзат қауымдастығы тарихындағы мәдениет пен саясаттың тығыз қабысып жатқандығын көрсете білді. Тойнби өркениетті парадигманың қалыптасуында екі мәселеге назар аударады. Біріншіден, ол өз еңбектерінде өркениеттің дамуының қорытынды кезеңінде империя қалыптасып, аталған өркениеттің рухымен бағындыра алмағандықтан күшпен қоластында ұстап отыруға тырысатындығын көрсетеді. Тарих оны (Рим, Осман, Ресей империялары, Үшінші Рейх, Қазіргі АҚШ) т.б. дәлелдейді.

Екіншіден, Тойнби «перифериялық үстемдік» деп аталатын идеяның бар екендігін негіздеп, соған сәйкес, орталық мәдени потенциал біткен кезде әскери саяси қатынаста күшті ықпал ететін перифериялық халықтарға бағынышты болады деп санайды. Қазіргі кезеңде «өркениет» әртүрлі мағынада қолданылып жүр. Кейбір авторлар «ортағасырлық өркениет» «капиталистік өркениет», «батыс өркениеті» деп саралап жүр. Кейде «өркениет» жергілікті немесе аймақтық әлеуметтік мәдени қауымдастықты білдіретін, немесе олардың рухани мәдениеті ерекшеліктерін (христиандық, мұсылман, конфуциандық, конфуциандық-буддалық өркениет) немесе олардың тиісті территориялық және этникалық ерекшеліктеріне байланысты (европалық, шығысаязиялық, таяушығыстық, африкалық; қытайлық, жапондық, араб өркениеттері) деп, кейде табиғи-географиялық белгілерінің негізінде (гидравликалық, далалық, континентальды, океандық өркениеттер) деп қолданылады. «Өркениет» термині «мәдениет» түсінігінің синонимі ретінде қолданылады. Алайда ғалым В.П.Илюшечкин атап көрсеткендей, «оларды ұқсас етіп көрсетудің дұрыс емес екендігін мәдениет қоғамдағы материалдық, рухани өндіріс саласындағы жетістіктердің жиынтығы» деп есептейді [4, 337].

Қазір өркениетті көзқарасты қолдаушылар өркениетті қоғам дамуы процесінің өзекті құрылымдық бірлігі деп санайды. Ғалымдар өркениетті көзқарас қандай елдің тарихына байланысты қолдануға өте қолайлы деп есептейді. Өркениеттік көзқарастың ең басым жағы рухани бастауында. Көптеген авторлар өркениеттер санының өте көп екендігін айтады: Н.Я.Данилевский өркениеттің 13 түрі бар десе, О.Шпенглер - 8, А.Тойнби - 26, қазіргі зерттеушілердің бірі С.Хантингтон - 8 деп санайды. Өркениетті көзқарастың қарсыластары бар. Белгілі шығыстанушы ресейлік ғалым Л.С.Алаевтың пікірі бойынша қазіргі кезеңде кезеңдік бөлуді өркениетті көзқараспен ауыстырудың болашағы жоқ, себебі бұл үшін ғылыми терминология мен өркениеттерді салыстыру критерийлері әлі жасалмаған, «өркениеттер жүйесі» деген түсінік жоқ [5].

Әлемдік-тарихи дамуды әртүрлі методологиялық тұрғыда қарастыра отырып, формациялық және өркениетті көзқарастар бірін-бірі толықтырып, тарихи дамудың жаңа парадигмасының негізін қалайды. Қазіргі кезеңде шығыс елдерінің шынайы тарихын зерттеуде көне шығыс деректерінің ғылыми айналымға енуі бұрынғы қалыптасқан көзқарастардан бас тартып жаңаша зерделеуге жол ашылуда. Шығыс елдерінің тарихын тереңнен зерттемейінше әлем тарихының дамуын білу мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есімов Қ.Қазақстан тарихы деректануы. – Қарағанды: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай университеті баспасы, 1999. – 188 б.
2. Смолин Г.Я.Источниковедение древней истории Китая. Учеб. пособие. Л.: Изд-во ЛГУ, 1987. 183 с.
3. Тойнби А. Дж. Цивилизация перед судом истории /Сборник/ Пер. с англ. 2-е изд. - М.: Айрис-пресс, 2003. - 592 с.

4. Илюшечкин В.П. Теория стадийного развития общества: История и пробл/ РАН; Ин-т востоковедения. – М.: Вост. лит., 1996. – 406 с.

5. История Востока: В 6 т. /Р.Б. Рыбаков (пред.) и др.; Ин-т востоковедения. – М.: Вост. лит. – Т. 6. – 2005. – 574 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье Б.Ж.Абжаппарова рассматривает проблемы современной востоковедческой науки. Автор анализируя особенности истории, методологии, источниковедении востока раскрывает ее роль в мировой истории.

SUMMARY

In this article, BJ Abzhapparova considers the problems of modern oriental science. The author has analyzed the features of the history, methodology, sources east reveals it's role in world history.

ӘОЖ 9(с)77 С 52

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН KEЙІН ПОЛЬШАДА ХАЛЫҚТЫҚ БІРЛІК ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

*Сманова А.М. – т.ғ.к., доцент
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Кеңестік және поляк әдебиеттерін пайдалана отырып, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Поляк Халық Республикасының құрылу тарихының алғышарттары және Поляк жұмысшы партиясының қызметі туралы баяндалады.

Түйін сөздер: конференция, Крайов армиясы, парламент, демократия, манифест.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында фашистік басқыншылықтың құрсауында қалған Польша Республикасының территориясын жаудан азат ету мақсатында КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті 1944 жылы сәуір айының 3 күні Мәскеу қаласында «Поляк армиясының Әскери Кеңесін құру шаралары туралы» арнайы қаулыға қол қойды. Көп ұзамай «Поляк Армиясының Әскери Кеңесі туралы Уақытша Қаулыны» бекітіп, оны басқару ісі – генерал-лейтенант З.Берлинг (қолбасшы), генерал-лейтенант Сверчевский (қолбасшының орынбасары) және полковник Завадский (поляк партизан қозғалысының штаб басшысы және саяси-тәрбие бөлімшесінің қолбасшысының орынбасары) секілді әскери басшыларға тапсырылды [1].

Қызыл Армияның «азаттық әскерлер» тұрғысындағы жауынгерлері Польша территориясына 1944 жылдың шілде айында кірген болатын. Осы кезден бастап-ақ Поляк ұлт-азаттық комитеті (ПҰАК) Қызыл Армия әскери басшылығымен тығыз байланыс жасай отырып, жауға тойтарыс беру жағдайын қолға алды. Олар халықты өз жақтарына шақыра бастады. Сонымен бірге елде таратылған үндеу парақтарында: «Қолдарыңа қаруларыңды алыңдар! Қай жерде болса да немістерді өлтіріңдер! Олардың көліктеріне шабуыл жасап, поляк және кеңес солдаттарына көмек көрсетіңдер! Азат етілген аудандарда тез және нақты іс жүргізіп, Поляк әскерінің құрамына кіріңдер! Немістерден қыркүйек науқаны үшін кек алып, одақтастар әскерлерімен бірге фашистерге жаңа Грюнвальдті көрсетіңдер!» деп айтылған еді.

Осыдан кейін көп ұзамай, яғни, 1944 жылы 21 шілде күні Варшава қаласында өткен Уақытша поляк парламенті тұрғысындағы Елдің ұлттық кеңесінің (Крайова рада народова) пленарлы мәжілісінде Польша ұлт-азаттық комитеті бұдан былай – Уақытша Атқарушы орган болып қайта құрылды. Оның төрағасы болып Эдвард Болеслав Осбука-Моравский тағайындалды. Поляк ұлт-азаттық комитеті өздерінің уақытша тұрағы ретінде неміс басқыншылығынан азат етілген және өздерінің алғашқы қызметтерін бастаған Хелм қаласын тандап алды. Бұл комитеттің алдарына қойған мақсаттары поляк халқын неміс басқыншыларына қарсы күреске шақыру, яғни, олар немістерге қарсы барлық халықты өз қол астарына біріктірген – Ұлыбритания, КСРО және АҚШ сияқты ұлы державалар басшыларымен тығыз байланыс орнатуды қолға алды.

1944 жылы 26 шілде күні КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссариаты Кеңес үкіметінің басшылығына мынадай ұсыныс жасады: «Қызыл Армия табысты түрде алға жылжып, Кеңес Одағы мен Польша Республикасының мемлекеттік шекарасына жетті. Кейін шегінген герман әскерлерін өкшелей отырып Кеңес әскерлері Поляк армиясымен бірге Батыс Буг өзенінен өтті. Көп зардап шеккен поляк халқын неміс басқыншыларынан азат етуді Қызыл Армия өз қолына алды» деп айтылған болатын. Польша Республикасының шекарасына таяп қалған Кеңес әскерлерінің алдарына қойған мақсаты - герман әскерлерін талқандап және поляк халқын неміс басқыншыларынан азат етіп, «тәуелсіз демократиялық Польша Республикасын қалпына келтіру» болды. Сонымен бірге Кеңес үкіметі Қызыл Армияның Польша территориясындағы әскери қимылдарын «достық, одақтас» мемлекет тұрғысында қарайтындарын да айтып өтті. Осыған байланысты Кеңес үкіметі Польша территориясында өздерінің әкімшілік ұйымдарын орнатпайтынын, өйткені, мұны поляк халқының өз ісі деп қарайтынын мәлімдеді. Ал Кеңестік Қолбасшылық және Поляк әкімшілігі арасындағы байланыстарды Поляк ұлт-азаттық комитеті өз қолдарына алуды міндет етті. 1944 жылдың жазында Қызыл Армия әскерлері Польша жеріне кіріп, КСРО жерінде құрылған 1-ші Поляк армиясымен бірге неміс басқыншыларына қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Ромблев маңында және Липск орманында фашистерге қарсы табанды түрде шайқас жүргізіп ерлік көрсеткен Халық Армиясы (Армия Людовой), Ел армиясы (Армия Крайова), Шаруалар батальондары және Волынь дивизиялары жауға қарсы шайқасқа Кеңес әскерлерімен бірге шықты. Сонымен 1944 жылы шілде айының соңына қарай Кеңестік Қызыл Армия әскерлері поляк халқын жаудан азат ету миссиясымен Польша территориясына енгеннен соң КСРО үкіметі мен Поляк ұлт-азаттық комитеті арасында әкімшілік басқару жұмыстары жөнінде екіжақты келісімге қол қойылды. Онда: «Польша территориясындағы соғыс қимылдары жүріп жатқан аймақтардағы барлық әскери операциялар кеңестік Басқолбасшылықтың қолына көшіріледі. КСРО территориясында құрылған поляк әскери бөлімшелері Польша жерінде әскери қимылдарын жалғастырады. Кеңестік Басқолбасшылық және Поляк ұлт-азаттық комитеті арасындағы байланыс Поляк әскери миссиясы арқылы жүргізіледі. Неміс басқыншыларынан азат етілген аудандардағы қайта әкімшілік басқаруды Поляк ұлт-азаттық комитеті өз қолына алады» [2] деп аталып өтілді. Сөйтіп, бастапқы кезде Польша жеріндегі әскери қимылда кеңестер өз саясатын, ал поляк азаматтары өз заңдарымен әрекет жасады.

Дегенмен, екі мемлекет арасындағы бірнеше жылдан бері (1939 ж.) шешімін таппай келе жатқан даулы мәселенің бірі «шекара» жөнінде болды. Осыған байланысты 1944 жылы 27 шілдеде КСРО үкіметі және ПҰАК арасында кеңес-поляк келіссөзі болып өтті. Осы келісім бойынша Кеңес Одағы және ПҰАК екі ел арасындағы мемлекеттік шекара мәселесін қайта қарап, реттеу үшін «достық рухтағы» бірнеше кездесулер өткізген болатын. Алайда екі ел арасындағы мемлекеттік шекара «Керзон сызығы» деп аталатын саяси негізден асып кете алған жоқ. Кеңестік келісімдегі ұсыныс бойынша Керзон сызығының шығысындағы Батыс Буг өзені және Крылов қаласының оңтүстігіндегі Солокия өзені, Немиров-Яловка учаскесіндегі Беловежский Пуше аймағындағы жерлер Польша мемлекетінің мүддесіне қарай шешілді. Сонымен бірге Шығыс Пруссия территориясының солтүстік бөлігіндегі Кенигсберг порты Кеңес Одағының мүддесіне шешілді, ал Шығыс Пруссияның қалған

бөлігі, сонымен бірге Данциг облысы Польшаға қарады. Сан өзенінің шығысындағы Мычков елді мекеніне дейін, одан әрі шығыс Перемышлдан батыс Рав-Русскаяға, одан Солокия өзеніне дейін, бұл жерден Батыс Бугтен Немиров-Яловкаға дейінгі жерлер Польша иелігінде болып қала берді. Нәтижесінде Кеңестік саясаттың басымдылығынан Польша Республикасы мен Кеңес Одағы арасындағы мемлекеттік шекара 1939 жылға дейінгі жағдайын сақтаған жоқ [3].

1944 жылы тамыз айының 3 күні Мәскеу қаласында кеңестік басшылық өкілдері Лондондағы Польша эмигранттық үкіметінің премьер-министрі С.Миколайчикпен соғыстан кейінгі герман мәселесі және Польшада Уақытша үкімет құру, тылдағы Ел Армиясының (ЕА) жағдайы, Польша мемлекеттік шекарасын қайта қарау мәселелері төңірегінде кездесу өткізді. Осы екі жақты кездесуге поляк жағынан С.Миколайчик, С.Грабский, Т.Ромер, И.Мнишек, ал кеңестер жағынан И.В.Сталин, В.М.Молотов және тілмаш В.Н.Павлов қатысты. Кездесу барысында премьер С.Миколайчик кеңес армиясының гитлерлік әскерді талқандап жатқан табыстарын айта келе, олар Польша территориясын да азат етуге қолғабыс тигізері туралы әңгіме бастады. Ал Сталин болса осындай қиын халықаралық жағдайда Кеңес үкіметі Польшаны жаудан азат етуге қол ұшын беруді өзінің «парызы» деп санайтыны туралы айтып өтті [4]. Әрине, өйткені Кеңес Одағы Шығыс Еуропаға, тіпті соның ішінде Польшаға деген өз мүддесінен айырылмауы керек болатын. Алдағы болып өткен және соғыстан кейінгі әлемді бейбіт жолмен реттеу жағдайындағы халықаралық конференциялардың күн тәртібіндегі «Шығыс мәселесін» Сталин өз тізгінінен жібермеудің барлық мүмкіндігін қарастырды.

Осыдан кейін көп ұзамай-ақ КСРО Сыртқы Істер Халық комиссары В.М.Молотов Польша эмигранттық үкіметінің басшылары С.Миколайчик, С.Грабский, Т.Ромер және Поляк ұлт-азаттық комитетінің басшылары Б.Берут, Э.Осубка-Моравскийді «Польша мемлекетінде коалициялық үкімет құру туралы» мәселені талқылау үшін қабылдаған болатын. Бұл кездесудегі басты маңызды, яғни, белгілі болған жағдай Лондондағы эмигранттық үкімет басшысы С.Миколайчикке қарағанда Польша Халық кеңесінің төрағасы Беруттың Мәскеудегі кеңестік басшылар алдында беделі жоғары екені де байқалды. Осындай олқылықтарды пайдалана отырып Кеңес Одағы екі үкімет басшылары, яғни, лондондық үкімет пен ПҰАК өкілдерінің Польша Республикасының 1935 жылғы Конституциясын мойындаудан бас тартуларына қол жеткізді. Өйткені олардың пайымдауы бойынша «халықтың көпшілігі бұл конституцияны мойындамайды», ал ПҰАК өкілдерінің хабарлауынша «заңдық негізде поляк мемлекетінің жаңа конституциясы демократиялық жолмен жасалып, сейм бойынша бекітілгенге дейін елде 1921 жылғы конституция жүргізіледі» деп жариялады. Сонымен қатар ПҰАК-нің тағы бір ұсынысы «мемлекеттің алдындағы міндеттерді табысты түрде шешу үшін елдегі «демократияға қарсы» заңдарды жойып отыру керек» деп атап өтті. Дегенмен, бастапқы кезде ПҰАК-нің ұсынысы бойынша елдегі коалициялық үкіметтің премьері С.Миколайчик болып тағайындалды деп атап көрсетті, ал оның Лондондағы эмигранттық үкіметі кеңестік саясаттың ұсынысы бойынша Варшаваға келуге тиіс болды. Ал осы кездегі ПҰАК өкілдерінің позициясы бойынша жаңа үкімет поляк күшін біріктіруді қарастырады, олардың пікірінше жаңа үкіметте тек демократиялық партиялар ғана болуы керек.

1944 жылдың аяғы 1945 жылдың қаңтар айында Поляк халық ұлттық кеңесінің (парламент) заңына сәйкес Польша Республикасында ПҰАК-нің орнына Уақытша үкіметтің құрылғандығы туралы жариялады. Елдің ұлттық кеңесінің президенті болып 1921 жылдың 17 наурызындағы Польша Республикасының Конституциясының 45 бабына сәйкес Берут, ал премьер-министрі Эдвард Осубка-Моравский, Поляк әскерінің Басқолбасшысы генерал-полковник Михал Роял-Жимерский тағдайындалды. Осы кездесуден кейін КСРО үкіметі және Польша Республикасының Уақытша үкіметі өзара дипломатиялық байланыс орнатуды «мақсат етуде» дегенді де кейінге қалдырған жоқ. Нәтижесінде 1945 жылы 5 қаңтарда екі ел арасындағы дипломатиялық байланыс туралы құжатқа қол қойылды. Сөйтіп Поляк Уақытша

үкіметін мойындаған Кеңес Одағы Польшаға Виктор Захарович Лебедевті елшілік қызметке жіберді.

Еуропада соғыс аяқталғаннан кейін және Польшадағы Кеңес Одағының азаттық миссиясы өз жұмысын аяқтаған соң поляк сыртқы саясаты алдындағы басты міндет, мемлекетті қайта құру, батыс шекараны қайта бекіту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтық мемлекетті халықаралық деңгейде мойындату және жаңа қоғам құрылысы үшін қалыпты сыртқы саяси ұстанымын қалыптастыру мәселелері тұрды. Соғыстан кейін Кеңес Одағының беделі адам айтқысыз деңгейге өсті, ал бұл дегеніміз енді Польшада Уақытша халықтық бірлік үкіметін құру туралы мәселені шешуге қалыпты жағдайдың туғанын көрсетеді. Ал батыстық державалардың поляк мәселесін шешу үшін жұмсаған күштерінен еш нәтиже шыға қойған жоқ. Өйткені, Кеңес Одағы Поляк Уақытша үкіметімен болған екі жақты келісімге табан тіреп тұрып алды. Нәтижесінде АҚШ және Ұлыбритания мемлекеттері біріккен поляк үкіметіне қатысты өз талаптарынан бас тартуларына тура келді.

Қырым шешімдеріне сәйкес үш ұлы держава басшылары - КСРО, АҚШ және Ұлыбритания - Мәскеу конференциясы кезінде де Поляк Уақытша халықтық бірлік үкіметін құру туралы мәселені (1945 ж. 17-21 маусым) шешуде Уақытша үкімет өкілдері, Польшадағы және эмиграциядағы «лондондық» лагерьдің либералды және демократиялық қанатының өкілдері қатысып, яғни, Қырым конференциясының шешімдеріне келісетіндерін жариялаған болатын. Поляк жұмысшы партиясы (ПЖП) және Елдің ұлттық кеңесі (ЕҰК-уақытша парламент) бүкіл жұмысшы табының ағымын, барлық шаруалардың саяси лагерін және бүкіл қалалық орташа халықты біріктіру бағдарламасын іске асыру мақсатында Поляк ұлт-азаттық комитетінің Шілде Манифестінде (1944 ж. 22 шілде) «лондондық» лагерьдің сол қанатымен кездесуге шықты. Олардың басшысы бұрынғы эмигранттық үкіметтің премьер-министрі С.Миколайчик болатын. Екі жақты келісімнің жетістігі қырымдық конференция шешімінің орындалуын талап етті және Польшада саяси күштерді қайта құру сұрақтары болатын. Мәскеу келіссөздерінде оң қанаттағы людовтық (шаруалар) қозғалысы басшылығындағы революциялық-демократиялық коалициямен және жасырын Поляк социалистік партиясымен (ПСП) байланыс орнату жағы да қаралды [5]. Әрине, бұл кезде Польшада ішкі саяси жағдай өте күрделі болатын. Мысалы, 1944 жылы шілде айында Люблин қаласында құрылған коммунистік ұлт-азаттық комитеті мен С.Миколайчиктің эмигранттық үкіметі арасында шиеленіс басталды. Оның аяғы тіпті қарулы Ел армиясы мен Халық Армиясының арасында ұшығып Польша азамат соғысының сәл-ақ алдында қалды. Мұнда да елдің ішкі өміріне араласып отырған Кеңестік НКВД ұйымы болды. Дегенмен, «лондондық» лагерьдің өкілдері Уақытша үкіметтің талаптарын қабылдауларына тура келді. Онда: Шілде Манифестінің бағдарламасын мойындау; елдің сыртқы саясатының негізгі және Польшаның тәуелсіздігінің кепілі ретінде КСРО-мен одақтастық және достық қатынас орнату; жаңа құрылатын мемлекеттің басқару орындарын атқаруға да өз келісімдерін берді.

Жаңа үкімет құрамына Поляк жұмысшы партиясынан (ПЖП) алты өкіл кірді (нақты жетеу, алайда ұлттық қауіпсіздік министрі партияда болмай шықты), Поляк социалистік партиясынан (ПСП) алты өкіл, Поляк шаруалар партиясынан (ПШП) үш өкіл, Людовтықтар партиясынан үш өкіл және Демократияны жақтаушылар (Стронництво демократычне) партиясынан екі өкіл қатысты. Сонымен халықтық бірлік үкіметінің басында Поляк социалистік партиясының басшыларының бірі – Э.Осубка-Моравский болып қала берді, ПЖП-ның Орталық Комитетінің Бас хатшысы В.Гомулка премьердің бірінші орынбасары, ал екінші орынбасар және жершаруашылығы министрі болып – С.Миколайчик тағайындалды. Ал С.Миколайчиктің жақтастары қоғамдық, әкімшілік, почта және телеграф, еңбек және әлеуметтік қамтамасыз ету және ағартушылық салалары бойынша бірнеше министрліктердің сөмкесіне ие болды. Дегенмен, жаңа үкіметтегі негізгі орындарды «жұмысшы табының мүддесін қорғаушы» партиялардың өкілдері тізгіні иемденді. Сыртқы саяси ведомстваның басшысы – Демократияны жақтаушылар (ДЖ) партиясының төрағасы В.Жимовский болып тағайындалды. Ал оның орынбасарлары ПЖП ОК Саяси бюросының мүшелері Я.Берман

және З.Модзелевский болды. Елдің ұлттық кеңесіндегі (уақытша парламент) сыртқы істер комиссиясының құрамына жұмысшы партиясының өкілдері (В.Гомулка), сонымен бірге жастар қозғалысының сол қанаты, людовтықтар, демократтар, кәсіподақ өкілдері т.б. кірді [6].

Сөйтіп, 1945 жылы шілденің 28 күні Варшава қаласында жаңа үкіметтің құрамы туралы жарияланды. Ал осыдан кейін көп кешікпей-ақ Польша Республикасының Министрлер Кеңесінің төрағасы Э.Осубка-Моравский КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы И.В.Сталинге жеделхат жолдады. Онда: «...1945 жылы 28 шілде күні 1921 жылғы Польша Республикасының Конституциясының 45 бабына сәйкес Варшавадағы Уақытша үкімет өкілдері және шетелдердегі поляк демократиялық қайраткерлердің және үш ұлы державаның Қырым конференциясындағы «поляк мәселесіне» қатысты шешімдері, Мәскеуде жүргізілген келіссөздерінің жетістіктері нәтижесінде Польшада *халықтық бірлік үкіметі құрылды*. Сонымен бірге халықтық бірлік үкіметі поляк мәселесіне қатысты Қырым конференциясының барлық шешімдерін мойындады»-деп атап өтілді. Енді Қырым конференциясының шешімдеріне сәйкес және Кеңестік биліктің жүргізіп отырған саясатына байланысты бұл халықтық бірлік үкіметін ресми түрде Батыс державалары мойындаулары керек болатын. АҚШ және Ұлыбритания үкіметтері Халықтық демократиялық Польшаны мойындап және Варшаваға өз елшілерін жіберді. Бір айдан кейін бұл халықтық бірлік үкіметімен Болгария, Қытай, Канада, Швеция, Финляндия т.б. мемлекеттер дипломатиялық қарым-қатынастар орнатты. 1945 жылдың соңына қарай тек Ватикан, Ирландия, Испания, Куба және Ливаннан басқа көптеген мемлекеттермен байланыс жасады. Кеңес Одағы, Чехословакия және Франция елдері тіпті бұрынғы Поляк ұлт-азаттық комитеті құрылған кезден бері поляктармен дипломатиялық қатынаста болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Советский фактор в Восточной Европе 1944-1953.Т.1. 1944-1948. Документы. М.: РОССПЭН, 1999. 50 б.
2. Советский Союз-Народная Польша 1944-1974. Документы и материалы. М., 1974. 10-17 б.
3. Stosunki polsko-radzieckie w latach 1917-1945. Dokumenty i materialy. Warszawa, 1967, s. 399-400.
4. Советский фактор в Восточной Европе 1944-1953.Т.1. 1944-1948. Документы. М.: РОССПЭН, 1999. 67-68 б.
5. Парсаданова В.С. Советско-польские отношения. 1945-1949 гг. М.: Наука, 1990. 16-17 б.
6. Гайда Э. Внешняя политика ПНР (1944-1975). М.: Прогресс, 1977.18 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается освобождение Польши от немецких оккупантов и образование Польской Народной Республики после Второй мировой войны.

SUMMARY

The article deals with the liberation of Poland from nemetsskih occupiers and education Narodnoy Polish Republic after World War II.

МЕХМЕТ АКИФ ЕРСОЙДЫҢ КӨЗҚАРАСЫНДА ИДЕАЛ ЖАСТЫҚ

*Экрем Аян-көмекші доцент, доктор.
Түркия, Мугла қ., Мугла Сыткы
Кошман Университеті*

«Ең бірінші кезекте *йманы хакікі* келеді,
Одан кейін *амелі салих*,
Кейін *хак*, одан кейін болса *себат*.
Міне құлыным бұл төртеуі адамгершілік ұғымының қайнар бұлағы ...
Егер осы төрт қасиет сенің бойында табылса,
Қайғы-қасіреттің қара бұлты саған ешқашан жоламайды».
(Ғасыр сүресін ой-елегінен өткізгенде)

Аннотация: мақалада түрік ұлтының ұлы ақыны Мехмет Акифтің басты арманы өз мемлекетінің болашағы үшін сөз иесі бола алатын, рухани жағынан анағұрлым мықты ұрпақ өсіру мәселесі туралы негізгі ойлар тұжырымдалған.

Түйін сөздер: Мехмет Акиф Ерсой, ұлттық, рухани, халық, қоғам, Отан, әділетсіздік.

Мәдениет атаулыдан алыс қалған қауымдардың, әр уақытта тарих сахнасынан жоқ болып кету қаупіне душар болатыны хақ. Мәдениеттердің жоқ болып кетпей өткеннен бүгінге жетуінің басты себепкерлері, ұрпақтар арасында бір көпір қызметін атқарып отырған аты аңызға айналған тұлғалар аз да болса қоғамымызда кездесіп отырған. Қоғамның, өз ішкі динамикасынан алыстау қаупі туылған кезеңдерде ерекше тұлғалар, ортасында өскен қоғамда тек қана ұлттық сана-сезімін қалыптастырумен шектеліп қалмай, сонымен қатар қауымының бойында әрдайым бар болып келген өзіндік тәжірибе және құндылықтармен сусындай отырып, халық арасында жаңа ой-пікірлердің, жаңа толғаныстардың қалыптасуына себепкер болып отырған. Осылайша, ұлттың келешегіне қатысты қозғалыстың жаңадан бой көтеруінде маңызды рөлдер атқарған. Шынында да түрік ұлты, бірнеше ғасырлар бойы бар болу үдерісінде Білге қағаннан Ататүрікке дейінгі кезеңдерде мақтана алатын көптеген нар тұлғалар өсіріп шығарған екен. Халықтың ортасынан шыққан осындай ұлы тұлғалардың ең көрнекті үлгісінің бірі және бірегейі ретінде Мехмет Акиф Ерсойды айта аламыз [1].

Әр қауымның өмір сүріп отырған қоғам ішінде өз тіршіліктерін жалғастыра алуы, өздеріне тән мәдени түсініктеріне сәйкес келетін тұлғаларды шығара білулеріне байланысты деп тұжырым жасай аламыз. Мұндай тұлғалар, жалпы алғанда қауымның бүкіл мұқтаждық және басқада қажеттіліктерін өтей алғандығы үшін «идеал адам» атауын алады. Әр қауымның және әр дәуірдің қажеттіліктері мен құндылық ой-тұжырымы әр түрлі болғандығы үшін идеал адамдардың осыған байланысты кісілік келбеті өзгеріп отырады. Сөздің реті келгенде айта кеткен жөн, біздің қауымымыз тарих беттерінің «Қауымдар кезеңінде» «білге (білікті)», алп (алып) және үлгілі адамдарға жатқызылған болса, «Үмбет кезеңінде» уәли (қамқоршы, әулие, тақуа адам), қазы (дін жолындағы күрескер, әрдагер) және ахи (жомарт, мырза, қолы ашық) адамдар жөнінде сөз қозғалады және идеал адам ретінде де осы үш адамның қасиетін бойында жинағандар көрсетіледі. «Ұлттар кезеңінің» идеал адамы бойында іздестірілген негізгі өзгешеліктер «ақылды, көп нәрсе білетін, кенттік билікке ие (отырықшы), еркін, экономикалық, идеал құндылықтары бар, өзіне деген сенімі мол, иманды» т.б. болатын [2].

Шығармаларын оқи отырып, ой талқысына салғанымызда көретініміз: түрік ұлтының ұлы ақыны Мехмет Акифтің басты арманы өз мемлекеттің болашағы барысында сөз иесі бола алатын, рухани және физикалық жағынан анағұрлым мықты ұрпақ өсіру болатын. Мехмет Акиф, өзінің армандаған жас буынды «Асымның замандастары» ретінде бейнелейді. Асым, Мехмет Акифтің бет-әлпетін өзінше толық бейнелеген арман-қиялындағы бір жас өркеннің прототипі болатын. Асым, отанын, ұлтын өз халқының құндылықтары мен тарихын

жан-тәнімен сүйетін бір жас. Әділетсіздікке еш төзімі жоқ. Әділетсіздікке қарсы үнсіз қала алмайтын, шындықты ашып бетке айта алатын шыншыл және тіпті қателіктерді сәті келгенде өз қолымен түзетуге күш жұмсауға тырысатын бір жас буын. Ол өзінің өте қуатты және қайратты күшін қара басының қамы үшін емес, туған жері, туған халқы, өз халқының пайдасы және келешегі үшін жұмсайды. Бұл жеткіншек біраз қызба, жанжалқой қасиеттерге де ие. Бірақ, оның жанжалы, күресі ел қамы үшін. Асым, діндар, отансүйгіш, қаһарман, шыншыл, еңбекқор, көзі ашық, әдепті бір жас жеткіншектің символы іспеттес [3].

Мехмет Акифте идеал жас, тарихына не ата-бабасына адал және қадірлі перзент. Құқықсыздыққа төзбейді, үнемі ақтың және хақтың қасында болған бір жас.

«Зұлымдыққа қолдау көрсете алмаймын, залымды да ешқашан сүйе алмаймын;

Жаныма келген әлдекімнің көңілі үшін өткен күндерге тіл тигізе алмаймын.

Егер біреу ата-бабама қарсы әрекет жасады ма, оны тіпті тұншықтырамын...

-Мені тұншықтыра алмассың!

-Еш болмаса жанымнан қуамын.

Үш жарым тексіздің арқасында итке ұқсап үре алмаймын;

Басқа-басқа хақ аты тұрғанда, әділетсіздікке өлсемде табына алмаймын» [4].

Мінсіз, текті жас буынның көзінде отан, әлемдегі ешбір нәрсемен ауыстырылмайтын; ешбір байлық, бағамен өлшенбейтін ұжмақ іспеттес. Ақынның пікірінше, отанды осыншама қасиетті, мәртебелі қылған оның қойнында жатқан ғазиз шейіттердің қаны екен. Отан үшін шыбын жанын пидә еткендер екен. Ақын, әрбір шәйіт болған жандардың ұлдарына, отанына, ата-бабасының мұрасына иелік етіп, оларды көз қарашығындай сақтауы жөнінде үндеу тастайды. Әрбір текті жас буынның өз ұлтының ұлттық және рухани құндылықтарын көз қарашығындай сақтайтын бір жас болуы керек екендігін Түркия Республикасының ұлттық әнұранында мына сөздермен жеткізеді:

«Сен шәйіт ұлысың, күнә ғой ренжітпе атанды.

Бүкіл әлемді алсаң да ешкімге берме бұл жәннат Отанды»!

(Түркия Республикасының ұлттық әнұраны)

Ақын, түрік ұлтына тән ең басты ерекшеліктердің бірі: еркіндік құштарлығы жөнінде ұлттық әнұранның мына шумағында текті жас буынның тәуелсіздік құштары болуы керек екендігін әдемі сөздермен жеткізе білген:

«Мен ежелден бері еркін өмір сүрдім, еркін өмір сүремін.

Қандай ақылынан адасқан маған кісен салады екен? Таңырқап қараймын!»

Мен гүрілдеген сел сияқтымын, қарсыма шыққан тосқауылдарды бұзып асамын;

Бұзамын тауларды да, обаларға сыймай тасамын.

(Ұлттық әнұраннан)

Туғанымнан бері ғашықпын еркіндікке,

Маған еш қашан қарғыбау болған емес алтын бәйшешек [5].

Бір зиялының, бір ақынның надандыққа қарсы бас көтеруі шүбәсыз табиғи жағдай болып саналады. Мехмет Акифтің пікірінше, адамзат баласының ата жауы надандық болып табылады. Сол себепті надандық жойылмай жағамызды жауларымыздың қатыгез қолынан арашалап қалудың еш мүмкіндігі бола қоймас. Қараңғылықтың, білімсіздіктің адамзат баласын қандай қиын жағдайларға душар еткізетініне біздің көзімізді жеткізу үшін бір кездерде Ибн Сина және Ұлықбек сынды ұлы ғұламаларды тәрбиелеп өсірген Бұхараның қиын-қыстау кезіндегі ауыр жағдайы жөнінде ой толғап өз оқырманы болған біздерге баяндайды. Осы білім ордасының, білім әлеміне бұдан кейін талантты шәкірт бере алмайтындығына күйінеді. Бұл жердегі Мехмет Акифтің басты мақсаты жалпы алғанда Шығыс әлемінің ішінде болып жатқан білімсіздік пен оқып-тоқудың жоқтығын қоғам назарына ұсыну және мұндай қасіреттен құтылу жолдарын іздестіру болатын. Әлемнің түрлі елдеріне жасаған сапарлары нәтижесінде Батыс әлемінің ғылым, пікір және өнер саласындағы жетістіктерінен қатты әсер алған Мехмет Акиф, Шығыс халықтарының да

осындай дәрежеге жетуін армандауда және қараңғылық тақырыбындағы ең қатал, ең қатты сыни талқылауларын Шығыс халықтары жөнінде жазған [6].

Ей, Бұхара, ей ұлы өлкем;
Қорлықтың қойнында талықсып ұйқыға кетіпсің!
Жүздеген Ибн Синалар туылған өлкем,
Ал, қазірде бірде-бір талапты жас тәрбиелеп бере алмайсың білім әлеміне,
Бұл не деген өкініш, бұл не деген қасірет!
Тіпті ұлы білім ордасы, обсерваторияның отаны Самарқанның да;
Өткен күндердің алдамшы қараңғылық қойнына батқаны соншалық;
Ай тұтылғанға: «Ей адамзат оян кәне! Қуайық, шайтанды бірге» - дейді,
Дабыл қағуда мыңдаған қыз, әйел, еркек! [7]

Мехмет Акиф, Шығыс-Батыс айырымының қандай себептер жүзінен ортаға шыққаны жөнінде сөз қозғай келіп, мұның ең басты себебінің білім екеніне тоқталады. Өзінің түрлі елдерге жасаған саяхаттары нәтижесінде өз көзімен көру мүмкіндігіне ие болған Шығыс және Батыс халықтарын төмендегідей сипаттауға тырысады: «Сен Шығысқа көп бардың ғой. Ол жақтарда не көрдің?» - дейді маған кейбір жандар.

Көргенім менің жер, жер,
Қираған аймақтар, бос қалған үй, басы жоқ үмбеттер;
Жығылған көпірлер, суалған каналдар, жолаушысы жоқ жолдар;
Әжім басқан жүздер, терлемеген маңдай, іс көрмеген қолдар;
Бүгілген белдер, жіңішкерген мойын, туламайтын жас қандар;
Ойланбайтын бас; дір етпейтін жүрек; тот басқан ождандар [8].

Мехмет Акифтің пікірі бойынша, Шығыс әлемінің мұншалықты аянышты күйге душар болуының басты себебі: мұсылман қауымдардың нағандық тұзағына түсуі, оқу-ағартудан алыс қалуы және өз ұлттық құндылықтарын жоғалтулары болып табылады. Бұл себепке байланысты Мехмет Акиф жас буынды, Батыстан білім және ғылым үйрену үшін талпынуға, олар секілді еңбек етіп, өз ісінің маманы болып жетілген уақытта өз отанына оралып, оқып-үйренгендерін елінің болашағы үшін жұмсауға үгіттейді. Оларды, туған халқын қараңғылықтан құтқарып, жарқын болашаққа қарай жетелеуге шақырады.

Қарапайым Батыстың ғылымына бұрындар жүздерінді.
Ондағы жас буындармен бір қатарда күндіз-түні еңбек етіндер;
Босқа кеткен үш жүз жылдық уақыттың орнын оқу-біліммен толықтырындар.
«Қайдасың, сен ей, әсем Берлин?» - деп жолға түсіндер.
Алты ай, бір жылдық еңбек сендер үшін көңіл көтеру болсын...
Сендер қаншама жыл не азап көрмедіңдер,!
Бірақта жасымадыңдар, күлімсіредіңдер
Қане, бір өмірге бедел еді ғой, өткен әр күндерің?
Бір күн бұрын кетіндер ол жаққа, бір сағат бұрын қайтыңдар.
Шығыстың құшағы болашақ таңы атқанда сендерге әрдайым ашық болады
Сол уақытта мақсаттарыңа жетудің мүмкіндігі туады [9].

Мехмет Акиф, жас буынды Батыстың ғылымын, өнерін үйрену үшін ол жақтарға сапар шегуге үгіттеген сәтте, батыстан өз болмысын және өз ұлтына тән құндылықтарын да жоғалтпай қайтуларына да баса назар аударуда.

«Қарт атанды тыңдайсың ба, ұлым Наурыз?
Ер жігітке ең керегі: асырып сөйлемей, көпіріп те кетпей.
Бос сөзі көп, қарны үлкен адамдардан үлгі алма, аулақ тұр;
Сөзі де, өзі де қуатты адам бол, тегіңе тарт [10].

Бір ұлттың мәңгілік тәуелсіз, еркін өмір сүруі үшін ол ұлттың едәуір материалдық күшке (құндылықтарға) ие болуы қажет. Ең аяныштысы біздің халқымыз Батыстың ғылым және өнерінен көп артта қалуымен қатар олардан ада қалғаны рас. Бұл себепті ұлтымыздың стратегиялық даму сатысы жағынан әлем аренасында біршама артта қалып қойғандығы

көпшілік қауымға белгілі жәйт. Мехмет Акифтің қиялынан туған жас буынның, ең бастысы батыстан ғылым үйренуі және оны өзіне тән сұлу мінез-құлықтарымен қабыстырып ұлтымыздың дамуына сүбелі үлес қосып, ұлтымызды алға жетелеуі керек. Міне, сөйтіп жалпы айтқанда Акифтің қалауындағы жас буынның: ғылым, ұлттық тәрбие мен адамгершілік қамырында иленген жастар болуы тиіс.

СИТЕМЕЛЕР:

1. Gülendam, Ramazan, «Mehmet Akif'in İdeal İnsan Tipi», I. Uluslar arası Mehmet Akif Ersoy Sempozyumu Bildiriler Kitabı, C. II, Burdur 2009, s. 687.
2. Duran, Niğar; Batılılaşma Sürecinde Türk Toplumuna Sunulan Çocuk ve Genç Tipleri (Mehmet Akif, Tevfik Fikret, Muallim Naci Örneği), Marmara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Yüksek Lisans Tezi, İstanbul 2007, s. 54.
3. Ersoy, Mehmet Akif; Safahat, Hazırlayan M. Ertuğrul Düздаğ, İz Yayıncılık, İstanbul 1991, s.381.
4. Tarihimizde esir alınan önemli kişilerin boynuna lale takılırdı. Malazgirt'te RomanosDiogenes, esir alındığında boynuna altın lale takılmıştı. Altın lale esaretin sembolü olmuştur.Bkz., Ali Haydar Aksal; Akif Duruşlu Asım, İnsan Yayınları, İstanbul 2006, s. 87.
5. Arı, Mehmet; age., s. 35-36.
6. Ersoy, Mehmet Akif, Safahat, Hazırlayan M. Ertuğrul Düздаğ, İz Yayıncılık, İstanbul 1991, s.154.
7. Ersoy, Mehmet Akif; Safahat, Hazırlayan M. Ertuğrul Düздаğ, İz Yayıncılık, İstanbul 1991, s. 438.
8. Ersoy, Mehmet Akif; Safahat, Hazırlayan M. Ertuğrul Düздаğ, İz Yayıncılık, İstanbul 1991, s.433.
9. Ersoy, Mehmet Akif; Safahat, (Eseri tertip eden: Ömer Rıza Doğrul), İnkılâp Yayınları, İstanbul, s. 509.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ali Haydar Aksal; Akif Duruşlu Asım, İnsan Yayınları, İstanbul 2006.
2. Arı, Mehmet; «Akif'ten Asım'a», Akif'ten Asım'a, Kültür Bakanlığı Yayınları, Ankara 2007.
3. Duran, Niğar; Batılılaşma Sürecinde Türk Toplumuna Sunulan Çocuk ve Genç Tipleri (Mehmet Akif, Tevfik Fikret, Muallim Naci Örneği), Marmara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Yüksek Lisans Tezi, İstanbul 2007.
4. Gülendam, Ramazan; «Mehmet Akif'in İdeal İnsan Tipi», I. Uluslar arası Mehmet Akif Ersoy Sempozyumu Bildiriler Kitabı, C. II, Burdur 2009.
5. Ersoy, Mehmet Akif; Safahat, (Eseri tertip eden: Ömer Rıza Doğrul), İnkılâp Yayınları, İstanbul.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются как Мехмет Акиф Ерсой зовет молодежь беречь национальные богатства. Он ставит целью воспитание, молодого поколение на национальном духе.

SUMMARY

In article are considered Mehmet Akif Erso calls youth to protect national wealth. It sets as the purpose education, young generation on national spirit.

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

ӘОЖ 9(С)55 А 32

АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІ ХҮШ Ғ. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ БИЛЕР ЖАЙЫНДА

*Айтбай Р.Т. – т.ғ.к., доцент
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Мақала қазақ халқының төл дерегі ауызша тарих айту дәстүрі туындыларының негізінде ХҮШ ғ. қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы билердің қызметі жайында баяндайды. Ауызша деректерге: тарихи жырлар, шежірелер, тарихи дастандар жатады. Бұл деректердегі мәліметтер билердің әлеуметтік құрылымы жағынан әр түрлі болғандығын дәлелдейді. Билер қазақ қоғамында әр түрлі даулы мәселелерді атқарып отырған.

Түйін сөздер: тарих айту, дерек, жырлар, билер, ХҮШ ғ., қоғам, шежіре, дастан, әлеуметтік құрылым.

ХҮШ ғ. қазақ қоғамында зор роль атқарған, ықпалды әлеуметтік топтардың бірі билер еді. Сол кезеңдегі қазақ қоғамының тарихымен айналысқан М.Вяткин «Батыр Сырым» еңбегінде: «...Қазақтарда билер таптық жағынан сұлтандарға жақын тұрған, ру тектілерінен шығып, қоғамда айрықша жағдайға ие болған топ» [1,110 б.] деп көрсетті. Би терминінің шығуын М.Вяткин Дешті-Қыпшақ қоғамымен байланыстырады [1,107 б.]. В.В.Бартольд бұл терминнің «бек» деген сөздің кейінгі дәуірлерде өзгерген түрі екендігін және оның XV ғ. ерте кездеспейтіндігін айтады [2, 36 б.].

Ауызша тарих айту дәстүрі туындыларында Есім хан тұсында билер институты қалыптаса бастап, Тәуке хан тұсында толық қалыптасып, нығайғандығы көрсетілген. «Еңсегей бойлы ер Есім» жырында бұл туралы:

Құдайберді – Жаныстан,
Ең әуелі болғаны.
Орта жүздер сайлады,
Арғын Шаншар мырзаны.
Қаз дауысты Қазыбек,
Осыдан тартып шығады
Кіші жүз алшын Жидебай
Баласы мұның Әйтеке
Шежіреден шығады», - [3,135 б.] делінген.

Шежірелердің бірінде, Құдайберді – Жаныстан тараған, Төле бидің атасы екендігі айтылады. Ал, Арғынның ішінде Қаракесек руынан тараған Шаншар – Қазыбек бидің атасы» [4,56,146 бб.]. «Төле бидің тарихы» дастанында ХҮШ ғ. қазақ қоғамындағы билер, олардың қызметі туралы біршама мәліметтер бар. Әсіресе, сол кезеңдегі қоғамда терең із қалдырған, Тәукемен қатар қазақ елін басқаруға қатысқан үш бидің аты көбірек аталады. Олар, Әлібекұлы Төле, Келдібекұлы Қазыбек, Байбекұлы Әйтеке. Төле би туралы дастанда,

... Атақты қазақ үш биі,
Бірінші әзиз Төле еді.
Дүниеде сөзі кем еді
Мың ауыз сөзге татитын,
Бір ауыз сөзі ем еді – делінген.

Қазыбек би туралы, бір жотада сөйлесе қызып келген уағында қоңыр қаздың дауысындай болып қарсысындағы жотаға даусы естіледі екен дейді.

Одан да өткен Әйтеке,
Қудан ұшқыр, құланнан
Мұндай шешен болмайды
Бір сөзін жүз мақалдап,
Барған сайын өрлейді – деп [5, 286-287 бб.] Әйтекеге сипаттама берілген.

Бұл сипаттамалардың атақты үш бидің өте шешен, тапқыр кісілер болғандығын көреміз. Би болудың негізгі шарттарының бірі де осы шешендік өнерді игеруде болса керек. Үш бидің ішінен дәрежесі жағынан да, беделі жағынан да үш жүзге түгел атағы жайылған Төле би еді. «Әлібек ұлы Төле би асқан кемеңгер, шешен, сөз тапқыш ұғымды, алғыр, данышпан болған. Дұрысында Ұлы жүзді толық басқарып, бұрмасы жоқ әділ би болған кісі» [6, 55 б.].

Төле би 1663 жылы шаруа жанұясында дүниеге келген. Әкесі Әлібек қарапайым шаруа болған. Бұл туралы дастанда,

Әлібек әуелі де болды жарлы,
Сегізі де малды болып туысқаны.
Қара үй тігіп, аз ғана ешкі сауып,
Отан етті оңаша бір жотаны-делінген [5, 259-260 бб.].

Бірақ, әкесі шаруа болғанмен, билік айтатын, көп тыңдап, аз сөйлейтін, билік айтса турасын, әділін айтатын кісі болған. Сол үшін де жұрт ол кісіні би ретінде таныған. Дастанда бұл туралы былай айтылады:

...Сөз тиярлар жиылып,
Басын қосып Ұлы жүз,
Би сайлайық деді енді.

Жиылғандар өз қалаулыларын айтып, сипаттама бергенде көптің назары Әлібекке ауады. Дастанда ол туралы былай делінген:

Ақ пейіл, жарқын, мінезі кең,
Қой айдаса үстінен,
Кешірімді, ашуы кем,
Аз сөйлейді, тура айтып,
Және атаның баласы [5, 261 б.].

Бар жағдайы келеді – деп, Әлібекті би сайлайды.

Қариялар бата береді. Бұл эпизодтан бірнеше мәлімет аламыз. Біріншіден, бидің сайланып, тағайындалатынын білдік. Екіншіден, би болып сайлану үшін, әділ, турасын айтатын, мінезге бай шешендік өнерден де хабары бар адам болуы қажет.

Үшіншіден, ғылыми әдебиетте, мысалы, Т.Сұлтанов XVII ғасырдағы билердің қоғамдағы орны мен қызметі туралы айтқанда, олардың ықпалды болуы иеліктеріндегі рудың тектілігі мен үлкендігіне де байланысты екенін айтады. Одан әрі автор ұлы жүз руларының ішінде Жалайыр мен Ошақтының басты рулар екендігін көрсеткен [7, 98 б.]. Біз қарастырған шежірелердің бірінде, Ұлы жүздің халқы негізгі үш атадан өсіп өрбіген делінген. Олар: Үйсін, Жалайыр, Қаңлы [4, 65 б.]. Әлібек Ұлы жүздің осы басты руларының бірі үйсіннен тараған Дулаттан, оның ішінде Жаныс шыққан еді. Сонымен қатар, жоғарыда атап өткендей Әлібектің әкесі Құдайбергенді де би болған кісі. Әлібектің би болып сайлануына осы жығдайлар да әсерін тигізсе керек. Ендеше би болып сайлануда ол адамның шыққан тегі яғни руының тектілігі де өз ролін атқарған.

Би болып сайланатын адамның бай немесе жарлы болуы, жекелеген жағдайларда өз әсерін тигізгенмен би болып сайланып қалу үшін ең қажетті алғы шарт бомаған. Биді ауыл ақсақалдары, ру, жүз тектілері қатынасқан жиында сайлаған. Сонымен сайланған адамға бата

берілген. Әрине, биді сайлағанда би болу үшін қажетті алғышарттар сақталып отырды деп айту қиын. Бірақ, XVII- XVIII ғғ. Халық «би» деген ұғымды жоғарыда көрсетілгендей қасиеттері бар адамдарға байланысты айтқан.

Төле кәмелетке толмай-ақ билік іске араласқан. Сөйтіп, халық арасында «қойшы би», «бала би» атана бастаған. Мұндай мәліметті «Олжабай батыр» жырынан кездестіреміз. Олжабайдың атасы «Айдабол он үш жаста би болыпты» [8, 297 б.] делінген. Бұл мәліметтер жоғарыдағы пікірлердің дұрыстығын дәлелдегендей. «Өнер алды қызыл тіл» деп есептейтін қоғамда, «би» деген атақ жастың үлкен кішілігіне, әділ билікке берілгендігін көрсетеді.

Бірақ, ғылыми әдебиетте, мысалы, XIX ғ. Қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарын зерттеген С.Зиманов өз еңбегінде» билердің шыққан негізгі әлеуметтік ортасы ірі феодалдық шонжарлар еді» [9, 197 б.] - деп жазды. Әрине, XVIII ғ соңына қарай – XIX ғ, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында, қалыптасқан дәстүрлерде өзгерістер болды. Дегенмен, билердің шыққан ортасын тек ірі феодалдар еді деп тұжырымдау бір жақты. Себебі «би» атағы, қызметі қазақ қоғамында мұрагерлік сипат алмаған еді. Төле би сияқты, атасынан бастап би болған жекелеген факторлар кездеседі. Онда да әр кімнің жеке басының қабілетінің, мүмкіншілігінің арқасында. XVIII ғ. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы туралы жазған М.Бижанов, өз мақаласында, орыс зерттеушілерінің еңбектерінің қазақ қоғамында би атағының мұрагерлік сипатта болмағандығын жазды [10, 158 б.]. Ендеше қазақ қоғамындағы әрбір адамның жеке басының қабілетіне байланысты, өз руында немесе жүзінде би атағын алуына мүмкіндігі болған.

Жоғары да айтқан үш би мемлекет ісіне араласып, хандармен бірге ел басқаруы, көбіне олардың жеке бастарының қабілетінің нәтижесі еді. Ал, билердің материалдық жағынан ауқатты, тіпті бай болғандығы да әрине рас. Олар қоғамдағы әкімшілік, сот істерімен айналысқандықтан, өзінің материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндігі болған. Төле бидің әкесі: Әлібектің мысалынан бұған көзімізді жеткізіуімізге болады. Би сайлағанға дейін қарапайым шаруа болса, би болғаннан кейін төрт түлік малы бар ауқатты кісіге айналған [5, 267-268 бб.].

Билер қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында сұлтандардан кейінгі сатыда тұрған. Бұл туралы кезінде П.С.Паллас жазған еді [11]. Жоғарыда М.Вяткиннің де бұл пікірді қолдайтындығын келтірдік. XVIII ғ. Қазақ қоғамындағы билер арасында, беделі мен дәрежесі жағынан сұлтандардан кем емес, қайта олардан жоғары хандармен қатар тұрғындары бар еді. Олар жоғары да айтқан үш би болатын. Тәуке ханның кезінде, олар үш жүздің басқару мәселелерімен айналысты. Әсіресе, Төленің ролі ерекше еді. «Төле бидің тарихы» дастанында:

Дулаттың ең үлкен Жаныс еді,
Үлкендігі Төленің дабысы еді.
Үш жүз болып ынтымақ бас қосқанда.
«Аға» деп Төле биге барушы еді – делінген [5, 248 б.].

Одан әрі дастанда үш бидің Тәуке ханмен бірге «Жеті жарғы заң жобасын жасауға қатысқандығы айтылады. Төле бидің ролі бұл жұмыста да басқа билерден ерекше екендігі көрсетілген.

Бірі хан, үш би шығарған,
Жеті жарғы деген заң.
Жобасын ескі түзеткен,
Еңсегей бойлы Есім хан.
Нашардың қамын ойласын
Жеңілдік жолмен жүргізген,
Төле би мен Тәуке хан [5, 291 б.].

Тәуке қайтыс болғаннан кейін, Төле би үш жүздің бірлігін сақтауға күш – жігерін жұмсайды. Әсіресе жоңғарлар мен соғысқан аласапыран кезеңде елдің тәуелсіздігі мен бірлігі үшін күрес жасайды.

«Өтеген батыр» жырында Төле би туралы былай айтылады:

... Төле би жайшылықта билік еткен,
Соғыста найза ұстап ерлік еткен.
Жорықта қол басқарып, іс атқарып,

Үйретіп, жас ерлерге тәрбие еткен – деп, Төле бидің бір жорықтан тыныс алып отырғанда, он алты жасар Өтеген батырдың батырлығын сынағандығы айтылады [12, 4 б.].

Тәукеден кейінгі ел бытыраңқылығы, одан «Ақтабан шұбырындының басталуы Төле биді қатты күйзелтеді».

.... Күндіз-түні ыңыранып,
Төле би ұйқы көрмеді.
Асыл ғана халқым- ау,
Жанын қайда сақтайды?
Заманның түрі бұл болды.
Жанға қалай батпайды? –деп [5,76 б] қиналады.

«Абылай хан» атты жырда Төле би туралы былай делінген:

.... Бар еді Ұлы жүздің Төле биі,
Халыққа орда болған оның үні.
Үш жүздің баласына бата беріп,
Орыспен де сыры бар тұрған күйі [13,4 б.].

Жырда айтылған бұл пікірді жазба деректер де дәлелдейді. Төле би өз кезеңінің жағдайына байланысты көршілес Россия мемлекетімен бейбіт қарым-қатынас жасауды жақтаған қайраткерлердің бірі. Төле би 1733 жылы Ұлы жүздің басқа да көрнекті адамдары Қодар би, Сатай, Қангелді және Бөлек батырлармен бірігіп Ресей үкіметіне хат жолдайды. Онда Ұлы жүз қазақтарының басқа да қазақ жүздері мен бірге Ресей құрамына енуге әзір екендігі айтылған [14, 154-155 бб.].

Орынбор әкімшілігіне жазған Төле бидің тағы бір хаты белгілі. Бұл хаты Барақ сұлтанға байланысты еді. Әбілхайыр ханды өлтіргеннен кейін Барақ сұлтан жергілікті Ресей әкімшілігінен қауіптеніп, Ұлы жүзге өтіп, Төле биден қорғаныс іздейді. Би осы мәселеге байланысты Орынбор әкімшілігінде жолдаған хатында Барақтың Ұлы жүз жерінде қалғанын қуаттайтындығын және оны хан жариялау ниеті бар екендігін айтады. Осы хатында Ресей патшасына бұрын берген уәдесіне беріктігін білдіреді [15, 102 б.].

Міне, осы келтірілген мәліметтер Төле бидің сол кездегі кең өрісті қайраткер екендігін көрсетеді. Төле бидің тек би ғана емес, XVIII ғ. қазақ қоғамының көрнекті саяси қайраткері деп айтуға толық негіз бар.

XVIII ғ. қазақ қоғамында зор рөл атқарған үш бидің келесісі Келдібекұлы Қазыбек би. «Төле бидің тарихы» дастанында Қазыбек бидің қазақ-жоңғар қатынасында да белсенді рөл атқарып, жоңғар хандығына елшілік сапармен барып қайтқандығы айтылады.

Бір қақтығыстан кейін тұтқын дауымен жоңғарға елші жіберу қажеттілігі туады. Бұл сапарға атақты үш бидің үшеуі де ыңғай білдіреді. Сонда, Қазыбек би:

Асынып халқым қаруын,
Жөн, Төке, менің баруым,-дей келіп,

«Аттың басы күшті ме, белі күшті ме, жоқ құйрығы күшті ме?»- дегенде, Төле би: «Шырағым, Қазыбек, жол бастауға аттың омырауы күшті, бірақ белі қызметті көп істейді, рұқсат сізге», деп жол береді. Қасына бірнеше аттыларды ертіп, бұл сапарында ол тұтқын, жер дауына байланысты көп іс тындырып қайтады. Ол туралы жырда:

...Қазыбек енді еліне жөнеледі,
Жиып алып жетім-жесір не ерлерді.
Сіздер де жоғыңды ал деп ертіп келіп.
Қалмақтың жоғын тауып бұл да берді, - делінген [5, 299-306 бб.].

Қазыбек бидің де Төле би секілді, сол кездегі саяси өмірге араласып, орыс әкімшілігімен қарым-қатынас жасағандығын дәлелдейтін, Қазыбек бидің Орынбор әкімшілігіне жазған хаттары туралы материал баспасөз бетінде жарияланған болатын [16]. Орынбордың облыстық архивінен бізде бұл хаттарды кездестірдік. Орынбор губерниялық канцеляриясында сақталған бұл хаттар, жоғарыда дастаннан келтірілген мысалмен бірге, Қазыбек бидің де саяси қайраткер болғандығын дәлелдейді.

Атақты бидің үшіншісі – Әйтеке би туралы тарихи жырда да, тарихи дастанда да, айтарлықтай мәлімет жоқ. Жалпы біздің байқауымызша, біз қарастырған тарихи жыр мен тарихи дастанда Кіші жүзге байланысты, бұл жүздің қайраткерлері туралы мәліметтер өте аз.

Жазба деректерде де Әйтеке би туралы мәліметтер жоқтың қасы. Бұның себебін Әйтеке би туралы жарық көрген мақаласында Ә.Кекілбаев, Әйтеке бидің 1710 жылға дейінгі кезеңде өмір сүргендігімен түсіндіреді. Автор Қожаберген жыраудың дастанындағы мәліметтерге сүйеніп, Әйтеке биді 1710 жылы үш жүздің Қарақұмдағы бас қосуынан бір жыл бұрын дүниесалған деп жорамалдайды [17]. Біз қарастырған Қазанғаптың «Төле бидің тарихы» дастанында, Әйтеке бидің XVIII ғ. 20-шы жылдарының аяғында болған Сазтөбедегі үш жүз өкілдер қатынасқан жиында болмағандығы айтылады [5, 340 б.]. Қалай болғанда да, Кіші жүз Ресейге қосылған кезеңде Әйтекенің дүниеде болмағандығы айқын. Ауызша тарих айту дәстүрі туындыларындағы аз ғана мәліметтер оның өте ділмар, шешен кісі болғандығы туралы мәлімет береді.

Сол кездегі қазақ қоғамында зор саяси рөл атқарған үш би тек сот ісіне билік жүргізіп қоймай, ел басқару ісіне араласып, басқа мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынас жасап, елшілікте қызмет атқарғандығын дастандағы мысалдан көрдік. Әсіресе, Төле би ел бірлігін сақтап, қазақ қоғамын, халқын біріктіруге тырысқан үлкен тұлға. Жолбарыс хан қайтыс болғаннан кейін, ол кісінің Ұлы жүзге хан орнына билік жүргізгені де белгілі. Сондықтан болар халық арасында «Толық билікке Төле жеткен, толық хандыққа Есім хан жеткен» деген мақалдың сақталғаны.

XVIII ғ. қазақ қоғамындағы билердің барлығы үш бидің дәрежесіне жетті деп айтуға болмайды. Тарихи дастанда да бұл туралы:

Басқа би мен Төле би,
Аспан мен жердей арасы
Қазақта сансыз көп билер,
Үш биден бөлек үш жүздің.
Жеткен жоқ түгел шамасы- делінген [5, 256-257 бб.].

М.Бижанов та, мақаласында билердің өз ішінде бірнеше сатыға бөлінгендігін көрсетеді [10, 164 б.]. Орта деңгейдегі билер болған. Олар бірнеше ру кіретін елдің сот, әкімшілік мәселелерімен айналысқан. Бұл елді билеген сұлтандар олармен үнемі кездесіп отырған. Бұл туралы тарихи жырдан мысал келтіруге болады. «Бөгенбай батыр» жырында, Бөгенбай батырдың елінде бір жылы қуаңшылық болып, жігіттері оның сан мың жылқысына қоныс іздеп кетеді. Абақ еліне таяу жерден малға қолайлы жаңа қоныс табады. Абақ елін билеген Сәдір төре жақын көп жылқыны көріп, шаппақ болып, сол елдің биі Құнан бимен ақылдасқандығы айтылады. Бұл жырда былай айтылады:

Ел жиып Сәдір төре шаппақ болды,
Жылқыны қыстауында жатқан көре.
Құнанға барып төре ақылдасты,
Жинаған жауға лайық ылғи жасты.
Құнан би төренің бұл ойына қарсы болды.
Келген қонақ шабылған емес мақұл,

Қонаққа келіп жатып залал қылма [18, 5 б.]-деп Сәдір Төренің пиғылына қарсы шығады. Сөйтіп, Құнан би сөзінен аса алмаған Сәдір төре өз ойын жүзеге асыра алмайды. Бұл мысалдан, қазақ қоғамында бидің беделінің жоғары болғандығы сұлтандардың өзі олармен кеңесіп, олардың сөзіне құлақ салуға мәжбүр болғандығын көреміз. Тек ру

ішіндегі мәселелермен ғана айналысқан билер тобы да болған. Мысалы, «Арқалық батыр» жырында, Арқалық батыр қалмақ тұтқынынан қашып келіп, тығылып жатқанда Ботақара елі жиылып кеңес құрып, Арқалықтың тағдырына байланысты мәселені шешпекші болады. Сонда ру басы: - «Байметей мен барайын, біреуің ер», - деді - ақыл екі биден біз сұралық-деп ұсыныс жасап, билерден ақыл сұрауға аттанады [19, 273 б.]. Екі би – дегендері Керейдің ішіне кіретін Ботақара мен Қарақас руларының билері болса керек. Бұл мысал, би қызметін қарапайым ру мүшелері, ру басшыларының да пайдаланғандығын көрсетеді.

Тарихи дастан мен жырдағы мәліметтер, билер институтының ханнан бастап, қарапайым халыққа дейін жүгінетін, қазақ қоғамындағы кеңесші орган қызметін атқарғандығын дәлелдейді.

Билердің сот қызметіне тоқталсақ, бұл туралы мәліметтер жыр мен дастанда аздау. «Төле бидің тарихы» дастанында жеті жарғы жобасына байланысты, билердің мынадай мәселелерді шешумен айналысқандығы айтылады. Жер дауы, рудың меншігіндегі қонысына байланысты, ұрлық-қарлық, барымтаға байланысты туған дауларды қараған. Құн дауы, жесір дауымен айналысқан [5, 292-293 бб.]. Ең негізгілері осылар еді. «Төле бидің» тарихында Төленің бала кезінде әкесімен бірге бірнеше дауды шешіп, атағы шыққандығы айтылады, бұл даулардың көпшілігінің мал дауы екендігін байқаймыз. Қазақтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан болар.

Төленің осындай бір дауды әділ шешкендігі көрсетілген. Дастандағы осы мәліметті пайдаланып, билердің даулы мәселелерді қалай шешкендігін көруімізге болады. Әрине, әр бидің өзінің тәсілі болған. Төле бидің әкесі Әлібекке екі топ адам келіп, бір тайлақты даулайды. Екі жағы да інгендерін алып келіп, тайлақты соның баласы деп дәлелдеуге тырысады. Әкесі тайлақты куәсі көп жағына береді. Төле мал бағып, үйіне келе жатып, дауласқандардың екінші тобына қарсы кездесіп, олардың әкесінің билігіне риза болмай бара жатқандығын байқайды. Үйіне келіп, әкесі дауласқандарды қайта шақырып алыңыз - дейді. Олар келгеннен кейін Төле би былай дейді:

Дауекер екі адамдар,
Екі жота басына
Екі інгенді алып бар.
Екі-екіден бұйдадан,
Ұстап тұрған үш-төрт шал.
Өз қасымнан ұзатпай
Тайлақты мұнда алып қал.
Олар барып тұрған соң,
Тайлақтың деді санына
Қыл шылбырмен бұрау сал.

Сол кезде тайлақ шыңғырады. Куәсі көп жақтың інгені түк етпей тұра береді. Айырылып қалған аз жақтың інгені боздап күңіренеді. Сөйтіп, бұйдасын жұлып, тайлаққа қарай жүгіреді. Тайлақ кімдікі екендігіне жұрттың көзі анық жетеді. «Әділ би сұрауын тапса, аюы куәлік береді» деген нақыл сөз осыдан пайда болған екен дейді [5, 292 б.].

Бұл эпизодтан, билердің даулы мәселелерді үнемі әділ шеше алмағандығын да көреміз. Оның себебі әр түрлі еді: кейде қабілеті жетпеген, мүмкіндігі аз болған, кейде өз мүддесін, пайдасын ойлап әдейі бұрмалаған. Бірақ, әділ айтатын қара қылды қақ жарған, тапқыр, шешен билердің атағы бүкіл қазақ даласына жайылып, олардың мәртебесі жоғары болғандығы айдан анық. Ондай билер туралы мәліметтер ауыздан-ауызға таралып, бүгінгі күнге дейін жеткен.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Вяткин М. Батыр Сырым. – Алматы, 1948. 110 бет.
2. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Сочинения Т.5-М., 1968. - С.36.

3. Еңсегей бойлы ер есімі ОҒҚ, қолжазба қоры. 720. 135 бет.
4. Шежіре. ОҒҚ, қолжазба қоры. 3680. 56, 146 беттер.
5. Төле бидің тарихы. ОҒҚ, қолжазба қоры. 763. 286-287 беттер.
6. Шежіре. ОҒҚ, қолжазба қоры. 708. 55 бет.
7. Сұлтанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв –М., 1982. – С.98.
8. Олжабай батыр ОҒҚ, қолжазба қоры. 53 д. 297 бет
9. Зиманов С.З. Общественный строй казахов пер. Пол. XIX в. А-Ата, 1958. - С.193.
10. Бижанов М. Социальные категории казахского общества XVII в.в трудах русских ученик. // Казахстан в XV- XVII веках/А-А, 1989-6.158.
11. Паллас Б.С. Путешествие по провинции российского государства Спб. 1773. С.575.
12. Өтеген батыр. ОҒҚ, қолжазба қоры. 833.- 4бет.
13. Абылай хан. 657. 4 бет.
14. ГАОРО. Канцелярия Оренбургской экспедиции. Оп. 1. Д.1.
15. Л., 154-155 б.
16. ГАОРО. Оренбургская губернская канцелярия. Оп.1. Д.18.
17. Л.102 бет.
18. Қойгелдиев М. Қаз дауысты Қазыбек // Қазақ әдебиеті – 1989 - 1 қаңтар.
19. Кекілбаев Ә. Әйтеке би // Егеменді Қазақстан-1991-23 қараша.
20. Бөгенбай батыр. ӘОЛ, қолжазба қоры. 356. 5 бет.
21. Арқалық батыр. Батырлар жыры. 2 том. - Алматы, 1961ж. – 273 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об институте бииев в социальной структуре казахского общества XVIII в. по материалам устной исторической традиций.

SUMMARY

Article is devoted to social structure of the Kazakh society XVIII century on materials oral historical traditions.

ӘОЖ 9(С)55 И 83

ТАРИХНАМАДАҒЫ УАҚ ТАЙПАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

*Исаева А.И.-т.ғ.к.
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Уақ мәселесі қазірге дейін қазақ тарихындағы бірден-бір көмескі мәселелердің бірі. Мақалада Орта жүз ру-тайпаларының, әсіресе уақ руының таңба, ұраны, қоныстанған аймақтары, шежіресі ғылыми зерттеулерде ғалымдардың еңбектерін жан-жақты зерделеп, қарастырған.

Түйін сөздер: уақ тайпасы, Орта жүз, шежіресі, рулық кестелер, шежірелер, Ш.Уәлиханов.

Халқымыздың ұлықты шежіресін жазу орта ғасырда өмір сүрген Қадырғали Жалайырдың еңбегінен бастау алары күмәнсіз. Ал, Шоқан Уәлиханов пен Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Сәрсен Аманжоловтың еңбектерінен кейінгі жерде халқымыздың шежіресін шын мәнінде ғылыми-зерттеу нысанасы дәрежесіне көтерген көптеген ғалымдардың ғылыми зерттеулерін көреміз. Мұндай еңбектерде, әсіресе біз зерделеп отырған Орта жүзге қатысты зерттеулерде жүздердің бастапқы шығу тәркініне,

қазақ ұлтын құрап отырған үлкен тайпалар мен рулардың генезисіне, этникалық құрамы мен олардың өзара бірігу процесіне кеңінен тоқталған. Мұндай мағлұматтарды аңыз-әңгімелер арқылы зерделеп, таңба-ұрандар арқылы дәлелдеп береді.

Шежіреде рулық кестелер жеке-жеке алынып, үлкен және кіші аталар бойынша таратылған. Әрине, бұл шежірелік кестелерді толық әрі дәл деп ұғынуға болмайды. Оны авторлар белгілі бір үлгі-нұсқа, кестелер келешекте толығып, түсіп қалған, ұмыт болған ұрпақтармен жалғасып отыруы тиіс деген пікірлерде болғандығын көреміз.

Еліміз дербестікке қол жеткізгелі жерімізге көз алартушылар пайда болған тұста қазақ жерінің ежелден нақты ру-тайпаларының байырғы мекені екені бұл да бұлтартпас айғақ деп түсінгеніміз, тарихи танымымыздың жаңғыруына себепті салдар деп ұққанымыз абзал. Уақ мәселесі қазірге дейін қазақ тарихындағы бірден-бір көмескі мәселелердің бірі. Уақтар көбінесе Керей тайпасының бір бөлігі ретінде қаралып келеді.

Қазақтың көне шежірелерінде Керей Уақтарды баяғы Алаш - Жүзей - Жанарыс - Жаншора – Ойшыбайдан сабақтаса, Ш.Құдайбердіұлы мен Ш.Уәлиханов Еркөкшеден таратады [1; 2].

М.С.Мұқанов және көптеген зерттеуші ғалымдар Уақ атауының көне деректерде кездеспейтіндігін айтқандай, оны кейіннен пайда болған тайпа деген ортақ пікір айтады. Бірақ ол кейін қайдан пайда болғандығына байланысты ғалымдар әр түрлі пікірлер келтірген. «Уақ руы алғаш Абылайханның тұсында белгілі болды, - деп жазады Ш.Құдайбердіұлы, - орыс тарихшыларының белгілеулеріне қарағанда, орыстар алғаш Керейлерді жолықтырғанда, Уақтар олармен бірге болыпты», - деп өз ойын тұжырымдайды [1, 79 б.]. Орта жүз Керейлердің орыс саясатының нысанына ілінгені де сол Абылайханның тұсы немесе XVII ғасырдың соңы болған.

Н.А.Аристов Мұса Шормановтың дерегіне сүйеніп, уақты арғынның Ақжолының некесіз әйелінен туғызады [3]. Сонымен қатар, Ш.Ш.Уәлиханов уақтар тарих төрінен Ер Көкше, Ер Қосай арқылы Алтын Орда мемлекеті ыдыраған тұстан көріне бастады деп келтіреді. Осы тұжырымды М.С.Мұқанов: «Әрине Ш.Уәлиханов уақ тайпасының этникалық бірлік ретінде шығу кезеңін емес, уақ тайпасынан шыққан Ер Көкше эпосындағы кейіпкердің тарих төрінен көрінуін айтады немесе уақ - өте көне ғасырда өмір сүрген, аты аңызға айналған, осы тайпаның негізін қалаушысы» [4, с. 38].

Ә.Х.Марғұлан уақтарды керейлерден шыққан деген тұжырым жасайды. Олардың керейлерден бөлінуін XIII ғасырға жатқызады [5, 138 б.]. Сонымен қатар мұндай тұжырымды Н.Е.Масанов монографиясынан көреміз [6].

Уақ тайпасының этнониміне қатысты ғылыми зерттеуде нақты нанымды дәйек кездеспейді. Ш.Құдайбердіұлының пікірінше, уақ елі «ұсақ ел» деген сөзден шыққан. Мұндай тұжырымын арғын, найман, керей ішінде ұсақ аталардан жиылған болар деп түйіндейді [1, 67 б.]. Осы пікірді М.Тынышбаевтың зерттеуінен көреміз, яғни, уақ сөзін «ұсақ, майда» мағынасына сәйкес дей келе, «уақтар Орта жүздің ең саны аз руы болып табылады», - деп өзіндік пікір келтіреді [7].

Ал, Ә.Х.Марғұлан мен Н.Мыңжан зерттеулерінде IX-XIII ғасырларда шығыс Моңғол құмын мекен еткен онгуттарды «Уақтар» деп атайды. Бірақ аталған екі тарихшының нендей деректерге сүйеніп онгуттарды «уақ» деп атағаны белгісіз [5, 138 б.; 8]. Н.Мыңжан тек Онгутқа «уақ» атауын тіркеп өтеді. Ал, Әлкей Хақанұлы ертедегі онгуттардың тарихына байланысты материалдар мен мәдени мұраларды уақтарға тән деп таниды. Уақтардың шығу тегі туралы халық аңыздары, шежірелердің бірқатары Уақты Керейдің інісі, баска біреулері – ағасы деп санайды. Аңыз бойынша, Керей мен Уақ ағайынды адамдар. Осы екі тайпаның үнемі бірге көшіп жүретіні, қыстауы мен жайлауының жақындығы, керейлердің саны көп тайпа ретінде аз тайпа – уақтарға құрмет білдіретіні, расында да Керей мен Уақтың туыстығын көрсетеді. Тарихи шежірелер және жазба деректерде «Уақ-Керей қосалқы атау түрінде қолданылады, өйткені бұл екі тайпаның ата туыстығы Моңғол үстіртін мекен еткен сонау IX-X ғасырлардан басталған. Қазақ шежіре кестелері бойынша «Уақ - Керей батырдың

жиені» деп айтады. Әрине, мұны тарихи ақиқат деп танығаннан гөрі екі тайпаның етене жақындығының символы тұрғысынан қараған жөн деп білеміз. Уақ руының негізгі ұраны «Жаубасар» екенін көптеген ғалымдардың зерттеулерінде келтірілгенін көреміз [9; 4, с. 37], ал М.Тынышбаев бұл ұранмен қоса «Бармақ» деп көрсеткен [7, 29 б.].

М.С.Мұқанов зерттеуінде М.Тынышбаевтың келтірген ұранын ел арасында экспедиция барысында кездестірмегеніне жүгініп, бұл тайпаның емес, өзге жергілікті тобының ұраны болуы мүмкін деп түйіндейді [10, с. 80].

Назар аударатын жайт, уақ тайпасының таңбасын Марат Сәбитұлы өз зерттеулерінде әр түрлі етіп көрсетеді. Мәселен, алғашқы монографиясында деректерге сүйене отырып, II және X таңбасын келтіреді [10, с. 80], мұндай тұжырымды М.Тынышбаев зерттеуінен де көре аламыз [7, 29 б.]. Бірақ осындағы алғашқы II таңбасын М.С.Мұқановтан өзге зерттеулерінен көре алмаймыз. Марат Сәбитұлы кейінгі жылдардағы зерттеулерінде уақтың жалпы таңбасы X таңбасы деп келтіреді [11, 260 б.]. Мұндай таңбаны, сонымен қатар, С.Аманжоловтың зерттеуінен де көреміз [9, с. 16].

М.С.Мұқанов уақтың негізгі таңбасы, керейдің X таңбасына ұқсас, бұл керей мен уақтар туыстығының бір дәлелі болып табылады деп өзіндік тұжырым жасаған.

Уақ руын таратуда ғалымдарда ортақ пікір жоқ. Ш.Құдайбердіұлы Уақтан – Ер Көкше, одан Ер Қосайды таратқан. Осы Ер Қосайдан Шоға, Сарман, Байназар, Ергенекті Уақ деп таратады [1, 67 б.]. М.Тынышбаевтың шежірелік нұсқасында Уақтан: Қосайдан Шоға, Сарман, Байназар, Сарыбағыс, Шайкөз руларын бөледі. Мұның соңғы төртеуін Ергенекті Уақ деп атап келтіреді [7, 25 б.].

Уақ руының шежіресін таратуда М.С.Мұқанов зерттеулерінде әр түрлі кестелерді келтірген. Мәселен, алғашқы зерттеуінде Уақ, Бетке, Бетеге, Изен, Қамбар, Бекше, Көкше, Еркөкше, Ерқосай деп таратқан. Осы Ерқосайдан Сарман, Сарбағыз, Шұға, Байназар, Әлімбет, Сыргелі; Ергенекті уақтан: Бидалы, Жансары, Баржақсы, Шайкөз [4, с. 148] өрбитіндігін келтіреді. Ал келесі зерттеулерінде, уақтың негізгі екі рулық одағын: Жантелі мен Жангелді деп келтіреді. Осы Жангелдіден: Шоға, Сарман, Ергенекті уақты таратады [10, с.67]. Ғалымның өзге зерттеулерінде, осы Жантелінің бәйбішесінен: Шоға, Ергенекті; кіші әйелінен: Еренші батырды өрбітеді. Ал, Марат Сәбитұлының соңғы монографиясында: Жантелінің бәйбішесінен тек Шоға, ал кіші әйелінен: сарман, Ергенекті уақ, Еренші батырды таратады [11, 218 б.]. Көріп отырғанымыздай, ғалымның өз шежірелік нұсқасында еш ұқсастық жоқ. Тек осы Жантеліні таратуда Марат Сәбитұлы әр түрлі шежірелік кесте келтірген.

Осындағы аталмыш Шоғаны таратуда М.С.Мұқанов кейбір еңбектеріне ортақ пікір, яғни: Еліс, Мүлкісті таратса [10, с. 67], ал, келесі уақ және керей тайпасын тереңінен, жан-жақты талдаған зерттеуінде өзгешеліктер бар. Мәселен, Шоғадан: Еліс, Мүлкіс; Қарабас, Қарақой, Шоқа деп толықтырулар жасап, өрбіткенін көреміз [4, с. 148]. Бірақ, осындағы Мүлкіс пен Қарабасты ағайынды деп келтірсе, ал өзге еңбектерінде, Мүлкістен Қарабасты таратады [11, 212 б.].

Жантеліден кейбір зерттеуінде Сарманды таратса [11, 262 б.], басқа еңбектерінде Ерқосайдан өрбітеді. Ғалымның соңғы таратуын Ш.Құдайбердіұлы еңбегінде көреміз [1, 91 б.]. Осы Сарманды таратуда Марат Сәбитұлының ортақ шежірелік кесте келтіргенін көреміз. Яғни, ғалым Сарманнан: Тілеуді, Қонайды таратады. Жантелінің Ергенекті уағын таратудағы шежірелік нұсқаларында еш айырмашылық жоқ, бірдей таратқан [11, 210 б.].

Осы Ергенекті уақ этнонимінің шығу тегі туралы Марат Сәбитұлының зерттеуінде екі жорамал келтіреді. Біріншісінде, Жантелінің ұлы Ергенекті найман руының қызына үйленген де, ұрпағы осылай аталған, ал екіншісі бойынша, этноним ергенек таңбасынан қалыптасады [11, 213 б.].

Бұл атауға байланысты өзге зерттеулерден дерек кездестіре алмадық. Біздің пікірімізше, М.С.Мұқанов, негізінен таңбаға қатысты деректерді көрсетуі дұрыс деп ойлаймыз. Ал XIX ғасырдың бірінші жартысында уақтар Орта жүздің барлық округтерінде

қоныстанған, алайда олардың біразы Аягөз (Сарыман-Уақ, Шоға-Уақ болыстары) және Аманқарағай (Баржақсы-Уақ, Байдалы-Уақ, Жансары-Уақ болыстары), соңынан Құсмұрын сыртқы округтерін мекендеген [12], ал шағын топтары Ақмола, Қарқаралы, Көкпекті, Баянауыл сыртқы округтері мен Омбы ішкі округтерінде кездескен [13]. XIX ғасырдың екінші жартысында уақтардың кейбір рулары Петропавл уезінің Обаған өзенінің шығыс жағалауында, Алабота, Қойбағар, Алқар, Жалқайық, Шошқалы көлдерінің жазығында, Есіл, Қойбағар, Түнтүгір өзендерінде көшіп жүргенін көрсетеді. Ондаған шаңырақ Теке өзені маңында қоныстанған. Петропавл уезінде 221 ауыл (2260 шаруашылық) болған, бұл барлық шаруашылық санының 19,8% болады. Уезде Ергенекті уақ руының қауымдары көбірек те, Шоға руының өкілдері азырақ болған [14].

Павлодар уезінде уақтардың 1399 қожалығы болған. Олар Ертістің оң жағалауындағы он шақырымдық өңірден шығысқа қарай Барабин даласымен шектесіп жатқан көптеген көлдерге дейінгі далаға орналасқан [15, с. 23]. Уақтар иелігінің оңтүстік шегі Әжіболат-Қарасу көлдері бойымен өткен. Ертіс өңірінде уақтар негізінен Тереңкөл болысында орналасты, мұнда Әжібек, Абырай аталары мен аздаған Шоға руы қоныстанды [10, с. 159].

Семей уезінде 5728 қожалығы болған. Төрт болыс пен Қызылқұм болысының бір бөлігі солардан құралған. Олардың орналасқан жерлері – Семей қаласынан оңтүстікке қарай Семейтау, Белтерек, Арқалық тауларының жазығы, Ащыкөл өзенінің төңірегі және Ащысу өзенінің бас жағы. Олар Ертістің оң жағалауында уездің он шақырымдық өңірін бойлай және одан әрі шығысқа қарай Лебяжье, Черный поселкелері аралығындағы жазыққа орналасқан. Өскемен уезінің жерінде, Бұқтырма өзенінің бас жағында және Арташы тауының төңірегінде керейлермен бірге уақтардың 68 қожалығы көшіп жүрген [16, с. 23].

Уақтардың шағын топтары Кіші жүздің жерінде Тамды, Қарақобда және Сарықобда өзендерінің бас жағын мекендеген. Өз тайпаластарынан бөлініп қалған бұл уақтар Кіші жүз рулары (Өлімұлы, Жетіру тайпалары) арасында қоныстанған.

Қорытындылай келе, қазақ халқының этникалық атамекені XVI-XIX ғасырларда қазіргі Қазақстан Республикасы жерінің шекарасы қалыптасты. Араб, парсы, Батыс Еуропа, Қытай саяхатшыларының Қазақстанның ұланғайыр далалары арқылы өткен немесе болған адамдардың әңгімелері арқылы дала халқына сипаттама берген тарихшылардың жазбаша деректемелері осыны дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – 80 б.
2. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2-басылым. – Алматы, 1985. – 111 б.
3. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. – Вып. 3, 4. СПб., 1896. – С. 97.
4. Муканов М.С. Из исторического прошлого: (Родословная племен керей и уақ). – Алматы, 1998. – 160 с.
5. Марғұлан Ә.Х. Тамғалы тас жазуы // Жұлдыз. – 1984. - №1. – 132-147 бб. (141).
6. Масанов Н.Е. К этнической истории уаков // Проблемы изучения и охраны памятников Казахстана. – Алма-Ата, 1980. –С. 129-135.
7. Тынышбайұлы М. Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар. – Целиноград, 1991. – 22 б.
8. Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы. –Алматы, 1993. – 191 б.
9. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1997. – . 16 б.
10. Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. – Алма-Ата, 1974. – 200с.
11. Арғынбаев Х., Мұқанов М.С., Востров В.В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 464 б.
12. ҚР ОМА. 374-қ, 1-т., 2077-іс, 189-п.; 4847-іс, 7-9-пп.

13. ҚР ОМА. 374-қ, 1-т., 560-іс, 14,18-37, 98, 290-291-пп.; 612-іс, 14-п.; 2077-іс, 17-18, 189-191-пп.; 5227-іс, 7-45-пп.

14. Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы. –Алматы, 1994. – 54 б.

15. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Т. IV. Павлодарский уезд. – Воронеж, 1903. – 662 с.

16. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Усть-Каменогорский уезд. –СПб., 1905. Т.9. – С.82, 99, 80, 369.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе документальных источников и специальной исторической литературы исследуется этническая история казахского племени уак из Среднего жуза, начиная с IX-X веков вплоть до XIX века.

SUMMARY

In article on the basis of documentary sources and special historical literature the ethnic history of the Kazakh tribe since is investigated the X-XIX century.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ӘОЖ 37 К 87

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

*Кусайнова Р.Т. - доцент
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Мақалада А.Байтұрсыновтың намыс пен ұлттық сезімді ұлттық санаға айналдырушы XX ғасырдың басындағы ұлттық педагогикалық ой-пікірлердің негізін салған, халықтың сауатын ашуға бүкіл күш-қайратын жұмсаған ағартушы ғалымдардың бірегейі екені қаралған. Сонымен қатар ол қазақ жерінің тұтастығының сақталуына, төл оқулықтар жазу, ұлттық ғылым-білімді жандандыру, халықтық тәлім-тәрбиені дәріптеу, соның негізінде қазақ жастарына адамгершілік тәрбие беру мәселелерін шешумен айналысқан басты тұлға болғаны айтылады.

Түйін сөздер: ұлттық сезім, педагогика, бастауыш мектеп, оқулықтар, сауат ашу, тәлім-тәрбие, жаңа алфавит.

Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер білім беру ісіне өзіндік ықпал етіп отыр. Қоғамда әлеуметтік жағдайларды негізге ала отырып, білім мен тәрбие берудің мазмұны жаңаша жасалу үстінде. Мұнда ұлттық салт – дәстүр, тарих, мәдениетімізді меңгеруге аса зор мән беріліп, жалпы білім дерудің әлемдік стандартына сай келтіру мәселесі қарастырылуда.

1999 жыл Қазақстан халқының бірлігін нығайту мақсатында «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы», -деп жарияланды. Онда: «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы-салт-дәстүрді келер ұрпаққа жеткізудің жылы. Басты идея аға ұрпақ жинақтаған адамгершілік және әлеуметтік тәжірибеге аялай қарау болып табылады», - делінген. Осыны ескере келе, белгілі әдіскер, тіл білімінің атасы, түрколог, демократ – ағартушы, аудармашы А.Байтұрсыновтың педагогикалық ой-пікірлерін педагогикалық колледждерде бастауыш

мектеп мұғалімдерін даярлауда ғалымның еңбектерін пайдаланудың жолдарын жан – жақты зерттеу қажеттігі туындады. Біздің мақсатымыз А.Байтұрсынов сынды ұлы тұлғаның өмірі мен ағартушылық еңбектері арқылы ұлттық мәдениетпен тарихты дамытатын кәсіби шебер маман даярлау. Ұлттық педагогикалық мұраларды зерделегенде зиялы қауым идеяларының бір-бірімен сабақтастығын айқындау.

«Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген А.Байтұрсынов», - деп Қ.Мұхамеджанов атап көрсеткендей, А.Байтұрсынов Ыбырай негізін салған идеяларды жалғастырушы болды. Олардың идеяларының үндестігін шығармаларынан, әңгіме, өлең, мысалдарынан, этнографиялық еңбектерінен, ғылыми мақалаларының мазмұнынан анық байқаймыз. Мәселен, А.Байтұрсыновтың «Оқу жайлы» атты мақаласында қай халықтың болмасын ілгері басу себебі де, кейін қалуы да оқу мәселесімен байланысты екенін дәлелдеді.

«Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші... Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» - деген жолдардан ғалымның егемен ел болудың, тәуелсіздіктің тірегі-білім деген нақты тұжырымды халық санасына жеткізгісі келгенін аңғарамыз. Сол сияқты «осы замандағы жан таңырқарлық нәрсенің бәрі де ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызып, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүниенің бір шеті мен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған-ғылым, от арба, от кемелерді жүргізген-ғылым. Осыларды істеп отырған жұрттың бәрі де сондай болмаған. Бұлар да басында біздей, қатта бізден де өнерсіз болған. Халық жүре оқи, талаптана келе осыншаға жеткен», - деген пікірі де Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар...» атты өлең жолдарындағы идеямен мазмұндас. А.Байтұрсынов осы мақаласында: «шебер маман, сайлы мектеп, сәйкес бағдарлама, оқыту жайын дұрыс үйретіп, маман даярлайтын оқу орны-педучилищелер жоқ», - деп дабыл қағады. Мектеп, орта және жоғарғы оқу орындарын ашу керек, оларды дамыту, қаржыландыру мәселесін «Қазақ» газеті үнемі көтеріп, жұртқа жол көрсетіп отырады» - деп газеттің алға қойған ағартушылық қызметін де білдіреді.

Сондай-ақ, А.Байтұрсынов «Бастауыш мектеп» атты мақаласында Ресей үкіметінің орыстандыру саясатының бет-пердесін аша келе, «хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болуы, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуының сақталуы. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс болуы керек... олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамын деген пікірден хүкімет безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуын көздеу керек. Солай ойлағанда көңілге ұнамды мектептің түрі біздің ойымызша мынау», - деп бастауыш мектептің 5 жылдық болуын, қазақ халқының көшпелі ерекшелігін ескеріп, мектептерде келіп оқитын және жатып оқитын етіп құруды, қыр мектептері мен қала мектептері ерекшеліктерін ескере ұйымдастырылуын талап етті. Жалпы 5 жылдық бастауыш сатының 3 жылы ауыл, екі жылы болыс мектебіне берілсін. Ауыл мектебі тек ана тілінде болсын. Онда оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы пәндер оқытылсын. Болыс мектебі орысша оқытылатын соңғы екі жыл. Мұнда берілетін білім гимназияның төменгі сыныбына кірерлік пәндер болуы керек», - дейді. Демек, бұл салыстырулардан қос ғұламаның мақсат-мүдделерінің үндестігін, әрі заманына қарай өзіндік ерекшеліктері болғанын аңғарамыз.

Ол Ы.Алтынсарин мен А.Байтұрсыновтың ағартушылық-педагогикалық мұраларын зерделей отырып олардың идеяларының үш бірдей бағытта тоғысатынын байқадық. Біріншіден, екеуіде бар ғұмырларын ұлттық мектеп ашуға, қазақ балаларына дүниежүзілік білімді терең меңгертуге, өнерге мәдениетке таратуға арналған. Екіншіден, сондай дәреже де, білім беретін төл оқу құралдарын, сол оқулықтарға дұрыс басшылық жасауды үйрететін ғылыми әдістемелік құралдар жазуды басты мұрат етті. Үшіншіден, болашақ маман даярлау

ісін жандандыру, ұлттық мектептер құрылымын анықтау, мектептердің материалдық-техникалық базаларын нығайту, оқу-білім арқылы қоғамдағы саяси-әлеуметтік мәселелерді түсіндіріп, ұлттық сананы ояту, ол үшін ұлттық баспасөз ісін көркейту болды.

А.Байтұрсыновтың педагогикалық ой-пікірлерін зерделегенде оның өмірі мен сансалалы қызметі, отбасы, заман өзгеруіне сәйкес ғұмырындағы елеулі өзгерістермен терең таныспау мүмкін емес екені белгілі. Ал, мұндай мәліметтерді беретін басты орындар бұл-мемлекеттік орталық архив қорлары, ұлттық кітапхананың сирек кездесетін қолжазбалар қоры, ұлттық қауіпсіздік комитетінің және облыстық архив деректері. Соның ішінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік архив қорындағы А.Байтұрсынов туралы деректерге қысқаша шолу жасасақ, мұнда оның өмірімен қызметін қамтитын құжаттар 1893 жылдан басталып, 1936 жылғы қыркүйектегі бұйрықпен аяқталады.

Бұл деректерді үш топқа бөліп қарастыруға болады: 1)Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі құжаттар: Орынбордағы мұғалімдер школасы, Далалық генерал-губернатор канцеляриясы, Торғай, Ақмола, Семей облыстық басқару ұйымдары және т.б. қорларда А.Байтұрсыновтың Орынбор мұғалімдер мектебіндегі оқуы, бағалары қойылған табелі, мұғалім мамандығын беру туралы куәлігі, 1900-1917 жылдар арасындағы саяси ағартушылық қызметінен хабардар ететін мәліметтер. 2)1917 жылдардағы Уақытша үкіметтің – Торғай облыстық комиссарының және Торғай облыстық басқармасының құжаттары. 3) Қазревкомның, Орталық атқару комитетінің, Халық ағарту комиссариатының және басқа кеңес ұйымдарының құжаттары. Архив деректеріне сүйенсек, А.Байтұрсыновтың ғұмырында 1920 жылдардан бастап ірі де елеулі өзгерістердің орын алғанына көз жеткіземіз. Яғни, Қазревком төрағасының орынбасары, Қазревком ішкі істер бөлімінің меңгерушісі, Орталық атқару комитетінің мүшесі, Халық ағарту комитетінің орынбасары, Академиялық Орталық төрағасы болып жүрген кездерінде, қазаққа «қазақ» атын қайтару, жерінің тұтастығының сақталуына, жергіліктендіру саясатына, Қазақ Автономиясын құру, сауатсыздықты жою, ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету, қазақ мектептерінің негізін қалау, төл оқулықтар жазу және тарату, Қазақстанды зерттеу қоғамының негізін салу, тіл саясатын көтеру, мектептердің жаңа типін ашу, халықтық тәлім-тәрбиені дәріптеу, соның негізінде болашақ жастарға адамгершілік, эстетикалық, азаматтық тәрбие беру мәселелерін шешумен айналысуда басты тұлға болғанының куәсі боламыз. Осындай елеулі қызметтері педагогикалық көзқарасының қалыптасуына әсер етті, ағарту ісінің көшбасшысы болуына әкелді.

Міне, осындай деректерді оқып-үйрену, зерттеу арқылы А.Байтұрсыновтың қысқа ғана ғұмырын келер ұрпақтың жарқын болашағы үшін күреске арналған XX ғасырдың ірі тұлғасы екендігіне көз жеткіземіз.

А.Байтұрсыновтың алғаш ағартушылық ой – пікірлері сонау 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетіне жарияланған мақалаларынан айқын көрінеді. Газет өзінің тұңғыш жарияланған санында-ақ, «Бұл газеттің мақсаты жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп, медресе, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәрігерлігі жайында жазу» -дейді.

Бұдан «Қазақ» газетінің ел өмірінің алуан саласына терең мән беріп, өмір айнасы болуды мақсат етіп алға қойғаны байқалады.

А.Байтұрсынов ұлттық ғылым-білімді жандандыру, білім негізі - бастауыш сатыны өркендету және кәсіби құзырлы маман даярлау ісіне ерекше мән береді. Мәселен, «Мектеп керектері» атты мақаласында: «...ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші - оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Үшінші – мектепке керегі белгіленген Программа. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін, оның үлгісі я мерзімді өлшеуі болуы керек...» - деп оқытудың дидактикалық ұстанымдарын тұңғыш ғылыми тұрғыда нақтылады, сапалы білім беру ісінің

мұғалімнің кәсіби шеберлігімен тығыз байланысты екенін дәлелдеді. Сол үшін мұғалімдерге арнап «Баяншы», «Оқу құралы» және т.б. ғылыми-әдістемелік құралдар жазды.

Сонымен қатар, А.Байтұрсынов ескі оқу жолының тозып, тұтырудан шыққанын, жаңаша оқытудың болашағын сөз ете келіп, «жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа, ниеті – жұртына қызмет ету», - деп халқымыздың «асыл-тастан, өнер-жастан» деген пікірін дәлелдей түсті. А.Байтұрсынов оқытудың әдістемесін жетілдіру мәселесіндегі кемшіліктерін атап көрсете келіп: «... мұндай кемшілікті түзету мұғалімнің өз қолында, үйрету әдістемесі жақсы болса, балалардың түсінуіне де жеңіл болады және жеңіл қол жеткізетін нәрсе қызығушылық пен белсенділік туғызады. Ал, оның аяғы сапалы білімге әкеледі», - деп методиканың оқытудағы мәніне ғылыми баға береді. А.Байтұрсыновтың «Баласының алған білімінен сапалы нәтижені көрсе, ата-ана да баласын оқытуға ықыластанады және іс осылай жолға қойылса қазақ ішіндегі оқушылардың көбейіп жалпы оқу-ағарту ісінің жүрісі шапшаңдап, сапасы артар еді», - деген пікірлері бүгінге күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Ал, «Орысша оқушылар» атты мақаласында оқу-ісінің ілгері баспау себептерін, қоғамдағы саяси-әлеуметтік теңсіздігі, қазақ бай шонжарларының озбырлығын, жұрттың экономикалық әл-ауқаты, тұрмыс тіршілігінің төмендігін, қазақ халқы оқысын, бірлі-жарым орысша оқыған қазақ балаларының тілмәш, писарь болып шен қуып, шекпен табуға көшетіндігіне қынжылады. «Оқу-ұлт жұмысы, ал ұлт жұмысы – үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек. Жұмысшы аз болса, жұмыстың өнімі де аз болмақшы», - деп халқын бірлікке шақырады. «Егер оқу іздеген талапкерлеріміздің 40-тан 4-і ғана оқырлық орын тауып, басқалары қаңғырарлық далада қалып отырса, жұрт жұмысшысы көбейіп мандыр ма, жұмысшы көбеймесе, жұрт жұмысы ілгері басып өнер ме? Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?» - деп кемшіліктің себеп-салдарының бетпердесін ашты. А.Байтұрсынов 1920 жылы 8 қыркүйектегі халық ағарту комиссариатының мәжілісінде кешкі мектеп үшін оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын және сауат ашу кітаптарын шығару мәселесін көтерген.

Осы мәжілісте денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері, қазақ еңбекшілеріне тегін білім беру ісінің заң жүзінде бекітілуі сұралған. Архив қорында А.Байтұрсыновтың жетім балалар жайын жақсартып, олардың білім алуына жағдай жасау туралы жиі-жиі мәселе көтергендегі жайында мәліметтер бар. Ол осы жұмысты орындаумен байланысты халық ағарту комиссариаты жанынан «Балалар апталығын» ұйымдастыру комитетінің құрылуын талап еткен.

А.Байтұрсынов мұраларын зерттеуді қоғамның дамуына байланысты үш кезеңге бөліп жіктеуге тура келеді. Біріншіден, А.Байтұрсыновтың көзі тірі кезінде еңбектерінің жариялануы және оған деген сол кездердегі көзқарастар, яғни, ғылым туралы объективті бағалауға тырысқан мақалалардың, еңбектердің жарық көру кезеңі. Екіншіден, А.Байтұрсыновтың репрессияға ұшыраған кезеңінен ақталғанға дейінгі уақыттағы ол туралы көзқарас пікірлер. Ол 37-80 – жылдар аралығындағы уақытты қамтиды. Яғни, ағартушыны негізсіз қаралау, айыптау түріндегі еңбектердің жариялануы.

Үшіншіден, еліміз егемендік алғаннан кейінгі ғалым еңбектерінің жарық көруі және оның ғылыми тұрғыда зерттелуі жайы. Әсіресе, К.Нүрпейісов, М.Қозыбаев, Т.Омарбеков, Ә.Тәкенов сынды тарихшы ғалымдар өздерінің зерттеу еңбектерінде А.Байтұрсыновтың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ұлттық баспасөздің, «Алаш» партиясының ықпалына ерекше тоқталып айқындады.

XX ғасырдың басы – Ресей империясының Қазақстанды өз отарына айналдыруды күшейтіп, аграрлық және ұлттық мәселелердің шиелініскен шағы еді. Мәселен, Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архив деректеріне жүгінсек, осы 1917 жылғы 12-26 шілдеде Орынборда өткен бірінші Бүкіл-қазақтық екінші съезде «Алаш» партиясының бағдарламасын талқылауға Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, М.Тынышбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Х.Досмұхамедовтар, Х.Ғаббасов, А.Сеитов бастаған ондаған зиялы азаматтар

белсене ат салысып, өзіндік үлес қосты. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов осы зиялы қауымның көшбасшы көсемдері болды.

А.Байтұрсынов мұраларындағы ең негізгі мәселелердің бірі-қазақ алфавитін жасау еді. Ахметтің жаңа әріпті енгізуге байланысты идеясын замандасы – Т.Шонанов былайша қуаттайды: «...Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің мәдени өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына мүмкіндік туғызды. Жаңа алфавит әлемдік мәдениетпен араласа түсу жолын жеңілдетте түсті. Жаңа алфавиттің халық мектептерінің өркендеуі жолында алып адым жасағаны анық».

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. А.Байтұрсыновтың ағартушылық мұраларының зерттелу жайы // Ізденіс. N 1, 2000;
2. А.Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарастары // Бастауыш мектеп. N 8-9, 1999;
3. А.Байтұрсынов – ағарту ісінің көш басшысы. Этнопедагогика, - этнопсихология. V жинақ, 1998.
4. Т.Тұрлығұл, Л.Т.Қожакеева «Қазақстан тарихы» 11 сынып. Мектеп 2011.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена педагогическому наследию видного государственного деятеля А.Байтұрсынова, внесшего особый вклад в начале XX века в развитие педагогической науки Казахстана.

SUMMARY

Article focuses on the pedagogical heritage A.Baitursynov prominent statesman, who made a special contribution to the early twentieth century in the development of teaching science in Kazakhstan.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

ӘОЖ 9(с)55 Ч 20

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰРАҒАТ ТАРИХЫНА ШОЛУ

*Чаргынова Г.О. – оқытушы
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Мақалада Қазақстандағы мұрағат тарихының қалыптасу кезеңдері, патша үкіметі дәуірінен бастап, XX ғ. 20-30 жылдарындағы республикалық мұрағаттың қалыптасу жағдайы баяндалған.

Түйін сөздер: мұрағат, Қазақстан, ұлттық, әкімшілік, А.Байтұрсынов, құжаттар, министрлік.

Қазақстандағы мұрағат жүйесі (республика, салалық, аймақтық, т.с.с.) негізінен XX ғасырдың 20–30-жылдары қалыптасты. Ұлттық мұрағат ісінің бастауында А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев сынды мәдениет қайраткерлері тұрды. Мемлекет 1921–1938 жылы Қазақ АКСР-і Халық ағарту халкоматының, 1938–1958 жылы Қазақ КСР-і Ішкі Істер халкоматының қарамағында болды, 1958 жылдан Министрлер кеңесіне бағындырылды. Облысы, ауданы мұрағат жергілікті әкімшіліктерге қарады. Мұрағат қызметінің басты бағыттары: қор жинақтау, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, қор құрамын зерттеп,

жүйелеу, ғылыми анықтамалар мен көрсеткіштер жасау, құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру және жария ету.

КСРО дәуірінде мұрағат социализмді дәріптеудің идеологиялық құралы болды. Республикадағы барлық құжаттар айналымының 10%-ға жуығы коммунистік құндылықтар тұрғысынан мұқият сұрыпталып, мемлекет сақтауға – мұрағатқа жинақталды. Құжаттардың біржақты іріктелуінің салдарынан Қазақстанның шынайы тарихын бейнелейтін аса бағалы деректер архивке түспей, біржола жойылып отырды. Ал, мұрағат қорындағы құжаттардың басым бөлігі түрлі жасанды шектеулер қою арқылы зерттеушілерге берілмеді. Қазіргі мұрағатта дәстүрлі қағаз құжаттардың түпнұсқаларымен және көшірмелерімен қатар фото-киноматериалдар, дыбыстық және бейнежазбалар, ақпараттың барлық жәдігерлер түрлері сақталады. Мұрағатта мәңгілік мерзімге сақталып, қорғалатын тарихи деректер – мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайы, экономика, саяси-идеология қатынастары туралы құжаттар Ұлттық байлықтың бір бөлігі болып табылады. Тәуелсіз Қазақстан мұрағаттану қызметіне халықаралық байланыстардың артуы оң ықпалын тигізіп отыр [1].

XVIII ғасырдың 30-жылдары Кіші жүздің Ресей империясының қол астына өтуі орыстар үшін шығысқа бағытталған отарлық саясатты бастау үшін қолайлы жағдай туғызды. І-Петр патша кезінде алып империяға айналған Ресей, өз жеріне тағы да біршама жерлерді қосып алуға кірісті. Ал, шығыстағы Орта Азия мемлекеттерін отарға айналдыру үшін алдымен қазақ жерінен бастау қажет болды.

Ресейдің отарлық саясатының ерекше күш алған кезеңі, бұл XVIII ғасырдың соңы еді. Осы кезеңде Кіші жүзде Патша үкіметі мен хандық билікке қарсы халық қозғалысы күшейе түсті, сұлтандар арасында да билікке талас орын алды. Ақыры Кіші жүз халқы екіге бөлініп, бір бөлігі 1801 жылы Жайық өзенін асып, жаңа мекенге қоныс тепті. Бұл орын алған ахуал Ресейдің Кіші жүзде арандату саясатын жүргізіп, екі бөлікке бөліп, әлсірету мақсаты орындалғанын көрсетеді. Өйткені, 1799 жылы Нұралы ханның баласы Бөкей сұлтан Ресей патшасы І Павелге бос жатқан Еділ мен Жайық аралығын мекендеу туралы өтініш білдірген кезде, Ресей патшасы ұзақ ойланбастан өз келісімін берген еді. Осыдан, яғни 1801 жылдың 11 наурызынан бастап Бөкей ордасы тарихи сахнаға шықты.

1801 жылы құрылған Бөкей хандығы қазақ тарихына бірнеше жаңа есімдерді алып келді. Оларға Бөкей, Шығай, әлі де болса күні бүгінге дейін зерттеушілердің пікір таласына айналған әйгілі Жәңгір, сонымен қатар ержүрек қолбасшы Исатай, батыр, әрі жырау Махамбет. Күйлері қазақ музыкасының алтын қорына енген күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей және Динаның есімдері халқымыздың жадында мәңгілікке сақталып қалды.

Бөкей хандығы құрылғаннан бастап Орынбор губернаторлығына бағынышты болып, бірінен соң бірі алма-кезек губернаторлық қызметке келген орыс шенеуніктерінің қадағалауы мен бұйрықтарын орындаумен өмір сүріп келді. Ресейдің еуропалық бөлігіне жақын орналасқан хандық өз тарихында бірнеше саяси әкімшілік өзгерістерге ұшырап, орыстандыру шаралары ауқымды жүзеге асқан аймаққа айналды. Оған дейін сыртқы істер министрлігінің бақылауында болып келген Бөкей ордасы 1838 жылы ақпан айының 5 күні Мемлекеттік мүлік министрлігінің қарамағына ауыстырылды. Өйткені, жалпы Орта Азия аумағын отарлауды тереңдетіп, нәтижелі жүргізу үшін Патша үкіметі 1837 жылы осы министрлікті құрған болатын. Осы арқылы жаңа жерлерді өз империясына қосып алу мақсатында түрлі айла шараларды іске асыра бастады.

Мемлекеттік мүлік министрлігі Бөкей хандығын бақылауға алысымен оның алдында жүзеге асырылуға тиісті мынадай міндеттер тұрды: орда жерінде тыныштықты сақтау, Қазақ халқын орыс халқымен жақындастырып, хандықтың басқару жүйесін Ресейдің басқару жүйесімен сәйкестендіру, орда жерін көршілес орыс губернияларына біріктіріп жіберу, т.с.с. [1].

Патша әкімшілігінің Бөкей хандығының ішкі істеріне араласуға қол жеткізу мақсатының орындалуына 1836-1838 жылдары болып өткен шаруалар көтерілісі өз кезегінде қолайлы жағдай туғызды. Орда жерінде тыныштықты сақтап тұру мақсатын алға қойып,

хандықты бақылауға алған Мемлекеттік мүлік министрлігі ханға ішкі қиыншылықтарды реттеуге жәрдем беруді желеу етіп, хан және өзге сұлтандардың күмәнін туғызбай хандықтың ішкі саясатына араласып кетті. Дәлірек айтқанда, 1843 жылы Жәңгір ханның кеңсесінің жанында орыс шенеуніктерінен құрылған жаңа орыс кеңсесінің ашылуы және оның басшысы ретінде мемлекеттік мүлік министрлігінің қызметкері С.И.Матвеев тағайындалды [2]. Матвеев арқылы Орынбор басшылығы хандықтың ахуалы туралы ақпараттармен дер кезінде қамтамасыз етіліп тұрды.

1845 жылдың 11-тамызында Жәңгірдің кенет дүние салуы халықты ауыр қайғыға ұшыратты, бірақ бұл оқиға Патша үкіметінің Бөкей ордасында хандықты біржола жою ниетін жүзеге асыруға өте ыңғайлы жағдай туғызды. Жәңгірдің өлімі туралы деректі Саратовтан арнайы ханға жіберілген дәрігер И.Ф.Троицкийдің медициналық қорытындысынан көре аламыз, онда: «Тамыз айының 10-нан 11-не қараған түні ханның өліміне 19 сағат қалған кезде Торғын өзенінің бойындағы хан ордасына жеттім. Медициналық тексеру барысында оның миына қан құйылып, ауыр халде жатыр» - делінген [3]. Жәңгір хан 11-тамыз күні, кешкі сағат алты жарым шамасында дүниеден өтеді [4].

Ендігі кезекте мемлекеттік мүлік министрлігі мен Орынбор әкімшілігінің алдында Бөкей ордасын тиімді басқару мәселесі тұрды. Жергілікті билікке орыс шенеунігін қойып, сұлтандар мен халық билігінің наразылығын тудырып алудан қауіптенген патша әкімшілігі өздеріне ыңғайлы, халық арасында беделі мығым қазақ сұлтандарының арасынан біреуін тандап алуды жөн көрді. Оған басты үміткер ретінде Жәңгірдің жақын бауыры әрі көмекшісі, сондай-ақ бірнеше руды бір мезгілде басқарып, патша әкімшілігіне танылған беделді сұлтан Әділ Бөкейұлын «Ішкі орданы уақытша басқарушысы» ретінде тағайындалды [5]. Ал, оның кеңесшілері болып сұлтандар Шөке Нұралыханұлы мен Меңдікерей Бөкейұлы ұсынылады [6]. Кіші жүздің ханы Нұралының баласы жасы егде тартқан Шөке Нұралыханұлы сұлтандар мен халық алдында беделі жоғары, орданың ішкі жағдайымен жақсы таныс сұлтан болатын. Кейінгісі, Жәңгірдің інісі Меңдікерей шеркеш руының басқарушысы және ханның «жақындарының» бірі, беделді сұлтан ретінде патша әкімшілігіне жақсы таныс болды. Осылайша патша үкіметі хан туысқандарынан Бөкей ордасының уақытша әкімшілігін ұйымдастырды, әрі хандықты жою мақсатында жергілікті басқару жөнінде аз уақыт аралығында жаңа жоба әзірлеп, 1846 жылы 21 қаңтарда «Ішкі орданы басқару жөніндегі уақытша кеңесті» құрады [7]. Кеңестің төрағасы ретінде жоғарыда аталған сұлтан әділ Бөкейұлы тағайындалады. Орынбор генерал губернаторы Обручев пен Орынбор шекара комиссиясының басшысы Ладыженскийдің бірігіп даярлаған жобасы бойынша Уақытша кеңестің төрағасымен қатар оған жәрдем, кеңес беріп тұру үшін жергілікті сұлтандардан екі кеңесші және мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан бір кеңесші тағайындалуы қажет болды. Сұлтандар арасынан Шөке Нұралыханұлы мен Меңдікерей Бөкейұлы тағайындалса, орыс шенеуніктерінен өз қызметіне орданың істерімен жіті таныс, Жәңгірдің орыс кеңсесінің төрағасы болған, басқару қызметінде бірнеше жыл тәжірибе жинаған С.И.Матвеев кірісті [8].

Жаңадан құрылған Уақытша кеңестің басты міндеттері Бөкей ордасы туралы ақпараттарды Орынбор әкімшілігіне жедел жеткізу, халық арасындағы тыныштық жағдайды сақтау, заң бұзушылық әрекеттерді шешу және алдын алу, жыл сайын халықтан жиналатын зекет пен соғым түріндегі салықты жинау және сол туралы мәліметтерді Орынбор басшылығына жеткізу, сондай-ақ империяның отарлық көзқарасындағы істерді бұлжытпай орындау т.с.с. [9]. Осы дерек көздері арқылы біз патшалық Ресейдің уақытша кеңесті құрудағы негізгі мақсатын анықтай аламыз.

Сұлтандар мен халықтың наразылығын тудырмау үшін кеңестің басшысы ретінде Әділ Бөкейұлы тағайындалса да, негізгі басқару ісімен мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан тағайындалған кеңесші айналысатын. Бұл туралы деректі біз атақты қазақ этнограф ғалымы Салық Бабажанұлының Бөкей ордасына қатысты әлеуметтік-этнографиялық жазбаларынан кездестіре аламыз.

1847 жылы 31 ақпанда, шекара комиссиясы қызметкерлерінің жұмыс қарқынын тездету мақсатында Орынбор басшылығы аталған басқарманың жанынан «Ішкі орданы басқару туралы уақытша бөлімшені» құру идеясын жүзеге асырды [10]. Уақытша бөлімшенің қызметкерлер құрамы 11 адамнан құрылып, зекеттен түскен кірістен 2830 рубльді осы бөлімшенің қызметкерлеріне жыл сайын бөліп отырды.

Осылайша, өз тарихында көптеген басшыларды кезекпен ауыстырған Уақытша кеңес тұсында Бөкей ордасы түрлі әкімшілік өзгерістерге ұшырап, 1917 жылы бұл жергілікті коллегиялды басқару аппараты біржола жойылады. Біз бұдан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Бөкей ордасының тарихы толығымен орыс отарлық саясатының көрінісі ретінде білеміз.

Мұрағат – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекеттік арнаулы мекеме. Мекемелердің ескі құжаттарын сақтайтын бөлімі немесе жеке тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты жинақталған жәдігерлер жиынтығы да архив делінеді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитетінің Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағаты XIX ғасырдың соңынан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанның ғылымы мен техникасының қалыптасуы және дамуы тарихы бойынша құжаттарды сақтайтын аса ірі мекеме.

Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағатында Алматы қаласының аумағына орналасқан республикалық және бұрынғы одақтық бағыныштылықтағы ғылыми-зерттеу, жобалау, конструкторлық технологиялық ұйымдар мен мекемелердің қызметі нәтижесінде құрылған ғылыми-техникалық және басшылық құжаттамалар мемлекеттік сақтауға алынған.

Мұрағатта бүгінгі күні мемлекеттік сақтауда 184621 сақтау бірлігі бар. Оның ішінде ғылыми-техникалық құжаттама көлемі 105925 сақтау бірлігін құрайды, олардың 18654 сақтау бірлігі ғылыми-техникалық, 2265 сақтау бірлігі – конструкторлық, 83005 сақтау бірлігі – жобалау, 2001 сақтау бірлігі – патенттік құжаттар болып табылады. Басшылық құжаттамалар көлемі 59036, жеке тектік құжаттар 3608, жеке құрам бойынша құжаттар 16052 сақтау бірліктерінен тұрады. Барлығы мұрағатта 156 қор сақталады. Олардың хронологиялық шегі 1775 жылдан 2007 жылға дейінгі аралықты құрайды.

Мұрағат қорларының құрамы мамандандырылған мұрағаттың ерекшеліктерін көрсететін төмендегі жинақтаушы ғылыми-техникалық құжаттар тобынан тұрады:

1. ғылыми-зерттеу құжаттамасы; 2. конструкторлық құжаттама; 3. технологиялық құжаттама; 4. жобалау-сметалық құжаттама; 5. патенттік құжаттама; 6. басшылық құжаттама.

Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағаты құжаттарының маңызды бөлігін Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Сібір электр энергетикасы нысаналарының, азаматтық-тұрғын үй, өнеркәсіп және машина жасау, мелиорация, су және орман шаруашылығы саласы құрылыстарының жобалау құжаттамалары құрайды. Көптеген қорлар сейсмикалық аса қауіпті аймақтарда қала құрылысы бойынша құжаттардан тұрады. Алматы қаласының тұрғын үй және азаматтық құрылыстарының жобалары бойынша, соғыстан кейінгі кезеңнен бүгінге дейінгі қазақстандық архитектура мектебінің барлық даму тарихын көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дакенов М., Нурпеисова Б.И. и др. Архивоведение. Алматы, 2003.
2. Архивное строительство в Казахской ССР (1918-1980). А. 1980.
3. Закон Республики Казахстан «О национальном архивном фонде и архивах». А. 22 декабря. 1998.
4. Сариева Р. Мұрағат және тарих. «Арыс», 2004.
5. Теория и практика архивного дела в СССР. Учебник. Под редакцией Ф.И.Долгих и К.И. Рудольсона. М. Высшая школа. 1980.

6. Система единой классификации документальной информации в систематических каталогах. М. 1978.
7. Программа развития архивного дела на 2001-2005 гг. От 11.06.2001.
8. Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағылым. Алматы, 2002.
9. Мұрағат құжаттары- халық қазынасы. Материалдар жинағы. Атырау 2005.
10. Государственный архив Костанайской области. Исторический очерк. Костанай, 2003.
11. Медведев С.А. Архивы Костанайской области. Исторический очерк. Костанай, 2003.
12. Сергазин Ж.Ф. Основы обеспечения сохранности документов. А. 1986.
13. Юренева Т.Ю. Музееведение: Учебник для высшей школы. - 2 е изд. М: Академический проект .
14. Музееведения. Музеи исторического профиля: Учеб. Пособие для вузов по спец.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается архивные информации и документы XIX века. Структура и наука, технические архивы Бокей Орды. Современные архивы Республики Казахстан.

SUMMARY

This article discusses historical information and documents of the XIX century. structure and science, technical archives Bokey Horde. Modern Archives of the Republic of Kazakhstan.

МАГИСТРАТУРА

ӘОЖ 9(с)55 А94

ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІ – ОРТА АЗИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН КОНТЕКСТІНДЕ

*Абдиханова А. Е.-магистрант
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Мақалада Орта Азия мен Қазақстан кеңістігінде Ислам өркениетінің хал-ахуалы, тарихи және саяси жағдайы қарастырылған. Қоғамда орын алған әлеуметтік және экономикалық мәселелерге автохтонды халықтың негізі ұстанатын ислам діні өз ықпалын тигізбей қоймайды. Себебі дін ұлттар мен этностардың рухани азығы, құндылығы ретінде өмірдің әр түрлі салаларында жетекші маңызға ие. Аталмыш географиялық кеңістікте нақ осы Ислам өркениеті түрлі ұлт өкілдерін интеграциялайтын күш болып табылады.

Түйін сөздер: ислам, өркениет, Орта Азия, Қазақстан.

XX ғасырдың соңында Кеңес Одағының ыдырауы, коммунистік жүйенің тарих қойнауына кетуі, нарықтық экономикаға негізделген жаңа жүйеге бұрынғы кеңестік елдердің көшуі ислам өркениетінің бір тармағы болып табылатын Қазақ еліне әсер етпей қоймады. Ең алдымен Ресей сияқты алып империяның, сосын он бес республиканы өз бұғауында байлап ұстаған Кеңес Одағының құрамында болған елдерде рухани өмір өзгеріске ұшырамай қоймады. Әсіресе, діни және философиялық ғылымдардың эталондық тұжырымдамалары

мен теориялары сынға ұшырай отырып, әлемдік ортақ теориялар мен концепцияларға қосыла бастады. Тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізе бастаған Қазақстанда және Орта Азия республикаларында ислам өркениеті жаңа бір белеске жетті. Сөзімізді дәйектейтін болсақ, аталмыш елдерде соңғы жиырма жыл ішінде мыңдаған мешіт, медресе және т.б. діни орындардың іргесі қаланды. Халықаралық, аймақаралық симпозиумдар, конференциялар өтті. Ендігі кезекте исламның және ислам өркениетінің бұл мемлекеттерде алатын орны мен рөлін көрсету үшін өркениет ұғымына назар аудару қажет. Бұл термин латынның «civilis» деген сөзінен шыққан. Оның мағынасы: 1) азаматтық, 2) азаматтық қоғам, мемлекет, 3) қала. Сондықтан да тарихшылар, археологтар қоғамның өркениеттік кезеңін зерттеуді ең алдымен урбанизациямен тығыз байланыстырады. «Өркениет» термині XVIII ғасырдан бері айналымға еніп, адамзат тарихында варварлықтан кейін келетін кезеңді белгілейтін ұғым ретінде дүниеге келді. Тарихты өркениеттік тұрғыдан зерттеудің бәйсікті элементтерін бейнелеуде неміс оқымыстысы О.Шпенглердің зерттеулерінің маңызы зор. Ол өркениетті мәдениеттің құлдырауынан туындайтын құбылыс ретінде қарастырады, яғни өркениет адамзат мәдениетінің жаңару, жетілу нәтижесі емес, белгілі мәдениеттің ішкі мүмкіндіктерін сарқып, одан әрі даму деңгейі шектеліп, күйреуге бет алып, жаңа өркениетке жол салуы болып табылады деген тұжырым жасайды. Ол: «келешек Батыс бір сызықтың бойымен алға және жоғары жүре бермейді. Ол белгілі бір жағдайларға байланысты құлдырау процесін бастан кешіреді. Сөйтіп батыс мәдениетінің құлдырауы салдарынан жаңаша өркениет пайда болады. Бұл жаңа фаза. Демек, өркениет бұл мәдениет рухының өлімі. Мәдениет те үнемі гүлдене бермейді [1].

Мәдениет пен өркениеттің ара жігін анықтау барысында Шпенглер: «барлық мәдениет тең, олардың әрқайсысы айрықша және сыртқы бағыт, яғни өзге мәдениеттің ықпалымен жүрмейді. Әр мәдениеттің феномені әр түрлі тілде сөйлеу, әр түрлі өмір салтын ұстану» деп жазған болатын [2]. Демек, өркениет ислам дінінің әлемдік қауымдастықтағы рөлі мен функциясын көрсетіп тұр.

Соңғы кездері әлем Батыс пен Шығыс арасындағы этникааралық, өркениетаралық қақтығыстарды басынан кешіруде. Қазақстан ғаламдық қауымдастықтың бір бөлігі ретінде халықаралық сахнада болып жатқан жағдайларға тәуелді. Себебі әлемдік қауымдастықтың бір жағында орын алған діни, этникааралық қақтығыстар екінші бір бөлігіне әсер етпей қоймайды. Араб елдері, Пәкістан, Ауғанстан және т.б. ислам дүниесінде болып жатқан қақтығыстар қазақ елінде қайталануы да мүмкін. Сол себепті алдын ала діни жағдайды бірқалыпқа келтіру керек. Мұндай қақтығыстар табиғи заңдылық немесе бір-бірімен байланысы жоқ қарапайым құбылыс болуы ғажап емес. Бұл көріністі американ ғалымы С.Хантингтонның ойы бойынша түпнұсқасында келтіре кетейік: «Мы можем определить цивилизацию как культурную общность наивысшего ранга, как самый широкий уровень культурной идентичности. Следующая ступень составляет уже то, что отличает род человеческий от других видов живых существ. Мировые цивилизации определяются наличием общих черт объективного порядка, таких как язык, история, религия, обычаи, институты, а также субъективной идентификации людей» [3]. Өркениет үнемі қозғалыстағы феномен. Ол қалыптасу, дәуірлеу, күйреу, жойылу немесе басқа өркениетке ұласу кезеңдерін бастан кешіреді. Өркениеттің қалыптасуы адамдардың бірқатарының өмір салтын өзгертумен, жаңа құндылықтардың пайда болуымен, харизматикалық көсемдердің сахнаға шығуымен және өркениеттік доктринаның (қасиетті діни кітаптары, партияның бағдарламалары және т.б.) дүниеге келуімен басталады. Өрлеу кезеңі өркениеттің көзқарасы, менталитеті, институттық жүйелерінің жақсы жұмыс істеуінің жемісі. Ал, күйреу – оның идеясын жақтаушылардың азаюымен бірге келеді. Яғни, ислам өркениетін деградациялық жағдайға жеткізбеу үшін көпшіліктің қолдауы қажет екендігін түсінуге болады.

Қазіргі таңда Исламды құбыжық қылып көрсетіп, әртүрлі керітартпа ағымдарды тану қалыпты жағдайға айналып барады. Өкінішке орай, діни білімі болмағандықтан, көптеген азамат Исламды өз ақылына сай шақтап, шектеп қойды. Нәтижесінде таяз ұғымдар

қалыптасып, экстремизм, терроризм сынды әрекеттер дінге күйе болып жағылуда. Осы әрекеттерге мүмкіндігімізше тосқауыл болып, Исламның бейбіт дін екенін кеңінен насихаттау басты міндетіміз. Сол себепті аталған бағыттар бойынша жұмыс жүргізіп, Ислам құндылықтарын жаңа ғасырға сай жаңғырту үшін 2004 жылы Астана қаласында өткен Қазақстан қажыларының I құрылтайында Қажылар қауымдастығы құрылды. Елордамызда Әлемдік және Дәстүрлі діндер көшбасшыларының төрт бірдей съезі өткені белгілі. Бұл жиынның Алаш жұрты үшін берері мол. Біріншіден, бұл съезд Қазақстанға берілген үлкен мүмкіндік. Өйткені, ол жерде бүгінгі қоғам шөліркеп отырған рухани жағдай сөз болады. Сонымен қоса жиын бүкіл күллі әлемнің назарында. Бір-бірінің қолын алмақ түгіл, бір үстелдің басына бірге отырмайтын дінбасылары Астанада пікір алмасып, ортақ ымыраға келіп жатыр. Бұл біздің елдің әлемдік тұрақтылыққа қосқан өлшеусіз үлесі. Съезд барысында руханият мәселелері, бейбітшілікті сақтау, әлемдік және дәстүрлі діндердің өзара келісімі, олардың арасында диалог ұйымдастыру сияқты ауқымды салмақты ойлар сараланады.

Бұрын әлемді капиталистік және коммунистік жүйе билеп төстегені белгілі. Қос идеологияның арасындағы теке-тірес әлем назарында болды. Алайда коммунистік жүйе тарих сахнасынан түскен кезде, капиталистік қоғам оның орнына «ислам қаупі» деген ұғымды енгізді. Нәтижесінде өркениеттер қақтығысы деген түсінік қалыптасты. Бұлар әлемдік әділетті тәртіпке қайшы әрекеттер болып табылады. Соған сәйкес Н.Ә.Назарбаев соңғы съезде: «Моральдық адамгершілік құндылықтардың жаһандық дағдарысы үдей түсіп отыр. Әлемде моральдық адамгершілік дағдарыстың өрістеуі дінге сенетіндердің барлығын баса көктеп қаралау, дінді әлеуметтік үрдістердің шетіне ығыстырып тастау», деп дінді қоғамнан аластатудың жиі байқалып жатқанын ашық айтқан болатын [4]. Сонымен қатар Елбасы: «Көптеген кезеңдерде дін халықтың даналықтың, мәдениеттер мен дәстүрлердің сақтаушысы болып келді», - деді. Оған кешегі Кеңестік кезеңде асыл дініміздің арқасында ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпай аман қалуымыз дәлел. «Қазіргі діндер жолайрықта тұр. Адамзат жоғары сана, яғни, Алла берген жаңалықтарды әлем игілігі үшін жұмсаудың орнына, жалғандық, арсыз түсінік және өшпенділік ұрығын себуде. Кез келген қоғамның моральдық өнеге бесігі болып табылатын отбасы берекесі, бала тәрбиесі, ұрпақ сабақтастығы бұзылды», - деген Ұлт көшбасшысы бүгінгі әлемнің рухани құлдырауын тілге тиек етті [5]. Енді үлкен форумда бейнеленген осындай ойдың Қазақстанға қандай қатысы бар дегенге келетін болсақ, Елбасы айтқан мәселелердің барлығы біздің елде де кездеседі. Бүгінде батыстағы азғын әрекеттердің көбі өз ішімізде де орын алуда. Сондай-ақ бізге де жаңағы вульгарлық материалдық қоғам еніп келеді. Өскелең ұрпақ нақ осы қоғамда тәрбие алуда. Мұндай келеңсіз құбылыстардың алдын алу үшін Орта Азия республикаларымен қатар Алаш жұрты біріге отырып, «иманды қоғам» тұжырымын қалыптастыруда. Тың идеяның мәні мынада: иманды қоғам бұл әділетті, мейірімді, салауатты қоғам. Сол себепті өз ортамызда осындай қоғам қалыптастыра алсақ, еліміздің ертеңі баянды, болашағымыз жарқын болуы хақ. Егер жат ағымдар қалай пайда болады деген сұраққа жауап іздеп көрсек, ол Исламды, жалпы дінді біржақты түсініп, өз қалауына қарай икемдеп алудан туындайтын олқылық. Алғашында назар аударарлықтай болмаса да, уақыт өте хақ діннен арасы алшақтап, таным түсінігі өзгеріп сала береді. Нәтижесінде, мақсат-мүддесі бөлек ағым пайда болады. Сол себепті, бізге дәстүрлі дінімізді терең түсініп, рухани кемелденуді ешқашан кейінге қалдырмауымыз керек. Кез келген тұлға діни сауатты болуға ұмтылуы тиіс. Сондай-ақ жат ағымдармен күресте түсіністік және әріптестік қажет. Тек діни басқарма немесе жауапты органдар емес, бүкіл қоғам болып әрекет жасау керек. Яғни, бұл шараны тіпті бала бақшадан, мектептен бастап, дәстүрлі дінімізді адами, имани құндылықтарын жеткіншектердің бойына сіңірсек те артық етпейді. Аталмыш мәселені көтеруде шетелдік тәжірибеге сүйену дұрыс болар. Мәселен, көршілес Ресей «Экстремизмге қарсы Ислам доктринасы» атты құжат қабылдады. Онда «Халифат», «Джихад», «Такфир» ұғымдарына терең талдау жасалып, олардың ешқандай ұлттық, мемлекеттік мүдделерден жоғары тұрмайтындығы баса айтылған. Мұндай тәжірибе әрине, Қазақ еліне де қажет.

Орта Азия Республикаларының барлығын да да ислам өркениетінің қалыптасуы өте күрделі процесс. Мәселен, Өзбекстанда ислам өркениеті негізгі үш белгі бойынша айшықталады:

- этно-географиялық;
- салыстырмалы-діни (ислами және ислам емес діндердің ара қатынасы);
- геосаяси (сыртқы факторлардың діни процестерге әсері).

Бұл белгілер аталмыш мемлекеттің даму процесіне тікелей әсер етеді.

Қорыта айтқанда, Ислам өркениеті Қазақстанда және Орта Азия республикаларында жалпы Сунниттік бағыт бойынша дамып келеді және аталмыш елдерде Ислам өркениетін бейнелейтін мынадай бәйсікті элементтер көрініс тапқан:

- ұлттық сана;
- экстремизмге қарсы Ислам доктринасы;
- хадерланд сызығы;
- алтын миллиард теориясы;
- әлемдік және дәстүрлі діндер съезі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шпенглер О. «Закат Европы». 1 Т. М.,- 1993.,- с. 264.
2. Шпенглер О. «Закат Европы». 1 Т. М.,- 1993.,- с. 155.
3. «Полис», - 1994,- №1., с. 5-7.
4. «Ислам және өркениет», - 2013,- №2., 10-11 бб.
5. «Ислам және өркениет», - 2013,- №2., 12 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются исторические, политические настроения Исламской цивилизации в контексте центральной Азии и Казахстана. В обществе где основная масса людей состоит из мусульман социально-экономическое положение напрямую зависит от религии. Потому что религия как главный моральный потенциал и облик нации и этносов играет важнейшую роль в обществе. В географическом пространстве исламская цивилизация функционирует интеграционную роль, жители придерживающиеся ислам понимают ценность, роль, функции данной религии.

SUMMARY

This article examines the historical, political sentiments of the Islamic civilization in the context of Central Asia and Kazakhstan. This article examines the historical, political sentiments of the Islamic civilization in the context of Central Asia and Kazakhstan. In a society where the majority of people is made up of Muslim socio-economic status is directly dependent on religion. Because religion as a major moral capacity and shape nations and ethnic groups played a vital role in society. In the geographical area of Islamic civilization functioning integrative role, the people understand the value adheres to Islam, the role of the functions of religion.

ӘОЖ 9(с) 55 А 33

Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*Акилбекова С.Е. – магистрант
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Бұл мақалада Л.Н.Гумилев еңбектеріндегі қазақ жерінде мекен еткен сақ, ғұн жалпы түрік тайпаларының тұрмыс-тіршілігі, өмір салты, мекен еткен жерлері оның тарихи маңызы, ғалым еңбектеріндегі осы мәселеге байланысты көлемді зерттеулерінің нәтижелері, оның бүгінгі тарихтағы маңызы қарастырылған.

Сонымен бірге, Л.Н.Гумилевтің еуразияшылдығы мен Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә.Назарбаевтың еуразияшылдық идеясының өзара үндес болып келуі, ХХІ ғасыр дамуына жауап бере алатын қазіргі еуразиялық ілімнің Қазақстандағы Еуразия халықтары бірлігінің маңызы көрсетілген.

Түйін сөздер: «ежелгі түркілер», пассионарлық, еуроцентристік, еуразиялық, полицентризм, «татар-моңғол езгісі», еуразияшылдық.

Еуразия идеясымен тарихи сананы қайта жаңғыртқан орыс ғалымы Лев Николаевич Гумилев (1912-1992 жж.) – ХХ ғасырдың көрнекті ғалымы. Өткен жылы-ақ аса көрнекті тарихшы, түркітанушы, географ, этнограф Л.Н.Гумилевтің 100 жылдық мерейтойы Қазақстанда, таяу шетелдерде атап өтілген болатын. Оның Еуразия аймағы мемлекеттерінің, халықтарының, мәдениеті мен тілінің тарихы туралы, түркі және славян, Азия және Еуропа халықтарының тарихы жөніндегі еңбектерінің адамзат тарихындағы ролі орасан зор. Бұл жағынан алғанда, Л.Н.Гумилев тек еуразияшыл ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, түркология мен славистиканы жақындастырған шығыстану мен ресейтанудың арасындағы ғылыми шынды бағындырған еуразиятанушы-зерттеуші десек те болады [1].

Осы орайда Л.Н.Гумилев әлем мен түркі жұрты үшін кім деген сұрақ туындайды? Біріншіден, әрине, ол кеңестік идеологияландырылған «ғылым» үшін, ұдайы «күдіктілер» қатарында болған ғалым. Екіншіден, шартты атауға ие түркіге дейінгі, түркіден кейінгі тарих қатпарларын қай тұрғыдан зерттеуге болатынын айқындап, өзі сол бағыт-тақырыптарды батыл қарастырған зерттеуші. Үшіншіден, ол дерек-дәйек жетегіндегі көп ғалымның бірі болмай, «пассионарлық теория» (жеке тұлға мен ұлттың ішкі серпілісінен туындайтын сапалы өзгерістерге байланысты құбылыс) секілді адамзат дамуының тамыр бүлкілін әдіснамалық тұрғыдан сараптай алған ғұлама [1]. Төртіншіден, Ресей мен Батыста әбден жайылып, тамырлап кеткен, адамзат тарихындағы еуроцентристік көзқарасты қиратып, тарихшылар назарын мүлдем басқа салаға – бұрын адамзаттың «арамтамағы» аталынған көшпелілер тақырыбына аударды. Тек аударып қана қоймай, дүниенің төрт жағын бірдей жайлаған жер кіндігі Орта Азия, одан қалды Византия, Персияны, Үндімен, Қытаймен қосатын, шын мәнінде Шығыс пен Батыс тоғысатын түркі әлеміне тәнті болды. Ол әлемнің Еуропа мен Шығыстың өмір салтымен бәсеке болуға мүмкіндігі бар-ды. Барша мемлекетті «Ел» деп атаған, баспалдақты-бағынышты жүйе жасаған, шен-шекпенді билеуші топқа орынды кигізген, әскери тәртіппен, дипломатия арқылы Түрік Еліне баршаны игізген, өмірге деген көзқарас арқылы өмір салтын әлемге білгізген Ұлы империя Гумилевтің пассионарлық теориясына негіз бола алды.

Л.Н.Гумилев қаламынан туған «Ежелгі түркілер», «Ежелгі Русь және Ұлы дала», «Қиял патшалығын іздеу», «Каспий айналасындағы мыңжылдық», «Ғұн халқының тарихы», «Ежелгі Тибет», «Хазарияны ашу», «Жердің этногенезі мен биосферасы», «Русьтен Ресейге дейін», «Қытайдағы ғұндар», т.б. зерттеулерден бастап «Қысқы ертегі», «Күзгі ертегі»

көркем шығармаларына дейін жоқ іздеген ізгі ниетті білімдардың арманы, көңіл-күйі, парасаты, тұжырымы аңғарылады. Солардың ішінде, әлбетте, бізге жақыны – ғұн, түркі, дала тарихы мен тағдырына қатысты жазғандары. Бұл ретте түркітанушы Еуразияның шексіз де шетсіз даласына басылған мөрдей із қалдырған көшпелі халықтардың адамзат тарихындағы орнына әділ баға беруге жұмылады [2].

Л.Н.Гумилев «Көшпенділер мәдениеті өзінің 3000 жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс елдеріне қарағанда творчестволық эволюцияны бастан өткерді» деп санайды [3]. Еуразия сахарасындағы бұл көшпенділер өркениетін б.з.д. XI ғасырдан бастап, б.з. XVIII ғасырына дейін жеткізеді.

Көшпелілер өркениеті – өзіндік қайталанбас ерекшелігі бар дербес әлем. Ол – шығыс өркениетіне де, еуропалық өркениетке де ұқсамайтын дара құбылыс. «Көшпелілік» тарихи құбылыс ретінде әлемдік тарихтан өзіндік орнын алғаны даусыз. Әдетте, бұл ұғым қазақ тарихының арғы бастауларымен астасып, әрі мақтаныш, әрі толғаныс сезімін тудыратыны белгілі.

Осы тұрғыда тарихи санада «Ұлы даланы» қайта жаңғыртқан санаулы ғалымдардың бірі – Лев Николаевич Гумилев деп айтуға толық негіз бар. Қайта жаңғыртты деуіміздің себебі, бұл тарихи құбылыс кеңестік дәуірдің идеологиялық талаптарына сәйкес зерттеу орбитасынан шығып қалуына байланысты соңғы кезеңдерге дейін өзінің объективті бағасын ала алмай келді. Зерттеу нысанына айналғанның өзінде көшпеліліктің әлемдік өркениеттегі орны мен рөлі біржақты түсіндірілгені белгілі. Кеңестік таптаурын кезеңдегі идеологиялық қысымға қарамастан Л.Н.Гумилев көшпелі халықтардың тарихы, мемлекеттілігі, этникалық тегі, мәдениеті туралы кешенді зерттеулерін ғылыми-мәдени қауымға ұсынды. Ол дәл уақытында халық арғы тарихқа шөліркеген сәтте «ұлы дала» терминін ғылыми айналымға қайта енгізді. Өйткені, тарихи көшпелілік пен «Ұлы дала» ұғымдары – бір бірін өзара толықтырып, сабақтасып тұратын егіз түсініктер болатын. Ұлан-ғайыр аумақты алып жатқан далалық белдеудің ұлылығы неде еді? Далалық аймақты мекендеген көшпелі халықтар тарих пен өркениеттің көшінен қалып қойды деп есептеген еуроцентристік тұжырым үстем болып тұрғанда, байырғы ғұн, түркі ұрпағының өңір мен әлемдегі елеулі мәртебесін Лев Гумилев неден байқады?

Әйгілі ғалымның тұжырымы бойынша, кез келген халықтың тарихы оны қоршаған орта тарихымен бірлікте зерттелуі тиіс. Яғни, көшпелі халықтардың өзіндік ерекшелігі олардың өміріне негіз болған далалық ландшафт арқылы сақталып қалды. Адамдар даланың өсімдік және жануарлар әлемінің құрамдас бір бөлігі ретінде біте қайнасып кеткен [4]. «Сондықтан да егіншілікпен айналысатын халықтардың өркениетіне қатысты зерттеулермен салыстырғанда, көшпелі халықтардың тарихын байыптау барысында Орталық Азияның табиғи жағдайына көбірек көңіл бөлуге тура келеді», - деп ой түйіндейді. Л.Н.Гумилев ұшықиыры жоқ, жазы ыстық, қысы суық қатаң континентальді климаттық ерекшелігі бар даланы жадағай һәм дәлелсіз «ұлы» демейді, керісінше, салыстырмалы түрде тұрмыс-тіршілік пен шаруашылыққа қолайсыздау табиғи ортамен үйлесімді өмір сүрген, сол даламен жарасқан, қайталанбас далалық өркениет пен мемлекеттілігін қалыптастырған көшпелі халықтардың елдік парасат-пайымын ғылыми жүйеде дәлелдей алды. Түркітанушы-ғалым «Ұлы дала» құндылығын дәлелдеу үшін ең алдымен, «көшпелі халықтар өзіндік мәдениетін, мемлекеттілігі мен тарихын қалыптастыра алмады» деген еуроцентристік тұжырымға ашық қарсы шықты. Бұл ол кезде ашық күнде ойнаған найзағайдай құбылыс еді.

Мәселен, Лев Гумилев «Қытайдағы ғұндар» («Хунну в Китае») атты еңбегінде: «XIX ғасыр бізге дамыған өркениетті тек отырықшы халықтар жасады, ал Орталық Азияны тоқырау немесе тағылық, жабайылық жайлап жатты», деген тұжырымды мұра етіп қалдырды. Бұл тұжырымның сорақылығы оның қате екендігінде ғана емес, оны сынауға да жарамайтын ғылыми жетістік ретінде ұсынылуында еді», - деп жазады. Бұл пікірін сабақтай келе, ол төмендегідей ой түйіндейді: «Оларды ойлануға мәжбүр ету үшін күшті, дау тудырмайтын әрі көрнекті уәж керек еді. Ондай уәжге Алтай мен моңғол қорғандарынан

табылған қолөнер бұйымдары ұсынылды. Ол бұйымдардан қытай, иран немесе эллиндік өнердің нұсқаларын іздеу ешбір нәтиже бермеді. Біздің заманымызға дейінгі

I мыңжылдықтағы көшпенділер мәдениеті өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Бұл мәдениет еуропалық, үнділік немесе қытайлық мәдениеттер секілді өрлеу мен құлдырауды басынан өткерді, яғни қайсыбір еуропалық ғалымдардың болжағанындай тоқырауда емес, даму үстінде болды» [5].

Орталық Азия көшпелілері Қытай, Иран сияқты елдердің мәдениетіне мүлде ұқсамайтын, өзіндік мәдени құндылықтар қалыптастырғаны және ғұн, түрік, моңғол тайпаларының мал шаруашылығына негізделген тұрақты өмір салтын, техникасы мен рухани мұрасын, мемлекеттілігін қалыптастырғаны белгілі. Бірақ та үнемі қытай халқымен тығыз қарым-қатынаста болған көшпелілер олардың не жазуын, не әлеуметтік институттарын, не әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қабылдамай, өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалды. Л.Н.Гумилев көшпелілердің этнографиялық өзіндік ерекшеліктерінің сақталып қалуы, ең алдымен, олардың далалық ландшафтқа бейімделген шаруашылық жүргізу әдісіне байланысты болғанын атап көрсетеді. Мұны ол көшпелілер өркениетінің белгісі ретінде негіздеп айқындады. Л.Н.Гумилев барлық дерлік ғылыми-танымдық еңбектерінде көшпелі халықтардың төлтума мәдениеті мен мемлекеттілігі болды деген тұжырымды дәлелдеп отырады. «Каспий айналасындағы мыңжылдық» («Тысячелетие вокруг Каспия») атты еңбегінде авторлық көзқарасын дәлелдей келе: «Еуразияның далалық халықтары – Русь пен Тұран рыцарлық Еуропадан, ойшыл Үндістаннан және білімді Қытайдан ешбір кем түспейтін өзіндік мәдениетке, ерлік пен сенімділік дәстүріне ие болған еді. Көшпелі түркілердің «тағылығы», шығыс славяндардың «артта қалғандығы» туралы әңгімелер крест жорығы дәуіріндегі дипломаттардың ойдан шығарған және XX ғасырға дейін жалғасып келген жалған жаласы», деп жазды [6].

Сонымен бірге, жаңашыл ғалым «Ежелгі түркілер» атты іргелі зерттеу еңбегінде: «Түркі халықтары өз мәдениетін Қытай, Иран, Византия және Үнді мәдениетіне қарсы қоя алды», деп ғылыми мәселені жаңа арнаға бұрды. Осы орайда ол: «Осынау ерекше дала мәдениетінің терең тамыры мен ежелгі дәстүрі бар, алайда отырықшы елдердің мәдениетіне қарағанда елеусіз, ескерусіз қалды», - деп ресми тарихтың біржақтылығын түзетуді нұсқады [7].

Еуроцентристік теорияның негізсіздігін ғылыми тұрғыда дәлелдеген Лев Гумилев оған қарсы еуразиялық полицентризм тұжырымдамасын ұсынды. Еуразиялық полицентризм әлем орталықтарының көп екендігін айқындайды. Еуропа – әлем орталығы, бірақ Палестина да – әлем орталығы. Иберия мен Қытай да сол сияқты орталықтар. Яғни, ондай орталықтар көптеп саналады. Ғалым өркениет дамуына адамзат тұтас қатысқанын жүйелі жеткізеді. Сол Л.Н.Гумилев айтқан еуразиялық полицентризм тұжырымдамасына тереңірек зер салатын болсақ, Ұлы дала соның нақ ортасында тұрғанын айқын аңғарамыз. Ғалым ғұн, түркі тұқымы табиғатпен үйлесімділікте мекендеген даланың тарихи мәртебесін дәлелдеу үшін көшпелі халықтар мемлекеттілігінің пайда болуы мен дамуына терең талдау жасады. Ол бұл ретте мемлекеттілік пен елдік туралы зерттеулерін кешенді түрде өркениеттік өлшемдер теориясы негізінде жүзеге асырды. Археологиялық, жазба, тарихи-мәдени, этнологиялық және тарихи-географиялық деректерді жан-жақты талдау аясында Л.Н.Гумилев көшпелі халықтарда мемлекеттіліктің берік негізі болғандығын дәлелдеді. Түркітанушы мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы мәселелерін негізінен ғұндар мен түркілердің этносаяси тарихы тұрғысынан зерттеп-зерделеді.

«Ғұн халқының тарихы» («История народа хунну») атты еңбегінде ғалым: «Біз мына мәселенің мәнісін түсінгіміз келеді: қалайша саны аз көшпелі халық толық жеңіліп, жойылғанға дейін бірнеше ғасыр бойы өзіндік ерекшелігі мен тәуелсіздігін сақтап қалуға мүмкіндік берген елдік ұйысуы мен мәдениетін қалыптастырды? Бұл халықтың күші неде еді және неліктен ол сарқылды? Көршілері үшін ғұндар кім еді және олар ұрпақтарына не қалдырды? Біз бұл сұрақтардың жауабын таба отырып, адамзат тарихында ғұндардың

алатын орнын дұрыс айқындай аламыз», деп арғы тарихымызды зерттеудің әдіснамасын байыптады [8].

Көшпелілер мемлекеттілігі – адамзат тарихындағы өзіндік ерекше даму үдерісіне негізделген құбылыс. Біздің заманымызға дейінгі III ғасырдан бастап біздің заманның XIV ғасырына дейінгі тарихи дәуірде Еуразияның далалық аймақтарында, Ұлы Қытай қорғанынан Каспий теңізіне дейін скиф-сақ, ғұн, моңғол сияқты көшпелі халықтар мен олардың үрім-бұтағы негізін салған жиырмадан астам мемлекеттік бірлестіктер өмір сүріпті. Бұл бірлестіктердің барлығы мемлекеттілікке тән атрибуттары бар саяси ұйым ретінде, белгіленген аумақтық шекарасымен, ерікті немесе тұрақты әскери күшімен, ордасы белгілі шаныюй, қаған немесе хан билік еткен айқын әскери әкімшілік бірлігімен, көршілес елдермен дипломатиялық байланыстары қалыптасқан елдік жүйе ретінде қалыптасып дамыды. Еуразия кеңістігіндегі бұл көшпелі мемлекеттер әлемдік тарихи үдерістерге ықпал етіп, терең із қалдырғаны тарихи шындық.

Мәселен, Сақ, Ғұн, Түркі қағанаттары мен ортағасырлық Қыпшақ, Шыңғысхан империясының әлемдік өркениет пен мемлекеттер тарихында алар орны ерекше. Түркітанушы-ғалым, этнограф, географ Л.Н.Гумилевтің тарихшы есебіндегі үлкен ғылыми миссиясы осындай түркінің арғы-бергі дүниесіндегі мемлекеттік, елдік құрылымдары туралы тұжырымдамалы ой-пікірді жүйелеуінде, талдауында, қорытындылауында дер едік. Сондай-ақ әрқашан ізденіс үстінде жүрген ғалым Оңтүстік Сібірде, Моңғолияда және Орта Азияда жүзеге асырылған археологиялық зерттеулер нәтижесі жақын уақытта ежелгі түркілердің өнері туралы мол дерек беретінін де болжап жазып кетті. Дегенмен, зерттеушіні Ұлы Дала тұрғындарының материалдық мәдениетіне қарағанда, қоғамдық болмысының күрделі формалары мен әлеуметтік институттары, атап айтқанда, аймақтық-басқару жүйесі, шендердің иерархиясы, әскери тәртібі, дипломатиясы, көрші елдердің идеологиялық жүйесіне қарсы қоя алатын айқын дүниетанымының болуы қайран қалдырғанын байқаймыз. Л.Н.Гумилев көзі тірісінде байырғы Түркі қағанатының жалғасы ретінде Қазақ еліне, оның даңқты перзенттеріне аса жанашырлықпен қарағанын білеміз. Бұған пассионарлық тұрғыдан Кенесары хан туралы айтқан пайымы, Қазақстанның баянды болашағы жөнінде айқындаған болжауы дәлел бола алады. Сонымен бірге, республикамыздан арнайы барып, кездесіп тұрған Алан Медоев, Ақселеу Сейдімбек, Ғаділбек Шалахметов, т.б. тұлғаларға ақыл-кеңес бергені, 80-жылдары Алматыға арнайы келіп, жас ізденуші-зерттеушілердің алдында дәріс оқығаны – айта аларлықтай факт [9].

Бәрімізге белгілі, елорда Ақмолаға көшер алдында болашақ Астананың ғылыми-мәдени әлеуетін қалыптастырып, дамыту үшін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бұрынғы педагогика институты мен құрылыс институты негізінде Еуразия университетін құру туралы арнайы Жарлық шығарды. Сонда Ұлт көшбасшысы Арқа төсіндегі айрықша бағыттағы оқу орнына Л.Н.Гумилев атын ұсынды. Уақыт бұл шешімнің салиқалы парасаттан туындағанын дәлелдеді. Қазір Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әлемге танымал оқу орны болып қалыптасып үлгерді.

«Әрбір халықтың тарихы мен мәдениеті қайталанбас мәнге ие, сондықтан ұлттарды мәдениетті немесе мәдениетсіз, дамыған немесе артта қалған деп бөлудің ешбір негізі жоқ», деген Л.Н.Гумилевтің ғылыми тұжырымы бүгінгі күні тәуелсіздік туралы тегеурінді ойлардың, тұғырлы істердің тәуекелшілдігін арттырды дей аламыз. Сол себептен де Л.Н.Гумилев тұлғасы уақыт өткен сайын биіктей түсетіндігінде.

Л.Н.Гумилевтың түбі бір түркі әлемі үшін тағы бір үлкен мұрасы – еуразия идеясының ғылыми негіздемесіне қомақты үлес қосуы. Ол ұлы дала мен көшпелілер әлемінің тарихын зерделеген, белгілі еуразияшыл ғалым. Оның Еуразиялық шығыстанушылығы 30-50-жылдары ресейлік миграциядан шыққан еуразияшылдар қызметімен қатар, бірақ олардан тәуелсіз түрде дамыды. Біз Л.Н.Гумилевтің шығармашылығының мәнін 20-30-жылдардағы еуразияшылдардың мұрасынан жеке қарастыруға болмайды.

Еуразияшылдар мен Л.Н.Гумилевтің мағыналы байланысының ақиқат растамасы еуразияшылдықтың негізін қалаушылардың бірі ретінде Л.Н.Гумилевтің шығармашылығындағы еуразияшыл дәстүрді қолдап, оны осы жолға салған П.Н.Савицкиймен жазысқан хаттары мен гумилевтік тарихи жұмыстардың рухы болып табылады. 1958 жылы П.С.Савицкий Прагадан Л.Н.Гумилевқа былай хат жазған: «Древние кочевники являются для нас великим примером того, как нужно сражаться и побеждать, защищать себя, сохранять свой быт, свой жизненный уклад, свою самобытность». Ары қарай: «До самого основания обломить Западу рог его высокомерия – вот задача нашего времени. Наука о кочевниках может и должна этому служить...». Мұны П.С.Савицкий жеке хатында айтқан, сол себепті бұл сөздерден ғылыми және адами жариялылық сезіледі.

Лев Николаевичтің еуразияшылдығында өзіндік ерекшеліктің де бары рас. Оның Еуразияшылдық идеясы тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болатын сияқты. Біріншісі – Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Екіншісі – Қазан төңкерісінен кейінгі Ресей эмигранттары мұрындық болған кезең. Үшіншісі – екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең. Бұл үш кезеңнің өн бойында еуразияшылдық идеяның дем берушілері – тарихшылар Г.В.Вернадский, Л.П.Карсавин, Л.Н.Гумилев, құдайшыл Г.Ф.Флоренский, географ П.Н.Савицкий, шығыстанушы В.П.Никитин, этнограф Н.С.Трубецкой сияқты көрнекті тұлғалар болды [9].

Еуразияшылдық идеяның бірінші кезеңінде ұлы орысшылдық пиғыл бел алып жатты. Батыс пен Шығыстың, яғни роман-германдар мен азиялықтардың ортасындағы Ресейдің айрықша рөлі болу керек деген идея күн тәртібіне қойылды. Еуразияшылдық доктринаның постулаттарын Г.В.Вернадский былайша айқын тұжырымдады: «азиялық» және «еуропалық» Ресей арасында табиғи шекара жоқ. Демек, «еуропалық» немесе «азиялық» деп бөлшектейтіндей екі Ресей де жоқ. Тек, «еуразиялық» немесе Ресей-Еуразия деп аталатын бір ғана Ресей бар» [10].

Еуразияшылдық идеяның екінші кезеңінде сол алғашқы ой-тұжырымдар жаңаша серпінмен одан әрі жалғасты. Себебі, Ресей эмигранттары социалистік жүйенің ұстанымдары азиялық тұрғындардың ойынан шығып, одан әрі еуразияшылдық идеяның жүзеге асуын жеделдетеді деп үміттенді. Жай үміттенген жоқ. Еуразия кеңістігінде Ресей ділінің үстемдік құруы ашық айтылып, Ресейді «айрықша мәдени-тарихи әлем» деп жариялай бастады. Түптеп келгенде, мұндай пиғылдан социалистік Ресейдің де экспансиялық-ассимиляцияшыл үрдістері алшақ болмайтын.

Үшінші кезеңде еуразияшыл идеяның көңіл қалауынан гөрі, нақтылы тарихи ситуациялармен көбірек санасқанын аңғаруға болады. Яғни, әлемдік бәсекелестікте Еуразия халықтары өздерін мүдделестер, тағдырластар ретінде сезініп, әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени одақтастықты еуразияшылдықтың өзекті постулатына айналдыра бастады.

Бұл мәселеде Л.Н.Гумилев тарихи қисындарды көлденең тарту арқылы көзге түсті. Ол Еуразия ойкуменін тарихи тағдыры біртұтас, әлемнің алтыдан бір бөлігі ретінде қарастырды. Бұл ретте, Лев Николаевич Ресей тарихындағы Ұлы Дала рөлін мүлде жаңаша парықтады. Атап айтқанда, орыс тарихында бел алып жататын «татар-моңғол езгісі» деген идеядан бірінші болып бас тартты. Ол үшін Ресей деген Моңғол ұлысынан кейінгі біртұтас Еуразия империясының православтық вариациясы еді. Мұндай идея өзінен-өзі Ресейдің тарих сахнасына шығуындағы Еуразия көшпелілерінің рөлі деген екінші идеяны дүниеге келтірді. Міне, еуразияшылдық мәселесінде Лев Николаевич осындай идея арқылы өзін ұшқыр, ойлы ғалым ретінде әйгілей алды. Ол бұрынғы саяси-идеологиялық еуразияшылдықты дәлелді тұжырымдамасы бар ғылымға айналдыра білді. Әрине, осындай ой-идеяларына қатысты болар, қазақстандықтар Лев Николаевич Гумилевті айрықша құрмет тұтады.

1992 жылы берген соңғы сұхбатында Л.Н.Гумилев өзінің ғылыми биографиясының қорытындысын былай шығарады: «Смысл моей жизни отчасти был в том, чтобы восславить и воздать должное кочевым народам Евразии, которых я искренне любил» [11].

Л.Н.Гумилевтің мұрасы саяси, халықаралық мәндегі көкейкесті мәселе, себебі ол-жаһандану мен аймақтық интеграциялану негізіндегі мемлекетаралық және этносаралық қарым-қатынас тұжырымдамасы ретінде еуразияшылдықтың ғылыми-тарихи негіздемесі. Осы орайда Л.Н.Гумилевтің еуразияшылдығы мен Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә.Назарбаевтың еуразияшылдық идеясы өзара үндес болып келеді. ХХІ ғасыр дамуына жауап бере алатын қазіргі еуразиялық ілімнің негізін салушылардың да бірі мемлекет басшысы, сонымен қатар ол Қазақстанның ұлттық өрлеуінің және еуразия идеясының қолдаушысы. Қазақстан үшін Елбасының Еуразия халықтарының бірлігі контекстіндегі түркілер мен славяндардың өзара қарым-қатынасы мәселесі бойынша, түркі-монғол әлемінің тарихын тану бойынша жұмыс істегені аса маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Каленова Т.С. Еуразияшылдық: теория мен практика. Астана, 2011. - 51 б.
2. Қамзабекұлы Д., Шаяхметов Н. «Пассонар» // Егемен Қазақстан. 2012. 9-10 бб.
3. Гумилев Л.Н. «Этногенез и биосфера земли». 3-х томник. Л., 1979. том 2, 112 с.
4. Сейдімбек А. «Қазақ әлем – эномәдени пайымдау». Алматы, 1997. - 45 б.
5. Гумилев Л.Н. Хунны в Китае. М., 1974. – 114 с.
6. Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. М., 1998. - 592 с.
7. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М, 1967. - 504 с.
8. Гумилев Л.Н. История народа хунну. В 2-х книгах. Кн. 2. М., 1998. - 496 с.
9. Сейдімбек А. Гумилев туралы //Астана, 2004. – 7-8 бб.
10. Вернадский Г.В. Начертание русской истории. Прага. 1927. – 5б.
11. Гумилев Л.Н. «Меня называют евразийцем...» // Наш современник. 1991. №1. С.10-13.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается исследование истории тюркских народов в трудах Л.Н.Гумилева и значение евразийской идеи.

SUMMARY

This article discusses the research of the history of the Turkic peoples in the works and the value of Gumilev Eurasian idea.

ӘОЖ:9(с)55 А31

XXI Ғ. БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОКОНФЕССИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ КӨРІНІСТЕРІ

*Ахметжанов Д.Ғ. - магистрант
Қазақстан, Алматы қ.,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университеті*

Аннотация: Бұл ғылыми мақалада, ХХІ ғасырдың басындағы Қазақстандағы этноконфессиялық үдерістердің (процестер) ең негізгі көріністері мен олардың қандай қарқынмен жүргізілгені қарастырылады. Қазақстандағы қазіргі уақыт ағымындағы діни ахуал жайлы және Қазақстан Республикасының діни істер жөніндегі заңнамалары мен конфессияаралық бірлікті реттейтін нормалары, сондай-ақ олардың жүзеге асырылып, діни бірлікті сақтаудағы ролі туралы қамтылады.

Түйін сөздер: деноминация, сфера, этноконфессия, көпконфессия, толеранттылық, фанатизм, демагогия.

Қазіргі таңда Қазақстан халықтарының тыныштығы мен ішкі бірлігін сақтауда және ұлтаралық қатынастардың нығаюында дін ерекше орынды иемденіп отырғандығы баршамызға белгілі. Өйткені, тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда демократиялық қоғамның құрылымына және азаматтық қоғамның дамуына қажетті, қолайлы саяси жағдайлардың негіздері қалыптасты. Олардың қатарына ішкі тұрақтылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді жатқызамыз.

Тәуелсіздік жылдарында діни бірлестіктер саны алты есеге өсті. Бұл әрине кеңестік кезеңнің соңғы жылдары мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда, Қазақстандағы этноконфессиялық үрдістердің тез қарқынмен жүргенін көреміз. Егер ХХ ғасырдың 90-жылы 670 діни бірлестік жұмыс істесе, қазір Қазақстанда 40 конфессия мен деноминацияға жататын 4551 діни бірлестік бар және олар үш мыңға жуық ғибадат орындарына ие. 2004 жылдан бері қолданылып келе жатқан діни бірлестіктерді тіркеуге алудың жеңілдетілген түрі және еліміздің салық саясаты мемлекет территориясындағы тіркелген діни бірлестіктердің ерікті дамуына мүмкіндік туғызуда.

Көпұлттық және көпконфессиялық діни сферадағы мемлекет саясатының негізгі басымдықтары айқындалды, ол – қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға және адам құқықтарының қауіпсіздігіне арналған конфессияаралық келісімді қажетті жағдай ретінде нығайту болып табылады. Қазақстанда конфессияаралық қарым-қатынастарды реттейтін, діни бірлестіктер мен мемлекет арасындағы үн қатысуды нығайтатын ықпалды тетіктердің бірі ретінде 2000 жылы Үкімет жанынан құрылған діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңесті және Астана мен Алматы қалаларының, облыс әкімдерінің шешімімен құрылған өңірлік кеңестерді атауға болады. Бұл кеңесуші-консультативтік органның маңызды ерекшеліктерінің бірі оның құрамының жетекші конфессиялар өкілдерінен, дінтанушы ғалымдардан, қоғамдық бірлестіктердің жетекшілерінен, мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлерінен және қоғам қайраткерлерінен қалыптасуы болып табылады. Бұл ортақ мәселелерді кеңесе отырып шешуге мүмкіндік береді.

XXI ғ. басында Қазақстандағы этноконфессиялық үрдістер мен діни татулық және дінаралық қатынастарды реттеуде көптеген ауқымды жұмыстар жүргізілді. Солардың ішінде ең негізгілері ретінде үш рет өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін айтуға болады.

2003 жылдың 25 қыркүйегінде Қазақстанның елордасы Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі өтті. I съезге қатысушылар Біріккен Ұлттар Ұйымы, басқа да мүдделі халықаралық және аймақтық ұйымдар жаңа мыңжылдықта өркениеттер арасындағы келісімді алға бастыру, мәдени және рухани құндылықтарды нығайту мақсатында қолдау көрсетуді күшейту қажеттігі туралы декларация қабылдады [1. 2 б.].

Астана қаласында 2006 жылдың 12-13 қыркүйегінде Бейбітшілік және келісім сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезі өтті. Оған 20 елден келген 43 делегация қатысты. 160-тан астам делегат әлемдік және дәстүрлі діндер конфессияларының өкілдері – ислам, христиандық, иудаизм, буддизм, даосизм, синтоизм және басқалар. Сонымен қатар, БҰҰ, ЕҚЫҰ, БҰҰБҒМЖҰ халықаралық ұйымдарының құрметті қонақтары қатысты.

Съезд «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» атты ортақ тақырып аясында «Діни сенім бостандығы және басқа дін ізбасарларына деген құрмет» және «Дін көшбасшыларының халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі» деген екі бағытта өрбіді.

Съезге қатысушылар барлық дін және этникалық топтар өкілдерінің мәдени және діни тұрғыда қақтығысқа жол бермеуі туралы декларация қабылдады. Бұл құжатта «қарсы тұру идеологиясын» «әлем мәдениеті» етіп өзгерту бойынша ұсыныс көрсетілген.

Астана қаласында 2009 жылдың 1-2 шілдесінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезі өтті. 2006 жылғы форумда 29 делегация қатысса, ал, осы съезге барлық әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялардың өкілдері, әлемнің 35 елінен

77 делегация келді. Құрметті қонақ ретінде атақты саяси тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері – Израиль мемлекетінің Президенті Шимон Перес, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Сергей Орджоникидзе, БҰҰБҒМЖҰ атқарушы кеңесінің төрағасы Олабий Бабалола Жозеф Яй, ЕҚЫҰ Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо, т.б. қатысты. Съезде қонақтар мен делегаттар толеранттық негіздегі бейбіт құрылымдағы діни тұлғалар және олардың бір-біріне деген құрметі мен қарым-қатынастары туралы мәселелерді талқылады. Съездің отырыстарында төмендегідей секциялар болды: «Рухани және моральдық құндылықтар және әлемдік этика», «Ынтымақтастық және диалог», «Дағдарыс кезеңіндегі ынтымақтастықты сақтау».

Астана қаласында 2008 жылы 17 қазанда мұсылман әлемі және батыс елдерінің Сыртқы істер министрлері арасында «Дүниежүзі: түрлі прогресс жолдары арқылы» тақырыбында конференция өткізілді. Ал мұнда, 2006 жылы Елбасы мұсылман әлемі мен батыс шеңберінде конференция ұйымдастыру идеясын алғаш рет ұсынған болатын. Және мұны АҚШ, Ұлыбритания, Бразилия, Испания және т.б. елдердің басшыларымен талқылап, келісімге келді. Египет, Катар, Сауд Аравиясының басшылары тарапынан да қолдау тапты. Қазақстан тарапынан жасалған Ислам конференциясын ұйымдастыру бастамасына барлығы түсіністікпен қарады.

2010 жылдың 29-30 маусымында Астана қаласында ЕҚЫҰ-ның жоғары дәрежедегі конференциясына қатысушылар толеранттық пен кемсітушілік мәселелерін талқылауда әртүрлі дәстүрлер мен діндер арасындағы өзара қарым-қатынастарын дамытуда бұрын қабылданған шешімдердің тәжірибесіне сүйенетіндігін білдірді. 28 маусымда Астана қаласында үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен конференцияның екі күндік дайындық отырысы болып өтті. Дайындық отырысы барысында қатысушылар мұсылман, христиандар және басқа дін өкілдеріне қатысты шыдамсыздық пен кемсітушіліктің алдын алудың тиімді жолдарын талқылады. Мұның барлығы, Қазақстандағы діни татулықтың алдын-алу шараларын тағы бір рет көрсетіп берді [2. 3-4 б.б.].

Қазақстанның полиэтникалық, яғни, көп ұлтты және сан алуан діни конфессиялар мен көппартиялық жағдайында ұлтаралық татулықты сақтау мен нығайту басты мәселенің бірі екендігі айқын. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында да осы маңызды мәселе - үнемі басты орында болып келеді. Президент: «Қазақстанда саналуандық және көппартиялық орныққан: кез келген қазақстандық кез келген қоғамдық және саяси бірлестікке еркін кіре алады. ...Қазақстан діни сенім-наным бостандығын қамтамасыз етіп, конфессиялар аралық келісім мен діни тең құқылық саясатын дәйекті жүргізіп келеді,-деп атап өтті [3. 5б.]. Әрине, қазақстандықтардың демократиялық құқықтарын сақтау мен нығайту, олардың қоғамдық өмірдің барлық саласына белсенді қатысуын қамтамасыз ету, тежеу салмау, олардың әртүрлі саяси бірлестіктерге кіруін қолдау маңызды. Конфессиялар арасында келісімді сақтау мен діни тең құқықтылықты орнықтыру - бұл да қажет. Бірақ, назар аударатын басты мәселе: көппартиялық жүйе халық ішінде іріткі салу құралына айналмауы қажет, әртүрлі діни конфессиялар да басқа діндерге және оны ұстаушыларға нұқсан келтіру, құқықтарын шектеу саясатын жүргізбеуі қажет. Еліміздегі сан алуан ұлттық бірлестіктер ұлтаралық араздық тудырмауы қажет. Себебі, қазақстандықтар үшін әлеуметтік саладағы негізгі құндылық: - ұлтаралық татулықты сақтау, көп ұлтты Қазақстан жағдайында бірін-бірі түсіну, сену мен құрметтеу және азаматтық келісімді орнықтыру. Ұлтаралық татулық сақталмайынша, азаматтық келісім болмайынша экономикалық даму, саяси тұрақтылық, халықтың әлауқатын көтеру мүмкін емес. Біз мұны көршілес республикалардың және басқа да саяси, діни қайшылықтар шиеленіскен Ирак, Ауғанстан, Франция т.б. мемлекеттер жағдайынан көріп отырғанымыз құпия емес. Саяси тұрақтылық орбитасынан шығып кеткен Қырғызстандағы саяси ахуал, Украинадағы текетірес, Өзбекстандағы жарылыстар, Ресейдегі «шешен» проблемасы, Франциядағы эмигрант жастар әрекеті бұл экономикалық, әлеуметтік дамуға тұсау болатыны сөзсіз. Ұлтаралық тұрақсыздықтан, шиеленістен ешбір ұлт өкілдерінің

ұтысқа шығуы мүмкін емес [4. 35 б.]. Ендеше бұл нәзік мәселе саясат құралына айналмағаны дұрыс. Президенттің «діни негіздегі жатсынбаушылық пен конфессиялар аралық келісімді қамтамасыз ету» қажеттілігіне баса назар аударуы ел ішіндегі ахуалды терең талдаудан туған пікір екендігі сөзсіз [5. 4 б.].

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзінде Дін істері жөніндегі агенттік құру туралы идеяны алға тартқан болатын. Бұл құрылымның міндеттерін белгілей келіп, Президент «біздің шешуші конфессияларымыз мемлекеттік органдармен ынтымақтастық барысында дінге сенуші жастармен белсенді жұмыс жүргізіп, олардың шынайы діни білім алуына көмектесе алар еді» деп атап көрсетті.

Бүгінде Қазақстанда ұлттық діни қайта өрлеу кезеңі белең алуда. Дін халықтың мәдени дәстүрлерін сақтаушы және рухани-адамгершілік идеалдардың қозғаушы күші ретінде біздің отандастарымыздың көз алдында зор құндылықтарға ие. Осыған байланысты діни этиканың күші өскелең ұрпақтың адамгершілік және рухани дүниетанымын қалыптастыруда барынша белсенді қолданылуда. Дәстүрлі діни танымдардың сенім үдерістері ғасырлар бойы адамдардың өз ұрпақтарын тәрбиелеуіне, еңбек етуіне, кітап жазып, ұлы өнер туындыларын жасауына ықпал етіп келді. Басқаша айтсақ, дәстүрлі діндер қоғамдық өмірдің және мәдениеттің ажырағысыз бір бөлшегіне айналды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезінде сөйлеген сөзінде: «Мыңдаған жылдар бойы дінге негізделген мәдениет тарихта өзінің жанды сөзін сақтап келді. Бір жағынан ойлап қарасақ, өзінің діни рухын сақтау тарихта тұтас бір халықтың сақталуының кепілі болып келді» [6. 1-2 бб.].

Ислам және православие қазақ және орыс халықтарының өміріндегі басты мәдениет жасаушы негіз болып табылады. Мемлекетіміздің арнайы ресми мереке ретінде демалыс күні деп Құрбан айт пен Рождествоны мойындауы да тегін емес.

Бүгінгі таңда Қазақстан – діни толеранттылық идеясын тарату жөнінде талассыз көшбасшы. Біздің еліміздің конфессияаралық үнқатысудағы тәжірибесі бүкіл әлемдегі діни жетекшілердің қолдауы мен мойындауына ие болып отыр. Еліміз өзінің нақты істерімен халықтар және діндер арасындағы келісім мен түсіністікке толық қол жеткізуге болатындығын дәлелдеп келеді. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сара саясатының арқасында мемлекет әр түрлі этностар мен конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруінің өзіндік моделін жасады [6. 4 б.].

Мемлекет белгілеген діни заңдар мен нормалардың қабылдануына байланысты, діндер арасында тәртіп орнап, мұсылмандар және православиеліктер, католиктер және протестанттар, буддистер және иудейлер – барлығы бір-біріне құрметпен қарайды. Өйткені әрбір адам басқа азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірмей-ақ өзінің діни көзқарасын тандауға құқылы. Міне, сондықтан да Қазақстанда қазірдің өзінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының үш съезі өткізілді. Осы съездерде әр түрлі мемлекеттердің және халықтардың діни иерархиясы әр түрлі мәдениеттер мен діндердің үнқатысуына, барлық жерде бірдей қабылданған төзімділік пен еркіндік құндылықтарына негізделген бірыңғай өркениеттілікке ұмтылатындықтарын растады.

Әрбір зайырлы мемлекетте нақты белгіленген зайырлы идеология болуы міндетті. Егер мұндай жағдай қалыптаспаса, ол мемлекет конфессияаралық қақтығыстарға бейім тұрады. Көпшілік зайырлылықты барлық діндерге қатысты бейтараптық ұстану, мемлекеттің діни танымдардан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамалардан еркін болуы деп түсінеді. Алайда бүгінгі таңда зайырлылықты анықтайтын бұл қағида бірте-бірте өзгеріске ұшырауда.

Көптеген мемлекеттер зайырлылық пен демократияны жариялай отырып, дінге қатысты ерекше қарым-қатынас қалыптастырған. Бұл ретте олар дінді барлық қоғамдық және мемлекеттік өмірдің шекарасынан шығарудан бастап, көптеген діндер арасында бір немесе бірнеше дәстүрлі діндерге арнайы қолдау көрсетуге дейінгі бағытты ұстанады.

Зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан өзінің мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынасын өзінің тарихына, ұлттық мүдделеріне және өмір талаптарына, шетелдердің тәжірибесіне сүйене отырып қалыптастыруға зор мүмкіндігі бар. Бұл ретте, сөзсіз республикамызда басымдық дәстүрлі діндер жағында болуы керек [7. 8 б.].

Қазақстандағы мемлекет және діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынасындағы модель адамдардың еркіндігі мен құқығын құрметтеудегі демократиялық үдерістерге, қоғамдық және діни мүдделердің тепе-теңдігіне және өзара түсіністік пен қалыпты жағдайда бейбіт қатар өмір сүруіне негізделген. Діни сенім еркіндігі саласындағы мемлекеттік саясаттың үш негізгі принциптерін айрықша бөліп көрсету керек, олар – бейтараптық, толеранттылық және теңдік. Бұл ретте ең басты мәселе мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпау жөніндегі бейтараптығы болып табылады. Толеранттылық принципі діни сенімге деген құрметпен ерекшеленеді. Теңдік принципі заң алдындағы барлық діни бірлестіктердің және әр түрлі діни сенімдегі өкілдердің теңдігін айқындайды. Сондықтан зорлық-зомбылыққа шақыратын конституциялық құрылысты құлатуға, билікті өзгертуге және басқа келеңсіздіктерге үндейтін кез келген діни бірлестік заң бұзушы ретінде одан әрі еркін өмір сүруге тиісті емес.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда тұрғындардың діни сана-сезімі оянып, діни ерекшеліктерінің жаңғыруы басталды. Бұл ретте мемлекеттік саясаттың мақсаты қазақстандық қоғамдағы діни сала өміріндегі тұрақтылық пен толеранттылықты сақтау болып табылады. Қазақстан халқы ешқашан желөкпе діни сенімге бейім болған жоқ, одан да гөрі ежелден-ақ діни сенімге төзімділік және конфессияаралық саладағы толеранттылыққа жақындығымен ерекшеленді [8. 2-3 бб.].

Солай бола тұрса да, қазіргі кезде Орталық Азияда қалыптасқан діни ахуалға ықпал етуі мүмкін діни көзқарастағы ағымдардың белең алуы байқала бастады. Мұндай ағымдардың өрістеуіне діни қағидаттарды толық түсінбеушілік, берік өмірлік танымдардың болмауы, сонымен бірге, азаматтардың сенгіштік қасиеттері қолайлы жағдай жасауда. Ал, мұндай кері діни ағымдарды таратушыларға өздерінің көзқарастарынан басқа сенімдегі адамдарға, тіпті бір сенімдегі адамдардың өзіне төзімсіздік көрсету мінез-құлқы тән. Демагогияға құрылған фанатизм және идеяға деген соқыр сенім, қаталдық және басқыншылық мінез-құлықтар – олардың дүниетанымының ерекшеліктері, міне, осылар [8. 5 б.].

Қорыта айтқанда ХХІ ғасырдың басынан бастап, Қазақстанда этноконфессиялық татулық пен діни істердің басқа бағыттары бойынша өте көп жұмыстар атқарылды. Әрине, мұндай ауқымы кең жұмыстарды бір тақырып аясына сыйыстыру оңай болмағандықтан, біз бүгінгі тақырыпта, олардың ішінде белгілі бағыттарын атап өтуге тырыстық. Осындай әрекеттері мен дінге деген құрмет пен дінаралық қарым-қатынастарды реттеуде көп қызмет атқарған Қазақстан бүгінде бүкіл әлем үшін конфессияаралық келісімнің үлгісі ретінде танылды. Ғасырлар бойы ислам және христиан дінінің, бірінші кезекте православиенің бейбіт қатар өмір сүрудегі тәжірибесі біздің республикамызды мекендейтін қазақ, орыс және басқа да халықтардың бауырластығының үлгісі болды. Әрбір дін өзінің уағыздарымен адамдарға жалпы адамгершілік құндылықтарды әкеледі, қоғамдағы таным, түсінік нормаларын бекітеді, халықтардың ғасырлар бойғы рухани құндылықтарының сақтаушысы ретінде рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есбосын Смағұлов. Конфессияаралық келісімнің қазақстандық тәжірибесі. //Айқын №27. 2010.
2. Жанна Онлашева. Қазақстандағы діни жағдай. // Заң газеті №8. 2008.
3. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. //Ақиқат. 2005, №3. 5 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Жүз жылға татитын он жыл. //Астана ақшамы, 2001.

5. Құрманғали Даркенов. Қазақстандағы тұрақтылықтың негізі – толеранттық.
6. Қайрат Лама Шәріп. Ислам — бірлік, бейбітшілік және қайырымдылық діні //«Егемен Қазақстан» газеті № 8. 16.08.2011 ж
7. Межнациональная стабильность в Казахстане. //Деловой Мир. 2005, №5.
8. Нұрәсләм Ғабдуллин. Дін – қоғамымыздың ажырағысыз бөлігі //Солтүстік Қазақстан газеті № 126 (21186) сейсенбі, 18 қазан 2011.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы этноконфессиональных процессов в Казахстане в начале XXI века. Здесь показано религиозное положение и религиозная политика Казахстана, а также государственная политика в сфере религии на основе этноконфессиональных процессов в начале XXI века.

SUMMARY

In this state deals with ethnic and religious processes in Kazakhstan beginning of the XXI century. This shows the position of the religious and the religious policy of Kazakhstan as well as state policy in the sphere of religion on the basis of ethno-denominational process at the beginning of the XXI century.

ӘОЖ 9(с) 55 А 33

ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

*Астемес Г.К. - магистрант
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Бүгінгі таңда Қазақстандағы саясаттың басты бағыттарының бірі – бұрынғы кеңестік республикалармен және Орталық Азия елдерімен ықпалдастықты дамыту болып отыр. Қазақстан мен Орта Азия елдерінің ынтымақтастығы шекаралас жатқан дүниежүзі мемлекеттерімен халықаралық қатынаста тек бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету және жалпы қауіпсіздікті сақтаудың ерекшелігі айқындалған. Еліміздің болашағын дамытуда Орта Азия елдерінің ынтымақтастығы туралы мәселелерді көтеріп, оны іске асыруда біршама табыстарға қол жеткізгендігі баяндалған. Еліміздің аймақтық саясаты өзара сенімді нығайтып, интеграцияны одан әрі дамытуға бағытталуда. Өйткені, Орталық Азия елдеріндегі тұрақтылық пен оның одан әрі өркендеуінің басты кілті, басты мүмкіндік те осы ықпалдастыққа тәуелді.

Түйін сөздер: Қазақстан, Орталық Азия, елдер, ынтымақтастық, достық, интеграция.

1991 жылы 16 желтоқсанында ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, еліміз егеменді ел атанып, ес жиып, еңсемізді көтеріп, көк байрағымызды әлемге танытып, халық болып, империя тозағының астында қалған тарихымыздың ақтаңдақтар бетін ашып, бүгінде Қазақстан келесі адамзат тарихының алып айдынына адаспай жол тауып, өзінің ертеңіне, болашағына еркіндікпен жүзіп келеді. Сол еркіндікпен жүзіп келе жатқан мемлекетіміздің дамуының бірден-бір шарты ұлттық тұтастығымызды сақтау. Бұл дегеніміз мемлекетіміздің қоғамдық өмірдегі барлық салалары бойынша халықаралық ынтымақтастықтың толыққанды субъектісіне айналуына көз жеткізуіміз қажет.

Сондықтан да, Қазақстан Республикасының шекаралас жатқан дүниежүзі мемлекеттерімен халықаралық қатынаста тек Азия аймағы емес бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету және жалпы қауіпсіздікті сақтауда маңызы зор.

Сонымен қатар Кеңес Одағы ыдыраған күннен бастап, Елбасымыз еліміздің болашағын дамытуда Орта Азия республикаларының ынтымақтастығы туралы мәселелерді көтеріп, оны іске асыруда біршама табыстарға қол жеткізді. Атап айтқанда Елбасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Орталық Азия елдері Одағын құруды, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан арасындағы жасалған мәңгілік достық туралы шартқа қол қойғандығы, Еліміздің экономикалық мүдделерінің, мәдени-тарихи тамырымыздың, тіліміздің, дініміздің, экологиялық проблемаларымыздың ортақ екенін» баса көрсеткен болатын [1].

Ал, антикалық қоғамның алыбы Марк Тулий Цицерон кезінде кемеңгер ел басшылары тарихтың бұрмалаң тұстарын күні бұрын көре біліп, келеңсіз жағдайларға жол бермей, мемлекеттің қуатын нығайтуға барынша күш салу керек деген еді [2]. Расында да бүгінгі жаһандану заманында өз тәуелсіздігін сақтап қалу оңай шаруа емес екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Себебі, өңірдің байлығына көз тігіп отырған қаншама ірі державалардың бар екендігі, егемендігіне енді ғана қол жеткізген жас мемлекеттерді өз уыстарынан шығармауға тырысып отырғандығы баршамамызға аян. Осындай жағдайларды ескере келіп, Елбасымыз жыл сайынғы жолдауында мұндай қиыншылықтарға бауырлас халықтар болып, ауыз біршілігі жарасқан ел болып қимыл жасағанда ғана төтеп беруге болатындығын айтқан болатын. Міне, еліміз көршілес жатқан елдермен қарым-қатынас орнату нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық, саясатының жедел дамуында Еуропа мен Азияның орталығында өзіндік орны бар, халықаралық ынтымақтастықтың әртүрлі одақтары мен ұйымдарының мүшесі екендігін ұмытпауымыз қажет.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы саясаттың басты бағыттарының бірі – бұрынғы кеңестік республикалармен және Орталық Азия елдерімен интеграциялық үдерісті дамыту болып отыр.

Интеграцияның алғашқы құжаты 1994 жылы 30 сәуірдегі Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің Біртұтас экономикалық кеңістік құру тауралы шартқа қол қоюдан басталды. Сондай-ақ Тәжікстанның осы шартқа қол қоюы (1998 ж. 26 наурыз), «әскери қауіпсіздік тұжырымдамасына» келісім жасау (1992 ж. 9 қазан), «әскери-техникалық ынтымақтастық» шартқа қол қою (1994 ж. 8 шілде), «БҰҰ-на қарасты ұжымдық бітімгершілік батальонын құру туралы» келісім жасау (1995 ж. 15 желтоқсан), «Арал теңізі және Арал өңіріндегі проблеманы шешу, әлеуметтік-экономикалық өркендеуін қамтамасыз ету» туралы келісімге қол қойылуы (1993 ж. 26 наурыз), «Орталық Азия ынтымақтастық ұйымының» құрылуы (2002 ж. ақпан) [3]. Осы аталған заңды құжаттардың алға қойған міндеттері: өңірде тұрақтылықты қамтамасыз ету, өңірлік қауіпсіздік пен экономикалық интеграцияның орнықты жүйесін қалыптастыру, есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес, шекаралық, кеден және салық қызметтерінің өзара ықпалдастығы. Өңірлік және мемлекетаралық сипатқа ие болып отырған үш жобаның жүзеге асуын қамтамасыз ету. Олар: аймақта су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, коммуникациялық жобаларды жүзеге асыру, мемлекеттерді азық-түлікпен қамтамасыз ету болып табылады. Бүгіндегі әлемдік өркениет жағдайында болып жатқан түбегейлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістер Орта Азия аймағындағы елдерге де тікелей қатысты. Себебі, Орталық Азия әлемдік экономиканың маңызды бөлігіне айналып отыр. Орталық Азия ынтымақтастығы, оның ішінде Қазақстан мен халықаралық қатынастарды құру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып отыр. Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерімен халықаралық қатынастар жүйесіне кіре отырып, жаңа үлгідегі ынтымақтастық пен қарым-қатынастарды қалыптастыруда.

Қазіргі сәтте Орталық Азияның ынтымақтастық пен қарым-қатынастарының дамуында екі жол бар. Бірінші жол өзінің әлемдік экономикадағы шикізат көзі ретіндегі рөлін бекіту. Екінші жол – интеграция. Әлемдік экономикадағы шикізат көзі - бұл тұрақтылық, экономикалық өрлеу, әскери және саяси қауіпсіздік жолы, Орталық Азиялық елдердің тәуелсіздік жылдары, сыртқы күштер арасында Орталық Азиядағы геосаяси және геоэкономикалық ықпал сферасы және оның табиғи ресурстары үшін күрес пайда бола бастауы әлемдік саясатқа тікелей байланысты болды. Ал, әлемдік интеграциялық процеске, аймақ ішіндегі өзара қарым-қатынас жасау, көршілес елдерімен және басқа да мемлекеттермен мәселелерді шешуге негізделген [4].

Орталық Азия елдерінің экономикалық, саяси – құқықтық жүйелері жағдайының транзиттік сипаты, жаңару үдерістерінің әртүрлі серпіні, бағыты және тереңдігі, осы үдерістер шеңберінде жүргізіліп жатқан реформалар өмірлік қажетті интеграцияны жүзеге асырудағы қиындықтарды анықтайды.

Сондықтанда Қазақстанда интеграциялық үдерістердің деңгейімен және жағымды нәтижелерімен органикалық ұштасқан саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім және аймақтағы қауіпсіздікті сақтау ауадай қажет. Қазақстан ғана объективтік жағдайлары мен XX ғасырдың аяғында басталған қайта құрулардағы ішкі табыстарына байланысты интеграцияның басты қозғаушысы әрі көшбасшысы рөлін атқара алды. «Дамудың Қазақстандық моделі» қазіргі кезеңде барлық ТМД елдеріне үлгі болуда.

Сонымен, ТМД шеңберінде интеграция үдерісін және бұрынғы кеңестік республикалардың өзара қатынасының басқа да түрлерін зерттеу, осы үдерістердегі Қазақстан Республикасы саясатының рөлін, қосқан үлесі мен маңызын анықтау Қазақстандық тарих ғылымының ғылыми және саяси-практикалық өзекті міндеті болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан 62 әлемдік және аймақтық ұйымға мүше, 24 мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатып, дүниежүзілік қауымдастықтың 54-інде Қазақстанның елшіліктері мен өкілдіктері жұмыс атқарып, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың 70-ке жуық дипломатиялық өкілдіктері қызмет жасайды.

Ал, Қазақстанда Елбасы «әлемдік шаруашылық байланыстардың қазіргі заманғы даму бағыты теңдік, ерікті және прагматикалық қызығушылық негізіндегі интеграционизм, бұл – Еуразия үшін лайықты келешек, яғни, тек сондай жағдайда ғана ол XXI ғасырдағы әлемдік экономика мен саясаттың жаһандық факторы бола алады» деген еді [5].

Демек, Қазақстанның аймақтық стратегиялық маңызы өте зор. Екіншіден, тікелей теңізге шыға алмайтын құрлық ортасындағы мемлекет ретінде біз, әлемдік нарыққа тек көрші мемлекеттер арқылы ғана шыға аламыз, сондықтан көршілес елдермен байланыс орнатудың мәні қаншалықты зор екендігі айтпаса да түсінікті. Үшіншіден, Қазақстан табиғи ресурстарға өте бай, оның ішінде, әсіресе, табиғи газ, мұнай, түсті металдар және басқа да пайдалы қазба көздері бар. Ауылшаруашылығы саласында мақта, астық, көкөніс және басқа да экономикалық дақылдарды дамытудағы мүмкіндіктері мол. Сондықтан еліміз едәуір зор экономикалық потенциалға ие. Төртіншіден, ұлттық, діни, мәдени жағынан алғанда біздің еліміздің өзіндік айырмашылығы бар. Кейбір мемлекеттерде шиеленістің себебі, болған бұл фактор Қазақстанда біріктіруші күш ретінде артықшылыққа айналып отыр.

Дегенмен, мемлекет басшысының тандаған сара жолының арқасында еліміздің бүгінгі жетістіктері биігінен көрінді. Қазақстан өзін толығымен ақтаған көп бағытты сыртқы саясатты ұстана отырып, әлем елдерімен тең құқықты ынтымақтастықты дамытуда.

Қазіргі заманғы үлгі ретінде интеграциялық бірігу жолын тандап алған Орталық Азия мемлекеттері ортаазиялық интеграцияны объективті қажеттілік ретінде, территориялық тұтастықпен, сол сияқты экономиканың ең маңызды, ең басты салаларымен байланыстырады. Тарихи қалыптасқан тығыз шаруашылық байланыстары мен аймақтың ұтымды геосаяси жағдайы Орталық Азия мемлекеттерін өзара ынтымақтасуға жетелейді. Сол сияқты аймақтың газ, су-энергетика ресурстарын, экологиялық мәселелерін бірлесе отырып шешу, көлік-коммуникация жүйелерін бірлесе отырып пайдалану, соңғы жылдары

күшейіп келе жатқан наркобизнес пен әр түрлі экстремистік, террористік топтар мен ағымдарға бірлесе отырып күрес жүргізу сияқты маңызды шараларды іске асыру үшін де аймақтық интеграция қажет. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттерінің нарықтық экономикаға өтуі мен интеграцияны таңдап алуы жаһандану жағдайында орындалуы әлемдік тарихтағы бірінші оқиға.

«Жаһандану – халықаралық қатынастардағы қоғамдық өмір мен іс-әрекеттердің әр түрлі салаларындағы өзара тәуелділік пен өзара әсер етудің нығаюы». Қазақстандық ғалымдардың пікірінше, «жаһандану жағдайында қарастырылатын әлемдік экономикалық жүйедегі ұлттық шаруашылықтың интеграциясы мәселелерін қарастырғанда, аймақтық интеграция мәселелерін тысқары қалдыруға болмайды.

Аймақтық құрылымдар қазіргі таңда ғаламдастырудың негативті зардаптарына қарсы тұру үшін маңызды құрал болып табылады. Мысалы, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық институттардың кең көлемдегі ынтымақтастығы және оның тиімділігіне көңіл бөлуі, әлемдік экономиканың күшеюі, ұлттық экономиканы объективті түрде аймақтық интеграцияға итермелейді» [5].

2011 жылы Алматыда Қазақстандық-ресейлік сарапшылар кеңесінің ұйымдастыруымен «Орталық Азия: жаңа тарихтың жиырма жылы» атты семинар өтті. Бұл семинарда Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры Болат Сұлтанов өзінің баяндамасында «Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастық, тату-тәтті көршілік қарым-қатынасты одан әрі нығайту, дамыту» туралы қазіргі кезеңде бізге көшпенділердің өркениетін – номадизмді оқып-үйренуге, зерттеуге басты назар аудару қажет екендігін баса айтты.

Ал, сыртқы істер министрінің орынбасары Қайрат Сарыбай өз кезегінде Елбасының Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Түрікменстан мемлекеттеріне ресми сапарының және бұл елдердің басшыларының біздің елімізге қайтара сапарларының нәтижелері мемлекетаралық ынтымақтастықта жаңа әрі тың үрдістердің айқындала бастағанын Қазақстан Қырғызстандағы ең ірі инвестор болып табылатындығы. Мәселен, еліміз 2008 жылы Қырғызстан экономикасына 334,3 миллион доллар көлемінде (немесе Қырғызстан инвестициясының жалпы көлемінің 51,5 пайызы) инвестиция салды. Жыл басынан бері еліміз көршілес елдерге көмек көрсету бойынша мемлекетаралық бағдарламаны жасауға кірісіп кетті. Қазақстан Өзбекстан экономикасында оның негізгі сауда әріптестерінен (Ресей, Қытай) кейін үшінші орынды иеленуде, – деді [6].

Қорыта айтқанда, біздің еліміздің аймақтық саясаты өзара сенімді нығайтып, интеграцияны одан әрі дамытуға бағытталуда. Өйткені, Орталық Азия елдеріндегі тұрақтылық пен оның одан әрі өркендеуінің басты кілті, басты мүмкіндік те осы ықпалдастыққа тәуелді. Сондай-ақ Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» деп аталатын еңбегіндегі «Орталық Азия елдері күшті және тәуелсіз аймақ бола алады, өйткені, соңғы 500 жылдың ішінде тұңғыш рет біздің аймақ дүниежүзілік экономика үшін маңызды аймақ болып отыр» деген пікірлері толықтыра түсері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // Егемен Қазақстан - 2005. 19 ақпан.
2. М.Қайырғалиев Қазақстан мен Орта Азия Республикалары қарым-қатынасының болашағы //Международная научно-практическая конференция. 7-8 апреля 2005.
3. С.Абдулпаттаев Орталық Азия мемлекеттерінің Одағын құру бастамасының маңызы // Международной научно-практической конференции 7-8 апреля 2005.
4. Жоламанова Г. Центральная Азия: интеграция и геополитика. 11-05-2006. <http://www.iimp.kz>
5. Егемен Қазақстан -2010. - 12 наурыз.
6. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында. Алматы, 2006 .
7. Егемен Қазақстан -2011. - 29 наурыз.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются возможности интеграционного развития сотрудничества стран Центральной Азии и Казахстана.

SUMMARY

In this article possibilities of development of integration collaboration of countries Kazakhstan are examined and Central to Asia.

ӘОЖ9(с)55 Е15

ҚАЗАҚСТАН МЕН ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

*Есмурзанова Г.-магистрант
Қазақстан, Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті*

Аннотация: Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, халықаралық қоғамдастықта қазақ халқы үшін қашан да болсын бейбітшілікті жақтаушы, қолдаушы ел ретінде танылғаны баршамызға белгілі. Қазақстан тәуелсіздігін алған кезден-ақ сыртқы саясатта көрші жатқан елдермен тығыз қарым-қатынасты ұстанып келеді.

Түйін сөздер: Қазақстан, Шанхай ынтымақтастығы, ұйым, лаңкестік, ядролық қару.

Шанхай Ынтымақтастық ұйымының мемлекеттерімен қарым-қатынас жасау арқылы өздерінің көздеген мақсаттарына жету, бір-біріне сенімділікпен қарау, түсіністік таныту, өзара бекітілген құжаттардың міндеттемелерін сақтай отырып, мемлекет мүдделерін сақтау қажет. Тәуелсіз Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен әрі тарихы тағдырлас елдермен ынтымақтастық жағдайында өмір сүруге баса көңіл бөліп, Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналды.

Бүгінде Халықаралық қатынастарда Халықаралық ұйымдар елеулі роль атқарып келеді. XIX ғасырдан бастап қоғамдық өмірдің көптеген қырлары Халықаралық достықтың жаңа үлгілерін құруға алып келді.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, халықаралық қоғамдастықта қазақ халқы үшін қашан да болсын бейбітшілікті жақтаушы, қолдаушы ел ретінде танылғаны баршамызға белгілі. Қазақстан тәуелсіздігін алған кезден-ақ сыртқы саясатта көрші жатқан елдермен тығыз қарым-қатынасты ұстанып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында «Еліміз әлемдік саясатта талассыз халықаралық беделге ие жауапты да сенімді серіктес. Біз жаһандық қауіпсіздікті нығайту ісінде маңызды роль атқарамыз, халықаралық терроризмге, экстремизмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте әлемдік қауымдастықты қолдай отырып, Қазақстан Республикасы Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымына, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына және Ұжымдық Қауіпсіздік Ұйымына төрағалық етіп келе жатқанын» атап көрсетті [1].

Сондықтан да, елімізде 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері тұрса да елдің ішкі саяси тұрақтылығы мен ұлттық бірлігін сақтай отырып, саясатымыздың нығаюына Ұйымдардың қосқан үлесі зор. Мұндай жағдай елімізге шын мәнінде стратегиялық артықшылықтар, оларды іске асыру Қазақстанның дамуына ғана емес, тіпті күллі Еуразия

кұрлығында оңтайлы ахуалдың қалыптасуына жәрдемдесуі мүмкін» [2] - деп Елбасы осыдан он жеті жыл бұрын 1996 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің сыртқы саясатының нақты даму бағыттарын айқындап берген болатын. Міне, көріп отырғанымыздай, қазіргі күні Қазақстан шынымен де бүкіл Еуразия кеңістігінде оң ахуалдың қалыптасуына бастамашы, ұйытқы болып отыр.

Еліміздің алыс-жақын шет елдерімен қарым-қатынас орнатуда үнемі көптарапты бағыттарды ұстанатынын атап өту қажет. Қазақстан өзінің орналасу аймағы жағынан алғанда да еліміз аса ықпалды үш геосаяси орталықтардың: Ресейдің, Қытайдың және мұсылман әлемінің ортасында тұр. Оған қоса Еуропа мен Азияның түйіскен тұсында орналасқан. Мұның өзі көп жағдайда еліміздің сыртқы саясатының мазмұнын айқындап келді және келешекте де айқындай беретін болады.

Негізінен, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатта ұстанатын бағыты өңірлік және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Сондықтан еліміз Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Тәуелсіздік Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық Экономикалық Қауымдастығы сияқты интеграциялық ұйымдардың атқарып келе жатқан жұмысымен жан-жақты дамытуға өз үлестерін қосып, жетілдіре түсуге белсене араласып келеді.

Ал, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, (ШЫҰ) — 1996 жылы «Шанхай бестігі» деп атаумен құрылған халықаралық ынтымақтастыққа бағдарланған ашық ұйым болып құрылды. ШЫҰ-ның мақсаты мен міндеті – өзара сенімді, достық пен татулықты нығайту, саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, энергетикалық, экологиялық және басқа салаларда мүше мемлекеттер арасында тиімді ынтымақтастық орнату, өңірде бейбітшілікті, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету.

«Шанхай бестігі» Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы сыртқы саясатында ұстанған негізгі бағыты бойынша айтарлықтай орын алды. Ол Қытайдың Шанхай қаласында шекаралары шектесіп жатқан 5 мемлекет - Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасы басшыларының 1996 жылы 26 сәуірде алғашқы кездесуі өтті. Осы форумға қатынасқан мемлекеттердің басшылары кейін Мәскеуде (1997 ж.), Алматыда (1998 ж.) және Бішкекте (1999 ж) кездесулерін өткізді [2].

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Еуразия кеңістігінің жер аумағының 3/5-ін құрайды, ал жалпы ауданы 30 миллион 189 мың шаршы шақырым. Халық саны - 1 миллиард 455 миллион адамды қамтиды, яғни мұның өзі жер шарын мекендеген тұрғындардың төрттен бірі осы ұйымның мүшелері болып отыр дегенді білдіреді [5].

ШЫҰ құрамына Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің Қытай және Ресей тәрізді екі бірдей тұрақты мүшесінің кіруі, ұйымның халықаралық аренада үлкен саяси беделге ие болуына және аумақта осы державалар мен АҚШ мүдделерін теңгермешілік дәрежеде ұстауға мүмкіндік беруде. Сыртқы қатынаста ШЫҰ өзге мемлекеттерге қарсы бағытталмаған және ашық саясат принциптеріне жүгінеді:

- ШЫҰ ауқымында оған мүше мемлекеттердің бірлесіп жасалатын іс-қимылдары әскери-стратегиялық қауіпсіздікті дамыту, сенімділік шараларын нығайту;

- лаңкестікке және экстремизмге, заңсыз көші-қонға, есірткі тасымалына, трансшекаралық өзге де қылмыстық істерге тосқауыл қою;

- экономикалық ынтымақтастық, өзара сауда жүйесінде Дүниежүзілік сауда ұйымының стандарттарына біртіндеп жақындау;

- табиғи және техногенді мазмұндағы төтенше жағдайларды бірлесе отырып сақтандыру және болдырмау;

- мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық бағыттары бойынша атқарылады.

«Шанхай бестігінің» осы кезге дейін өткен төрт кездесуінде Қазақстан делегациясы айтарлықтай белсенділік көрсетті. 1996 жылы Шанхайда өткен алғашқы басқосуда ортақ шекараларға байланысты әскери саладағы сенім мәселелері талқыланды. Мәскеуде өткен кездесуде шекаралық аудандардағы қарулы күштерді қысқарту жөніндегі құжатқа қол

қойылды. Ал, 1998 жылы Алматы саммитінде «бестік» елдерінің өзара қатынастарындағы басым бағыттар айқындалып, осы елдер арасындағы сауда - экономикалық қатынастарды теңдік және өзара тиімділік негізінде дамыту мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың, Қырғыз Республикасының Президенті А.Ақаевтың, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цземиннің, Ресей Федерациясының Президенті Б.Ельциннің, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Рахмоновтың қатысуымен 1999 жылғы 24-25 тамызда Бішкекте өткен басқосуда осыдан бұрын Шанхайда, Мәскеуде және Алматыда қол жеткен келісімдердің орындалу барысы жөнінде пікір алмасылды, өңірдегі қауіпсіздік пен қарым-қатынас мәселелері талқыланды және «Бішкек декларациясы» деген маңызды құжат қабылданды.

Осы кездесудің алдында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цземинмен әңгімелесті. Мемлекет басшылары екі ел арасындағы қатынас оңды бағытта дамып келе жатқандығын атап өтті. Қазақстан ТМД елдері арасында тауар айналысы бойынша Қытай үшін екінші әріптес болып отырғаны айтылды.

Соңғы кезде ұзаққа созылған келіссөздер нәтижесінде екі ел арасындағы шекаралық мәселелер екі жақ үшін де әділ шешімін тапты: Шағын-Оба асуы мен Сарышөлді өзені аудандарындағы даулы болып келген жерлер жөнінде Қазақстан мен Қытай арасында келісімге қол жетті. Жалпы көлемі 1000 шаршы шақырым болатын осы даулы жердің, 57%-ы Қазақстанға, 43%-ы Қытайға жатады деп шешілді [3].

2001 жылғы 28 сәуірде Мәскеуде өткен сыртқы істер министрлерінің кездесуінде Шанхай ұйымның ұлттық үйлестірушілерінің кеңесі туралы ереже бекітілді. Бұл ережеде:

- әскери-стратегиялық қауіпсіздікті дамыту мен сенім шараларын нығайту;
- экономикалық ынтымақтастық пен өзара сауда ұйымының стандарттарына біртіндеп жақындату;
- табиғи және техногендік төтенше жағдайлардан бірлесіп сақтану және олардың мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту;
- мүше мемлекеттердің сыртқы саяси, ішкі экономикалық, құқықтық мәртебесін көтеру;
- антитеррорлық шараларды бірлесіп жоспарлау және өткізу;
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде ұлттық жарнамаларды үйлестіру;
- тиісті кадрларды даярлау [7].

Ал, 2006 жылғы маусымның 15-інде Шанхайда өткен саммитте Қазақстан ШЫҰ Азия энергетикалық стратегиясын жасауға бастама көтерді. Бұл ШЫҰ-да сауда-экономикалық салада тәжірибелік ынтымақтастықтың басталуына түрткі болды. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерінің парламенттері, жоғарғы соттары басшыларының, білім министрлерінің алғашқы кездесуі өтті. Сыртқы экономикалық және сыртқы сауда қызметіне, көлік пен мәдениетке жауап беретін бас прокурорлардың, министрлердің кездесулері тұрақты ұйымдастырылып отырады. Отын-энергетика кешені саласында өзара іс-қимыл нығаяуда. Сондай-ақ ҚР Президенті ШЫҰ аясында заңсыз көші-қонмен күрес жөнінде келісім жасасуды ұсынды.

Бүгінде ШЫҰ Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықтың барынша табысты модельдерінің бірі болып табылады. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың айтуынша, «Қазақстанның ұсынысымен жүзеге асырылған Еуразия идеясының 3 киті – ЕурАзЭҚ, АӨІСШК және ШЫҰ» [5]. ШЫҰ жылдан жылға ынтымақтастықтың жаңа салаларын қамтып келеді. Жоғарыда аталған барлық фактілер Шанхай ынтымақтастық ұйымы көп жақты өңірлік құрылымға бірте-бірте ауысып келе жатқандығын айғақтайды.

Шанхай ұйымына мүше елдердің жарғысында атап көрсетілген негізгі бағыттар. Десек те, Шанхай ұйымының белсенділігі мен геосаяси бағыты үстіміздегі жылдың 5 шілдесінде Астанада өткен саммиттен кейін нақты көріне бастады. Астана саммитінде тұңғыш рет «АҚШ-қа Орта Азиядан әскери базаларын алып кету туралы» шарт қойылды. ШЫҰ-ға мүше барлық мемлекеттер бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарды.

Демек, Орталық Азияда әскери базалары бар АҚШ-қа Каримовтың, тіпті алғашқыда жаңадан президент болған Бакиевтің «базаларды алып кету туралы» пікір айтуының астарында не жатыр деген көзқарастар қалыптасты. Бұған «Шанхай ынтымақтастық ұйымы - Қытайдың Орта Азияға дендей енуіне мүмкіндік жасайтын құрал» дегенді айтады. Демек, осы ұйым арқылы Қытайдың аймаққа ықпал ету рөлі арта түсетінін байқауға болады. Бұл жөнінде британ сарапшысы Филип Наубел: «ШЫҰ - жаңа құрылым. Мұнда Қытайдың рөлі басым. Кіндік Азияда Қытайдың саяси әрі экономикалық мүддесі бар. Қытай үшін көрші елдердегі мол мұнай мен газ және өзге де ресурстар ауадай қажет. Сондықтан Цзинтао елінің сыртқы саясатының ең бір негізгі тетігі, осы Кіндік Азия елдеріне қандай да бір жолдармен әсер ету», – деген байлам жасаған [4]. Шанхай ұйымы қазір аймақтық қана емес, әлемді ауқымды қамтып барады. Соңғы саммитте Шанхай ұйымына Монғолия, Үндістан, Пәкістан мүше болып енді. Алдағы уақытта бұл ұйымға, сондай-ақ, Иран бақылаушы, сонан соң толыққанды мүше болмақ деген болжам бар. Олай болған жағдайда, Шанхай ұйымының антиамерикалық бағыт ұстанатыны тіпті айқындала түседі. Мысалы, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының (ОДКБ) Бас хатшысы Николай Бардюжаның пікірінше, «Шанхай ұйымы әскери-саяси Одаққа айналмаса да, ол аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белсенді бір ұйым болып табылады деп өзінің пікірін айтқан болатын [5].

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жүргізу бойынша өкілеттік берілген органдар басшылары кеңесінің есірткіге қарсы сұранысты төмендету жөніндегі сарапшылар тобының бас қосқан отырысы болды. Оған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес бойынша құзыретті органдары сарапшыларының жұмыс тобы мүшелері қатысты. Отырыс барысында аса маңызды әрі кең ауқымды мәселелер қаралды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің 2011-2016 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегиясын іске асыру бойынша тараптардың ұсыныстары талқыланды [6]. Өйткені, Шанхай ынтымақтастық ұйымы – өңірлік халықаралық ұйым болып табылады. Сондықтан да аталған отырыста есірткіге қарсы сұранысты төмендету, есірткіні насихаттау үшін қолданылатын мүмкіндіктерді шектеу айтылып, бұған қоса есірткіге қарсы күресте үкіметтік ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің әлеуетін пайдалану жөнінде нақты ұсыныстар жасалды. Кездесуге қатысушылар медициналық-әлеуметтік оңалтудың толыққанды жүйесін қалыптастыру, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерде халықтың нашақорлыққа салыну деңгейін анықтау арқылы есірткіге тәуелділерді есепке алу жүйесін жетілдіру, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерде нашақорлыққа әлеуметтік ауру мәртебесін беру жөнінде нақты ұсыныстар айтты. Сондай-ақ ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің есірткінің жаңа түрлерін анықтау мәніне есірткі нарығына мониторинг жүргізу және нақты профилактикалық шараларды қабылдау бойынша бірлескен іс-қимылдардың үйлестіру тетіктері талқыланды.

Сөйтіп, бұдан әрі ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдары басшыларының кеңесінде қаралатын болды. Отырыста қабылданған шешімдер ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерде есірткіге қарсы сұранысты төмендетудің тиімді кешендік жүйесін қалыптастыру мақсатында құзыретті органдардың есірткінің заңсыз айналымына қарсы жұмысын үйлестірудің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізуге және нашақорлықтың алдын алуды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жоғарыдағылардың барлығын қорыта келе, Шанхай Ынтымақтастық ұйымының мемлекеттермен қарым-қатынас жасау арқылы өздерінің көздеген мақсаттарына жету, бір-біріне сенімділікпен қарау, түсіністік таныту, өзара бекітілген құжаттардың міндеттемелерін сақтай отырып, мемлекет мүдделерін сақтау қажет. Тәуелсіз Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен әрі тарихы тағдырлас елдермен ынтымақтастық жағдайында өмір сүруге баса көңіл бөліп, Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты 2013.
2. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. А., 1992.
3. Самат Мұса. Еуразиялық экономикалық қауымдастық Еуразиялық Одақ құрылымына
4. Сапиулла Абдулпаттаев. Шанхай ынтымақтастық ұйымы. Ақиқат. 2002. №3 62 б.
5. Толипов Ф. Организация Центрально-Азиатского сотрудничества в Шанхайской Организации Сотрудничества.
6. Киреев Г. Долгий путь к «Шанхайской пятерке». // Международная конференция //
7. Шанхай ұйымына мүше елдер// Егемен Қазақстан 2005. 5 шілде.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена вопросам взаимосвязи между Казахстаном и Шанхайской организацией сотрудничества.

SUMMARY

In this article examined mutual coherent creator Kazakhstan and Organizations of Collaboration Shanghai.

ӘОЖ 9(с) 55 Р201

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Рамазанов С.Ж.-магистрант
Қазақстан, Алматы қ.,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Шешенханова Г.М.-оқытушы
Қазақстан, Алматы қ.,
№13 Кәсіптік лицей*

Аннотация: Мақалада қазақтардың аса тартымды фольклордағы әдет-ғұрыптар және дүниетаным мәселелеріне шолу жасалды. Қазақ фольклорының ән түрінің қазақтың салт-дәстүрін бейнелейтіндігі баяндалған. Қазақ фольклорын зерттеушілердің еңбектеріне сипаттама берілген. Фольклор туындыларын дерек ретінде пайдалануға болатындығы туралы қорытынды жасалған.

Түйін сөздер: Қазақ фольклоры, әдет-ғұрып, дүниетаным, қазақ әндері, дерек көздері.

Қазақ фольклорын этнографиялық дерек ретінде қолдану үшін, біріншіден, оның методологиялық мәселелерін қарастыру қажет. Фольклорымыздың халық өмірімен, күнделікті тіршілігімен, өткен тарихымен, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан сана-сенімімен, дүниеге көзқарасы біте қайнасқаны соншама, оның халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігінен, тарихы мен сана-сезімінен тұтастай қалпында ажыратып алу былай тұрсын, иненің ұшымен шұқылап отырып, босатып алу – бос әурешілік. Иненің ұшына ілінген түйнек-түйнек бөлшектерді қанша ұқыптылықпен қайта құрастыра білгенімізбен, қаны-сөлі бар фольклорлық тұтас организмді қайта тірілту ешкімнің қолынан келе қоймас.

Фольклортану ғылымының әу бастан-ақ этнография, тарих ғылымымен тығыз, етене байланыста болғандығының басты себебі де осы болар.

Фольклордағы этнографиялық мәселелердің бастауы түркі халықтардың бірлестігімен, Алтын Орда дәуірі, ноғай кезеңімен, қазақ хандығының құрылуымен тығыз байланысты. Қазақ ұлтының фольклоры ауызша дамып, XIX ғасырдан бастап жазбаша жинақтала бастады.

Еліміздің тәуелсіздігіне дейін фольклорлық деректердің көбінің жарық көрмей, зерттелмей қалуына Кеңес үкіметінің идеологиясы мен партияның кереғар қаулылары әсер етті. Ал, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда тарихымызды тереңдей зерттеп, ұзақ жылдар бойы айтылмай келген мәселелерді ашық айтуға, өткен оқиғаларға жаңа ұлттық-тарихи көзқарас тұрғысынан баға беруге мүмкіндік туды. Осындай жаңа көзқарас тұрғысынан көрсетуді талап ететін аса маңызды мәселелердің бірі- Қазақ фольклорындағы дәстүрлі әдет-ғұрыптар және дүниетаным мәселелері.

Қазақ ұлтының тарихи дерек көздер қатарына барлық ауызекі таратылған, қазақтың ұжымдық жадында сақталған, тарихи шығармалар жатады. Тарих ғылымында бұл дерек көздер осы күнге дейін өте сирек қолданылды. Қазақ ұлтының фольклорындағы мәселелер қазіргі таңға дейін филология, лингвистика, әдебиет тұрғысынан зерттелуде. Фольклордағы этнологиялық деректер типологиясын этнографиялық жағынан зерттеп қиыстыру қиындау болмақ. Біздің ғылыми жұмысымызда фольклордағы этнологиялық деректер типологиясын шаруашылыққа байланысты әдет-ғұрыптар мен наным сенімдер және үй-іші әдет-ғұрып өлеңдеріндегі салт-дәстүр және дүниетаным аясында қарастырамыз. Қарастырылып отырған мәселе қазақ ұлтының фольклорындағы дәстүрлі әдет-ғұрыптар және дүниетаным мәселелерін тарихи, археологиялық және этнографиялық ұлттық ой санамен зерттеудің алғашқы тәжірибесі болмақ.

Зерттеушілер жалпы қазақ фольклорының алғашқы типологиясын түркі халықтардың фольклорлық материалдарымен тарихи салыстырмалы зерттеулер арқылы жүргізген. Фольклор шығармаларының әрбір жанрына тән өзгешеліктерді көне мұра ескерткіштерін зерттеу арқылы ғана саралап зерттеп сипаттауға болады. Қазақ фольклорында үй-ішіндегі әдет-ғұрып, неке, жерлеу салты және төрт түлікке байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлер негізі, археологиялық деректер зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей неолит дәуірінен басталған. Халық туындылары тек ауыздан ауызға ауызша жетіп отырған. Ерте дәуірде туындаған дүниелер бертін келе жазбаша қағаз бетіне түсіріліп ата-бабамыздың қалыптастырып кеткен салт-дәстүрлері, тұрмыс салт жырлары ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып жеткен. Қазақ фольклорының типологиясын алғаш жасаған фольклор танушы ғалымдар Р.Бердібаев, Б.Уахатов, Б.Адамбаев, Е.Тұрсынов, С.Қасқабасов, тағы басқа біраз ғалымдар бар.

Негізінен фольклорлық ескерткіштер жақындығы заңдылықтарын анықтай отырып, ауыз әдебиеті шығармалары түрлі факторлар әсерінен құралатыны анық. Сондықтан фольклордағы этнологиялық деректердің типологиясын фольклортанушы ғалымдардың тұжырымдамасына сүйене отырып екі типке бөлуге болады.

1) Қазақ фольклорындағы шаруашылыққа байланысты әдет-ғұрыптар мен наным сенімдер.

2) Үй-іші әдет-ғұрып өлеңдеріндегі салт-дәстүр және дүниетаным.

Біздің пікірімізше, осылайша бөліп қарастырсақ қате болмас деп негіздейміз.

Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» атты еңбегінде «Ертеде Қазақстан жерін мекендеген сақ, массагет, хұн, үйсін, жужуан, сәнби, көк түріктер және қарахандар дәуірі, IX – X ғасырдағы оғыз – қыпшақ мәдениеті, Алтын Орда кезіндегі деректер, эпостар сол дәуірлердің нанымдары, әдет-ғұрыптары мен салт – санасы қазақтың мифологиялық ертегілерінен айқын көрінеді» - дейді [1, 40 б.]. Қазақ фольклорындағы этнологиялық деректерді жіктеу негізін сәби өлеңдерінен бастаған орынды. Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие ісін дамыту үшін балалар фольклорындағы өлеңдерді қазіргі күнде жандандырған

жөн деп санаймыз. Себебі, бала тәрбиесі бүгінгі күнде емес, сонау ерте кезден қолға алынған мәселе.

От басында баланың дүниеге келуі үлкен қуаныш. Қазақ халқы өмірге жаңа адамның келуіне орай үй ішілік мейрам тойдың бірі шілдеhana. К.Матыжановтың «Қазақ фольклорының тарихилығы» атты ұжымдық монографияда «Балалар фольклорының этнографиялық бастаулары» атты еңбегінде нәрестенің дүниеге келуі және шілдеhanaда сәбиге арналған өлең жырды былай келтірген:

Қуанып, қан жүрегім қақ жарылып,

Қасірет басымдағы қалды арылып.

Ұл көріп, ұлы дүбір той жасаймын,

Атқан соң, маңдайымнан таң арылып - деп баланың ата-анасының ұлды болған қуанышы өлеңмен білдірген [2, 274 б.]. Балаға байланысты көптеген ырым сөздер бар мысалы: Сәбиді қолына алып отырған адамның үстіне ол сиіп қойса «құт келеді ал, баласы жоқ адам болса, «кішкенелі боласың», әйтпесе «балаң көп болады екен» деп жұбатып ырымдайды [3, 216 б.]. Б.Ерзакович өз еңбегінде «Бөбек» әнін шілдеhana тойында айтылатынын жазады. Бұл өлеңде:

Балдырған бөбек,

Аймалап анаң

Адал жан адам,

Өсірген ерек.

Ай шын батыл жүрек,

Өсетін үрдеп.

Болашақ, құрал,

Бөбегім сен – жас түлек.

Ақпейіл жарқын

Іс пенен қарқын.

Жан-жақты білім.

Алсын деп бүгін

Күтеді халқын! - деп жаңа босанған ана мадақталып баланың жолы болып, оған үміт артатыны жырланады [4, 15 б.]. Қазақ қоғамында шілдеhanадан басқа сәбиге байланысты салт бесік жыры, уату, ырым, тұсау кесер өлеңдері мол екендігіне көзіміз жетіп отыр. Осы дүниелерді жарыққа шығарып жас бүлдіршіндерді қазақтың тәрбиелі мағыналы өлеңдерімен тәрбиелеген жөн. Фольклордағы этнологиялық деректер типологиясын этнографиялық жағынан жіктеу қазақтың неке салты және оның халық өлеңдерімен байланысы. Адам өміріндегі ендігі бір жауапты кезең өзіне өмірлік жар тауып, жеке шаңырақ көтеру. Қазақ халқында үйлену тойына байланысты орындалатын көптеген жөн-жосықтар, әдет-ғұрыптар бар. Х.Арғынбаев алғашқы қауымдық құрылыстағы ең көне семья формасы топты некеге негізделгеніне тоқталған. Ондағы некелер тобы рулар ішіндегі бірімен-бірі тұтас ұрпақтар жігімен бөлінетін. Айталық, бабалар мен әжелер әкелер мен шешелер, балалар тобында ағалы-қарындас бола тұра некелес болатын. Семья тарихында бұдан кейін даму сатысында топтың некенің ішінде жұп семьяның қалыптаса бастауымен, яғни, қандас туыскандар арасындағы некелесу ғұрпына тыйым салынуына байланысты болған. Осының нәтижесінде алғашқы қауым ішінде бірімен-бірі некелеспейтін «ағалы-інілер», «апалы-сіңлілер» топтары қалыптасады да, тағылық дәуірдегі топты неке біртіндеп ығыса отырып оның орнына жұп семья дүниеге келеді [5, 25 б.]. Неке жайлы зерттеп жүрген ғалымдар қазақ халқы арасында өмір сүрген некенің негізгі формасы дара неке, яғни, моногамия деп атайды. Біз зерттеп отырған қазақ фольклорында от басының тағдырына, жас буынның өсіп өнуіне, мұратқа жетуіне немесе солардың арман-қайғысына байланысты өлеңдер көптеп саналады. Қазақтың неке салты және оның халық өлеңдері тереңнен философиялық тәрбиемен байланысты. Қазақ фольклорындағы неке салтына байланысты халық өлеңдерін этнография тұрғысынан

зерттеуіміз қажет, себебі, қазіргі қоғамдағы некені сақтау үшін жастардың ой санасындағы батыстық түсініктен арылтуға негіз қалауға тиіспіз.

Қазақтың неке салтының өткені мен бүгінгісін сипаттайтын мақал-мәтел, жар-жар, беташар, сыңсу, көңіл айту және жоқтау ел аузынан жазып алынған мәліметтер баршылық. Қазақтың неке яғни, үйлену салтына байланысты тақиямен қоштасу, той бастар өлеңдеріне тоқталамыз. Тақиямен қоштасу сыңсу өлеңіне ұқсас мұнда да қыз тағдырына көңісі келмейтіндігін, тілегімен санаспай еріксіз ұзатып отырған әкесіне өкпелі екендігін зарлы өлеңмен сыртқа шығарған. Әйел бас киімін кигізудегі жеңгесі болғандықтан өлең соған қаратылып айтылған.

Тақиямды алмашы,
Басыма шәлі салмашы.
Тақиям ауыр деуші едім,
Оданда ауыр шәлі арттым.
Бозторғай неге болмадым,
Босағама қонбадым?
Аямаған жан әкем
Қасыңа серік болмадым.
Базардан алған сары асық,
Жүруші едік жарасып.
Айналайын, жан жеңгем,

Қайда да кеттім адасып-деп жас қыз өзінің сырын осылай жырлаған [6, 73 б.]. Тойбастар қыз ұзату тойында да, сонымен қатар келін түсіру тойында да айтылады. Кез келген істің басталуы, оны ұйымдастырушысы болатыны сияқты, әрбір ғұрыптың да басталуын ұйымдастырушысы болған. Осы тұрғыдан тойбастарда қалыңдық пен күйеу жігіт, олардың ата-анасы мен туысқандары мадақталады және жаңа үйленген жастарға бақыт пен ақ тілек тіленеді. Тойбастарды жыршы ақын, немесе шешен, аузының ебі бар кісі айтады. Ал, тәңірлік дінде тойбастарды бақыстар, абыздар атқарған және ислам дінінде қожа-молдалар атқарған. Той бастар тойды жасап жатқан той иесінің жағдайына қарай айтылған және той бастаған кісіге жырдың мазмұнына байланысты ат, жібек шапан немесе ақшалай сый береді. Әрине, ұлан-асыр той жасап, ат жарыстырып, атақты ақындарды әкелу – бай, дәулетті адамдардың қолынан келеді. Тойбастарды қазіргі таңда тойдың соңынан айтады, ал негізінен ол басында айтылған. Х.Досмұхамедов үйлену тойында тойбастарды халық көп жиналған жерде жолы бойынша белгілі бір рудың немесе атаның ақыны айтады дейді [7, 17 б.]. К.Матыжановтың «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры» атты докторлық диссертациясында той бастардың мәтіні мазмұны және оны қалай басталу заңдылықтарын көрсетеді. Мысалы, тойбастар ең алдымен былай басталады деп өлең жолдарымен келтірген:

Ассалаумағалейкум, жиылған топ,
Бұл тойға тағдыр айдап келіппіз дөп.
Болыпты жұрт көрмеген бір ұлы той,

Таң қалып қарағандай жерменен көк,-деп сәлемдесе отырып той бастаушы, той жасаушыны өзінде көрсете отырған. Г.Ж.Болатованың «Қазақтың үй іші әдет-ғұрып өлеңдері» атты кандидаттық диссертациясында Қазақтың үйлену салты және некеге байланысты бөлімінде қыз үйінде орындалатын тойбастар жайлы былай түсіндіре отырып қалыңдықтың қайғысы алысқа аттанып бара жатқанын, құрбы-құрдастарын қимай бара жатқандығын төмендегідей суреттейді:

Ақ отау шетке тіксе жылайсыңыз,
Әкемнің сыйлағаны осы ма-ай деп.
Үстінде төсегіңнің әкең жылар,
«Алланың ақ бұйрығы осылай»,- деп.
Алдында саба аяқтың шешен жылар
«Қыз» қылып әлпештеген басым-ай»,-деп

Егіліп сен жылайсың «Елім-ай», -деп,
«Құрбылас ойнап-күлген теңім-ай», -деп.
Елжіреп жүрек-бауыр шешең жылар
«Ашыған тар құрсағым белім-ай», -деп.
Мінгенде ат үстіне досың жылар
«Біздерді кеткен тастап шыны ма-ай», -деп.
Ойларсың бір күн жатып, екінші күн,
«Оң жақта ойнап өскен күнім-ай», -деп [6, 60 б.].

Сонау сақ, үйсін, ғұн кезінде басталған құдаласу салт-дәстүрлері болғандығын ғұн ханшасы Шижүнның үйсін гуньмосы Елжау биге тұрмысқа шығып төркінін сағынып айтатын «Аққу» деп аталатын әні «көрісу» сол кезде бастау алған.

Мені ұзатты әлемнің бір жағына,
Алыстағы жат елге-үйсін ханына.
Дөнгелек үй, туырлық там орнына,
Ет жеп, айран ішеді ас-суына.
Туған жерді сағынып, сарғаямын,
Аққу құс боп қайтсам деп ауылыма [8, 73 б.].

Қазақ қоғамында тағыда дүниеге келгеннен кейінгі және дүниеден қайтқаннан кейінгі аралықта әдет-ғұрып, ырым, жоралғылары халық арасында көп. Адамзат саналы ғұмырға жетіп, өмірдің мәніне ой жүгірте бастаған сәттегі алдынан шыққан ұлы жұмбақтың бірі-өлім. Осы тұрғыдан қазақтың жерлеу салты-халқымызда көне заманнан келе жатқан салт-дәстүрі. Адам қайтыс боларда немесе қайтыс болғаннан кейін молданы алдырып, ислам діні аясында Құран жолын білетін кісіге иманын айтып отырады. Әрине, өлген адамды о дүниеге аттандыру мен оның артын күтудің әлем халықтарының өмір салтында қалыптасқан жөн-жосығын санамалап түгендеп шығу мүмкін емес. Абай Құнанбаев айтпақшы:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнауына кіреді денең» - деп өлген адамға арнайы өлең жолдарымен жоқтаулар айтылған. Жерлеу салтына байланысты өлеңдер оның шығуын Ә.Марғұлан ежелгі көшпелі тайпалардың тіршілігіндегі «патриархал қауымының әлеуметтік тұрмысы, жора-жосыны, өлікті қадірлеумен байланысты және өлеңдер кәдемен байланыса отырып дәстүрлері – қоштасу, естірту, жоқтау, аза тұтып қайғыру, жылау, қадірлеп шығарып салу, басына белгі орнату, ас беріп, той жасау, сойыс қылу, арыздасу бәрі ерте темір дәуіріндегі сақ, ғұн, үйсіндерден бері қарай қазақ пен қырғыз халқына жеткен тарихи жоралар жерлеу өлеңдер кәдемен байланысады дейді [9, 36 б.]. Қазақ ұлтының жерлеу салтында көңіл айту өлеңі бар. Көңіл айту кейде естіртумен бірге келеді. Ауыр хабар жеткен кезде құр қайғыны қана айтып қоймайды, қазақта бауырмалдық, туыскандық, жан күйерлік негізінде, соның емі сияқты айтылады. Көңіл айтудың үстінде бұрынғы би сияқты қариялар, көбінесе дүниенің баянсыздығы туралы, тіршілікте адам басына неше түрлі өзгеріс, жаңалықтар келетіні туралы өзінше терең пікір, толғаулы сын айтады. Дүниеде бір халден өзгермей тұратын тұрақтылық жоқ, бүтіндігін мәңгі сақтап тұратын тұрақтылық жоқ. Көңіл айтқан тоқтау түрде: «Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ, жапырағы бүтін ағаш жоқ, бауыры бүтін алаш жоқ» деген сияқты толғаулар бүкіл дүние адамзат баласын мәңгілік емес екенін келтірген [10, 35 б.]. Қазақ ұлтындағы жоқтау дәстүрі анау ерте заманда басталған десек қателеспейміз. Бұлай айтудың себебі: Алтай өңірінен табылған сақ кезеңіне кемер белдіктегі бейне мынандай мәлімет береді. Терек түбінде екі еркек бір әйел. Әйелге қарама-қарсы малдас құрып отырған еркек. Ал, еркекке қарап отырған басында шошақ сәукеле камзол киген әйел. Екінші ер адамның жалтыр басын әйел адам ұстаған. Бұл көрініс алып қашу да немесе шаршап шалдығу да емес. Мұндай сырды «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосынан іздеу жайлы мәлімет беруші археолог Бекмұханбет Нұрмұханбетов және Ә.Марғұланнның еңбектерінде берілген жырдан Баянның Қозысын жоқтап тұрғандығын аңғаруға болады.

Жатырмысың-ай, жалғызым, жер бауырлап.
Қарға жүнді қамыс оқ оны ауырлап,
Құдай қосқан қосағың Баян келді,
Тұра кетсең нетеді күліп-ойнап [11, 54 б.].

Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында діни наным-сенімдерді басынан өткерген. Қазақ фольклорында көрініс тапқан наным-сенімдерді бәдік, жарапазан қарғыс сөздерден байқауға болады. «Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры» деген еңбегінде Болатжан Абылқасым 306 қарғыс сөздерді қарастырған. Еңбектегі қарғыс сөздер былай келеді.

№305 қарғыс сөзден
Қора-қора қойларың,
Құмырсқа боп шақсын.
Табын-табын сиырларың,
Жылан боп шақсын.

№306 қарғыс сөзден
Орта жасқа келгенде шешек шықсын.
Құжы болып, өне-бойыңа кесек шықсын.
Әйелің де сол кезде қайтыс болсын,
Шипа бермей, шешегіңнен ірің шықсын
[3, 189-190 бб.].

«Жетіссең де жер жемісін жеті аса» дегендей қазақ халқы тек мал шаруашылығымен айналыспай жер өңдеумен де айналысқан. Оған археологиялық қазба жұмыстары дәлел бола алады. Мысалы: Сауран, Отырар, Тараз, Баласағұн қалаларының маңайында ескі арықтардың ізі әлі байқалады. Байқап қарасақ, өте ескі заманда да, қазаққа ислам діні әсерін әлі жая алмай тұрған кезде, егін атасы Шығыр, Шынар деп сиынған. Диқаншылық пен айналысып «Алла» - аты шала таныс болып жүргенде егін аталарына былай сыйынған.

Шығырдың түп атасы-Әлі шынар,
Шығырға сиынбасаң шығыр сынар.
Шығырға әлімнен сиынсаң
Қашанда егін бітіп, көңіл тынар [12, 9 б.].

Бір кездері жабайы аңдарды ұстап, үй түлігіне айналдырған шаруаларды халық төрт түлік малдың «пірі» деп ұғынып, алғашқыда ұстап баққандарын құдайлары санап, солар жайында түрліше аңыздар тудырып отырған. Қазақ ұлтының фольклорындағы мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар мен наным-сенім мәселелері осы уақытқа дейін егжей-тегжейлі зерттелді. Қазақ ұлтының ғұрыптық фольклоры оның өткендегі өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дүниетанымын, арман-мүддесін т.б. мәселелерді жан-жақты бейнелейді. Қазақтың төрт түлікке байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлер негізі, археологиялық деректер зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей неолит дәуірінен басталған. Халық төрт түлік малдың төлін анасы қалай сүйсе, адам да солай сүйе білуге тиіс деп, қозы, лақ, құлын, торпақ, ботақан, қойшы, құс жөнінде түрлі өлеңдер тудырып келген. Төрт түлік малдың иелері Шопан, Қамбар, Ойсылқара, Зеңгі баба деп тілек тілеп табынып антропологиялық мифтерді тудырды. Сонымен әйел бедеулігін емдеу үшін төрт түлікті қолданған. Садуақас деген бақсы әйел бедеулігін толық емдеу үшін, төрт түлік малдың төрт түрін алып келіп, үйдің ішіндегі ауруға есік арқылы қолын беріп, былай өлеңдеткен:

Төрт түлік мал төлім-ау,
Пірлерінді шақыршы!
Қамбар – ата қауымы-ау,
Пірлерінді шақыршы.
Шопан-ата қауымы-ау,
Пірлерінді шақыршы.
Зеңгі-баба қауымы-ау,
Пірлерінді шақыршы.
Ойсыл-қара қауымы-ау,
Пірлерінді шақыршы.
Тарқұсакқа тағылған,

Белден соққан бес шайтан.

Албастының қанынан,

Перілердің жолынан,

Арылтсаңшы жаным-ау,-деп бақсы әйелді төрт жыл ішінде балалы болатынын айтып төрт түлікті өзімен алып кетеді [13, 53 б.].

Сонымен, қорыта айтқанда Қазақ халқының дәстүрі наным-сенімдері, көптеп таралған. Қазақ ұлтының әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері мал шаруашылығымен тығыз байланысты өрбіген, қазақ фольклорында қай ертегі, аңыз, әңгімелерін алып қарасаңда халық тұрмысының ішкі дүниесіне сәйкестендіріліп құрылған. Қазақ ұлтының адамгершілік туралы халықтың нақылдары дәстүрлі-салтымен, өзіндік ерекшелігімен сабақталып келе жатыр. Қазақ ұлтының дүниетанымы кез келген зерттеуші маманды қызықтырады, тарихпен сабақтасып жатқан дүниені тану үшін қазақ фольклоры құнды материалдар болып табылады. Осы дүниені зерттей отырып ұлттың даналығын тануға болады. Осы тұрғыдан алып қарағанда аталмыш тақырып әлі де болса толық зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 288 б.
2. Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы: Ғылым, 1993. -328 б.
3. Абылқасым Б. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры. – Алматы, 2004. - 223 б.
4. Ерзакович Б. Песенная культура казахского народа. – Алматы: Наука, 1966. – 192 б.
5. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: Ғылым, 1973. - 326 б.
6. Болатова Г. Қазақтың үй іші әдет-ғұрып өлеңдері. ф.ғ.к. дисс. - Алматы, 1993. - 139 б.
7. Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991-176 б.
8. Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы.-Алматы, 1994. - 400 б.
9. Марғұлан Ә. Шоқан және Манас. – Алматы: Жазушы баспасы, 1971. - 164 б.
10. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
11. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр – аңыздар – Алматы: Жазушы, 1985. - 368 б.
12. Шонанов Т. Қазақ жер мәселесінің тарихы. – Астана: Алтын кітап, 2007. - 27 том.
13. Толеубаев Ә. Т. Реликты до исламских верований в семейной обрядности казахов (XIX в нач. – XX в.). - Алматы: Ғылым, 1991. - 214 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы типологии в казахском фольклоре как этнологического источника. В статье исследованы обычаи, обряды и традиции казахов, связанные с фольклором. Проанализированы песни связанные с бракосочетанием жар-жар, тойбастар, такиямен қоштасу, похоронные и ритуальные песни. А также в статье исследованы детские этнографические песни «Бөбек», «Шілдеhana» и «Тұсаукесер».

SUMMARY

In this article the issues of ethno resources of typology in Kazakh folklore are studied. The information about customs and traditions of Kazakhs connected with folklore are investigated. The songs about marriage as zhar-zhar, toibastar, takiyamen koshtasu, ritual and funereal songs are analyzed. And also in the article child's ethnographic songs «Bobek», «Shildehana» and «Tusaukeser», are investigational related to folklore.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Шымырқұлова А.А. - магистрант

Қазақстан, Алматы қ.,

Қазақ мемлекеттік қыздар

педагогикалық университеті

Аннотация: Мақалада тәуелсіз Қазақстан мен Алаш идеяларының сабақтастығы мәселелері қарастырылған. Алашорда қайраткерлерінің Қазақ мемлекетін құру туралы ой-пікірлеріне сипаттама берілген. Олардың XX ғасырдың 20-30 жылдардағы қазақ халқының жағдайын жақсарту жолындағы қызметі баяндалған.

Түйін сөздер: Тәуелсіз Қазақстан, Алашорда, Алаш қайраткерлері, демократиялық мемлекет, ұлт бостандығы, қазақ халқы.

Қазақстан тәуелсіздігі - қазақ мемлекеті мен тарихындағы жарқын беттердің көрінісі. Тәуелсіздік кезеңінде тарихымызды қайта жаңғырта отырып, еліміздің еркіндігін ансаған, ұлттың болашағы үшін жанын аямаған қазақ зиялыларының зор еңбегін жоғары бағалаймыз. Тәуелсіздік тарихы - өткеннің ерлікке толы беттерімен қатар, қайғы-қасіретке әкелген аштық пен ұжымдастыру, жаппай саяси қуғын-сүргінмен байланысты.

Дүрбелеңмен басталған XX ғасыр қазақ халқының басына ауыр да қайғылы қасіреттерді ала келді. Осы тұста қазақ ұлтының алдыңғы қатарлы оқыған зиялылары, Алашорда қайраткерлері - Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов; көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері - Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасов, Жанайдар Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақов, Жалау Мыңбаев, сондай-ақ шетелге кетуге мәжбүр болған Түркістан ұлттық қозғалысының көшбасшысы Мұстафа Шоқай және т.б. өкілдерінің басты ұстанған идеясы қазақ елінің тәуелсіздігі болатын. Патша үкіметінің құлауын қазақ сахарасының алдыңғы қатарлы оқыған азаматтары зор қуанышпен қарсы ала отырып, болашақтан үлкен үміт күтті. Бірақ олар ойлаған ізгі ниет жүзеге аспады және ұстанған тәуелсіздік идеясы бастарына қайғы мен қасірет ала келді. 1919 жылы Кеңес өкіметі Алаш қозғалысына қатынасқандардың барлығына кешірім берген болатын, өкінішке қарай, өкімет органдары кейін бұл шараны толықтай орындамады. Керісінше, қудалау мен жазалауды күшейтті. 1927, 1930, 1931, 1932, 1936-1938 жылдары олардың артына «шам алып түсу» ісі басталды. Кеңестік қасаң идеология жас ұрпақ санасына оларды «бай-құлақтар», «алашордашылар», «халық жаулары», «жапон тыңшылары» деген сияқты жалған уағызды сіңірді. Қасіреті сол, өлген соң да жетпіс жыл бойы қураған сүйектерін сырқыраттық. Тек 1956 жылдан бастап мемлекет өз тарапынан олардың алдын ақтай бастады, өкінішке қарай кейін бұл шара тоқтатылды. Деректер мұрағаттардағы құпия қорда сақтаулы және кеңес мемлекетінің мүддесіне «зиян келтіру мүмкін» құжаттар кірмейді, оларды пайдалану, жариялау мәселесі әрқайсысының мазмұнына, тарихи және саяси маңызына қарай жеке шешілуі керек деген қаулы да қабылданды [1].

Алаш қайраткерлерінің түп қазық идеясы - қазақ мемлекеті. Ол үшін ата-баба қанын төгіп қорғаған, сақтап қалған, мыңжылдар бойы ешқайда көшпей, тұрақты мекен еткен жерді бөлшектемей, жат жұртқа таптатпау, сатпау, жерден айырылғанын барлық байлықтан, дәулетіңнен, құт-берекеңнен айрылу, өлу, өшу деген сөз; мемлекеттік басқару дәстүрлерді сақтай отырып, алдыңғы қатарлы Европа, Америка, Жапония үлгісіндегі қағидаттарға негізделген демократиялық сайлаушылар арқылы жасалған жүйелермен жүру керек; бұл ретте ешкімнің нәсіліне, жынысына, дәулетіне байланысты шектеу жоқ; шикізат емес, ұқсатып жасаған, пайда әкелетін өнім шығару мемлекет әрекетінің ең бірінші шарты; қазақ

тілін дамыту, оқулықтар, сөздіктер жасау, мектептер, университеттер ашу; өз ақшасын шығару, әскер құрып, елді-мемлекетті қорғау керек.

Қазақы дәстүрлерді берік ұстану, шариғат шарттарына адалдық, әлемдік ақсүйектік әдептерді жете меңгеру, достық, уәдеге беріктік, ең бастысы ұлт мүддесі үшін бәрін құрбан ету сияқты асыл қасиеттерді Алаш қайраткерлерінің баршасының бойынан табуға болады. Қазақ елінің пайдасына қызмет етер деген үмітпен Әлихан Кадет партиясына, Ахмет пен Мұхтар Коммунист партиясына мүше болды, бұл үміт үзілген соң, үшеуі де ол партиялар қатарынан өз еріктерімен шығып кеткен. Олар мансапқа сатылу, билік алдында құлшылық ету, дүниеге, байлыққа ұмтылу дегенді мүлде білмеген [2].

Халыққа аты мәшһүр, ұлтқа «Оян!» деп ұран тастаған ұлы Міржақып еліне қаламымен еңбек етемін деп, Думаның депутаттығынан бас тартқаны белгілі. Бүгінде қарақан басы болмаса, әлеуметке жасаған тырнақтай еңбегі жоқ, кейбір «депутатсымақтар» осыдан үлгі алса етті.

Алаш зиялыларының өмірі мен қызметі қарама-қайшылықты күреске толы болды. Олар халқына адал қызмет жасады және сол жолда өмірлерін сарп етті. 1921 жылы желтоқсанда Қазақ АКСР-нің атқарушы басшылық қызметінде болған 21 жастағы Смағұл Сәдуақасов өзінің баяндамасында: «... Ешбір партия, әсіресе, коммунистік партия өз қатарындағыларға ұлтын жек көруге мәжбүрлей алмайды. Ешбір маркстік әдебиетте езілген ұлттардың қаңқасы арқылы өркениетті халықтарда жұмысшы табы коммунизм салтанатына жетеді делінбегенін» алға тартады [3]. Бұрынғы Алаш қайраткерлері мен қазақ басқарушы элитасының өкілдері, ғылыми және шығармашылық интеллигенция өкілдері қазақ мемлекеттілігінің негізін қалады. Олар Орталық Азияның ұлттық-аумақтық межелеу және қазақ жерлерін қайта біріктіру үдерісіне белсене қатынасты, қазақ жерінің біртұтастығын сақтау үшін қыруар күш-жігерлерін жұмсады.

Зиялы қауым өкілдері қазақ ауылын барынша орталықтың социалистік қайта құруларынан қорғауға тырысты. Ұжымдастыру кезінде дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысатын көшпенділерді, жартылай көшпенділерді күштеп отырықшыландыру және шаруашылықты тәркілеу саясатының салдары қазақ халқын орасан зор қайғы-қасіретке душар етті. Сол кезде Мәскеуде РСФКР ХКК төрағасының орынбасары қызметіндегі Тұрар Рысқұлов екі рет И.В.Сталинге хат жолдаған. Онда: 1932-1933 жылдары орын алған жағдайды егжей-тегжейлі сипаттай келіп, КСРО-ның ешбір жерінде болмаған ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушілік нәтижесінде болған аштықтың салдарынан қырылған қазақ халқының тағдыры туралы жазады [4]. Ол БКП ОК (б) аштыққа ұшырағандар мен қоныс аударушыларға көмек беру, облыс, өлке, тіпті республикадан тыс жерлерге ауып көшкен қазақтарды жұмыспен қамту туралы өтініш жасады. Алаш идеясы елдің ұлттық сана-сезімін сақтауда үлкен рөл атқарды. Бұған мұрағат деректері дәлел. Алаш партиясының қызметіне кеңес билігі қарсы болғанымен, Алаш идеяларын жоя алмады. Бұл идея ұлттың жадында өшпей сақталып қалды. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғам алдындағы жауапкершілік, азаматтық рух пен биік талпыныстар үлгісі қазіргі ұрпақ үшін үлкен сабақ болуы керек. Олар өз дәуірінің дүниетанымын қалыптастырған жоғары білімді біртуар азаматтар еді. Олар халық мүддесіне адал қызмет етті.

Кеңестік кезеңдегі большевиктік орталық жетекшілеріне де тиісті баға беру керек. Бір жағынан ұлттық республикада «жергілікті ұлтшылдар» мен ұлттық көшбасшылардың белсенділігінен қауіптенген Орталық, қалай болғанда да олардың ақыл-парасаты мен талантын мойындап, оларды орталық аппарат жұмыстарында пайдаланды. Осылайша Мәскеуде Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Асфендияров, Н.Төреқұлов жұмыс жасады. Фрунзе мен Куйбышев Т.Рысқұловты мақтан тұтатын. Сол кезеңдегі қазақ зиялыларының рухы жоғары болды. 1929 жылдың қаңтарында Міржақып Дулатовтың түрмеде жазған Ұрпаққа хатында: «Совет үкіметіне күрес деп шуласып жүргендеріміз - қазақ ұлтын өз бетінше өмір сүрсін деген мүддеден туған ниет қана. Өз отанымыз өзімізге бұйырсыншы дегеніміз. ...Ғұмыр болса, дәм жазса - ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге

борыштымын. Адассам - халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам - ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын». 1938 жылы Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналының мерейтойлық жүзінші санында үлкен сенімділікпен, өз халқын бірлік пен тәуелсіздікке шақырды: «Азаттық пен тәуелсіздік таңы атады, сонда біздер қарапайым күрескерлер өз туған жерімізде, туған халқымыздың арасында боламыз. ...Түркістандықтар ұлттық бірліктің - туған жерде және жұмыстағы бірліктің - эмиграцияда, мақсаттар бірлігі мен міндеттерге адалдық-азаттыққа және еліміздің тәуелсіздігін бекітуге апаратын бірден-бір жол екенін түсіну керек». Бүгінгі тәуелсіздік кезінде М.Шоқайдың: «Ұлт азаттығы - ұлттық рухтың ізі. Ал, ұлттық рух биіктейді және ұлттық еркіндік пен тәуелсіздік жағдайында ғана өзінің жемісін бермек» деген сөздерін еске алмау мүмкін емес. Бұл ұлттық тәуелсіздік сарбаздарының сөзі...[5].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1990 жылдың басынан бастап «Орталық-Азиялық одақ құру» идеясын көтеріп келеді. Төл тарихымызға қарасақ, бұл идеяны алғаш рет Мұстафа Шоқай, ал «түркі жобасын», түркі партияларын біріктіру идеясын Т.Рысқұлов ұсынған болатын. Осы кезге дейін баршамамызды Мұстафа Шоқайдың жоғары патриотизмі, ел мұратына деген адалдығы және шығармашылық мұрасындағы қағидалары таңғалдырып келеді [3, 5 б].

Сондай-ақ, қазіргі таңда әлемнің көптеген елдеріндегі мемлекеттік басқару жүйесі айтарлықтай өзгеріске ұшырап отырғаны белгілі. Сондықтан да бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың қазіргі заманғы өзекті міндеттері мен жолдарын белгілей отырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында: «Үкімет әкімшілік реформада көздеген Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесін үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, нәтижелілік, ашықтық, және қоғам алдындағы есептілік негізінде дамыту жөніндегі шараларды жедел қарқынмен іске асыруға тиіс. Әкімшілік реформаның басты мақсаты басқарушы аппарат жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру болуға тиіс. Яғни, «халыққа қызмет етуі шарт» деп атап өтті [6]. Өткен XX ғасырдың елең-алаңында осы идеяны Алаш арыстары көтерген болатын. Бүгінгі мемлекетіміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларының бастаулары Алаш идеясының қайнар көзінен алатыны сөзсіз. Тарихтан белгілі 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында Бірінші жалпықазақ съезі өтті. Осы съезде Алаш партиясының бағдарламасы жарияланды. Ал, оның негізгі ұстанымдары төмендегіше болды:

Біріншіден, Ресей демократиялық федеративтік республика болуы керек. Оның құрамындағы әрбір мемлекет тәуелсіз түрде әрекет етеді. Екіншіден, Ресей республикасында тең құқықтық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар ерікті болады. Үшіншіден, дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең құқылы. Төртіншіден, билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі шарт т.б. Алаш қайраткерлері мемлекет басқару ісінде озық ойлы пікірлерімен ерекшеленіп, тәуелсіздік идеясын ту етіп көтерді [7].

Алаш партиясының бағдарламасы бойынша «Үкімет басында Құрылтай жиналысы, оның арасында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума белгілі мерзімге сайлаған президент тұрады» делінген. Алаш зиялылары, Құрылтай жиналысы немесе бүкіл халық сайлап қойған өкілдер жиналысы мемлекет басында тұрады деп есептеді. Бұл идеяның «негізі, халық мемлекеттегі ең жоғарғы күш, биліктің нағыз қайнар көзі» деген мәні бар. Сондықтан да Құрылтай жиналысы тұрақты орган емес, ол мезгіл-мезгіл сессия түрінде жұмыс жасайды. Себебі, оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қол астында болады.

Олар Президенттің билігін төмендегіше анықтайды:

«Президент билігін Министрлер Кеңесі арқылы жүргізеді және Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты» - деп, Президенттің атқарушы билік басшысы екендігін және оның белгілі бір мерзімге сайланып қойылатынын атап көрсетеді [8].

XX ғасырдың басында Президенттік басқарудағы мемлекеттердің әлемде санаулы болғандығын ескерсек, Алаш зиялыларының мемлекет басқару ісінде қаншама озық ойлы, тұрпатты, құқықтық мемлекет құрудың алғышарттарын жасағандықтарына көзіміз жетеді. Мемлекеттің бастауы демократиялық бостандықтар мен құқықтарды жақтау мәселесінде де Алаш қайраткерлері озық ойлы идеяларымен ерекшеленеді. Жеке бастың теңдігі, сөз, баспасөз, одақтар бостандығы жарияланды. Бұлар бүгінгі таңда да өзекті мәселелердің бірі ретінде күн тәртібінен түспей келеді. 1917 жылдың қазан айында үкімет басына қарудың күшімен келген большевиктер партиясы құрған Кеңес өкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешуде таптық жіктелу қағидасын басшылыққа алса, алаш көсемдері керісінше ұлттық бірлік саясатын дұрыс таңдай алды. Олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақыру арқылы мемлекеттің іргетасын берік негізде қалауды, яғни ұлт мүддесін алдыңғы орынға шығарды. Алаштықтар Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық тұтастық және халықтың бірлік принциптеріне сүйенді. Өткен ғасырдың соңғы он жылдығы дүниежүзінде дәуірлік ұлы оқиғалармен тарихта қалды. Оның жарқын мысалдарының бірі жетпіс жылдан астам өмір сүрген алып қызыл империя КСРО ыдырады. Бұрынғы одақ құрамындағы республикалар тәуелсіздігін жариялап, егемен елдер қатарына қосылды. Солардың ішінде қазақ елі де бар болатын. XX ғасырдың 90-ыншы жылдарының басында тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тетіктер өркениетті елдердің озық тәжірибелерін пайдалана отырып, өтпелі кезеңнің ерекшеліктері мен саяси, ұлттық жағдайларға байланысты қалыптасып құрылды. Осыған қарай мемлекеттік тетіктің құрамында Президент ерекше орын алады. 1991 ж. желтоқсанында Қазақстан халқы тұңғыш Президентін сайлады [9]. Алаш қайраткерлерінің «мемлекеттің басшысы Президент» деп тұжырымдауын өмірдің өзі дәлелдеді.

Қорытындылай келе айтарымыз, мемлекеттік егемендік - ата-бабалар арманы мен күресінің нәтижесі. Ал, қазіргі заман жаңашыл идеялар мен дүниетанымдық бағыттарға мұқтаж. Қазіргі қоғамда өткен ғасырдың 20-30 ж.ж. ұлт зиялыларының намысы мен ерлігіне сұраныс байқалады. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мұраты, идеялары, экономиканы модернизациялау, демократиялық, құқықтық мемлекет құру, теңқұқылық, қоғамдық келісім мен бейбітшілік, ұлттың мәдени дамуы, мемлекетті басқару ісіне элита өкілдерін ғана емес, қарапайым халық өкілдерін тарту ережелері мен қағидалары бүгінгі таңда өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. – Алматы: Қазақстан, 1990.
2. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?. – Алматы, 1993.
3. www.zamandas.com.
4. Қоңыратбаев О.Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметі. – Алматы, 1995.
5. KZ_murattarynyn_Alash_sabaktastygy. rar
6. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 2008 ж. 6 ақпан.
7. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995.
8. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. – Алматы, 1995.
9. Аманжолов К. Қазақстан тарихы. Дәрістер курсы II. – Алматы, 2004.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается преемственность идей Алаш в Независимом Казахстане.

SUMMARY

The article considers the succession of ideas of Alash in the independent Kazakhstan.